ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ–АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

у



# «ӘЛ- ФАРАБИ ІЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ РӨЛІ»
республикалық ғылыми-педагогикалық конференция материалдары

# «THE ROLE OF AL – FARABI STUDIES IN PEDAGOGY»
materials of the Republican scientific and pedagogical conference

материалы республиканской научно-педагогической конференции
# «РОЛЬ НАСЛЕДИЯ АЛЬ-ФАРАБИ В ПЕДАГОГИКЕ»

Астана, 2024 ж.

**УДК 37**
**ББК 74**
**Ә 49**

**«ӘЛ–ФАРАБИ ІЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ РӨЛІ» республикалық ғылыми-педагогикалық конференция материалдары. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2024 ж. 358 б.**

**ISBN 978-601-08-4016-4**

Жинақ «Әл–Фараби ілімдерінің педагогикадағы рөлі» республикалық ғылыми-педагогикалық конференция материалдарын қамтиды. Жинаққа енген Әл – Фараби еңбектері аясындағы зерттеу жұмыстар, педагогтердің өнер, ғылым, әдебиет, тәрбие бағытындағы баяндамалары мен мақалалары білім беру ұйымдарының педагогтеріне, колледж студенттері мен оқушыларға арналған.

**Редакция алқасы:**
С.М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, басшысы
Мүшелері:
1. Ж.Қ. Амиргалиев –Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, басшы орынбасары;
2. Д.Г. Шарипова – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, бөлім басшысы;
3. Г.Е. Бекетаева – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, әдіскері;
4. Г.Шакиров – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, IT бөлім басшысы.

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама 15.04.2024 ж. №1/1

Конференция ұйымдастырушылары мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

**ISBN 978-601-08-4016-4**

© «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2024

## Алғы сөз

Қазақ топырағында дүниеге келген, әлемдік өркениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқан, Шығыс пен Батыс мәдениетін жалғастырып, өзіндік сара жол салған Шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған әл-Фараби бабамыздың артында қалдырған мол мұрасы біздің ұлттық құндылығымыз, басты байлығымыз. Ғұлама ғалымның педагогика саласындағы құнды ойлары бүгінгі жаңашылдықтың алтын көпірі іспетті. Мәселен, ойшыл бабамыздың: «Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді», - деген түйіндері білімге басты назар бөліп отырған мемлекетіміздің саясатымен тығыз ұштасып жатыр.

Сондықтанда болар мыңдаған жылдар өтсе де әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Бабамыздың мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Міне, осындай көненің көзі іспетті ұлттық мұраларымызды әспеттеп, жас ұрпаққа жаңа қырынан таныта білсек, дамудың даңғыл жолына адаспай түсеріміз анық. Осындай ізгі ниетті іс-шараның негізгі мақсаты әл-Фараби мұрасы арқылы педагогтердің ойлау-пайымдау қабілеттерін арттырып, ғылыми-шығармашылық бағыттағы ізденістеріне қолдау көрсету және екінші ұстаз ілімдерінің педагогикадағы рөлін кеңінен насихаттау. Жас ұрпақтың патриоттық тәрбиесі, шығармашылық және ғылыми қабілеттерін көрсету үшін мүмкіндіктер жасау болып табылды.

**Конференцияның**
**ұйымдастыру комитеті**

**СЫЗДЫҚОВ САТАЙ МАҚСҰТҰЛЫ**
*ҚР ҰҒА құрметті академигі,*
*«Еуразия тарихы мен мәдениетін зерттеу»*
*ғылыми-зерттеу орталығының директоры,*
*Л.Н. Гумилев атындағы*
*Еуразия Ұлттық университеті,*
*ғылымдарының докторы, профессоры*

# ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМІ ЖӘНЕ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН – АДАЛ АЗАМАТ – ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ» БЕЙНЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Халықтың қолдауының арқасында еліміз жаңа кезеңге қадам басып, әділетті Қазақстанды құруға кірісті. Саяси жаңғырудың экономикалық негіздері жасалып, реформалар кешенді сипатқа ие болып, ол күнделікті өмірде түбегейлі өзгерістерге ұласып келеді.

Осындай жағдайда, Мемлекет басшысы Қасым–Жомарт Тоқаев күні кеше Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында еліміздің болашақтағы бейнесін: «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деп, үш тағандық ұлт бағдарламасы арқылы бекемдеді. Бұл бағдарламаға үңіліп қарасаң, қазіргі жүргізіліп отырған мемлекеттік саясат сабақтастық пен бірізділік қағидатқа негізделгенін көруге болады.

Сабақтастық пен бірізділік деп отырғаным, үш тағандық бағдарламадағы әрбір сөз Ұлы Дала тұлғалары: әл-Фараби, Абай, Алаш қайраткерлерінің ел туралы идеялары және асқақ мұраларымен тікелей байланысып, толық үндеседі. Шынында да замандары басқа болса да бабалардың ел болу туралы рухани мұралары қашанда мәңгілік екені анық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы бүкіл ұлттық байлықтың ат төбеліндей 162 адамның қолына шоғырлануын, қазіргі азық-түлік бағасының күнде өсіп жатқан жағдайында халықтың жартысының 50 мың теңгемен күн көріп жатқандығын ашық айтты. Шынында да, ұлттық байлығымыз халықтың игілігіне айналмай, ат төбеліндей олигархтардың және олармен біте қайнасқан мемлекеттік шенеуніктердің қолында кетті. Экономика да тек шикізатты өндіруге және оның өнімдерін сатуға арналып, оның пайдасын халық көре алмады. Бұл қасірет неден? Бізде материалдық игіліктер жеткілікті болғанмен, адамдар жаңа өмірге, әділ қоғамды қалыптастыруға дайын болмай шықты. Міне, басты қасірет осында. Осыған қарамастан біз «алдымен экономика, содан кейін саясат» ұстанымында

болдық. Сөйтіп барлық күш-жігерімізді материалдық байлықты жасауға жұмсадық. Бірақ оны халыққа әділ бөлетін жауапты тұлғалар дайын емес еді. Олар әуелі өздерінің қамын ойлады. Сондықтан әуелі саяси жолмен адамдардың ұлттық сана-сезімін оятудан бастау, сөйтіп, халықты бақытқа жеткізудің шынайы жолын таңдау керек еді. Ұлттық құрылтайдағы «Адал адам» ұғымы арнайы қарастырылып, әділетті мемлекет құру үшін оның азаматтары да адал болуы шарт деген қорытынды жасалған. Өйткені арлы адам әділетсіздікке бармайды. Ол солай болғанда ғана қоғам түлеп, жаңарып әділ болады дегенді аңғартады. Ендеше, адал қоғамның билігі де әділетті саясат жүргізуі керек. Адалдыққа бой ұрған қоғам мүшелерінің қатары өскен сайын әділ қоғамның орнау мүмкіндігі арта түседі.

Бұл миссияны орындаудағы басшының рөлін анықтауда біз тәжірибені ешқандай аспаннан немесе басқа елдерден іздемей-ақ, тағы да Ұлы Дала тұлғаларының ілімдеріне жүгінуіміз қажет. Шығыстың ғұлама-данышпаны Әбу Насыр әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындары» атты шығармасында ортағасырлық түркі мемлекеттерінің ішіндегі өркениеттісі - Қарахандар мемлекетін жетілдіріп, демократия мен әділеттіліктің үлгілі идеяларын ұсынған еді. Мысалы, қоғамдағы басшылар туралы әл-Фарабидің ілімінен үзінділер келтірейік: «Бірінші басшы ғылымы, білімі жетілгені сонша, бұл жөнінде өзіне басшылық ететін басқа адамға мүлдем тәуелді болмайтын дәрежеде шын жетілген адам. Бұл адам бақытқа жеткізетін әрекеттерді белгілеуге және оларға бағыт сілтеуге тамаша қабілетті. Бірақ бұл жаратылыс қасиеттері өте тамаша, абзал адамдарға, яғни жандары әрекетшіл-парасатпен бірге біткен адамдарға ғана тән» деп сипаттама берген. Ал осыған керісінше, атаққұмар басшылар туралы: «...барлық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, өзінің және өз балаларының атын мәңгі қалдыруға, өз балаларын өзінің ескерткіші етіп қалдыру, өз балаларына немесе өз руына өкімет билігін қалдыруға тырысуы, байлықты басып алып, оны басқаға пайдаландырмауы, дүниені үсті-үстіне жинай беруі, содан кейін ол адамдардан алшақтай түседі» дейді ойшыл. Сонымен қатар бұл «әрекетшіл-парасатты адамның басшылығы – «Бірінші басшылық», ал қалғандарының бәрінің басшылығы «Кейінгі басшылық», сол Біріншіден тарайтын басшылық болып табылады. Бұл айқын нәрсе», - деп тұжырымдайды ойшыл. Айтылып отырған басшылықтың бұл жүйесі қазіргі біздің мемлекетіміздегі президенттік басқару жүйесіне сәйкес келеді. Әрі қарай, әл-Фараби: «осы әрекетшіл-парасатты, әділетті бірінші басшыға бағынатын адамдар қайырымды, абзал, және бақытты адамдар болып

табылады. Егер бұл адамдар халық болып құрылса, онда бұл халық – қайырымды халық, ал егер бұл адамдар бәріне ортақ жерге қоныстанып біріксе, онда осындай басшылықпен біріккен бәріне ортақ қоныс – қайырымды қала болып табылады», - деген маңызды қорытындыға келеді. (Бұл жерде айта кету керек, Әл-Фараби заманындағы Қарахандар мемлекеті бірнеше қала мемлекеттерден құрылған болатын. Сондықтан, данышпанның қайырымды қала деген сөзін мемлекет деп түсінуіміз керек)

Ал, сол аталған мемлекеттің Ата заңының негіздерін жасаған әл-Фарабидің замандасы Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білігінде»: «кісіге екі дүниеде пайдалы нәрсе ретінде «ізгі іс пен әділдікті» атап, бұл арқылы адам шын бақыт табады», - дейді. Сөйтіп, түркі дәуіріндегі екі ойшылдың да тұжырымы бойынша елде әділетсіздік жойылып, әділеттік орнағанда ғана игілікке қол жетіп, қоғамда бақыт орнайды. «Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір отандасымыз адал азамат болуға ұмтылуы қажет», -деп қағидатты сөзін айтты. Біздіңше, бұл сөзге қазақ елінің әрбір азаматы ерекше мән беруі керек. Өйткені бұл – Ұлы Даланың рухани құндылығы ретінде ежелден келе жатқан қасиетті ұғым. Мәселен, Әбу Насыр әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді. Өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады. Сонымен бірге, философ ел басқару ісінде халыққа адал қызмет бірінші орында тұруы тиіс деп есептейді. Өйткені, Әл-Фараби өмір сүрген замандағы Қарахандар мемлекетінің өркениетті болып қалыптасуы үшін қала-мемлекеттерді басқаруда әділеттілік мәселесі өте маңызды еді.

Әл Фарабидің ел басқару жөніндегі ілімдерін ғалым, мемлекет қайраткері Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» шығармасында әрі қарай заң жүзінде қолданысқа енгізудің жолдарын белгілеп берді. Ойшыл 4105 бәйітінде:

«Адал болғың, біл, адалдық – киелі,

Бектер – адал, адалдықты сүйеді!», - деп, хан мен уәзір, бектерден бастап, атшы мен емшіге дейін қоғам алдындағы міндеттерін адал орындауға меңзейді. Әсіресе, мемлекетте әділ заң орнату және елді мекендерді әділ басқару – басшыларға ең басты талап ретінде қойылған. Сол дәуірдегі түркістандық ғұлама Ахмет Яссауи де өз хикметінде бүкіл адам баласын адал еңбекке шақырып, ар тазалығы мен жан тазалығына арнайы көңіл бөлген.

Ұлы Дала тұлғаларының рухани мұраларын сабақтастықпен жалғастырған данышпан Абай отаршылдық жағдайдағы қазақ елінің алдыңғы қатарлы, азат ел болудың жолын саралай отырып: «Адалдық – әрбір дүниенің

бастауы. Құдайға, еліңе, ата-анаңа, ұстаздарыңа, махаббатыңа, достыққа, ең бастысы өзіңе «адал» болу – ұрпағыңа қалатын ең үлкен мұра, қандай тірлік істесең де адал істе, бос жатпа, кәсіп тап, еңбек ет», - дегенді насихаттайды. Ендеше, Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс.

Мемлекет басшысы қазіргі заман талабына сай түрлі ғылымды оқыту, жас ұрпақтың қалауына лайық білім беру кешені арқылы озық ойлы ұлтты қалыптастыру керектігін алға қойды.

«Озық ойлы ұлт» – елдің ғасырлар бойы жинақталған құндылығын әлемге паш ете алатын бірегей сапа. Озық ойлы қоғам туралы әл-Фарабидің, Абайдың және Алаш зиялыларының жазған еңбектерін айтуға болады. Әл-Фараби айтады: «адам өзінің барлық істерінде тек көптеген адамдардың бір қонысқа біріккенде ғана ең жоғары дәрежеде қажетті нәрсеге қолы жетеді», - деген. Бұл жерде, философтың адамдардың бір қонысқа бірігуі» деген сөзді халықтың тәуелсіз мемлекетін құруы деп түсінуіміз керек. Біздің заманымызда озық ойлы ұлт сапасын қалыптастырудың басты кепілі – тәуелсіз ел болу. Бұл ұлы құндылық болып табылады. Өйткені, тәуелсіздік – еркін ойлауға, жауапкершілікке, өз тағдырыңа өзің жауап беруге үйретеді. Құлдық санадан, бағыныштылық пен масылдық психологиядан арылтады. Ұлттың отансүйгіштік санасын, елдік ұстанымын, мемлекетшілдік менталитетін қалыптастырады. Сондықтан, бұл озық ойлы ұлт қалыптасуының қайнар көзі. 130-дан астам ұлт өкілдері бас қосып, бір қоныста – Ұлы Дала жерінде өмір сүріп жатырмыз. Мемлекет басшысы «озық ұлт» болудың бүгінгі таңдағы басым бағыттары ретінде: «өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс», - деп белгілеп берді.

Ұлы ойшылдың пікірінше, адамның кемелденуіне ең басты ықпал етуші күш – білім. Ұлы бабамыздың білім мен тәрбиені ұштастыра жүргізу хақындағы ой-тұжырымдары ғасырлар бойы өмір шындығынан туған қағидаға айналды. Қазіргі біз алға қойып отырған озық ойлы ұлтты қалыптастырудағы алғы шарт да осы данышпан бабамыздың айтқанында жатыр.

Озық ойлы жастарды қалыптастыру үшін олардың ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талаптану жолында болуы шарт. «Ар-ождан алдындағы адалдық өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты», - деп әл-Фараби атамыз айтқандай,

құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туған кезінен басталуы керек.

«Еліміздің түкпір-түкпірінде білім ошақтары, соның ішінде, «жайлы мектептер»» ұлттық жобасын жүзеге асырып келеді. Мұндағы «жайлы мектеп» барлық стандартқа жауап беретін, жаңаша жабдықталған, қолайлы жағдай жасалған мектептер. Алайда бұл мектептер тек материалдық-техникалық базасымен ғана емес, білім беру мазмұнымен де ерекшеленуі қажет. Яғни, олар озық ойлы жастарды тәрбиелеуді көздейтін, ұлттық идеологияны дәріптейтін, білімді, білікті болашақ ел тізгінін ұстар азаматтарды қалыптастыратын білім ошақтары болмақ. Жаңаша ойлайтын, өнертапқыш балалар мектеп қабырғасында айқындалып, жоғары мектептерде дамытылып, мемлекет тарапынан қолдау тауып, инновациялық дамудың алғы шарттарын қалыптастыруы қажет.

Мемлекет басшысының «озық ойлы ұлт алға қарауы керек» деген идеясы, біздің ойымызша, болашақтағы жаңашылдық, өсу және әлеуметтік дамуды көздейтін көзқарасты көрсетеді. Өйткені, алға қарауға екпін беру инновациялар мен прогреске ұмтылу міндеттемесін танытады. Прогрессивті ұлт өмір сапасын жақсарту және экономикалық дамуды ынталандыру үшін технология, ғылым, білім және басқа салалардағы жетістіктерге басымдық береді.

Мемлекет басшысының осы «озық ойлы ұлт» идеясының тамаша көрінісін XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің іс-қызметінен көреміз. Олар тек өздері ғана озық ойлы тұлғалар болып қана қоймай, қазақ жастарының озық ойлы болуын армандап, оның орындалу жолдарын іздестірді. Алаш ұлт-азаттық қозғалысы бағдарламасының түп негізі және алғашқы жобасы болып табылатын - «Қарқаралы петициясында» (1905 ж.) қазақтар үшін медресе, мектеп ашуды алға қойғаны мәлім. Бұл шын мәнісінде сол кездегі қазақ елінде озық ойлы ұлтты қалыптастырудың алғы шарты болатын. Петиция авторларының басылым көпшілігі Ресей университеттерінде білім алып, Европаның озық-ойлы саяси-құқықтық ой-пікірлері ілімдерінен сусындаған еді. Олар сол идеяларды қазақ халқы өмірінің шындығына сәйкестендіріп, оны ұтымды пайдалану мақсатын көздеді. Өйткені көп жылғы отаршылдық саясаттың салдарынан кезінде сауаттылық, шешендік, даналық сияқты қазақтың хандық дәуірдегі асыл қазыналар мен рухани құндылықтар жойыла бастаған еді. Осы жағдайды дер кезінде байқаған Алаш зиялылары елді алға дамытуда, халықтың мұңын мұңдап, жоғын

жоқтауда ел бастай алатын білімпаз, ұлтына жан-тәнімен берілген дарынды, озық ойлы жастардың рөліне ерекше мән берді.

Жалпы, жоғарыда айтылғандардан біз нені көреміз?! Біріншіден, мемлекет басшысы атаған үш тағанды бағдарламаның бір-бірімен тығыз логикалық тұрғыда байланысты және бірінсіз-бірі сәтті жүзеге аспайтынын көруге болады. Екіншіден, Ұлы Дала тұлғаларының ілімдері уақыт озған сайын дәуір талабына сай, тәуелсіз елдің ұрпақтары үшін әр қырынан өсіп өркендеп отыратын асыл мұралар ретінде ұлт санасында орын алуы тиіс.

Сондықтан құрметті ұстаздар! Сіздерге өздеріңіздің мектеп қабырғасында оқушыларыңызды адал және озық ойлы азамат етіп қалыптастыру арқылы Әділетті Қазақстанның тұғырын баянды ету жолындағы іс-қызметтеріңізге сәттілік тілеймін. Ал мұның өзі әлемдік өркениетте қазақ елінің өзіне лайықты орын алуына қосқан қомақты үлестеріңіз болып табылады.

**ДӘУЛЕТБАҚ МАЙРА ТҰРЛЫБЕКҚЫЗЫ**
*Қазақ ұлттық өнер университетінің*
*«Эстрада өнері» оқытушысы,*
*ҚР Мәдениет саласының үздігі,*
*ҚР «Мәдениет қайраткері»*

## «ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ» МУЗЫКА ТУРАЛЫ ҮЛКЕН КІТАБЫ - ҚҰНДЫЛЫҚ МҰРА»

XXI ғасырда әл-Фараби атамыздан қалған асыл мұраларымызды зерттеудің үлкен мұраты алдымызда тұрғаны бізге жаңа міндеттер жүктейді. Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) - түрік әлемінің ірі оқымыстысы, Сырдария өзенінің жағасындағы Фараб қаласында туылған. Орта ғасырдағы ғылым мен мәдениеттің орталығы әрі Араб Халифатының астанасы - Бағдад қаласында білім алды. Бұл жерде сол заманның көптеген ірі ғалымдарынан тәлім алды. Медицина, философия, математика, жаратылыстану ғылымдары мен тіл үйрену (негізінен грекше) саласында талабын ұштады. Араб зерттеушісі Ибн Халликан жазғандай, Әл-Фараби Аристотельдің еңбектерін көп зерттеген: «Метафизиканы» 40 рет, «Адам жаны» кітабын 100 рет, «Риторикасын» 200 рет оқыған екен. Әл-Фараби ғылымның көптеген салаларына еңбек сіңірді. Ғылымның әр саласын қамтыған. 160 трактаттың авторы. «Екінші ұстаз» атанған әл-Фараби ұшқыр ойлы болған, араб тілімен бірге басқа тілдерді

білген. Кейбір жазбалар бойынша Әл-Фараби 70-ке тарта тіл біліп, көптеген музыкалық аспаптарда ойнаған. Олар: бубна, шахруд, лютня, танбур, флейта, рабаб, цитра және түрік  халықтарының жеті ішекті арфасы. Ол үлкен мұсылман ойшылы және музыка өнеріндегі ең көрнекті теоретик. «Музыка адамның дауысы мен әуенді үндестікке алып келетін өнер. Сан мен сапа олардың қатынас үйлесімдігін қамтамасыз етіп, категорияларының арасын байланыстырушы әрі реттеуші. Адамның табиғатпен берілген бұл өнердің негіздері, оның жанында туған ынтызарлыққа лайық дыбыстарды шығару қалауы мен жасырын қажеттілікті тудырады». Адам аспаптарды ертеректе жасап, кейін әсте-әсте олардың жасау өнеріндегі шеберлігін жетілдіре түскеніне дау жоқ, яғни уақыт өте аспаптардан дыбыс шығарған кезде анағұрлым қолайлы әрі ән айтқан уақытта табиғи дауыстарға сәйкес келетіндей етіп жасады. Олар бұл істе көріктілік пен жетістіктерге жетті. Мысалы, тарихи мәліметтер бойынша ертедегі египеттіктердің музыкалық өнермен таныс болған әуелгі халықтардың бірі екені турасында хабарлар бар. Сол сияқты ежелдегі гректер музыкалық өнердегі білімнің негізін қалағандар деп айтады. Олардың музыкалық танымы практикалық және жаратылыстану ғылымдары мен логика білімінен байланысты еді. Расында, осы ғылымның негіздерін жасақтау еңбегі гректердің еншісінде. Шығыс халықтарындағы музыкалық өнерге қатысты ең әйгілі еңбек, философ Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітабы». Бұл кітап - сол тарихи дәуірден бастап, біздің күнімізге дейін ғалымдардың музыка жайында жазған трактаттарының арасындағы ең кемелі әрі толығы. Музыка өнерінің негіздері туралы сөз қозғағанда біз осы кітапты аталмыш мәселені түсіндіру барысында негізінде арқа сүйетін қайнар көз ретінде алғанымызды еске түсіріп кеткеніміз жөн. [1,34бет] 2008 жылы, Алматы қаласында-751 бет, ғылыми редакторы Нысанбаев Ә. Құрастырушылар: Нысанбаев Ә., Құрманғалиева Ғ., Сейтахметова Н. Философиялық арабша-қазақша түсіндірме сөздігін жасаған Сандыбаев Ж. Музыкалық өнердің теориялық және практикалық



шығармасының қазақ тілінде алғаш рет аударылған нұсқасы. Музыка мәдениеті үшін аса маңыздысы «Музыканың үлкен кітабы». Мұнда әл-Фараби музыкалық эстетика мен музыка теориясының әрқилы мәселелерін қозғайды, өнердің және музыканың адам өміріндегі орны жайлы толғанады, сонымен қатар жанрға, түрге, текке бөліну мәселесі қаралған, ең маңыздысы онда сол сипаттап жазады. Музыка мен поэзия тыным мен қозғалыс қасиеттері тән композициялық пішіндері бар біртекті құбылыстар екені белгілі. Музыка мен поэзия өлшемділік пен такт ерекшеліктеріне ие. Олардың арасындағы айырмашылығы, поэзияда белгілі тілдегі қағидалар негізіндеріне сәйкес сөздердің мағыналық мазмұндарының реттік орналасуы, ал музыкадағы ерекшелігі болса ырғақты сөздердің бөліктеріне ілесе отыру және дыбыстандыру әдісіндегі сандық пен сапалық бірігу өлшемдерінің негіздеріне сәйкес оларды дауыспен сүйемелдеу. [2,35 бет]

Ән айту өнері болса музыкалық аспаптардың әуендерді шығара білу өнерінің алдында пайда болған. Аспаптан шыққан әуен адамның дауысымен үндесіп, құлақ арқылы қабылдаудың керемет жағдайын жасады. Музыка білімінің негізі, басқа ғылымдар мен өнер білімдерінен материя пішінінің жоқ болуы себепті ерекшеленеді; дыбыстар көзге көрінбейді, оларды ұстап сезу мүмкін емес. Мысалы, бейнелеу немесе мүсіндеу өнерінде оның негіздеріне қол жеткізу жолында көзбен көру мен қолмен сезу сияқты үлкен мүмкіндіктер бар. Сондықтан дыбыстық құрамды талдауда құлақ пен көздің басқа сезім мүшелерімен бірлікте атсалысуы табиғи жағдай. Мұнда құлақтан бастап, ақылмен аяқталатын барлық сезім мүшелері дыбыстардың әр түрлі сапалық параметрлерін сезеді. Есту қабілеті, шыққан дауыс пен оны сезетін орталықтың арасындағы тікелей дәнекер саналатыны сияқты, көз де басқа жасырын сезім мүшелерімен бірге дауыстың қасиеттері жайында елестерге ие сияқты. Олар бірігe отырып, оның елесінде зерде арқылы танып, кейін жанда сақтауға болатын түрлі пішіндері бар әрекетті суреттерді дүниеге алып келетін көрінеді. Ал енді олардың сенімді әрі дұрыс танымына келсек, онда ол үшін адамның бойында сезімді әрі қиялды күш болуы қажет. Себебі адамның танымы бұл күшке қарағанда алуан түрлілігімен ерекшеленеді. [3,36 бет]

Араб халқының орта ғасырлық ғылымының өркендеуіне әл-Фараби еңбектері тікелей әсер етті, Ибн Рашид, Ибн Сина, Омар Хайам, Рождер Бэкон сияқты ғалымдар әл-Фарабиді ұстаз тұтты. [2,18 бет]

Әл-Фарабидің энциклопедиясы осы алғы сөзде әңгіме етіп отырған «Музыка туралы үлкен кітап» атымен танымал. Бұл Ислам құрылғаннан бастап біздің күнімізге дейінгі музыкалық өнер саласында болған арабтардың қолындағы ең үлкен еңбек. Бірақ бұл еңбек музыкалық негіздермен

байланысты көптеген сұрақтарды және олардың теориялық, практикалық білімдері мен оларға қатысты тағы басқа нәрселерді қамтиды. Он шақты ғасырлық ғұмыры бар бұл кітап, музыкалық өнердің тарихи ескерткішіне айналған. [4,37бет]

Ұлы гуманист-ғалым қанаушылық пен зорлығы жоқ, бақытты қоғам орнатуға болатынына, үкімет басында ақылымен, білімімен, адамгершілігімен елге жаққан билеуші басқаратынына сеніп кетті. Әл-Фарабидің қолжазбалары өздерінің ауқымдылығы мен ғылыми сөз тіркестерін қолданылуы қырынан, оқылу күрделілігі мен терең мазмұндылық жағынан күні бүгінге дейін зерттеушілерді қайран қалдыруда. Расында әл-Фараби Шығыс халықтары музыкасының үлкен білгірі. Арабтар оның музыкалық шығармаларын күні бүгінге дейін пайдалануда. Біз әл-Фарабиді неге ардақтайтынымызды білмейміз бәлкім, ол өзіне атақ мәртебесін осы өнер арқылы қалап алған шығар. Музыка жайындағы қолжазбаларды тыңғылықты меңгеру, алуан түрлі әдебиеттерді зерттеу мен осы салада ұзақ мерзім бойына мамандануды қажет етеді. Сол себепті адамдар әл-Фарабиге қайта-қайта оралады. Біреулер оның кітабынан дәлелдер іздесе, басқалар одан үзінділер келтіріп жатады.[5,29]

**ТУЛЕУБЕКОВ АСЫЛ СЕРІКҰЛЫ**
*Кандидат философских наук, ассоцированный профессор Maqsut Narikbayev University, г. Астана*

## СИСТЕМА ФИЛОСОФСКИХ ДИСЦИПЛИН В МЕТОДОЛОГИИ АЛЬ-ФАРАБИ

В данной статье представлены философские идеи аль-Фараби в контексте диалектического подхода. Несмотря на то, что диалектика, как таковая, начала свое методологическое оформление в основном в рамках немецкой классической философии, тем не менее большое количество параллелей диалектики можно наблюдать в философии аль-Фараби. Научный подход тюркского мыслителя подразумевает не только констатацию каких-либо эмпирических данных и теоретических взглядов, но также содержит элементы противоречия, а, как известно, противоречие служит стержневым компонентом всей диалектики.

*Ключевые слова:* методология, диалектика, диалог, синтез, классификация наук.

В основе методологии аль-Фараби помимо всего прочего лежит диалектический принцип. Диалектика в самом широком смысле слова

предполагает систематическое взаимодействие элементов на основе противоречия. В этом отношении данное противоречие отражает диалог. Казалось бы, всякое противоречие подразумевает столкновение, конфликт, затруднение. Однако давайте попытаемся понять, чем же все-таки является диалог.

**Логос в классификации наук**

Само понятие диалога содержит в себе всю диалектическую триаду, в которую включены тезис, антитезис и синтез. Здесь нам следует разобрать термин «диалог», который представляется как состоящий из трех компонентов – «-логос», «-а-логос» и «ди-а-логос». Разберем каждый из этих компонентов.

1. «-логос». Корнем понятия «диалог» выступает логос. Как известно, древнегреческое слово «логос» (*λόγος*) обозначает три значения, несет в себе три смысла, то есть логос как слово, логос как закон и логос как учение:

2. *Слово*. В Древней Греции логос всегда существовал как житейское слово, то есть тот лингвистический конструкт, который необходим человеку для его ежедневного общения. Проявлялся таким образом понятый логос в повседневных речах. Аль-Фараби пишет: «То, с помощью чего происходит человеческое познание и что называется «разумом», древние обычно называли «речью». Имя «речь» может обозначать поэзию и выражение посредством языка. Именно это обозначает имя «речь» у широкой публики и именно в этом смысле оно общеизвестно» [2, с. 38].

a) *Закон*. По поводу логоса, как закона, существует очень интересное толкование, которое было дано еще Гераклитом. Собственно, логос в качестве закона было им и введено с той целью, чтобы показать, насколько большая разница существует между фундаментальным мировым Законом, определяющим все мироздание, и произносимыми человеческими словами, которые, на самом деле, должно в точности отражать сущность мирового Закона. Тем самым, закон бытия, он же логос, постулирует мир, утверждает его бытие, полагает само мироздание и себя самое.

b) *Учение*. Позднее логос оформился в некое знание, цельное учение о том, происходит в природе или какой-либо ее части. Отсюда большое количество наук несет в себе смысл логоса: биология, геология, лексикология и т.д. Суть данной интерпретации заключается в том, что проблему разрыва логоса-слова и логоса-закона можно преодолеть путем более глубокого, тщательного изучения природы вещей и явлений, то есть логоса-науки.

Таким образом, исходя из всего вышесказанного, можно заключить, что, хотя логос-слово исторически возникло раньше, но с сугубо онтологической позиции логос-закон выступает первичным смысловым и онтическим конструктом. Вкупе с логосом-словом он образует логос-учение. Данная триада содержит в себе диалектику в том смысле, что их взаимодействие и

становление происходит в рамках диалектической схемы тезис-антитезис-синтез, а именно:

- Логос-закон есть самоутверждение мира, его фундаментальное пространственно-временное полагание, как таковое, то есть *тезис*.

- Логос-слово есть стремление самораскрытия логоса-закона через его самопознание. Это означает, что необходимость в самопознании основывается на закрытости и неопределенности логоса-закона перед самим собой. В этом отношении логос-слово выступает в качестве *антитезиса*.

- Снятие онто-гносеологического противоречия между логосом-законом и логосом-словом происходит в рамках процесса развития дисциплин, то есть в форме логоса-учения, что представляет собой *синтез*.

Забегая вперед отметим, что логос раскрывает цельную разумность человека. Еще Аристотель в своем труде «О душе» писал, что «всякому мнению сопутствует вера, а вере – убеждение, убеждению же – разумное основание (logos). А у некоторых животных хотя и имеется воображение, но разума (logos) у них нет» [3, с. 431].

2) Диалог – это высший уровень отношений, который, предполагая в себе глубинное противоречие между элементами какой-либо системы, вместе с тем, подразумевает позитивное отношение этих сторон друг к другу, достижение необходимого обеим сторонам результата, а также дальнейшее взаимовыгодное сотрудничество. К счастью, в истории человечества было и есть немало примеров того, что люди использовали диалоговый режим в конституировании социальной деятельности, что приводило к достижению взаимовыгодного результата. Как пишет российский исследователь социальных связей Л.А. Осьмук: «Пытаясь установить отношения и понять «другого», чтобы оценить его, люди выстраивают диалог. Диалог – это и некая «проверка» «другого», и попытка «проникнуть» в его мир» [5, с. 169]. Здесь диалог понимается как линия интерсубъективного взаимодействия через феномен «другого». Подход к деятельности именно с такой позиции ведет людей к тому, что у них формируется положительное отношение, в целом, к окружающей социальной действительности. В этом человек преодолевает свое индивидуальное желание обладать чем-либо, несмотря на интересы других людей, и выходит на уровень субъекта социальных связей, могущего осмыслить всю ситуацию и понять, насколько позитивными или негативными могут быть его действия. То есть, это есть область деятельности чистого мышления человека. «Мышление как творческий процесс, согласно аль-Фараби, свойственно только людям. Он понимает мышление чисто практически и непосредственно связывает его с человеческой деятельностью» [4, с. 83].

Таким образом, завершая анализ термина «диалог», отметим тот важный момент, что высший уровень социальных отношений между людьми

возможен только при том условии, если обе стороны такого взаимодействия основывают свою социальную деятельность на разуме. Разум, в свою очередь, ведет человеческую деятельность к добродетели. Человек с негативным складом ума, порочный в своей мысли о ценности человека не сможет построить добродетельные отношения с другими людьми. В философии аль-Фараби примером того, что существуют порочные люди, которые также пытаются образовать некую форму общества, и что из этого может получиться, является концепция городов, жители которых отрицают существование человеческих добродетелей, а потому не используют их в своей жизни. В «Трактате о взглядах жителей добродетельного города» аль-Фараби так и пишет: «Добродетельный город противоположен невежественному городу, городу безнравственному, городу обмена и заблудшему городу. Равным образом ему противоположны и отдельные люди – представители этих городов» [1, с. 322]. Он подчеркивает, что дело обстоит именно в том, насколько разумно жители городов относятся к цели их действий и к смыслу их жизни.

В целом данный диалектический подход аль-Фараби применял во многих своих трудах, в том числе в трактате «Слово о классификации наук». Хотя по своей структуре сам данный трактат состоит из пяти разделов, но условно его можно разделить на две части. К первой части относятся первые три раздела трактата: «Наука о языке», «Логика» и «Математика». Ко второй части относятся оставшиеся два раздела: «О науках естественной и божественной» и «О гражданской науке, юриспруденции и догматическом богословии».

Но именно первые три раздела отражают изначальный диалектический подход, который наглядно напоминает нам логос с его переводами в качестве слова (наука о языке), закона (логика) и науки (математика). Далее, переходя уже к описанию физики, метафизики и гражданским наукам, аль-Фараби постепенно внедряет диалектическую методологию в рамках своего описания классификации всех известных на то время наук.

**Заключение**

Таким образом, предлагая свою развернутую версию организации научного знания того времени, аль-Фараби выступает одним из влиятельных методологов своего времени. Даже если сама диалектика, как таковая, была в большей степени развита в рамках немецкой классической философии, а ее истоки принято искать в рамках древнегреческой научной мысли, все же сам диалектический принцип был широко использован многими мыслителями в истории философии, в том числе в философии аль-Фараби.

**Использованная литература:**

1. Аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад. Философские трактаты / пер. с арабского. – Алма-Ата: «Наука», 1970. – 430 с.

2. Аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад. Социально-этические трактаты / пер. с арабского. – Алма-Ата: «Наука», 1973. – 400 с.

3. Аристотель. Сочинения: в 4 томах. / Ред. В.Ф.Асмус. – М.: «Мысль», 1975. – Т.1. – 550 с.

4. Бурабаев М.С., Кенисарин А.М., Курмангалиева Г.К. Проблемы бытия и познания в философии аль-Фараби. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 224 стр.

5. Осьмук Л.А. Взаимодействие социальных миров: к проблеме конвенциональности отношений. – Новосибирск: Наука, 2004. – 290 с.

**ЖАНКИНА ЗАУРЕШ АЛТЫНБЕКОВНА**
*Қарағанды облысы білім басқармасының*
*Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің*
*«Балдәурен» бөбекжайы» КМҚК, мұғалім - логопед*

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЕРТЕГІ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы бір сөзінде: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр болады ма деп қорқамын…» - деген екен. Дүние есігін ашқан әрбір нәресте отбасында ата мен әженің, әке мен ананың, жылулық шапағатына бөленіп өседі. Берілетін тәрбие әр отбасыда түрліше, өздерінің қалыптасқан отбасылық құндылықтары арқылы, үлкендердің өмір жолдары арқылы тәрбиеленеді.

Ертегі - баланың рухани өмірінің қажетті элементі. Ғажайыптар мен сиқырлар әлеміне ене отырып, бала өз жанының тереңдігіне енеді. Халық ертегілері балаларды ерекше оқиғалар, кейіпкерлерімен болатын қиял, өзгерістерін білдіреді. Олар адамдарға жақсы қарым-қатынасты үйретеді, жоғары сезімдер мен ұмтылыстарды көрсетеді. Балалардың ертегі кейіпкерлерімен кездесуі оларды бей-жай қалдырмайды. Қиындыққа тап болған кейіпкерге көмектесу, ертегі жағдайын түсіну - мұның бәрі баланың ақыл-ой белсенділігін ынталандырады, қызығушылықты дамытады. Ертегілерден балалар көптеген білім алады: уақыт пен кеңістік туралы алғашқы идеялар, адамның табиғатпен, объективті әлеммен байланысы туралы. Мектеп жасына дейінгі балалар өмір мен өлім, махаббат пен жеккөрушілік сияқты күрделі құбылыстар мен сезімдерге тап болады; ашу мен

жанашырлық, опасыздық пен сатқындық. Сондықтан, ертегі үлкендер мен кішкентайлар үшін өмір бойы сабақ болып табылады.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда біздің балалар ертегілермен емес, заманауи мультфильмдермен тәрбиеленуде. Ата-аналардың көпшілігінде баламен бірге отыруға және кітап оқуға уақыты болмай жатады.

Қазақтың бесік жырын шетелдің даңғаза әуені алмастырса, ертегінің орнын телеарна мен компьютердегі ойындар, түрлі мультфильмдер алмастырды.

Ал әженің орнын техника басты. Алайда қазақ халқы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрден ажырап бара жатқаны көрініп тұр. Балалар психологтары бұл балаларды тәрбиелеудегі ересектердің үлкен қателігі деп санайды. Ата-аналар және біздің логопедиялық пунктін балаларына арналған сауалнамасы көрсеткендей, үйде балалар кітаптарын оқуға аз уақыт бөлінеді, ал кейбір ата-аналар тіпті халық ертегілерін атай алмайды. Сондықтан біз балаларымыздың дамуы мен тәрбиесіндегі ертегілерге көбірек уақыт бөлуді шештік.

Сонымен, «Әжемнің ертегісі» атты жобаға қатысып балалар, ата-аналар, педагогтардың арасында қызығушылықтарын тудыру үшін ертегілер арқылы халықтың болмысын тану және оны бүлдіршіндерге таныту, олардың бойына адамгершілік, имандылық қасиеттерін дарытып, ұлттық қабілеті мен шешендік өнерлерін дамытуы керек болып табылады.

Ертегі - ауыз әдебиетінің асыл мұраларының пікірлерін тыңдайтын болсақ, ертегінің бала тәрбиесінде, оның танымдық қасиетінің жан-жақты жетілуіне, рухын, қиялын, сөздік қорын байытып, тілін дамытып маңызды орын алатын деңгейге жетілдіреміз деп күтілетін нәтиже қойдық.

Логопедиялық пунктін балалардың ертегі арқылы ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуде. Оларды адамгершілікке, еңбекке, тапқырлыққа, сүйіспеншілікке, сезімге баулу керек деп мақсат қойдым.

Бірінші кезеңінде жоспар құрып балалармен, ата аналармен және педагог арасында ұйымдастырылған сауалнама, кеңес, жадынама сияқты іс шаралар өткізіліп отырылды. «Балаңыздың өміріндегі ертегі» атты ата-аналарға арналған сауалнамаға белсенді қатысып, сұрақтарға жауаптарын берді.

Осы жоба аясында ата-аналарға рухани-адамгершілік маңыздылығын түсіндіру мақсатында «Отбасымызбен ертегі оқимыз» кеңесін ұсындым.

Сонымен қоса «Шығармашыл отбасы» атты конкурсын ұйымдастырдым. Менің мақсатым ата-аналар мен балалардың шығармашылық жұмысқа деген белсенділігін артыру. Қатысушылар үй тапсырмасын орындап сүйікті ертегілерінің кейіпкерін салып келді. Әр бала өздерінің салған суреттеріне мақтан қарады.

Жобаның екінші кезеңі де ертегі әлемінен әже келіп «Жеті өнерпаз» ертегісін балаларға әңгімелеп беріп еді, балалар мұқият тыңдап, ертегінің

соңында ғажайып әлемге тап болғандай сұрақтарын қойып қызығушылықтарың арттырып отырды [1].

Педагогтар арасында «Өнерпаз Ханшайымдары» атты семинар-практикум өткізіліп, педагогтарымыз өте белсенді қатысып. «Көңілді тіл туралы» ертегісін айтып отырып артикуляциялық жаттығу жасалынды, өз ойларынан коллаж ертегісін құрастырып және ойдан ертегі құрастырып «Бақытты тапқан қыздар», «Сиқырлы әуенің күші», «Добрый мальчик Айдос» деген ертегілер де жарыққа шықты. Педагогтар шығармашылықтарын артырып «Бақытсыз бай», «Алдар Көсе мен бай», «Қожа мен хан» ертегісін сахналап берді [2].

Үшінші кезеңінде педагогтар арасында ұлттық ертегісі туралы деңгейін тексеруге мүмкіндік беріліп ертегілерге арналған тест өткізіліп, жауаптары жақсы нәтиже берді.

«Өзің оқысаң, өзгеге табыс ет» қағидасына негізделген кітап арасын жақындататын, кітап оқуға шақыратын қоғамдық қозғалыстардың бірі. Буккроссингтің ережесі бойынша, /balalaralemi.kz/ интернет жүйесінен оқушы балалар оз ойларынан құрастырылған елуге жуық ертегі кітапшаларын жарыққа шығарып, қоғамдық қозғалысқа қатысушылар пайдаланып жүр.[3]

Ата мен әженің тәрбиесі ізгіліктің жарығындай бала жүрегін нұрландырып тұрады. Көпті көрген көнекөздің өмірден алған тәжірибесі мол. Қазақта ата-әжесінің тәрбиесін көрген бала басқаша болады, айналасының да көзқарасы оған ерекше еді. Өйткені ауыл үлкендерінің жанында жүріп, олардың өнегелі әңгімесін тыңдап өскен баланың сана-сезімі басқалардан ерекше болып қалыптасады. Сондықтан әжелерді таптырмас тәрбие мектебі дейміз.

Сонымен, Сіздер үшін бар ынта, жігері мен өмірден алған өнегесін бала жүрегіне құяры педагогтар әжелерімізді қарсы алайық деп, «Өнерлі әже» атты сайысымызды өткіздік.

Сайыс бес өлшемнен тұрды ол;

- ✓ Сәлемдесу;
- ✓ Сұрақ – жауап;
- ✓ Әженің ертегісі;
- ✓ Салт дәстүр;
- ✓ Қол өнер.

Педагогтарымыз өте белсенді қатысып яғни өте жоғары деңгейде дайындалғаны көрініп тұрды, болашақ, жарқын әжелер болатыны анық десек те қателеспейміз [4,5,6].

Жобамыздың сонында балаларға арналған халықаралық «Алдар мен Бай» атты ертегісін сахналап бердік. Балалар қызушылықтарын артырып мұқият тамашалады, соңында балалар жарыса отырып қалай Алдар Байды алдап жылы тоның қолына түсіргенің айтып берді [7]

Қазақ халқының салт-санасы мен ата-бабамыздан келе жатқан дәстүрді өз бойымыздағы ерекше қасиеттерімізді, таланттарымызды, дарындылығымызды, өзгелерден ерекше табиғи қабілетіміз арқылы биіктерден көрсете берейік. Қасиетті ертегілер арқылы бүлдіршіндерімізге тәрбие беріп, салт-дәстүрін сақтап қала берейік. Сонымен қатар еліміз егемендік алғалы мемлекеттік тілде сөйлеуіне, бұл қасиетті ертегілердің халық ауыз әдебиетінде ең маңызды орын алатыны сөзсіз екенін салыстырып көрсете берейік.

Халқымызда «Ізденген жетер мұратқа» деген сөз бар. Яғни, әр нәрсені білуге талпынып, білімнің тереңіне бойлау-дамуды кемелдікке жеткізеді, рухани байытады.






*1.«Жеті өнерпаз»* *2.«Өнерпаз Ханшайымдары»* *3.Буккроссинг* *4.Гран-При Қайшыбаева Г.М.*





*5,6.«Өнерлі әже» атты педагог арасында сайыс* *7.«Алдар мен Бай»*

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. «Бала және балабақша» № 6, 2015 ж.
2. «Дефектология» № 4, 2013 ж.
3. «Логопед в детском саду» № 2, 2012 ж.



**КУСАЕВА ГУЛЬМИРА КАИРЖАНОВНА**
*Қарағанды облысы білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжайы» КМҚК, қазақ тілі мұғалімі*

# ТІЛ БАР ЖЕРДЕ – ҰЛТ БАР

Тіл - ұлттың жаны, ал ұлттың болашағы – оның ана тілі. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Әрбір мемлекет ішінде неше түрлі халық бар. Әр халықтың өз тілі болады.
Мемлекет басшымыз Қасым Жомарт Тоқаев қазақ тіліне қатысты пікірімен бөліскен бола тұғын «Қазақ тілі - қазақтың жаны!», «Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытында жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз», - деді.

Ал көптілділік – бүгінгі заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлемді сан алуан жағынан әр тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениетін күллі ерекшеліктерін, барша құндықтыларын сезінуге болады. Тіл - мейлі қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбиесі мен тағылымның, бүкіл халықтық болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйытқысы болып келген.

Халқымыз жас ұрпақтың болашағын ойлап тіл арқылы, іс арқылы тәрбиелеуге бетін бұрды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты бойынша мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту барысында бүлдіршіндерге қазақ тілін үйретудің білім деңгей накты бағдарламамен берілген [1]. Осы мақсат пен міндеттерді негізге ала отырып, өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйретуде тек қана сөздерді қайталап үйретпей, оларды ойындар мен түрлі көрнекілік арқылы үйреткен тиімді болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйқасты өлең тыңдауға ынтасын ескере отырып қазақ халқының мәдениетіне деген балалардың құрмет сезімін ояту мақсатында тақпақтар, санамақтар да беріледі.

Ойын мен көрнекілік балалардың тілді үйренуге деген қызығушылықтары артады. Әсіресе ойын элементтері оқытудың бір түрі болып табылады.

Қазақ тілін оқытуда ойын түрлері мынандай мақсатта қолдану тиімді:

1. Мұғалімнен кейін қайталау арқылы сөздердің фонетикалық жағын меңгерту.
2. Балалардың тыңдау зейінін қалыптастырып сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.
3. Балалардың сөздік қорларын молайтып, оны дұрыс қолдана білуге үйрету [2].

Мектепке дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу, тілін дамыта, байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, құрастыра сөйлеуге, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлінеді. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дидактикалық

ойындарды қолдана отырып балалардың қиялын шарықтатып, ойлау қабілетін ұштауға болады.

Қазақ тілінде көркем және халық ауыз әдебиетін қолданудың маңызы зор. Осы арқылы балалардың ойлау, және дұрыс сөйлеу қабілеттері дамиды, сөздік қорларын молаяды. Тілді үйрету барысында әрбір сабақта ойын түрлерін және өзара сөйлеу үлгілері қолданылады.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын түр түсі, және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жиынтығы ұғым түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым қатынас жасай білуге үйретеміз.

«Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болама» деп данышпан Абай атамыз жырлағандай, ұйымдастырылған іс-әрекетінде заттармен ойналатын ойыншықтарды қолдана отырып мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы?», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б. [3].

Қазіргі заман талабына сай әр түрлі технологиялық ойындар да дамып жатыр.

Мысалы: «Мнемотехника», «Триз», «Квест», «Эйлер», «Лулия шеңбері», «Флексагон», «Тонтомореско», «Карта проппа» және де, ұлттық құндылықтарымызға көңіл бөле отырып, асықтар техналогиясына көп қызығушылықтарын арттырады.

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата». ойнатылады. Қазақ тілі ұйымдастыру іс қызметінде, тақырыпқа байланысты төл дыбыстарға да көп көңіл бөлінеді мысалы: «Тыңда көрсет, қайтала» сұрақ-жауап ойыны, «Біз саяхат жасаймыз», «Бір үйде біз нешеуміз?», «Қандай ойыншық?», «Мен ойыншығымды сипаттаймын», «Себетте нелер бар?», «Біз өнерлі баламыз», «Жаңылтпашта жаңылма», «Атын ата, көрсет, қайтала», т.б. Сөздік ойындар ойнатылып отырады. Сөздік қорды ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттері бойына сіңіріледі.

Қазақ халқының көрнекті жазушысы М.Әуезов «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнерге бай [4].

Ойын деген менің түсінігімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған» деп тегін айтпаса керек. Ұлттық ойын үлгісіне де көп көңіл бөлінеді. «Тақия тастамақ», «Арқан тартыс», «Сақина тастамақ», «Хан талапай», «Теңге жинау» т. б осындай ойындар өтіледі.

Бірақ соның ішінде ерекше әсер ететін – бұл ертегілер әлемі. Ертегілер балаларды білгір, батыл, ойшыл, еңбекқор, өнерпаз болуына ықпал етеді. Қазақ тілінде ертегіні сахналаған кезде балалардың қызығушылықтары артады, әсіресе жануарлардың кейіпіне түсіп, дыбыс ырғағын келтіргенде қызығушылықтары оянады. Сонда ғана әр балаға олардың сөздерін қайталатып, жатқа үйретеміз.

Қоғамда әр баланың бойында патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеудің маңызды факторы сол мемлекеттің тіліне деген аса құрмет болып табылады. [5]

Ғылымда бала тілді үйренуді қаншалықты ерте бастаса, соғұрлым тез меңгеретіндігі айқын көрсетілген. Қазіргі қоғамның негізгі мақсаты - тілді үйренуші өзге ұлт өкілдерінің, олардың балаларының ойлау қабілеттерінің біртіндеп қазақиландыру, сөйлеуге үйрету және тіл мәдениетін мақтауға тәрбиелеу.

Тіл - ұлттық және рухани бірліктің ерекшеліктерімен айқындалған. Қазақ тілін білу Қазақстандық әр азаматының мектепке дейінгі жастан бастап үйренетін міндеті мен борышы, қоғамдық өмірге белсене қатысуы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын ынталы талап көрсеткіші. Қазақ тілін түсінуі тіл үйретушінің кең тараған сөздер мен сөз тіркестерін күнделікті сабақтарында қаншалықты жиі қолдануына байланысты болып табылады.

Салт-дәстүрге жиі көңіл бөлу. Ата-бабамыз қалдырған асыл мұраны қолданғанда біздің көздеген мақсатымыз - болашақ ұрпақты еңбекке адамгершілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Біздің міндетіміз – мемлекеттік тілдің мерейін үстем етіп, аясын кеңейтіп, мемлекеттік тілімізді өрге асырып, тіл дәрежесін көтеру болып табылады.

Дүниеде мақсат қойған адамның алмайтын асуы, бағындырмайтын қамалы жоқ.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ҚР Білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасы. 2010ж.
2. Тіл Бекзат Қамқорұлы №75 2018ж.
3. Тіл Ерден Мұратұлы №77 2018ж.

**КУШИБАЕВА РАУШАН ГАНИЕВНА**
*Астана қаласы әл-Фараби атындағы*
*Оқушылар сарайының директоры*

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

*Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне опат әкеледі.*

*Әбу Насыр әл-Фараби*

Тәрбиелі ұрпақ – еліміздің болашағы. Еліміздің болашағы – ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені сөзсіз.

«Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп бекер айтылмаған. Тәрбие отбасынан басталады. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Адам балаласының шыр етіп өмірге келгенде көрері ата-ана, ал ата-ана өмірінің жалғасы – бала.

Қазіргі таңда білім беру саласында күрделі өзгерістер мен жаңашылдықтар болып жатыр. Мұндай өзгерістер болашақ ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие берумен байланысты. Ата-ана отбасында тәрбиелесе, мұғалім оқушыға білім беру мен қатар тәрбиелеп, сауатты тұлға болып қалыптасуына, әлеуметтік ортаға бейімдейді. Білім мен тәрбие туралы, еңбек тәрбиесінің және оның теориясын жасаушылардың бірегейі Әбу Насыр әл-Фараби де өз еңбектерінде жазғаны мәлім.

Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Ол ғылымды тарихи үрдіс деп түсініп, ғылым жүйелі түрде құрылған білімнің жоғары формасы деп анықтама берген. Әл-Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. Әл-Фараби ең алғаш еңбекті тәрбиенің алғышарты етіп алады. «Ғылымдар тізбегі», «Ғылымдардың шығуы» еңбектерінде ғылымдарды үйрену, үйрету реттерін белгілейді және тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағлымын, үлгісін болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім етіп қалдырды.

Ғылым жолында өзінің дара жолын қалап, өшпес із қалдырған әл-Фарабидің ілімі Шығыс халықтарының, оның ішінде қазақ халқының педагогикалық ой-пікірінің дамуына қосатын үлесі зор. Қазақ халқының салт-санасының, дәстүрінің, ағартушылық, тәрбиелілік ой-пікірінің дамуында жаңа кезең ашып, халықтық педагогиканың негізін қалаған тұлғаның қол жеткізген жетістіктерінің барлығы да тынбай ізденген адал еңбектің арқасында қайталанбас ғажап туындыларды қалдырып кетті. Қазіргі таңда ұстаздың артында қалған мол мұрасынан нәр алып жатқан шәкірттер саны да жетерлік.

Әл-Фарабидің теңіздей туындыларынан тамшыдай болса нәр алсын деген ниетпен қатар әл-Фараби атындағы оқушылар сарайында оқу-біліммен бірге тәрбиеге де жете көңіл бөлінбек. Тәрбие баланың күллі жан дүниесніне әсер етеді, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын кең ұғым. Әл-Фараби

атындағы оқушылар сарайы – тәрбие мен білімнің қазыналы ордасы. Астана қаласының оқушылар сарайына әл-Фарабидің есімін беру де тегін емес.

«Музыка туралы үлкен кітапта» таза араб музыкасының энциклопедиялық мұрасымен қатар ортақ араб-ислам мәдениетінің бір бөлігіне айналған халықтардың да музыкалық дәстүрі көрініс табады.

Поэтика мен көркем бейне. Әл-Фараби осы сала бойынша да бірнеше ғылыми еңбектер жазғанын айтады. Олар «Музыканың үлкен кітабы» (Китаб ал мусика ал-Кабир»), «Ғылымдарды жіктеу және мақсатын айқындау» (Ихса ал-улумуа-тағириф биаградаха»), «Ырғақтарды кластарға жіктеу» (Китабихса ал-ика»), «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» («Рисала фи кауанин сина аташ ши-р»), «Сөз өнері туралы» («Сина-аташ-ши-р»). Өлең өнері және басқа да сөз өнерімен өнер туралы жазылған бұл еңбектердің қазақ әдебиеті тарихындағы орны ерекше. Яғни Аристотель «Поэтикасынан» кейінірек жазылғанына қарамастан бұл ғылыми еңбектер өзінің әдеби маңызы жағынан шын мәніндегі аса құнды эстетикалық еңбектер ретінде танылады . Бұл екі еңбек гректің поэзия өнерін тек қана араб тілдес оқырмандарға таныстару үшін ғана емес, ол қазіргі кезде әдебиеттану ғылымымен айналысатын ғалымдарға аса қажет ғылыми еңбек. Оның бұл еңбектері тікелей сөз өнерін талдауға арналады. Ол еңбектердің бірсыпырасы бізге жетпеген, кейбіреулері толық емес, жартылай жеткендері де бар. Әл-Фарабидің поэтикасы оның зерттеуге алынып отырған әдеби- эстетикалық мұрасының күллі табиғаты деген сөз. Сонымен оның поэтикасы көркем творчество табиғаты туралы ғылым. Оны әл-Фараби поэтика деп атаған. Себебі поэтика қамтымайтын әдебиеттің бір де саласы жоқ. Оның бірден бір саласы-көркем бейне немесе образ болса, оның да өз поэтикасы-теориялық түзіліс заңдылықтары, оның қалыптасу жүйесі бар. Әл-Фараби өз поэтикасында көркем ой (образ) мен оған қатысты нәрселерді сезіммен, қиялмен бірдей байланыста алады. Ол, көркем бейненің өлеңде біздің сезімімізге, қиялымызға, ақыл санамызға әсер ететін сыртқы дүниенің көрінісін қайта еске түсіру екенін айтады. Ал әсер деген сөз көңілдің сан түрлі күйін көрсету үшін қолданылады. Ол соңғы жағдайда сол белгілі бір қиысулар арқылы сөз құрайтын фонемамен байланысады да, фраза құрып кәдімгі тілдің заңдылығына сәйкес көркем бейне ретінде танылады. Сонымен әл-Фарабидің айтқанындай поэтика деген сөзге мағына берсек, онда оның мазмұны, өлеңнің қалыптасуы мен оған белгілі бір тартымдылықпен толыққанды (кемелдік) жайттар енеді. Көңілде ақиқат елес туғызатын нәрселерге поэтика деген ат дәл келеді. Ол сезім түрінде көңілде елестету әсерін туғызады. Әл-Фараби өлеңге тән екі түрлі шарттың орындалуы тиіс дейді. Біріншіден, көңілде бірнеше, күй фразасының түрлері туса, екіншіден соны көркем ой елегенің өткізіп, оны белгілі бір қимылға келтіретін көркем бейнеге керекті ырғақты қимыл арқылы

қайта сездіру ғана. Ол поэтикалық пайымдау арқылы іске асады. Өзінің «Сөз - ғылымдардың классификациясы туралы» еңбегінде оны логика ғылымдарының тарауында қарағанымен мұны адамның көңіл-күйіне қатысты алып пайымданудың бір түрі ретінде қарайды. Осы ойды «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактаттары» мен «Өлең өнері туралы» ғылыми еңбектерінде дамыта түсті. Онда әл-Фараби поэзияны да өнердің негізгі саласы деп қарап, ол логикалық пайымдауларды, поэзиядағы теңеу, метафоралармен салыстыра талдайды. Егер де Аристотель логикалық пайымдауларды-дәлелдемелік, диалектикалық, софистикалық деп бөлген болса, оған әл-Фараби риторикалық және поэтикалық пайымдау түрлерін жаңадан қосты. Бұл пікірді белгілі ғалымдар: М.С.Бурабаев, Г.К.Курмангалиева, А.В.Сагадеев, В.А. Брянов өз еңбектерінде қуаттай түседі. Осы тектес көркем бейне сезімге лайықталынып жасалады. Оны жасалу әрекетінен бөліп алуға болмайды. Ақын өзі жасамақ болған келешектегі көркем бейнесін қиял түрінде елестете алатын көре білу қабілетіне ие. Сондықтан да бұл әрекет белсенді түрде өтеді. Ол ақиқат сезімге жақын келсе, бейнесі «образы» де соншалықты әсерлі болады. Қиялды туған бейнелерді талғап, іріктеу ақынның өзіне байланысты. Жалпы алғанда, бұл бейнелер сезім арқылы елестетуге мүмкіндік беретін бейненің (образдың) ең негізгі және соған тән қасиеттеріне тәуелді болады. Әл-Фараби әр түрлі өнерді жасайтын өнер иелерінің қандай болуы керек екендігін оның дарындылығы мен табиғи таланттылығына қарай топтастыра қарайды. Ол осы сияқты талант (дарын) иелерінің өлеңді өзінің қиялына сәйкес келген жағдайда ғана шығара алатындығын айтады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітабы» исламдық ортағасырлық мәдениетте елеулі құбылыс ретінде исламдық Шығыстың музыкалық мәдениетіндегі аса ірі бетбұрыстық белеске айналған. «Музыканың үлкен кітабының» бірінші тарауы – «Музыка өнеріне кіріспе» деп аталып, екі тарауды құрайды. Алғашқысында «музыка» атауы, оның этимологиясы, семантикалық негіздері, шығу тегі, оны шығару, орындау мәселелері айтылады. Кітаптың екінші бөлімінде адам құлағына жақын әуендер, дыбыстың табиғи сезілуі, гармония және үндестік, музыкалық тондардың әрқандай ерекшеліктері сөз болады.

«Музыка өнерінің негіздері» екінші тарауы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде музыканың физикалық анықтамасы, дыбыс шығаратын денелер, жоғары және төмен дыбыстардың себептері, музыкалық интервалдар, диссонасс қатарлары мен теориялық негіздерін көрсетеді. Екінші бөлімінде квартадан пайда болатын интервалдар туралы теориялық мәселелерді қозғайды.

Трактаттың үшінші – «Музыкалық аспаптар» тарауы да екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде әл – Фараби, уд аспабының құрылысы, ашық

пернелері, орындаушы саусақтарының орналасуы, төрт ішекті уд, дыбыс қатары, жағымды тондар, уд аспабы күйінің күрделі және қарапайым тәсілдерін қолдану жайын қарастырады.

Екінші бөлімі, тамбур аспабының ерекшеліктеріне арнаған. Бағдат тамбуры, аккордтары, пернелері жайлы зерделей келіп, ең соңында Хорасан тамбурына тоқталады. Теориялық мәселелерін сөз етеді.

Фараби – ғұмырын адамдарды біріктіруге арнаған адам. Ол – мың жыл бұрын адамдар үшін өмір сүрген адам. Ол – өз ісіне берілген, ақыл – ойға, білімге және танымға деген құштарлықтан басқа ештеңені де, ешкімді де мойындамаған адам.

Сөз соңын қорытындылай келе, әл-Фарабидің еңбегі – музыка саласы бойынша жазылған аса қымбат тарихи және мәдени мұра.

**АЙМАНОВ БЕКБУЛАТ ИСКЕНДІРҰЛЫ**
*Астана қаласы №1 Балалар музыка мектебі, домбыра пәнінің мұғалімі*

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКАДАҒЫ ЕҢБЕГІ: КОНСОНАНС ҮЙЛЕСІМДІГІ

Бұл мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің өнер саласында, оның ішінде музыка теориясындағы еңбектері жазылған. Музыка теориясының ішіндегі Консонанс ұғымы талданған.

*Түйінді сөздер:* Әл-Фараби, музыка, консонанс, үйлесімділік, интервалдар.

Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби (870-950) ислам әлемінің көрнекті философы және математигі болып саналады. Сонымен қатар, ол музыкаға айтарлықтай үлес қосты. Әл-Фараби музыка теориясына арналған байыпты шығармалар жасаған ислам әлемінің алғашқы ғалымы болды.

Музыка саласында оның ерекше еңбегімен ол «бірінші мұғалім» деген атқа ие болды. Үлкен біліммен ол талантты музыкант болды. Музыка теориясында Консонанс үлесімділігі деген ұғым бар. Бұл өнердің негіздерінен бұрын білінуі қажет болған он үйлесімдіктің зерттелуі мен қолданылуы – «консонанс» деп аталады.

Бұл үйлесімдіктердің бірнеше түрі бар: бұлар – октава, квинта мен кварта консонанстары. Октаваның консонансына қосылуы арқасында пайда болған басқа да консонанстар бар: екілік октава, дуоцедима мен унцедима. Консонанстар кемелдің дәрежелеріне қарағанда айырмашылықтары бар екені анық. Арасындағы аса күштірегі – октаваның консонансы мен оның екіліктері. Әрі қарай квинтаның, додециманың және екілік октава мен квинтаның

консонанстары, сондай-ақ осы интервалдардың қосылу нәтижесінде пайда болғандар өз реттіліктерімен келеді. Одан кейін кварта мен ундециманың консонанстар тұрады. Ақырында аталған консонанстар осылардың әлсіздеулеріне жатады.

Көп практик-музыканттар бұл интервалды қабылдамайды, ал енді оны сезушілер болса, мұны консонанс деп мойындамайды. Себебі, ол өзі сияқты интервалдарға лайық күйлерде сирек қолданады. Осылай олардың қолданған кез келген интервалы әуен үшін негізгі, не толықтыратын әрі көркемдейтін болады. Ал бұл интервал әуеннің негізінде жоқ және оларды көркемдеу үшін мүлдем қолданбайды деп айтса да болады. Сондықтан, оны үйлесімді деп санамайды әрі оның қолданылуын қуаттамайды.

Пифагоршы теоретиктері де оны консонанс деп қабылдамады. Алайда олардың бұдан бастауына себеп, практик-музыканттардың айтқаны емес, бәлкім, өздерінің консонанс мәселесіне қатысты бірінші негізге апаратын ұстанымдарына сүйенді. Әйтпесе қалайша олардың ізімен келгендердің біразы үшін, қалдық интервалы қабылданбай қалды, өйткені ол музыкалық практикада кеңінен қолданыс тапқан.

Практик-музыканттардың қалдық интервалын пайдалану себебін олардың есті қабілеттерінің алданғаны деп санамауы керек. Ал енді көптеген халықтар мен музыкалық өнердің білгірлері мен шебер практиктерге келсек, онда олардың алдануы мүмкін емес. Осылайша араб мемлекетіне бірігуден бұрын, бір-бірімен аралас-құралас болмай, алуан түрлі аймақтар мен мемлекеттерде мекендеген халықтардың әртүрлі әуендерінде – қалдық интервалының пайдаланғанын білеміз.

Басқа интервалға келер болсақ, дәлірек айтқанда, өзінен басқасынан он бестен бір есе артатын дыбыс интервалы, онда ол сезілетін жағымды дыбысымен қалдық интервалының консонансынан асқан уақытта, адамның бекіткеніне сәйкес емес, бәлкім, бағалы әшекейлер мен киімдермен жасалған сұлулықты, табиғат ғажайыбының асып кететіні сияқты. Бұл интервалдардың жағымдылық дыбысы екі жағдайда да құлақ үшін белгілі, әсіресе, олар әуендердің ортасында пайдаланған кезде.

Оған қоса әуендердің табиғаты сондай, олар өздерінің үстеріне адамдар тарапынан қойылған немесе белгілі бір заманда адамдардың басым көпшілігінің қалауымен, бірінен соң бір қауымның сақтап келген жолымен немесе сол әдетке кейіннен келгендердің келісімімен болған канондар мен ережелер жағдаяттарына бағына бермейді. Алайда, бұл әуендер қалай мақталса да немесе айыпталса да, бұл қалып сәттің ерік ықтиярына емес, өздеріне тән ерекшеліктері мен кемшіліктерінің арқасында қала береді, ал олардың ұдайылығы белгілі уақытпен шектеледі.

Музыка саласындағы қатысты теоретиктердің пікіріне арналған еңбегімізде, ундецима мен қалдық интервалдарының консонанс құрамы жайында шамамыздың келгенінше толық айтқандай болдық.

Бұдан әрі әуендерде қолданылатын ең ұзын интервал алынады. Негіздер мен әшекейлерді белгілеген соң, артынша әуендердің негізін құрайтын біртекті дыбыстар қаралады, олардың потенциялары сандары қорытылады және есті түйсігінің негізінде пікір құралады. Құлақ арқылы қабылданып, барлығынан бұрын зерттелетін дыбыстар мен интервалдар, тетрахордтар мен жоғарыда айтылған нәрселерге жеткенше басқа, терең талдауға салынбай шығарылып алынады. Бұл жағдай осы өнерде талап қылынған басқа нәрселерді тануға жеңілдік жасайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әбу насыр әл-Фараби – «Музыка туралы үлкен кітап»;
2. Халықаралық Абай клубы. Алматы – 2019 жылы.

**ӘЛІМХАНОВА АЛТЫНАЙ ЖАНҒАЛИҚЫЗЫ**
*Астана қаласы №1 Балалар музыка мектебі,*
*қосымша білім беру педагогі*

## ӘЛ-ФАРАБИ-ӨНЕР ӘЛЕМІ

Бұл мақалада әл-Фарабидің өмірбаянын қарастыра отырып, оның музыкаға қосқан үлесі арқылы қазіргі уақыттағы музыкалық аспаптармен бірегейлігін дамыта отырып, одан алды, өзектілігі мен тиімділігін практика жүзінде, білім ордаларында кеңінен қолданылатынын көрсеттік.

*Түйінді сөздер:* екінші әлем ұстазы, өнер саласындағы еңбектері, практикада қолдану тәсілдері.

Ерте орта ғасырларда Орта Азия аумағында өркениеттің дамуы, қалалардың қарқынды өсуі діни догматикалық көзқарастардан алыстап, дүниенің құбылыстарын рационалды түрде қарастыратын тұлғаларды дүниеге әкелді. Солардың бірі Әбу Насыр әл-Фараби. Әлемтанушы қазіргі Отырар қаласында дүниеге келген. Жастайынан білімге құштар болған жас ғалым, көптеген сұрақтардың жауабын ежелгі грек философтарының еңбектерін оқи отырып тапқан. Ол өзін Аристотельдің оқушысы ретінде балаған. Әл-Фараби ғылыми әлемге өз жолын Отырарда бастады. Отырарға көптеген саудагерлер, ақын жазушылар, ғалымдар келетін. Сол замандағы Отырар, дамыған өркениеттің орталығы болған. Отырарға келген саудагерлер өздерімен бірге кітаптар, ежелгі жазбаларын ала келетін, олардың көпшілігі Отырар

кітапханасында қалатын. Ол Отырар кітапханасында жұмыс істеп жүріп, кітаптардың басым көпшілігін оқыған. Білімге деген құштарлық Әл-Фарабиды көптеген басқа қалаларға болашақта жетеледі. Шаш, Самарқанд, Бұхара қалаларында жергілікті қазы болып та істеді. Бірақ, бұл жұмыс ғалымды Орта Азия аумағында ұзақ ұстап тұра алмады. Солайша ол Бағдад, Шам, Каир, Александрия қалаларына бет бұрады. Сол замандағы Бағдад қаласы ғылымның нақ орталығы болған. Бағдадтың әйгілі аудармашылар мектебінде шетел философ ғалымдарының еңбектері аударылып, оқытылатын. Бұл жерде Фараби логика, грек тілін, медицинаны меңгере бастады. Оның грек тілі, грек философиясы жайында ұстазы Юханна ибн Хайлан, өз дәрістерінде ұстаз Аристотель сынды грек ғалымдарының еңбектерін шәкірттеріне дәріптеген. Ал логиканы, болашақ лингвистке оқытқан атақты араб аудармашысы Әбу Бишр Матта. Ғалымның, ғылымға деген қызығушылығын Аристотель еңбектері ашады.

Солай 941 жылы Фараби Дамаск қаласына көшеді. Тапқан ақшасы аз болып, күллі ақшасын өзінің біліміне жұмсады. Ол күндіз бақша күзетшісі болып, түнде ғылыми еңбектер жазумен айналысады. Күндердің бір күнінде Әл-Фараби жайлы Халеб қаласының басқарушысы, Сейф ад-Давлы естіп оның ғылыммен айналысуына демеуші болады. 949 жылы әл- Фараби Мысыр еліне саяхаттайды, 950 жылы дүниеден өтеді.

Әл-Фараби тек философия, медицина ғылымдарын зерттеп қана қоймаған, сонымен қоса шығыс музыкасын зерттеп үлкен кітап жазады (Китаб аль-мусики аль-кабир). Бұл кітап кіріспе және үш бөлімнен тұрады. Осының ішіндегі ең құндысы үшінші бөлімде музыкалық үйлесім (лад), мақамдар, вокалдық аспаптар туралы ашыла жазылған. Сонымен қоса кітапта петахорд, тетрахордтың түрлері, мелодияның өзгеру барысындағы үйлесімді үндестігі (лад), және олардың құрылымы жайлы айтылған. Музыка зерттеушісінің бұл еңбегінің нәтижесінде шығыстық мақамдағы нота жазу үрдісіне әкелді. Ол дауысты, мелодияны, ладты сәйкесінше белгілермен таңбалап жазды.

Фарабидың трактаттарында ескеретіні ладтардың, мақамдардың үйлеспеуінің мәселелері мен шешімдері көрсетілген. X-XI ғасырларда мақамдарды зерттеу, оқу барысында әл-Фарабидың еңбектері негізгі және дара нұсқа болған.

Ғалымның еңбегінде Аристоксеннің (Аристотелдің шәкірті) Ритмика элементі, Үйлесімділік элементі (музыкалық пропорция) оқулары бойынша шығармашылық және тиімді етіп жазылған. Бұл тақырыптар жайлы ой түйіндеп қорытынды шығару үшін, оның тарихтың түбіне үңіле білу керек. Біріншіден Аристотель, Аристоксен және әл-Фарабидың өмір сүрген уақыттарының арасы XIII ғасыр. Екіншіден Аристоксеннің еңбектері ежелгі грек тілінде, ал, әл-Фарабидың еңбектері араб тілінде жазылған. Әл Фараби өз еңбектерінде гормоника, ритмика сөздерінің орнына арабша сөздер қолданған,

мәселен: таглиф (тондардың реттілігі), ийкоғ (ритм). Үшіншіден ғалым ежелгі грек еңбектерінің аудармашысы ретінде ғана емес, ежелгі еңбектерді жаңартушы, жаңа жаңалықтар енгізуші ретінде тарихта қалды. Сол себепті ол Шығыс музыкатану ғылымының атасы болып есептеледі. Әл-Фараби Пифагор, Платон мектептерінің өкілдерімен, шығыс (араб, парсы) Фехлуза ибн Сурайжа, Исхак Мавсули музыкатанушылардың еңбектерін жітік білген. Соңғы шығыс музыкатанушылары ерте ислам ренессансы кезеңдерінде өмір сүрген. Әл-Фараби кітабында әртүрлі сұрақтарға жауап беру барысында, алдында көрсетілген музыкатанушылардың еңбектеріне сүйенген.

Шығыстанушының өмір сүрген заманында 4-5 шекті музыкалық аспаптар-уд кең қолданылатын. Әр шектің атауы болған: бам, маслас, масна, зир, хадд.

Әр ашық шек абсолютты деп есептелетін. Әрбір лад басылатын саусақ атауымен аталатын, мәселен: саббоба-сұқ саусақ, вусто-ортан саусақ, бинсир-аты жоқ саусақ, минсир шынашақ. Әл-Фараби сол заманға таныс шертіп ойналатын аспаптарды екіге бөлген:

1) әрбір ішегі бір ғана үн шығаратындар - арфа, канун;

2) ішекті мойынға басып тарту арқылы түрлі үн шығаратындар -уд, дутар, танбур

Музыкалық аспаптардың екінші турі жайлы ғалым былай деген: «... белгілі бір бөлікті саусақпен басып ойнау арқылы қажетті нотаның бәрін де ала аламыз...»

Танбур аспабы әл -Фарабидің айтуынша бес пернелі болған, дыбыстың жақсы шығуы аспап конструкциясының ерекшелігіне байланысты. Хорасан, танбур аспабының бір түрі, көлемі де әр түрлі болып келген. Оның мойнында шайтан тиек тұратын жерде екі тесік болған, олар арқылы ішек өткізілген. Ішек мойнының ұшында бір-біріне қарама-қарсы орналасқан құлаққа оралған». Хорасан танбурында перне саны түрліше болған. Орындаушының шеберлік дәрежесіне, инструменталдық музыканың дамуына қарай перне саны он сегізге дейін жеткізілген. Хорасан танбурында екі ішек әрқилы бұрауға келтірілген. Бұраудың бірі унисонға келтірілген де екі ішектің диапазоны және олардың пернелерде үн шығаруы біркелкі болған. Шертіп ойналатын аспаптарды оң немесе теріс бұрауға келтіріп, гамма тартып шығу үшін бірінші позицияға төрт перне байласа болғаны. Әл-Фараби анағұрлым жетілдірілген ішекті аспаптар жасап шығару мәселесін қозғай отырып, оларды жетілдірудің жолдары жайында айта кетеді.

Қазіргі бізге мәлім қазақ халқының музыкалық аспаптарының бірі домбыра осы Хорасан тамбурына ұқсас. Аспаптардың конструкциясы, құлақ келтіруі, дыбысы домбыраға аспабына ұқсас келеді. Әл-Фараби кәсіби музыка әлеміне соның ішінде музыка мектебі, музыка колледжі, музыка академиясы, консерватория сияқты білім ордаларына қарапайым, нотамен күй , музыкалық

шығарма талдау тәсілін жеңіл түрде жеткізді. Бұл жерде тек домбыра аспабы емес жалпы барлық музыкалық аспаптарды кәсіби деңгейде, нотамен меңгеру мәселесін қарастырған. Әл-Фараби өз заманы мен болашақты өз зерттеулерімен алға жетелеген қайталанбас тұлға. Ол кісінің ұлты кім болғаны жайлы пікірталастар толастамаса да ғалымды әлем адамы деуге болады. Сол замандағы діндік, салт-дәстүрлік догмаларға қарамастан әл-Фарабидың ілімге деген құштарлығы-жаһанды, тілі, салты, түрі бөлек елдерді аралап білім іздеді. Білім іздеу ұлтқа, нәсілге, дінге тәуелді емес, бастысы құштарлықтың болуы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Мудрость веков». Аль-Фараби бейнеролигі.
2. Теория Восточной музыки. Трактовка Фараби-мақаласы, авторы Хасанов А.Т
3. Қазақтың музыкалық аспаптары. Алматы: Өнер,1980.

**СТАМҒАЗЫ АКНУР ЕРЛАНОВНА**
*Астана қаласы, Роза Бағланова атындағы №2 Балалар мектебінің қосымша білім беру педагогі*

## ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКА САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Орта Азияның ұлы ғалымы Әбу Насыр әл-Фараби осыдан мың жыл бұрын музыка туралы, Бұхара, Самарқанд, жалпы Шығыс музыкасына қатысты бірқатар еңбектер жазды. Кейіннен оның шығармалары Шығыс пен Батыста оқылып, Еуропа тілдеріне аударылып, оқытылып, зерттелді.

Әбунаср Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлұғ ибн Тархон әл-Фараби (870-950) әлемдік ғылым мен мәдениет тарихына ұлы философ және энциклопедист ретінде ғана емес, «Екінші ұстаз» (Аристотельден кейінгі) деген құрмет пен атаққа ие болды. Сондай-ақ ортағасырлық Шығыста бірінші болып, музыка туралы «Китаб-ал-мусика-ал-кабир» (Музыка туралы үлкен кітап) атты ірі еңбектің авторы. Әл-Фараби басқа ғылым салаларымен бірге музыка ғылымының негіздерін мұқият зерттеп және музыкаға қатысты бірқатар іргелі еңбектер жасайды; соның ішінде «Музыканың үлкен кітабымен» (Китаб-ал-мусики әл-кабир) қатар «Калом фи-л-мусики» (Музыка туралы сөз), «Ихсо-ул-ико» (Классификация) кітаптарын атап өту қажет, «Китоб-ул-икут» (Ырғақ туралы кітап), сондай-ақ сонау 12 ғасырда латын

тіліне аударылған «Китоб-ул-ихсо-ул-улум» (Ғылымдардың классификациясы туралы кітап) . Бұл әл-Фарабидің бізге жеткен еңбектері.

Музыкалық интервалдар туралы ғылыми дүниетанымның пайда болуы мен қалыптасуы, музыкалық аспаптардың құрылымы, т.б. мәселелер әлі толық зерттелмеген. Дегенмен, ұлы әл-Фарабидің бұл мәселеде бізден, қазіргі ғылымымыздан сан ғасырлар озып кеткені таңданарлық. Әл-Фарабидің музыкалық трактаттарын құрастырған кезде оның қатаң ғылыми көзқарасына назар аударсақ. Мысалы, ол грек музыканттарының шығармаларын зерттей отырып, олардан кейбір дәлелсіз заңдылықтарды байқағанын, сонымен қатар музыка өнерінің кейбір маңызды мәселелерінің түсіндірмесінің болмағанын өзі мойындайды. Яғни, сол кездің өзінде ата-бабасының ғылыми мұрасын сыни тұрғыдан дамыту әдістемесінің алғашқы негіздерін қалады.

Дәл осы рационалистік көзқарас әл-Фарабиге жеке музыкалық аспаптарға, музыкалық формалардың жанрлары мен түрлеріне назар аударуға мүмкіндік береді. Әл-Фарабидің, мысалы, Хорасан танбурында (яғни, Хорасан тұрғындары ойнайтын танбур) «тұрақты» және «жылжымалы» пернелердің болуына көп көңіл бөлуінің өзі көп нәрсені аңғартады, өйткені бұл шығармада ол әр музыкалық дәстүрде аспапта перделердің әртүрлі өңдеуін қолдану әдетке айналғанын атап көрсетеді.

Аспаптық музыкадан бөлек музыкалық дыбыстарды физика, математика ғылымдарымен байланыстырып дыбыстың шарықтау шегі, дыбыс биіктігі, ұзақтығы, тембрі туралы жазып, сонымен қатар қазіргі біз білетін гамма, октава, интервалдар, тетрахордтар сияқты терминдарды түсіндіріп музыкалық термин ретінде дәлелдеп келтірген. «Музыка туралы үлкен кітапта» ол адам дауысының әртүрлі музыкалық аспаптардың дыбысына еліктеу арқылы жан-жақты талдайды. Адамның дауысын ол барлық музыкалық аспаптар үшін эстетикалық идеал ретінде қарастырады.

Әл-Фарабидің музыкалық еңбектері жастарды өнер құндылықтарын жасауға қатыстыра отырып, олардың бойында белгілі адамгершілік-эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады.

Оқушылардың көркемдік образдар жасау және шығармашылық іс-әрекеттерінде әл-Фараби еңбектерінен, фольклордан әсерлі сюжеттерді немесе тарихи оқиғаларды көрсете, ұлттық музыканы естірте отырып, өмір тарихымен, халық өмірімен, тұрмыс-салтымен мәдени дәстүрлерімен байланысты тақырыптарды мейлінше оңтайлы пайдалана аламыз. Әл- Фараби еңбектерін эстетикалық мәнде қабылдау саласында:

- оқушылардың өнерді эстетикалық қабылдауын жүйелі қалыптастыру, музыкалық еңбектердің мазмұнын талдай және бағалай білу дағдыларын дамыту;

- оқушылардың туған халқының өнердегі көркемдік дәстүрлерін танып білуіне ықпал ету;

- эстетикалық тәрбие беру – жасөспірімдердің мәдени құзыреттілігін қалыптастырады.

Ұстаз үшін ұрпақ тәрбиесіне жауапкершіліктен маңызды міндет жоқ. Әбу Насыр әл – Фараби «Тәрбиесіз қолға білім салма» деген сөзін негізге алып балалардың эстетикалық сезімі мен ұғымын, көркемдік шығармашылық қабілетін үздіксіз дамытып, табиғатқа, әдебиетке, театрға, музыкаға, поэзияға, көркем сурет және т.б. өнерге деген сүйіспеншілік жолында жұмыстар жүргізуге ұлы ғалым әл-Фарабидің қалдырған мұрасының берері мол.

**АУБАКИРОВА АНАРА ДАУЛЕТБЕКОВНА**
*Преподаватель, магистр искусстоведения, Казахского Национального университета искусств г. Астана*

## ОБРАЗ АЛЬ-ФАРАБИ НА БАНКНОТАХ КАЗАХСКОГО ТЕНГЕ 1993-2006 ГОДОВ И СОВРЕМЕННОМ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ. АНАЛИЗ ПОРТРЕТА АЛЬ-ФАРАБИ АВТОРА А.ДЮЗЕЛЬХАНОВА

В данной статье мы планируем рассмотреть роль образа аль-Фараби изображенного на первых банкнотах Независимого Казахстана.

После распада Советского Союза Казахстан оказался в ситуации необходимости срочной адаптации к новым политическим и экономическим условиям. Необходимо было принять срочные меры для создания собственной валюты и реформирования политических и институциональных структур. При планировании дизайна национальной валюты были идеи поместить образы знаменитых общественных и политических деятелей Казахстана и исторического региона в целом от Аттилы до Габита Мусрепова. Но именно образ аль-Фараби первым появился на банкнотах Независимого Казахстана, символизируя стремление к новой и независимой идентичности, основанной на культурном наследии и интеллектуальной самостоятельности. Именно образу аль-Фараби чаще всего суждено было изображаться на банкнотах разного номинала до того периода, когда Казахстан полностью перешел с нового дизайна банкнот без портретов великих просветителей нашей истории в 2006 году. Кроме аль-Фараби на банкнотах изображались Абай Кунанбаев, Курмангазы, Суюнбай Аронулы, Шокан Уалиханов, Абылай Хан, Абулхаир

Хан, а также образ скульптурного портрета Кюль Тегина и образ сакского воина, найденного кургане городе Есик.

Созданная группа из дизайнеров и художников работавшие над созданием эскизов для казахского тенге в 1993 году включала Алена Мендыбайя, который занимался цветовым заполнением всех эскизов банкнот, отрисованных художниками Досболом Касымовым и Агымсалы Дюзельхановым. Д.Касымов работал над образом Курмангазы, над остальными портретами работал А.Дюзельханов т.е. основная работа над отрисовкой основного количества банкнот под микроскопом была осуществлена А.Дюзельхановым. Касательно оформления банкнот с портретом аль-Фараби, то встречаются два варианта портретов – это профильный портрет и в полуразвороте или как его еще называют в три четверти. Профильный портрет аль-Фараби был нарисован еще в Советское время Народным художником КазССР Л.Леонтьевым, который был утвержден Академией наук и адаптирован А.Дюхельхановым (рис. 2) для печати на банкнотах. Второй портрет аль-Фараби в полуразвороте создал Агымсалы Дюзельханов непосредственно. В устной беседе передает сам автор «я развернул аль-Фараби - профильный портрет, созданный Леонтьевым, к зрителю показав его лицо». Таким образом был создан портрет Великого философа из Отрара» (рис. 1). Если приглядеться становится понятно, что портрет, созданный Л.Леонтьвым очень сильно отличается от Дюзильхановского. Дюзильханов сумел не только развернул лицо аль-Фараби, но создал туранский образ, наполнив его родными и благородными чертами, откликающимися в сердце каждого казахстанца Портрет передает все добродетели ученого философа, гуманиста, человека прекрасного физически, интеллектуально и духовно. Графическая моделировка портрета А.Дюзельханова имеет непревзойденное изящество, портрет словно нарисован с живой натуры, настолько тонко и реалистично проработаны все детали портрета.

Эскизы и зарисовки были изъяты у художников, никаких подготовительных и промежуточных материалов у художников не сохранилось. Но все исторические образы, созданные А.Дюзельхановым для казахских тенге 1993 года настолько убедительны, что стали образцовыми и поистине «народными». Последующие художники используют их в своем творчестве в разных видах искусства, дизайна и даже кино. А в народе и самими профессионалами разных жанров искусств другие интерпретации образов: Суюнбая, Шокана Уалиханов, Абылай Хана, Абулхаир Хана уже не воспринимаются. Одной из последних нашумевших в просторах интернета интерпретация портрета аль-Фараби в полу развороте авторства А.Дюзельханова является ленд-арт на футбольном поле, где был выложен из разных видов осенних листьев молодым художником Джохаром Юнусовым,

студентами Каз НУ имени аль-Фараби и волонтерами 2020 году в честь 1150-летия философа.

Высочайшая ценность художественной работы по созданию портретов исторических личностей для казахского тенге Агимсалы Дюзельханова 1993-2006 годов, создавшего ранее образы Кыз Жибек и Толегена в своих книжных иллюстрациях к эпосу, ставшие уже поистине народным художественным достоянием. Но удивляет то, что в «Каталоге Банкнот Казахстана 1993-2016» года представляющий эволюции казахского тенге издании Дома печати «Эдельвейс» г. Алматы нет никакой информации об авторах портретов и других изображений на казахских тенге.

Считаем важным сохранить историческое наследие не только великого мыслителя, большая часть работ которого еще не издана на его родине, но информацию об авторе создавшим его непревзойденный образ, впервые напечатанный на одних их первых банкнот Независимого Казахстана олицетворяющего Великое прошлое и могучий потенциал казахского народа в настоящем и будущем.

В данной статье использованы достоверные данные с уст самих авторов работавших над созданием образов банкнот казахского тенге с 1993 года по 2006 год, которые также подтверждают свое авторство и в последующих авторских произведениях более позднего периода, выполнив исторические портреты в этой же манере, но уже технике масляной живописи.

**Использованная литература:**

1.Каталог банкнот Казахстана 1993-2016, Дома печати «Эдельвейс» г. Алматы, 2022

Приложение:




(рис. 1)




(рис. 2)

**НУРУМБЕТОВА ЖАННА ТАШКЕНБАЕВНА**
*Астана қаласы «Тәттімбет атында №1 Өнер мектебі», Вокал бөлімінің хор пәні мұғалімі*

# «ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ»

Мақала көрнекті адамдардың бірі, әлемдік ойшыл – Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығына арналған. Оның есімімен Таяу Шығыс елдерінің ағартушылық әлеуметтік-философиялық ойларының дамуына байланысты. Ғалым өз жұмысын, музыкалық концепциясын, сөйлеу мәдениетін салыстырып талдайды және түпнұсқасын жасайды.

*Түйінді сөздер:* әл-Фараби, музыка, поэзия, өнер, дауыс, шешендік өнер, музыка, аспап.

Әлемдік мәдениетті, әлемдік білім беру мектебін дамытуда шығыс ағартушысы Әбу Насыр әл- Фараби, Шекспир, Тагор, Гете, Қашқари, Науаи, Ломоносов, Пушкин, Толстой, Маяковский көрнекті ойшылдар сияқты өзінің маңызды орнын алады.

Әбу Насыр әл-Фараби және оның шығыс дамуындағы ғылыми еңбегі туралы философия, логика, медицина, математика, этика және эстетика, әдебиеттану және тіл білімі және басқа да, табиғи және қоғамдық ғылымдарда еуропалық, шығыс елдерінің маңызды жұмыстары бар. Әл-Фарабидің шығармашылығына ерекше қызығушылық оның ғылыми еңбектеріне байланысты мәдениетке, әлеуметтік-этикалық және эстетикалық мәселелерге арналған.

Әл-Фарабидің көзқарасы бойынша музыка – «адам дауысы арқылы әуендерді орындаумен байланысты өнер», яғни музыкалық өнердің бастапқы түрі ән айту болды. Содан кейін ән айту музыкалық аспаптарда сүйемелдеумен толықтырылды. Музыкалық шығармашылықтың поэтикалық шығармашылықпен тығыз байланысты болғандығын дәлелдеді. Атап айтқанда, Әл- Фарабидің сөйлеу мәдениеті, шешендік өнері, ерекшеліктері туралы жеке көзқарастары поэтикалық сөйлеу, әр түрлі жанрдағы шығармалардың сөйлеу ерекшелігі, оның «Шехр санжати» еңбегінде көрініс тапқан.

Ойшылдың негізгі музыкалық-теориялық жұмысы «Музыка туралы үлкен кітап». Бұл кітапта музыка ғылымының мәселелері терең зерттелді, жеке тақырыптар сазбен музыкалық композиция техникасы, және Шығыс Орта Азия аспаптары кеңінен сипаттап ұсынылды. Өз трактатында әл-Фараби теория мәселелерін жүйелі және музыкалық өнер практикасы түрде қамтиды. Ежелгі музыка теориясына және орта ғасырлардағы музыка туралы идеяларға сүйене отырып, ғалым, түпнұсқа музыкалық тұжырымдаманы жасап

талдайды. Оның ішінде ата-бабалар, музыка ғылымының теориялық негіздерін Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармасында музыкалық мұраны қарастырады.

Әл-Фараби музыка ғылымын, аралықтар, саздар, ырғақтар және музыкалық аспаптар туралы шынайы теорияны баяндайтын өзінің әйгілі музыкалық шығармасын Бағдадта жазады. Бұл шығарманың музыкалық аспаптарға арналған бөлімдері ерекше назар аудартады. Фараби мұрасының ең ірі зерттеушілерінің бірі, өзбек ғалымы М.Хайруллаев Фарабидің парсы, түркі және араб тілдерін білетіндігін, тіпті парсы тіліне өлеңдер жазғанын айтады.

Ең танымал «Шахруд» музыкалық аспабының шығу тегін түсіндіруде ол былай деп жазады: араб әлемінің әйгілі музыкалық аспаптарының арасында «Шахруд» сияқты аспап бар. Бұл құрал жақында жасалды (бұрын бұл туралы ешкім білмеген), бұл құралды бірінші болып жасаған адам Халим Ибн Ахвас есімді Самарқандтан шыққан адам болды. Дәл осы аспапты Багдадқа әкелген ол және сол жердің адамдары Шахрудтың сүйемелдеуімен әндерін орындай бастады... Кейіннен Шахруд Египетте, Сирияда танымал болды және осы елдердің тұрғындарында болған жаңа және ескі әуендерді орындай бастады және оның дыбысы тыңдаушыларда өте жағымды болған.

Әрі қарай әл-Фараби Танбурдың әр түрі бойынша түсініктеме бере бастайды. Танбур аспабының Шығыс музыкасы үшін орталық маңыздылығын анықтайды және одан кейін көптеген музыкалық теоретиктер (мысалы, Абдуррахман Джами, Дарвешали Чанги) Макомдарды орындау үшін басты аспап Танбур деп санайды.

Тағы бір бөлімде әйгілі аспаптың – танбурдың конструктивті және дыбыстық сипаттамаларын көрсете отырып, ұлы ғалым бұл жолы өзінің туған мәдениетінің кодын жеткізеді. Бұл жерде әл – Фараби танбурдың екі түрі- Бағдад және Хорасан туралы нақты деректерді келтіреді. Әл-Фараби кітабының бұл бөлімі оның мұрасының дәрежесін анықтауда да маңызды. Ұлы ғалым философ және музыкант ғылым мен халифат саясатындағы ең беделді тұлға бола отырып, Танбурдың танымал аспабының екі түрінің қасиеттерін жеке сипаттау өзінің міндеті деп санайды.

Әл-Фарабидің анықтамасы бойынша, өнерге қатысты аспаптардың көмегімен музыкалық шығармаларды орындау. Теория әуен мен жаратылыстың шығу заңдары мен ережелерін зерттеуге бағытталған музыкалық шығармалар. Ол бес бөлімнен тұрады:

1) принциптер туралы
2) музыка өнерінің негіздері туралы
3) музыкалық аспаптардың әртүрлі түрлері туралы;
4) тондардың өлшемдерін білдіретін табиғи ырғақтар;
5) құрастыру туралы музыкалық композициямен әуендер.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітабы» исламдық орта ғасырлардың рухани мәдениетінде маңызды болды. Оның пайда болуы Ислам шығысының музыкалық мәдениетінде бетбұрыс болды. Оның мазмұны екі тарихи фактіні тіркеді. Біріншіден, ол ортағасырлық ислам мәдениетінде музыкалық мәдениеттің пайда болғанын көрсетті. Екіншіден, бұл жұмыстың мазмұны ислам мәдениетіне реттелген түрде дыбыс теориясы берілгенін көрсетті. Ұлы ойшылдың кітабы маңызды құндылық болып табылады.

Сегіз ғасырдан астам уақыт бойы музыкалық трактаттардың барлық шығыс авторлары «Китаб-әл-мусики әл-Кабирдің» мазмұнына сілтеме жасап, оның дыбыстың шығу тегі, аралықтар, музыкалық аспаптар, адам дауысы және музыканың адам табиғатына әсері туралы негізгі мәлімдемелерін мойындады.

Қазіргі музыка әлемі Ұлы Орта Азия ғалымының музыкалық көзқарастарын әлі жеткілікті меңгерген жоқ. Жүз жыл бұрын Батыста әл-Фараби мен Ибн Синоның музыка туралы трактаттары аударылып, зерттеле бастағаны белгілі.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әбу Насыр әл-Фараби. Музыка және поэзия туралы трактаттар. - Алматы, 1992

2. Хайруллаев М. М. әл-Фарабидің дүниетанымы және оның тарихтағы маңызы

философия. Ташкент: Фан, 1967

3. Әбу Насыр әл-Фараби. Шехр саньати / транс. бірге араб., алғы сөз. және түсініктеме.

**ТУЛЕГЕНОВА БИБИГУЛЬ МУХАМЕДИЯРОВНА**

*Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы,*

*Ұлытау облысы білім басқармасының*

*Жезқазған қаласының білім бөлімі «Балалар өнер мектебі»,*

*қосымша білім беру педагогі (домбыра пәнінің оқытушысы)*

## ФАРАБИДІҢ ҚОС БҰРАУ ДОМБЫРАСЫ

Бұл мақалада Фараби бабымыздың кәсіби музыкалық мәдениеттің, атап айтқанда барлық ішекті-шертпелі аспаптардың дамуына үлес қосқандығы жайлы жазылған. Түрік халықтарының музыкалық аспаптары жайлы айтылған. Атап айтқанда, парсы тілінен шыққан – танбур сөзіне қатысты бірқатар теориялар берілген. Соның ішінде, қазақтың қос бұрау домбырасында

атап кеткен жөн. Бұдан бөлек, Фарабидің «оң бұрауы» мен «сол бұрауын» бірге қосып жаңаша құлақ күйін жасағаны туралы да қозғалды.

*Кілт сөздер:* Әбу Насыр әл-Фараби, танбур, гармония, қос бұрау.

Қыпшақ даласының ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидың (870-950) музыка іліміндегі еңбектері әлемге белгілі, ол музыка теориясы, гармония, акустика саласын қамтып құнды трактаттар жазған. «Музыканың үлкен кітабы» («Китаб әл-мусики әл-кабир») атты еңбегі әлемдік кәсіби музыкалық мәдениеттің қалыптасуына тікелей әсер еткен. Шығыс музыкасы, оның ішінде ұлы дала сазы, түріктен тараған халықтардың музыкалық аспаптары туралы ғұламаның жазғаны қазіргі заманауи өнертану ғылымы үшін де маңызды болып отыр [1, б.45]. Фарабидің қаламына іліккен аспаптардың ішінде қазақтың қазіргі қосбұрау домбырасын қамтитын да ілкі деректер бар, нақтырақ айтсақ жалпы ішекті-шертпелі танбур және танбур тектес аспаптар тақырыбын қозғамақпыз.

Фараби ислам музыкасын құрайтын араб, парсы, түрік миллеттерінің аспаптарын саралайды, оларды өзара сипаттайды. Соның ішінде осы танбур тектес аспаптарға айрықша назар аударады. «Танбур» - парсы сөзі. Ислам өркениетінің әсерінен жалпы мұсылманға ортақ сөз болып қалыптасып кеткен. Түркі халықтарында кездесетін танбур тектес аспаптардың атауын еске түсірелік, тампура (үнділік түркілер, пуштундар, сингхтар), домбур (моңғол), тембир (ежелгі хорезм), домбура (иран), домбыра (қазақ, татар, башқұрт, ноғай, өзбек, тәжік), домра (сібір татарлары, славян халқы). Осы аспаптардың Фараби заманындағы жалпы атауы танбур екендігіне дау жоқ. Ал енді «домбыра» сөзінің этимологиясына қатысты кейбір зерттеулерді қарасақ, әрине зерттеушілердің өзіндік пікірлері бар, олар да ескерілуі тиіс. Дегенмен Фараби еңбегіндегі танбур сөзі барлық ішекті-шертпелі аспаптарымыздың атасы екендігіне күмән келтіре алмаймыз.

Алғаш қазақ даласындағы домбыраны коллекция етіп жинақтаған патшалық ресей армиясының капельмейстері Альберт Эйхгорн болатын, ол да домбыра аспабының Орта Азия халықтарының бәрінде бар екендігін жазады. Яғни домбыра қазіргі шертпелі аспаптар – дутар, чартар (шертер), саттар, рубабтардың бәрін біріктіре алатын көне жәдігер десек қателеспейміз, себебі ол көшпелі дәуірден бері еш өзгермеген, формалық пішіндері ғана әртүрлі қалыпта [2, б.10].

Танбур, яғни қазіргі домбыра аспабының сипаты туралы Фарабидың жазғандарындағы маңызын жоғалтпайды. Парсы немесе Хорасан танбурының тұрқы арабтардың «әл уд» (европалықтар «лютня» дейді) аспабы секілді болған. Ал түркілер ұстаған танбурдың мойыны ұзын, кең шанақты болып келеді. Ежелгі түркілер домбыраның мойынына перне байламағанын мұражайлардан байқауға болады. Қазір де пернесіз танбур тектес аспаптар кездеседі, мысалы қырғыздың қомызы, өзбек қоңыраттары мен лақайлардың

(Байсын жеріндегі көшпелі халық, Қашқадария, Сурхандария облыстарына қарайды) домбырасы секілді бұлардың шертпелі аспаптарында перне болмайды. Перне байланған домбыраларды ертеде «бағлама» деп атаған, түбірі «байлау» деген сөзден шығады, қазіргі Түркия халықтарының танбур тектес саз аспабының аты «бағлама». Яғни, мойынға перне байлау үрдісі Фараби заманынан басталған деп айтуға негіз бар, себебі Фараби музыкалық биіктікті анықтау мақсатында дыбыстық қатарды өзара тең жарты тондық ладтарға бөлді, бұл дыбыстың хромотикалық ретін айқындауды жеңілдете түсті.

Енді танбурдың ішектеріне келейік. Фараби өмір сүрген кезеңде жалпы шертпелі аспаптардың ішектері малдың ішектерінен жасалды. Парсы, араб, түрік, тіпті іргелес еуропа елдері де осы техниканы пайдаланды. Ішектің сым темірге ауысуы шамамен 18 ғасырда ғана пайда болды. Кейбір деректерде жібектен ширатылған ішектерді пайдаланғаны жазылады [2].

Бұрауға келгенде Фараби түркілердің «оң бұрауы» мен «сол бұрауын» бірге қосып жаңаша құлақ күйін жасаған секілді. Әдетте «Оң бұрау» – кварта интервалына, «теріс бұрау» - квинта интервалына сай келеді. Ал енді қазіргі ноталық анықтамамен айтатын болсақ үш ішекті танбуртектес қазақтың қос бұрау домбырасында астыңғы бірінші ішек - «соль» (1-октава), екінші ішек – «ре» (1-октава), үшінші ішек – соль (кіші октава) ноталарына теңшеледі. Яғни, бірінші және екінші ішек үндескенде квартаға теңесіп оң бұрау болады, ал екінші және үшінші ішек үндессе квинтаға теңеседі, нәтижесінде теріс бұрауға айналады. Ал осы екі бұрау қосылғанда бурдонды, кең дыбысты кемел тембрлі гармония пайда болады [3].

Танбур ішегі әуелде үшеу болған, негізгі әуендер екі ішекте қақпақыл қағыла, алма-кезек шертіледі, ал үстіңгі үшінші ішек негізгі музыкалық мәтінге бурдондық әсер беріп отырған. Кейіннен көшпелі мәдениеттің әсерінен танбуртектес аспаптар – дутар, домбыралардың екі ішекті түрі кең тарады. Біздің қазақ домбырасында шертпелі аспаптың екі және үш ішекті түрлері кездеседі. Бір қызығы үш ішекті қазақтың қос бұрау домбырасы Фараби заманындағы сипаттан еш өзгермеген, шертпелей, термелей, сыртқы бурдонды пайдалана отырып орындалады. Бұған дәлел ретінде Жарқын Шәкәрімнің үш ішекті домбырада орындаған «Жорға аю», «Ақсақ қаз», «Толғау», «Көк төбел», «Сарыөзен» секілді халық күйлерін келтіре аламыз.

Қазіргі музыкалық білім саласында үш ішекті домбыраны оқыту жұмысы қолға алына бастады. Үш ішекті қос бұрау домбыра арнайы кейде қосымша аспап ретінде оқытылады. Шығыс Қазақстан өңірінде қос бұрау домбыра сыныптары, үйірмелері бар, ал Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында мамандық ретінде оқыту методикасы жүзеге асып отыр.

Яғни, Фараби бабамыздың қаламына іліккен, танбур тектес аспаптарымыздың бір нұсқасы қос бұрау домбыраны музыка мектептерінде

оқыту ісін қайта жандандыра түсу керек деген пікірімізді айтқымыз келеді. Қазіргі екі ішекті домбыраны игерген шәкіртке қос бұрау домбыраны үйрену қиындық тудырмайды, керісінше аспаптың тембрі жас балдырғандарды қызықтыра түсері хақ. Қорыта айтарымыз, Әбунасыр әл-Фараби бабамыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасын отандық заманауи білім тәжірибесіне оңтайлы пайдалана алуымыз керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

**1.** Аликбаева М.Б. Әбу Насыр әл-Фарабидің музыка ілімі: монография / Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 173 б.

**2.** Қазақтың музыкалық аспаптары.—Алматы: Өнер,1980.

**3.** Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005

**ДОСАЕВА АРАЙЛЫМ КАРАТАЙҚЫЗЫ**
*Астана қаласы әл-Фараби атындағы*
*оқушылар сарайының*
*қосымша білім беру педагогі*

## ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ

Біз бәріміз білетін бабамыз, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби жайлы қаншалықты көп білеміз?

Менің ойымша аз білеміз.

Аз білуіміздің себеп-салдарын ойланып көрейік. Негізгі себептердің бірі – бабамыздың алыс елдерге барып ілімін таратуы және басқа ғылымға жақын тұлғалармен тәжірибе-ой алмасуы, яғни, өмірінің басым бөлігі туған топырақтан жырақта өткен.

Келесі себеп – ол барлық трактаттарын түрік тілінде емес, басқа тілде жазды. Одан да үлкен себеп – ғұламаның артында ізденушілерінің аздығы.

Осыған орай, Әбу Насырдың өмір жолы, өскен ортасы, білім алған жерлері, жазып қалдырған мұраларының мән-мағынасы да біз үшін әлі күнге дейін толыққанды жетпеген.

Зерттеушілер Әбу Насыр туралы деректерді бұрыннан емес, бертінгі уақыттарда кірісе бастады десек қателеспеспіз. Бұл да бір себептердің бірі.

Әбу Насырды танып-білудің бастауында қазақтың зиялылары - М.Жұмабаев, М,Дулатов, А.Байтұрсынов, М,Әуезов, Қ.Сәтпаев, Ә.Марғұлан, т.б. тұр. Осы тақырыпты әдейілеп қолға алған, ғұмырының басым бөлігін арнаған бірегей ғалым – ол Ақжан Жақсыбекұлы Машани!

А.Машани – ғұлама ғалым Әбу Насырдың өміріне қатысты жазбаларда, туған жері Фараб (қазіргі Отырар) шаһары екенін, оның тегі – түркілік (яғни қазақ) екенін, әкесі Отырардың әскербасы болғанын, тағы басқа да деректерді жинап-дәлелдеп берген. Туған жері қай елде деген мәселеге ең алдымен Әбу Насырдың есіміндегі әл-Фараби деген шаһар аты алға тартылса, сонымен қабат географ-ғалым ибн Хаукалдың ойшыл-ғалымды «Отырарда туған» деп нақтылап көрсеткен жазбасын мысал еткен.

Әбу Насырдың әуелі Отырарда сауат ашып, сосын Шаш, Самарқанд, Бұхара, Хорасан, т.б. қалаларда білімін жетілдіргенін де көрсеткен. Сонымен қатар көп жылдарын Бағдатта (Ирак) және Шамда (Дамаск), Алеппода өткізгенін де айтқан. Білім алып, ғылыми еңбектерін жазған жерлерін де анықтап берген.

Ғалым Ақжан Машани ғұлама бабаның тарихи трактаттарын іздеп тауып, жинастыруға зор үлес қосты, зерттеуге атсалысты.

Әбу Насыр тақырыбын зерттеген тек Ақжан Жақсыбекұлы ғана емес.

Одан бергі жерлерде белгілі қазақ ғалымдары, А.Қасымжанов, М.Бурабаев, Р.Бердібай, Ә.Дербісәлиев, А.Көбеев, Х.Сүйіншәлиев, т.б. кісілер де атсалысқан.

Әбу Насыр бабаның, соңғы деректерге сүйенсек, шамамен 200-ге таяу трактаттары бар екені дәлелденіп отыр. Ал, соның 50-60 ғана бізге жетіп, қалғандарының тек аттары ғана аталып жүр. Алдағы уақытта сол еңбектері толығымен табылса дейміз. Себебі ол трактаттарда қазіргі кезеңге дейін маңызы зор ақпараттар барына кәміл сенеміз.

*Білім мен ғылымға қатысты еңбектері туралы.*

Әбу Насыр сонау тоғызыншы ғасырларда-ақ «Қайырымды қала» (Ізгі қала десек те болар) идеясын ұсыныпты. Және сол ойларын логика әуеніне салып, ғылыми тұжырымдармен дәлелдеп, шегелеген. Ізгі қалада кімдер тұруы керектігі, оларға қойылатын талап-тілектер жайынан терең қозғап сөз еткен. Жазып қалдырған ойлары осы күнге дейін маңызын жоймай келе жатыр. Бұл тұрғыда жастардың білім алуына, ғылыммен айналысу мәселесіне аса ден қойған.

Ол өз жазбаларында қайта-қайта қайырымдылық пен өшпенділіктің ара-жігін толық ажырата білуге үгіттеді. Өшпенділік етек алған жерде береке де, бірлік те бола алмайды, қоғам ыдырайды. Ал, қайырым – жинақтаушы күш! Сол себепті де Әбу Насыр «Қайырымды қаланың тұрғындары» жайлы трактат жазуға аса ықыласты болғаны айдан анық.

Бұл еңбекте ең алдымен білімділік, қайырымдылық және әдемілік бірлігін сақтауға шақырды. Осы үш қасиет адамды биік етіп, шырқау шыңға көтеріп көрсетпек. Осындай бірлік қана қайырымды қалаға негіз қаламақшы. Сол себепті де Әбу Насыр жазды: «Егер адамдар бақытқа жету жолында бір-

біріне қол созып, көмектесетін болса, жер бетінде қайырымдылық сезімі қанат жаяды!»

Бұл жолда ол кез-келген адамның білімі мен білігіне табан тіреп, соны барынша көтермелеп-бағалауға үндеді. Сосын да «барлық нәрсені адамның ақыл-ойы ғана шеше алатынын» баса айтудан жалықпаған. Қандай да бір іс болмасын, ол «адамның жаратылыс-болмысынан, тәлім-тәрбиесінен» бастау алып жататынын шегелей айтумен болды. Қысқасы, Әбу Насыр қайырымды да ізгі қалада өмір сүруге қол жеткізу – барлық адамдардың мінез-құлқы мен ақыл-парасатына келіп тірелетінін жан-жақты түсіндіріп беруге күш жұмсаған ұлы ғұлама!

Ұлы бабамыздан бізге дейін жеткен «Мемлекет қызметшісінің (басшысының) нақыл сөздері» деген трактаты да бар. Ол осы еңбегінде білім, ғылым мен билікті бірлікте қарастыруға тырысады. Әрі білімді, әрі ақылды, әрі таза ниетті адам ғана шаһар тұрғындары тұрмысын жақсартып, бақытқа жетуге ықпал етпек дейді. Қысқасы, философ ғалым ғылым жетістіктері мен билік әдістерін неғұрлым бір-біріне жақындата түссек, соғұрлым өмір де алға басады, тіршілік те гүлденіп-жайнай бермек деп түйін жасаған. Былай қарасақ, бабамыздың он ғасыр бұрын айтып, жазып кеткендері әлі де маңызды.

Кейбір жазба деректерде Бағдадта тұрып жатқан Әбу Насыр бабамыз бір кезеңде Самарқанд билеушісінің өтініш-тілегі бойынша туған қаласы – Отырарға оралып, біршама уақыт тұрақтап жұмыс істеген делінеді. Міне, сол шақта «Ат-Талим ас-сани» (Второе учение) деген көлемді еңбегін жазып, аяқтаған деген дерек те бар.

Мұнда Орта Азиядағы ғылым мен білімнің даму сатылары жайынан ой қозғап, осы кезеңдегі көптеген оқымыстылар мен ғалымдардың еңбегін талдап, жақсы жақтары мен кемшіліктерін таразылап, ой елегінен өткізе отырып, өзінше салмақтап баға берсе керек. Осыдан соң көптеген оқымысты-ғұламалар Әбу Насырды «Екінші ұстаз» деп атай бастапты. Әбу Насырдың сол ойлы жазба-еңбегі әлі күнге табыла қойған жоқ, қолға түспей келеді. Бірақ көптеген әлемдік ғалымдардың ғылыми-философиялық талдау еңбектерінде аты жиі-жиі аталып жатады.

1962 жылдың басында, «Білім және еңбек» журналының бірінші нөмірінде ғалым Ақжан Машанның Әбу Насыртуралы алғашқы мақаласы басылды. Әбу Насырдың «Ғылым үйрену туралы» деген еңбегі тұңғыш рет қазақшаға аударылып, қалың қазаққа жол тартты. Ал, Ақжан ағамыз мақалаға алғысөз жазып, Әбу Насыр біздің бабамыз екенін, көне Отырар қаласы маңында дүние есігін ашқанын, содан ғылым қуып алыс сапарға аттанғанын құжаттарға сүйене отырып, дәлелдеп көрсеткен.

Әлем таныған Әбу Насыр бабаны өз биігінде қадір тұтып, барынша құрмет көрсету, бүгінгі ұрпаққа мейлінше терең қырынан танытуға құштарлық байқату – біз үшін перзенттік міндет!

Қорыта келе, Әбу Насыр бабамыз барлық бізге белгілі трактаттарында, еңбектерінде білім мен ғылымды пәлсапамен ұштастыра келе, жастарды білімге, қайырымдылыққа деген құштарлыққа баулу, оның болашақтағы маңызының зор екендігін өте терең түсінген ғұлама тұлға болған екендігі белгілі. Ендігі кезекте жоғарыда айтып өткен бізге беймәлім еңбектері табылып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

**ТОЛЕУОВА ГУЛЬЖАЗИРА КАРЫШКЫЗЫ**
*Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы*
*Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің*
*«Ю.Гагарин атындағы орта мектебі» КММ*
*орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

## ӘЛ ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ

Осы кездегі өркені өскен сан салалы ғылым мен мәдениетті, өнер әлемін жасауға талай елдің, қаншама ұрпақтың таңдаулы өкілдері қатысқаны белгілі. Орта ғасырдағы адамзат білімінің, ғылымының ,мәдениетінің молайып, ақыл-парасатының жетілуіне орасан зор еңбегін сіңірген ғұламалардың бірі-қазақ топырағынан шыққан Ұлы данышпан Әбунасыр әл-Фараби еді. Фараби келешек ұрпақтың тәрбиелі, тәлімді болып қалыптасуы үшін өнер әлемі алатын орнын ерекше айшықтап, музыка, ғылымына ерекше үлкен мән берді. Өз заманында-ақ ол белгілі халықтардың өнеріне, дәстүріне талдау жасай келіп, өнер адамдардың рухани дәрежесін дәріптейтін құндылық екенін және оның ұлтқа, нәсілге, мекеніне, климатқа тәуелді болматынын айқындап заманында озық ойлы тоқтамға келді. Яғни, өнердің бар халыққа ортақтығы, интернационалды сипатын ашты. Бүгінгі таңда осы қағиданы әлемге қазақ ұлтының тылсым өнерінің құзыретін паш етіп, еліміздің тарихына, дәстүріне басқа ұлт өкілдерін ынтықтырып қойған Димаш Құдайбергеннің ғаламат өнерін паш етіп тұрған жоқ па? Өнер жайлы Фараби еңбектерінің үлкен бір пәл софалық қорытындысы деп ол практикалық музыка өнерінің шығу тегін, төркінін халық жасампаздығының желісі екенін дәлелдеуі. Сонымен қатар, «Музыканың ұлы кітабында» деп аталатын еңбегінде әл-Фараби өнердің эстетикалық мәнін аша отырып, адам сезімімен байланыстырып, тәрбие құралы ретіндегі үлкен мүмкіндігінде ашып көрсетеді. Ұлы ғұламаның өз зерттеулерінің арқауы етіп алған салалары жетерлік. Осы ретте мынандай ой туындайды. Әл-Фарабиден бұрын да, кейін де даналар болған, біраз Фарабиден геометрия, музыка, өнер, астрономия, арифметика сияқты төрт

ғылым саласына бірдей ұлы үлес аса ірі жаңалықтар ашқан әл -Фарабидің орны ерекше екенін мойындауымыз керек.

Платон, Аристотель, Птоломей сынды ғұламалар Фарабидей өнердің сан саласын меңгере алмағы туралы өздері жазып қалдырған екен. АҚШ тың ғалымы Г.Фармер былай деп жазған пікіріне «құлақ түрсек» араб музыкасының тарихы кітабында Европаға музыканы әкелген әл-Фарабидей келіп, ғылымның басқа салалары бойынша әл- Фараби Аристотельден кейінгі екінші ұстаз, ал өнердегі музыка саласы бойынша бірінші деп айта келіп, Аристотельдің музыка саласында өнерді дамытуда орнының өте зор болғанын, бірақ оны зерттеуге музыкалық дарын мен талант қажет: өкініштісі сол, сондай қажетті өнер менде жоқ» деп мойындауын дәлел етіп ұсынған екен.

Бірде Сайф аль Даула Фарабимен оңаша қалып,

-Жегіңіз келе ме?

-Жоқ.

-Ішкіңіз келе ме?

-Жоқ

-Естгіңіз келеме дегенде, ғұлама

-Әрине, естігім келеді -деген екен

Күйшілер ортаға шығып, сан алуан әуендерді орындайды, сол кезде Фараби бәріне сын көзбен қарай отырып, қателерін түзеген деседі.

- Өзіңіз күй тартуды білесіз бе? - деген сұраққа Фараби, өзінің ағаштан жасалған аспабын алып, ойнақы әуенді орындағанда, отырғандар мәз боп күлісіп қалады, кенеттен санаттарын басқаша түрге салғанда халық тегіс ұйықтап қалған екен.

Бұл дегенің ұлы ғұламаның өнер әлеміндегі ұлы құдіретін бүгінгі күнге жеткізген кереметтілігі, ерекшелігі емей немене?!

Абу Насыр әл-Фараби араб, парсы т.б. тілдердегі өлең өнеріне де көңіл бөліп отырған, ақындық пен әуендіктің байланысын да назардан тыс қалдырмаған. Осы бағытта «Өлеңдер өнерінің қағидаттары» атты трактатында поэзияның теориялық негіздерін баяндап берген. Фарабидың өлеңдерін логикалық арқауы мен көркемдік өрнегінің өзара сай келіп, қиюын тауып жатуы туралы қағидаларының арада мың жыл өткен соң Абайдың поэтикалық принциптерінен бой көрсеткені өміршілдігі емес пе! Өнер әлеміне тереңдеп енген Ұлы ғұлама поэзия бір жағынан музыкамен байланыста десе, екінші жағынан поэзия, бейнелеу, сурет өнерімен туыстас деген заманынан озық ойлы эстетикалық психологиялық қағида қалдырған. Ол былай деген екен: «Өлең өнері сөзбен, ал бейнелеу өнері (живопись) бояумен құлпырады, олар осысымен ғана бөлек, ал іс жүзінде екеуіде адам сезімі мен ойына еліктеу жолымен әсер етеді» деген философиялық ой түйіндеген.

Есімі әлемге әйгілі халықтың рухани қазынасына ішкерілей енген жүйріктердің жүйрігі, мәңгілік есімге ие болған, мың жылдан артық уақыт

өтсе де аты аңызға айналған, ауыздан ауызға өткен, жатталып қалған адамзаттың, ұлы даланың ұлы перзенті Әбу Насыр әл-Фараби туралы, оның сан қырлы еңбектері, зерттеулері, әлемге дәлелдеп берген жаңалықтары, өнер әлеміндегі аса құнды рухани азығы туралы таңнан таңға жалғап беруге болады. Өйткені ол таусылмас қазына, ұрпаққа құнды азық. Ұлы ғұлама жайлы оқи отырып, іздене жүріп, япыр-ау, білмейтінім көп екен ау деп қатты ұялдым. Ендігі мақсатым өзім де, шәкірттерім де осы бір тұңғиық әлемге сүңгіп, қажетімді жерден маржан тергендей ала беруге бет бұрдым.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. А. Көбесов «Әл-Фарабидың ашылмаған әлемі» Алматы 2002 ж.
2. А. Әл Машани «Әл-Фараби және музыка» Алматы 2011 ж.
3. Әл Машани «Ұлы ұстаз туралы толғау» Алматы 2011 ж.
4. И.С. Кененбай «Әл-Фараби және музыка» Алматы 2010 ж.
5. А. Көбесов «Әл-Фарабидың музыкалық ілімі» Алматы 2002 ж.



**КАМИЕВА СУЛУАЙ ГАФИЗОВНА**
*Қарағанды қаласы №2 Балалар өнер мектебі,*
*қосымша білім беру педагогі,*
*домбыра сыныбының оқытушысы*


## ӘЛ-ФАРАБИ – ӨНЕР ӘЛЕМІ

Батыс пен Шығысты терең білімімен бас идірген, есімі әлем мәдениеті мен ғылымының тарихында жазылып, өшпес орын алған ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабиді біз адамзат білімінің сан саласында қалдырған қолтаңбасымен қатар, музыка өнерін зерттеуші ретінде де білеміз. Ұлы ойшыл әл-Фараби білім мен өркениеттің дамуына өзіндік үлесін қосқан Ұстаз ретінде де белгілі. Әлемді тереңінен салмақты түсіну, оны игеру, әдебиеттегі, поэзиядағы, музыкадағы әсемдікті, эстетикалық және рухани мәдениеттің қажеттілігін түйсіну - оның шығармашылығының негізгі жауһары.

Әл-Фараби еңбектері ішінде екпін қойған тақырып - музыка саласы. Ғұламаның еңбегінде оның алатын орны ерекше. Фараби өзі зерттеген сүбелі еңбектерінде, музыка, физика, математика ғылымдарының бір тармағы десе, ал дыбыстың шарықтау шегіне жету үшін оған тембр қажет екенін түсіндіреді. Сондай-ақ, ғалым музыканың поэзиямен үндес һәм белгілі бір сипатта байланысатынын ұғынған. Өйткені, поэтикалық тіл мен музыка тілі ұштасқан кезде музыканың әсерлілігі күшейе түседі. Дәлірек айтсақ, музыка ғылыми тұрғыда физика-математикаға жақын болса, өнер ретінде поэзиямен туыстас келеді.

Әл-Фараби музыка ғылымын түсіндіруде өзіндік ілім жолын грек оқымыстылары Пифагор, Аристотель, Эвклид, Птоломей еңбектеріне сүйеніп жасады. Сөйте тұра, бұл ойшылдардың идеяларына сынай қарайды да, ғылымның жаңа мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қайта талдап шығады. Фараби жаратылыстану саласын, оның ішінде физика мен математиканы жетік меңгергендіктен, музыкалық аспаптарды зерттеуде олардан кеткен қателіктерді дәл тауып отыра дамытады. «Табиғаттағы ең тамаша үнді шығаратын, кемеліне жеткен ең тамаша аспап – адам және адамның дауысы», - деп жазады Фараби. «Музыка ғылымын зерттеу үшін, біріншіден, музыкалық сауаттылық, екіншіден, есту қабілетің күшті болу керек», - дейді Аристотель. Ал осы қасиеттердің бәрі әл-Фарабидің бойынан табылады. Ғалымның музыка ғылымы мен өнерінің дамуына қалдырған үлкен қолтаңбасы жайында шетелдің көптеген ғалымдары зерттеулер жазған.

Ұлы ойшылдың музыка теориясына арнап жазған «Музыканың ұлы кітабы», «Музыка жайлы талдау», «Ырғақтардың классификациясы», атты еңбектерінде аталған саланы талдауға арналған тараулар жетерлік. Мәлім еткен жазбаларының ішінде әл-Фараби есімін мәшһүр еткен – «Музыка туралы үлкен кітап» деп аталатын еңбегі. Туынды «Музыка өнеріне кіріспе», «Музыка өнерінің негіздері», «Музыкалық аспаптар» және «Музыкалық композиция» деген үлкен төрт тарауды және 1500 бетті құрайды. Көптеген трактаттарының арасынан дараланатын бұл еңбегі тілге жеңіл, жұрттың кәдесіне жарайтын, түсінікті шығарма. Сондықтан да ол дыбыстардың поэзиямен үндестігін, дыбыстар мен сандардың үндестігін, яғни математикалық сандарды пайдалана отырып, музыкалық дыбыстарды қағаз бетіне ретімен түсіріп, нота түсінігін алғаш енгізеді. Музыкада қолданып жүрген біз білетін 7 нота болса, әл-Фарабидің математикалық сандармен сипаттаған еңбегінде 12 нота белгілі, қалған 5 нота белгісіз. Мұның сырын осы күнге дейін ешкім дөп басып айта алған жоқ. Бұл еңбегі музыка өнерінің дамуына үлкен үлес қосты. Сонымен қатар, әл-Фараби музыкалық аспап та жасаған. Домбыраның баламасын жасады деген жорамал бар. Ол музыка тарихын жазып қана қоймай, музыкалық «Уд», «Канун», «Танбур» аспаптарын жасаған. Жалпы, әл-Фарабидың шығармашылық, өнер әлеміне тоқталатын болсақ, оның шығармашылық мұрасы орасан зор, айналысқан ғылыми салалары да сан тарапты қамтиды. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге жуық трактат жазып қалдырды.

«Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені аса қаталдық – шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады».

Фараби әлеміндегі өнер дегенде, оның «Әдебиет теориясы» ұғымымен мазмұндас, дара алғанда әдебиеттану ғылымының бір саласы болып табылатын «поэтика» ұғымымен үйлесетінін ілімге де ілмек салып, зерттегеніне тоқталған жөн.

Фараби сондай-ақ әуен (музыка) мен өлеңді бөле-жармай бірге қарайтын халықтар мәдениетіндегі қос құбылыстың табиғатына тоқтала келіп, «...өлеңді әуенмен айтушылар әуеннің ырғағын бұзып алудан қалай сақтанса, өлең өлшеміне нұқсан келтіруден де солай сақ болуы қажет», - деген тұжырым жасайды. Тек бұл трактатта ғана емес, музыка мәселелерін талдаған еңбектерінде де Фараби өлең мен әуеннің байланысына үнемі мән беріп отырады. Ғұламаның екінші бір екпін беріп, шығармашылығының елеулі бір бөлігін оның өлеңдері құрайды. Фараби ұғымында өлеңге қойылатын басты екі талап – өлшем және еліктеу Екеуінің бірі кем болса, ол өлең болудан қалады. Бірі артық болса да солай. Фараби өлеңдерінде насихат сарыны байқалады. Оның дидактикасы сезімсіз, сөлсіз жалаң үгіт емес, өршіл рухты, тұнық ойлы, белгілі бір дәрежеде лиризмге де бейім, адамның жан сезіміне қозғау сала отырып, еріксіз иілетін салиқалы сыр:

Ендігі бірер сөз Фараби шығармашылығының ашылмай жатқан бір қыры – күйшілік өнері туралы. Ғұламаның күйшілік дарыны ол дүниеге келген қыпшақ даласында да, шығармашылық із қалдырған араб жерінде де аңызға айналған. «Музыканың ұлы кітабын» жазған ғалымның әуен әлеміне алғашқы қадамы да туған топырағынан басталғанына күмән жоқ. «VII–X ғасырларда оғыз-қыпшақ дәуірі әдебиет, музыка (күй), философия, өнершіліктің өркендеген бір сәулетті кезі болса, Қорқыт, әл-Фараби сияқты генийлер – соларды жасаушылардың ұлы басы», - деп жазады көрнекті әдебиет зерттеушісі Ә.Марғұлан . «Қобызымен ескі дүниені күңіренткен Әбу Насыр әл-Фараби Қорқыттың ізін ала шыққан, соның шәкірттерінің бірі болуға тиісті. Арун-Рашид (халиф Харун ар-Рашид – А.Ә.) заманында әл-Фараби күйшіні Жанкенттен Бағдатқа алдырып, Бағдат халқы Фарабидің сұлу күйін тыңдайды», - дей келіп, автор Фарабидің араб жұртына келуін осы оқиғамен байланыстырады . Алайда аңызға бергісіз бұл мәліметтің дереккөзіне сілтеме жасалмаған.

Айтылғандардан аңғаратынымыздай, даңқты жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығының өскен өлкесінің дәстүрімен табиғи тамырласып жатқан кез келген қыры – ғылыми еңбектері, ақындық мұрасы мен күйшілік өнері осы сабақтастық тұрғысынан тереңдете зерттелуге тиіс.

Әлемдік мәдениет пен ғылымда терең із қалдырған дана ғалым, сирек талант иесі Әбу Насыр әл-Фараби бейнесі қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларда да өз көрінісін тапты. Тарихи шындықты көркем шындыққа айналдырып, шығармашылық қиялмен көмкеріп, оқырманға ой саларлық образдар туындатқан жазушы Д.Досжановтың «Фараби» повесі (1967ж.),

драматург Ш.Құсайыновтың «Әбу Насыр әл-Фараби» пьесасы (1972ж), ақындар Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, Қ.Мырза Әли, М.Шаханов туындылары, Ж.Қыдыровтың «Фараби тригонометриясы» (1972ж) мен І.Есенберлиннің «Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби» атты поэмалары, жазушы Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы қазақ оқырманының тарихи жадына, қазақ әдебиетінің алтын қорына қазына болып қосылды. Фараби бейнесінің сөз өнеріндегі тұтас галереясын жасақтаған аталмыш туындылар хақында көрнекті ғалым Р.Бердібай арнаулы мақала жазып, салиқалы бағасын берсе, А.Түсіпова, С.Ананьева сынды отандық зерттеушілер де осы тақырып төңірегінде ой өрбітіп, қалам тартты.

Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығына қатысты шағын зерттеуімізді қорыта келе айтарымыз: мәдени жаңару үдерісі жүріп жатқан қазіргі кезеңде өркениеттер арақатынасында төңкеріс болып, Шығыстың өркениеттің алтын бесігі, Европа қайта өрлеуінің негізі болғандығы мойындалып, Әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Халдун, Ибн Рушдтардың европа философиясына қосқан үлесі баса көрсетілгенімен, Фараби еңбектерінің әлі де ашылмаған қырлары көп. Мұның бір бөлігіне жоғарыдағы талдаулар дәлел. Демек, біздің есімін мақтан тұтар даңқты жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби жайлы зерттеулердің арнасы келер күндерде де ортаймақ емес.

**Танбур.**

Әбу Насыр әл-Фараби «Музыканың үлкен кітабында» «Екінші білім» деп аталатын тараудың «Екінші сөз» деген бөлімін танбур аспабы туралы баяндаудан бастайды.

Танбур атымен белгілі аспаптар уд аспабына ұқсас екен. Бұлар да уд аспабы секілді халық арасына кең тараған. Бұл аспаптарды тарту, шерту де дәл уд аспабындағыдай. Ғалымның жазғанына қарағанда танбур аспабы домбыра секілді көбінесе екі ішекті болады. Кейде үш ішек пайдаланылады. Бұл аспаптан да «дыбыстар ішектердің пайдаланған бөліктерінен шығады» дейді. Танбурға ішекті қалай байлайтынын да түсіндіреді. Аспаптың екі құлағының бірін жоғары, ал екіншісін онан сәл төмендеу орнатуға болады. Егер екі ішекті бір құлаққа байлайтын болса, (біздегі көне шертерді есіңізге түсіріңіз, онда екі ішек бір құлаққа тартылып тұрған еді) аспаптың мойны мен құлағының ортасына екі ішекті ашып тұратын тағы бір тиектің құрылысына ұқсайтын бөлшек (біздіңше шайтан тиек) қою қажет деп ескертеді.

Әл-Фараби айтады: «...Біз мына кітапты жазып жатқан шаһарда осы атаумен белгілі бұл аспаптың екі түрі бар: Бірінші түрі «хорасандық танбур» ретінде танымал. Ол Қорасан мен оның жақын маңайы мен атырабындағы өлкелерінде, Қорасанның Шығысынан Солтүстігіне қарай қолданылады. Екінші түрі, Ирак халқы оны «бағдаттық танбур» (әт-танбур әл-бағдадий) деп біледі. Танбурдың бұл түрін Ирак елі мен оның қасындағы өлкелер және батыс Ирактан шығысқа дейінгі аралық пайдаланады. Танбурдың екі түрі де

құрылысы мен ауқымы жағынан бірі-бірімен тең емес.» (Әбу Насыр әл-Фараби). Музыка туралы үлкен кітап аударды. Әл-Фараби таныстырған танбур аспабының екеуі де қазақтың домбырасына өте жақын. Келесі сөзіміз осы домбыра туралы болмақ.

**Домбыра**

Домбыраның қалай пайда болғаны жөнінде ел аузында бірнеше аңыз сақталған. «Аңыз түбі – ақиқат» дегенімізбен, қай аңыз болса да шындықтың өзін дәл жеткізбейтіні белгілі. Домбыраның қалай, қашан, неден пайда болып, жаратылғаны жөніндегі ақиқаттың ауылына ат басын тіреуге дейін ұзақ ізденіс, көптеген болжау мен толғамдар, анықтаулар мен салыстырулар жолынан өту қажет. Соның өзінде нақты байлам, тоқ етер тұжырымға келдім деу асығыстық, әрі ағаттық болар еді.

Ішекті аспаптардың арғы тегіне ой жүгірткен зерттеушілердің кейбірі: «домбыра ұрмалы аспаптар негізінде пайда болды», - деген пікірді алға тартады. Оған себепші болған тірек – ең көне деп есептелетін, бітімі алмұрт тәрізді ішекті аспап еді. Улан-Батордағы Моңғолия Ғылым академиясының Археология институына хабарлайды да мамандардың келуін өтінеді. 2008 жылы 25 маусымда археолог Ц.Турбаттың жетекшілігімен Нухэн-хадта қазба жұмыстарын жүргізіледі. Қазба жұмыстарының нәтижесі бойынша олар «Археологийн судлал» жинағына үңгір құпиялары туралы мақала шығарады. Осы мақалада олар өзге табылған заттармен (адам сүлдесі, ер-тоқым, садақ, жебе, қалқан, т.б.) бірге домбырадан аумайтын музыкалық аспаптың фотосын да жариялайды. Бұл дерекпен неміс және қазақ ғалымдары айналысып, оның осыдан 1500 жыл бұрын жасалғанын анықтайды. Аспап тұтас ағаштан шауып жасалған. Бір ғалымдар мұны қобызға ұқсатса, бір ғалымдар адырнаға балады. Ал Қаржаубай Сартқожаұлы мұның домбыраға әлдеқайда жақын екенін анықтайды да, көшірмесін жасап, ҚР Музыкалық аспаптар музейіне тапсырады. Бұл мәліметке қарасақ, осыдан 1500 жыл бұрын домбыра дәл қазіргі қалпына өте ұқсас болған.

Математика ғылымдардың ішіндегі ең абстрактілісі, ал музыка өнердегі ең елеңдетуші (өнер мен ғылымның ең жоғарғы білдірушілері) болғандықтан, мен математика және өнер арасындағы қарым- қатынасты айтқым келеді. Музыка саласында әл-Фараби трактатында қобыз, уд аспабының құрылысы, ашық пернелері, оған орындаушы саусақтарының орналасуы, дыбыс қатары, жағымды тондар, қобыз аспабын күйге келтірудің қарапайым және күрделі түрлері, оларды қолданудың тәсілдерін қарастырған. Әл Фараби уд, қобыз ішектерін пернелерге бөлу арқылы түрлі интервалдар (кварта, квинта, октава) жасаудың тәсілдерін, теориялық негіздерін көрсетеді. Ішектің тура, нақты математикалық теориясын жасағаннан кейін, музыканың тағдыры математикадан бөлінбейді. Математикалық анализға дыбыс, тембр,

үйлесімділік, мәнерлілік жатады. Математиканың араласуы арқылы музыканың ең шығармашылық құрылысы басталады.

Ілкіде айтып өткенімдей, өмірі өнегелі өнермен өрілген ұстаздың еңбек жолында музыкалық аспаптардың орны ерекше. Әл-Фараби музыкалық аспаптардың шебер орындаушысы болды. Жанынан ән-күй шығарды, музыканы зерттеді, аспаптардың жаңа түрлерін өзі ойлап тауып, жасап шығарды және жетілдірді. Қобызшы Нышан Абызбен, аты аңызға айналған Қорқытпен таныс болған. Олардың орындауында «Құс жолы», «Жез табақ», «Сыр сандық», «Желмая» күйлерімен танысады және осы күйлердің әсерімен «Шұбар айғыр» күйін шығарады. Әл-Фараби ұсынған, қолданысқа енгізген музыкалық аспаптар қатарында, қазір біз кәсіби-музыка мектебінде сабақ беретін ұстаз болғандықтан, сабақтарымызда әл-Фараби зерттеп кеткен ғылыми жаңалықтары мен еңбектерін кеңінен пайдаланамыз. 2022 жылы ойшылдың екі бірдей музыкалық аспабы Мысыр елінен туған жері Отырарға жеткізілген еді. «Әл-Канун» мен «Ребаб» деп аталатын аспаптар Отырар мұражайына салтанатты түрде табысталды. Қазақстанның Мысырдағы елшілігінің мұрындық болуымен мәдениет қызметкерлері ғұлама ғалымның 40-қа жуық музыкалық шығармасының нотасын да ала келген еді. Қазір музыкалық осы шығармалары ұлттық саз аспаптары оркестрінің тарапынан сүйемелденіп, көптің көзайымына айналып, қос инструмент ұлттық аспаптар қатарына енгізіліп қана қоймай, барша Қазақстан мен түркі елдеріне кеңінен насихатталуда. Бұл туралы БАҚ өкілдерінің жарыса жазғанын білеміз.

**БАЙБУСИНОВА НАЗГУЛЬ МАУТХАНОВНА**
*Семей қаласы, физика-математика бағытындағы*
*Назарбаев Зияткерлік мектебі,*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

## БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ-ДАРАЛЫҚ ҚАСИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

«Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту» – деп ойшыл, ғұлама ғалым, әлемнің ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай, жас ұрпақты тәрбиелеу қоғам дамуының қай кезеңінде болмасын уақыттың талап-тілегіне сай үздіксіз жүзеге асырылып отырады. Осы ретте барлық ұстаздар қауымының алдында тұрған басты мәселе – өзіндік пікірі бар, ойлы, сезімді, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Дана Абай атамыз ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің төрешісі ретінде ғылымға негіздеп, адамның жақсы өмір сүруіне жол көрсетеді. Абай

шығармашылығы қашанда өзекті, өміршең. Ақын сөзіне үңіле білген адамзат баласы сұрағына жауап алып, өз бағытын анықтай алады. Адам баласы қаншама жаңа өзгеріс пен дамудың сатысынан өтсе де, рухани мұра мәйегінен сусындау үшін ақынның сарқылмас мұрасына қайта-қайта оралып, сусындай береді. Өйткені ақын сөзі-адамгершілік пен терең ойдың қазынасы.

Ұлы Абай атамыз жас ұрпақтың терең білім алып, ғылым саласын жан-жақты меңгеруіне айрықша назар аударғандығын оның өлеңдері мен қара сөздерінен оқып біле аламыз. Қоғам үшін, ел үшін білім мен ғылым өркениетке бастар алғы шарт екендігін ұлы ойшыл жете түсініп, жан-тәнімен терең ұғынып, білім алу бүгінде әрбір адам баласы үшін басты мақсат, үлкен жауапкершілік екенін түсіндіреді.

Бүгінгі күні елімізде білім-ғылымға ерекше көңіл бөлініп, жас ұрпақ үшін жан-жақты жағдай жасалып, түрлі елдермен тәжірибе алмасып, жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдер тиімді іріктеп алынуда. Олай болса ұлы Абай атамызды толғандырған білім мен ғылым мәселесінен біздер бүгінде нені ұғамыз? Елім, жерім дейтін жас ұрпақтың бойында білім алуға, ғылым саласын терең зерттеп, елінің пайдасы үшін игілікті істер жасайтын қасиеттерді байқай алып жатырмыз ба?

Ұлы ақынның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңінде ақын ғылымды жас кезден бастап үйреніп, білуге ерекше назар аударады. Жас күнінде біліммен дос болып, ғылымның құпияларын зерттеп, тануға қызығушылықтарын арттыру үшін үзбей оқуға шақырады. Уақытында алынған білімнің пайдалы екенін, ер жеткен соң бәрі кеш екендігін ұқтырады. Бүгінгі әрбір жас ұрпақ білімнің ұлы күш екендігін ерекше сезінгені, саналы түрде тереңнен қабылдағаны дұрыс болар. Білімді тек пәнді оқу мақсатында ғана емес, әр пәннен алған білімі мен дағдысын өмірде кеңінен қолданып, ел дамуының алғы шарты ретінде дұрыс қолдана білу. Сол себепті бүгінгі жас ұрпаққа саналы тәрбие мен терең білім беруде ұлы Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін оқытып, өзіндік ой, қорытынды жасата білу маңызды. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық салт-дәстүріміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу үшін жас ұрпаққа Абай атамыздың шығармаларын оқытып, тәрбиелеу өте маңызды. Оқушыларға білім беруде тек пәндерді игерту ғана емес, адами қасиеттерге тәрбиелеуге баса назар аударуымыз қажет. Жас ұрпаққа білім мен тәрбиенің егіз екенін ұғындырып, әрбір саналы азаматтың адами қасиеттерден арылмай, өмірде өз орнын тауып, жақсы мен жаманды ажырата алатын, алған білімін елінің пайдасына, мемлекеттің алға қарай дамуына қолдана алатын саналы, отан сүйгіш азамат тәрбиелеу. Сонда ғана біз берген білім мен тәрбиенің пайдасын көре аламыз деп ойлаймыз.

Яғни, Абай атамыздың шығармаларын терең зерделеп, одан қоғамға, өзімізге қажет нәрселерді ала біліп, қорытынды шығарсақ, білім ешқашанда

бір орында тұрмайды. Білімді терең түсінген сайын білімнің өрісі кеңейіп, дамып отырады.

Қазіргі XXI ғасырда оқымаған, білімсіз адам мүлде жоқ. Әрбір жас буын білім алып, білімін өмірдің түрлі салаларында қолдануда. Ал осы білім бүгінгі күні қаншалықты тиімді? Жастар алған білімдерін пайдаға жаратып, еліміздің дамуына қолдана алып жатыр ма?

Ұлтымыздың өнерін, мәдениетін көтеріп, білім арқылы әлемді бағындыру, ұлтымыздың салт-дәстүрін паш ету бүгінгі жас ұрпақтың борышы болмақ. Абай атамыз да өзі өмір сүрген қоғамда осыны армандап, бүгінгі ұрпаққа меңзейді. Әр жастың бойында талап, ниет болса, білуге, оқуға деген қызығушылық артса, онда оның болашағынан үлкен үміт күттіретініне сенім артады. Жалпы білім сөзі Абай шығармаларында білім алуды ғана емес, зиялылықты, адами парасатты көрсетеді.

Абай Құнанбаев ұрпаққа елдіктің ұғымынан алшақтамаудың қадір-қасиетін ұғындырады. Ұлттың тағдырын шешетін нәрсе оның құндылықтары, құндылықтарын сақтай алмаса ұлт қанша мықты болғанымен ұзақ өмір сүре алмайтыны анық. Сондықтан қай уақытта болмасын елдің мықтылығын, мәдениеттілігі мен өркениеттілігін, құндылықтарын ақыл таразысына салып, ұлттық мүддені қорғаудан, оның өмірін жалғайтын дүниелерді қалыптастырудан шығып отырған. Сол себепті рухани жаңғыру заманында елдігімізді сақтап қалу үшін, ұлттық құндылықтардан ажырамай, салт-дәстүрімізді берік сақтап, ұлы Абай шығармаларын оқыту арқылы ойлы да, саналы ұрпақ тәрбиелей білгеніміз жөн. Саналы да тәрбиелі ұрпақ еліміздің болашағын ойлап, ұлттың тағдырына алаңдап, ұлттық мүддені қорғай алары сөзсіз.

Еліміз үшін білім мен ғылымның маңызды екенін терең түсіне білуіміз керек. Ал оны жас ұрпақтың санасына жеткізіп, елін, жерін сүйетін нағыз азамат тәрбиелей білуіміз керек. Дана Абай атамыздың ұлағатты сөздерін бойтұмардай сақтап жүруіміздің сыры да осында.

Абай есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек: надандық, еріншектік, залымдық.» Олай болса, жастарды халқы үшін, елі мен жері үшін адал еңбек етуге, өнер үйренуге, білім, ғылым жолына түсуге шақыруды мақсат етейік.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Абай туралы философиялық трактат / Есім, Ғарифолла, - Алматы : Қазақ университеті, 2004 . - 84 б.– (Академик Ғарифолла Есімнің кітапханасы. - – 9965-12-688-7

2. https://abai.kz/post/39273 «АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ ҺӘМ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ»

3. https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан»

4. https://qazaqadebieti.kz/11626/abaj-zh-ne-biz-2 «Абай және біз»

5.https://bilimall.kz/tag/olen?tag=%D0%90%D0%B1%D0%B0%D0%B9%20%D3%A9%D0%BB%D0%B5%D2%A3%D0%B4%D0%B5%D1%80%D1%96

6. https://el.kz/news/lichnosti/abai_zh-ne_-o-am_-n-/ «Абай және қоғам үні».

**ЖУМАН МЕРГЕНБЕК**

*Астана қаласы әкімдігінің*
*«Әлихан Бөкейхан атындағы*
*№76 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК,*
*физика пәні мұғалімі*

## ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРЫН ТҰЛҒА ДАМУЫНА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Мұғалімнің қазіргі күнгі негізгі міндеті жас ұрпақты тұлға ретінде дамытуға, әлеуметтік тұрақтандыруға қажетті білім-білікті меңгертуге, кәсіби жағынан өзін-өзі анықтауына және өмір бақи білім алуына бағытталғандығында.

Білім беру жүйесінің түрленуі сыртқы және ішкі факторлардың ықпалы деп білуге болады. Сыртқы факторларға қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы өзгерістерді жатқызуға болады. Бұл жағдайлардың өзгеру жылдамдығы өте жоғары болғандықтан, мемлекет және қоғам тарапынан білім беру жүйесіне деген талап, сұраныстарда өзгеруде. Сонымен қатар, білім беру құрылымының ішкі дамуы да жүзеге асуда. Яғни, күннен күнге педагогикалық концепциялар жаңарып, саны артып келеді, жаңа оқулықтар мен бағдарламалар туындап жатыр.

Заманауи мектепте оқушы жеке тұлға ретінде қабылданады. Білім беру үрдісінде оның мақсаттары мен қажеттіліктері ескерілуі міндеттелген және іс-әрекетіне еркіндік берілген, яғни сенім білдіріледі. Әр баланың жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс жасау арқылы жасырын дарындары мен қабілеттері ашылады. Оқушының бойына бүгінгі күнмен қатар болашақта да өндірісте, ғылымда, мәдениетте қажетті қасиеттер сіңіру қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты болып табылады. Осы қасиеттер жеке тұлғаны

әлеуметтендіруге ықпал етеді, жас түлектердің жаңа өмірінде кездестіретін мәселелерді шешуді оңтайландырады [1].

Бүгінгі күндегі дамыған қоғамда адамның бойында кәсіби құзыреттілік, ісіне жауапкершілік, шығармашылық, кез-келген жағдайда шешім қабылдай алу қабілеттіліктері құнды болып табылады. Сондықтан оқушының өмір сүріп жатқан қоғамында және кәсіби жолында туындайтын әртүрлі жағдаяттарда өз бетімен дұрыс шешім қабылдай алуға даярлығын қамтамасыз ету мектептердің негізгі міндетіне жатады.

Осыған орай, білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру жүйесінің өзектілігі артып отыр. Оның мақсаты – жас ұрпақтың терең білім алып, шығармашылықпен жұмыс істей алуына жағдай туғызу, әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына, өз мүддесі мен қызығушылығын қанағаттандыруына ынталандыру, бойындағы қабілетіне сай білімін ұштауына ықпал жасау.

Жаңартылған білім беру аясында оқушылардың функционалдық сауатты болуы аса құнды. Әлемнің жылдам жаңаруына, ақпараттық кеңістіктің кеңейуіне байланысты еліміздің білім беру жүйесінде өзгерістер орын алып жатыр. Мектептерде жас ұрпақты өмір бойы білім алуға, өзгеріске ұшырау жылдамдығы күннен күнге артып келе жатқан әлемде кәсібін оңай өзгертуге бейімдейді. Сондықтан, жеке тұлғаның игерген білім, білік және дағдыларымен қатар оларды өмірде, өндірісте қолдана алу, яғни теория мен тәжірибені ұштастыра алу қабілеті бағаланады [2].

Төменде біз функционалдық сауаттылыққа байланысты берілген практикалық тапсырманы қарастырып көрейік

**Суды тазарту**

Оқу мақсаты: 8.3.1.5 – молекула-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау.

Кейбір елдерде таза ауызсу мәселесі бар. Осы мәселелерді шешу үшін







су конусын пайдалану ұсынылады.

1-сурет

Ішінде лас суы бар құты аузына су конусы кигізіледі. Төменде су конусын пайдаланудың нұсқаулығы берілген.




2-сурет

Құтыдағы су күні бойы тұрғанда конденсацияланып, буға айналып, су конусының шетіне жиналады.

Ыдыс шетіндегі судың неге таза болатындығының себебін айтыңыз.

Түсіндірме. Буға айналу – сұйықтың біртіндеп буға немесе газға айналу үдерісі. Таза су күннің әсерінен газға айналып, конустың қабырғасына конденсацияланады, ал бастапқы судағы лай ыдыстың түбінде қалады. Нәтижесінде ыдыстың шетінде таза су ғана жиналады. Су буға айналады және конденсацияланады, нәтижесінде таза су аламыз [3].

Оқушылардың мектепте алған білімдері мен дағдыларын шынайы өмірде, әртүрлі өмірлік жағдаятта қолдану қабілетін, яғни функционалды сауаттылығын бағалауға бағытталған халықаралық PISA зерттеуі жүргізіледі. Бұл зерттеу орта білім алған білім алушылардың сол білімін күнделікті өмірде қолдана алу қабілеттерін тексеруге бағытталған. Бағалау объективті түрде өтетіндіктен, тестілеу нәтижесі қатысушы елдерге өз білім беру жүйесіне қандай өзгеріс енгізу қажет екені туралы қорытынды шығаруға көмектеседі. Халықаралық зерттеуге қатысу әр ел үшін әлемдік білім беру кеңістігіне кіруіне мүмкіндік береді [3].

Сондықтан, біз ұстаздар жас ұрпақ бойында білім-білік дағдыларын қалыптастырумен бірге функционалдық сауатты болуына да баса назар аударуға міндеттіміз. Мектеп бітіріп шыққан әрбір жеке тұлға кез-келген қоғамдық жағдаяттарға дұрыс шешім таба білетін болуы керек. Жас ұрпақтарымыз мектепте теориялық білім алып ғана қоймай, сол білімді тәжірибемен, өмірлік жағдаяттарға еркін пайдаланатын практик маман болуы

өте маңызды. Әрбір пәнде, әр сабақта балаларды функционалдық сауатты болуға баулитын тапсырма бар екені сөзсіз. Сол үшін біз осы мүмкіндікті қолдан бермей, өмірге, қоғамға дайын тұлға қалыптастыра білгеніміз жөн.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жаңартылған білім беру мазмұнының апробациясы. 2015-2019 сараптамалық есебі. «Назарбаев зияткерлік мектептері» АБҰ (2019)

2. Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар. Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2020. – 56 б.

3. Жакыпова Н. Б., Жуман М. «Физиканы оқытуда PISA тапсырмаларын қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» жалпы білім беретін мектептердің физика пәні мұғалімдеріне арналған көмекші құрал. – Алматы, 2022 – 104 бет.

**ҚОЙШЫҒҰЛОВА ҚАРЛЫҒАШ ЖЕТКІНШЕКҚЫЗЫ**
*Атырау облысы, Атырау қаласы*
*Ғани Мұратбаев атындағы орта мектеп КММ,*
*тарих пәні мұғалімі*

## ОҚУШЫ БОЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТАРИХТЫҢ РӨЛІ

Мақалада ұлттық құндылықты оқушы бойына сіңірудегі тарихтың рөлі, қызметі суреттелген. Сонымен қатар ұлттық құндылықпен тарих сабағын интеграциялау, осы жолда мұражай, тарихи дерек көздері, ауызша тарих айту дәстүрі, ұлттық аспап, ұлттық тағам, салт -дәстүріміздің рөлі қандай екені баяндалады. Интеграциялауға арналған іс- шаралар жоспары да жасақталған.

*Түйін сөздер:* ұлттық тәрбие, ұлттық құндылық, ұлттық сана, интеграциялау, тарих, мұражай, салт- дәстүр, ата-ана.

Ұлттық құндылықтарымыз – ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Қазақы мінез , қазақы рух, қазақы тәрбие деген қасиетті сөздерімізді үлкен мақтанышпен сөз қылып айтып жүру, бұл да патриоттықтың бір бастамасы. Тарихтың әрбір сабағы тұнып тұрған құндылық. Ұлттың қорғаны - тіліміз, салт-дәстүріміз, ұлттық бірегейлігімізді көрсететін жан дүниеміз. Батырларымыз кезінде қазақ халқын сыртқы жаулардан аянбастан «ақ найзаның ұшымен, ақ семсердің күшімен», ерекше жанкештілікпен қалай қорғаса, болашақ ұрпақ біздің де мақсатымыз сол тарих пен ұлттық құндылығымызды ұмытпау және интеграциялау.

XXI - ғасыр адам санасының жаңаша сатыға көтеріліп, үлкен жаңалықтар тасқынымен таңғалдырған кезеңі. Қазақ халқының түп тамыры сонау Атилла мен Томирис ханшайым, бір кездері әлемді аузына қаратқан сақ жауынгерлері мен ғұндардың тарихын да жатыр емес пе ? Ендеше сол тарихты тек сабақ ретінде емес, ұлттық құндылығымызбен ұштастыра отырып сабақ беру мұғалімнің де міндеті, ел алдындағы парызы.

Мектепте тарих пәнін оқыту, ұрпақтар бойына рухани құндылықты дарыту көп ізденістерді, сан түрлі әдістемелік тәсілдерді қажет етеді. Тарих сабағында ұлттық құндылықты дәріптеуді ұлттық ойындар арқылы, пәндермен бірлесе отырып кіріктірілген сабақтар арқылы, кітапхана және музейменбайланыс орнату арқылы жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар ұлттық салт дәстүр мен әдет ғұрыпты дәріптеу кезінде ата-ананы да қосуға болады.

«Еліміздің ұйытқысы – әдет ғұрпымыз», – деп қазақ әдебиетінің майталманы Ғабит Мүсірепов айтқандай, тарих сабағында 6, 7– сыныптарда XIX-XX ғасырлардағы ұлттық салт – дәстүріміз бен мәдениетімізге тоқталамыз. Сабақты оқу мақсатының көлемінде шектеп ғана қоймай ұлттық құндылықтарымызды одан әрі дәріптесек бала бойына әсер етеріміз шексіз.

Мысалы: 7 –сыныптың оқу мақсаты:
7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;
7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау; Сабақты қызықты да жанды етіп өткізу үшін сабақты музыка пәнімен кіріктірілген сабаққа айналдырып, музыка пәнінен ән мен шығарманы орындатып айтқызып, ал тарих пәнінен сол шығарманың тарихына тоқталатын болсақ сабақ жанды да қызықты өтер ме еді? Бауырмалдылық. «Елім ай» өлеңіндегі қазақ халқының басына түскен ауыр замандағы бір-біріне деген жанашырлығы. Ашаршылық кезеңіндегі «Алтын, күміс тас екен, арпа бидай ас екен», – деген өлең жолдары да қазақтың бауырмалдығын көрсетеді.

Түркі халықтары мен басқа халықтар арасында тарихи таным, білім ауызша сөйлеу дәстүрінде пайда болды.

Шежірені білу. Біз кімбіз, қайдан келдік, ата-тегіміз кім, олар қандай жерді мекендеген, қандай ел болған? Осы сұрақтардың жауабы. Қазақтардың әрбір отбасында өз шежіресі болуы бұлда бір үлкен тарих, үлкен құндылық. Ендеше, біздің де мақсатымыз осы шежіренің мән мағынасын, құндылығын оқушыларға сезіндіру.

Ұлттық құндылығымызды дәріптеу мақсатында ұлттық музейлеріміздің де алатын орны ерекше. Оқушыны мұражайға апару тек тарихпен ғана шектеліп қалмауы тиіс. Мұражай тұнып тұрған құндылықтар мекені. Мұражай – бірнеше дәуірдің тарихын, этнографиясын, тарихи

тұлғаларын, өнерін ұрпақтан-ұрпаққа жинақы түрде жалғап отырған бірден-бір институт. Қазіргі уақытты 3 D форматындағы музейлердің баламасы жасалуда. Этнография залы қандай тамаша тұнып тұрған ұлттық құндылық. Тарих сабағын мұражай залында өткізу бұл да бір үлкен бастаманың белгісі.

Қазіргі уақытта ұлттық құндылықты дәріптеуде ұлттық фильмдеріміздің рөлі ерекше. Оқушыға бір мезгіл «kino time» жасап, тарихи киноларды да тамашалату қажет. Бұл бала бойындағы патриотизмді дамытуға әсер етеді.

Қазақ ұлт ретінде талай қиыншылықтардан, атап айтқанда, кешегі қазан төңкерісінен бастап, қазақтың ұлан байтақ жеріне қызыққан патша үкіметінің қолдан жасалған 1921,1932 - жылғы ашаршылық, 1938-1939-жылдардағы сталиндік репрессия, Голощекиннің қолымен жасалған Қазақстандағы «Кіші қазан» төңкерісі т.б. Қазақ халқы екінші дүниежүзілік соғыста да Отаным деп отанға деген сүйіспеншілігін көрсете білді. Тарихтағы ұлттық құндылықты дәріптеуде балаларымызға батыр қыздарымыз Әлия мен Мәншүк, Тамирис, Бопай, Айғаным сияқты қыздарымыздың да ерлігін дәріптеуіміз қажет.

**Тарих пәнінде ұлттық құндылықты интеграциялау**

| № | Өткізіетін іс-шара тақырыбы | Сыныптар |
|---|---|---|
| 1 | «Құндылыққа негізделген білім беру» Тақырыптарында ашық сабақтар өткізу | Ашық –сабақтар |
| 2 | Тарихи шежірем- тегімнің тарихы байқауы 5-8-сыныптар аралығында | 5-8 сыныптарға байқау |
| 3 | «Менің кіші-Отаным» байқауы | 8-11 сыныптар байқау |
| 4 | «Менің көшемнің тарихы» акция | 5-11 сыныптар аралығы акция |
| 5 | « Жәдігерлер сыр шертеді» ұлттық мұражайға саяхат | 5-11 сыныптар аралығы |
| 6 | Достық үйіне саяхат | 5-11 сыныптар аралығы |
| 7 | Асыл мұра « Ұлттық аспаптар» байқауы | 6-7 сыныптар аралығы |
| 8 | «Ел тарихы –ұлттық құндылық» көрме | 5-11 сыныптар |
| 9 | «Ер қаруы – бес қару» | 5-7 сыныптар |
| 10 | «Туған өлкем – тұнған тарих» кездесу. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті профессорларымен кездесу | 9-11 сыныптар |
| 11 | «Тұлғаны таны» челлендж | 5-11 сыныптар |
| 12 | «Рәміздерім мақтанышым» | 5-11 сыныптар |
| 13 | Kino time: «Оян, қазақ !», «Бір уыс бидай», «Зұлмат», «Ахмет-ұлт ұстазы» «Тар заман» | 5-9 сыныптар |
| 14 | «10 заман туралы 10 роман» кітап оқу байқауы | 5-11 сыныптар |
| 15 | Ұлы даланың Ұлы тұлғалары | 7-8 сыныптар |

| | | |
|---|---|---|
| 16 | «Ұлттық өнер- ұлттық  киім» шеруі , тарихы | 1-11 сынпытар |
| 17 | «Туған өлке, тұнған тарих» география пәні мұғалімдерімен бірлескен шара | 7-  сыныптар |
| 18 | «Салт-дәстүр- ұлттың айнасы» сауалнама жүргізу | 5-10 сыныптар |
| 19 | «Ғани оқулары» байқау | 8-9 сыныптар |
| 20 | Жобаның жұмысын қортындылау | 5-11 сыныптар |

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. 5-11 сыныптар тарих пәнінен үлгілік оқу жоспары 2023 оқу жылы
2. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндерін оқытуда құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру .Ы.Алтынсарин академиясы презентация  2023 оқу жылы
3. https://e-history.kz/kz/news/show/456 сайты. «Ұлттық құндылықтар негізін де отаншылдыққа тәрбиелеу» мақала
4. «Ел тарихы –ұлттық құндылық» https://ulagat.com/ сайты мақала 2020 жыл
5. Ауызша тарих айту дәстүрі Қазақстан тарихы 1- том
6. Егемен Қазақстан газеті  « Тарих тағылымы –қасиетті құндылық» мақала  2018 жыл 6- желтоқсан
7. «Мұражай тарихты танытатын құндылық» https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl сайты мақала
8. «Ұлттық құндылық – ұлттың қорғаушы шамшырағы» https://adyrna.kz/post/25629 мақала  17 желтоқсан 2019 жылы.



**НУРМАГАМБЕТОВА САУЛЕ КУАНДЫКОВНА**
*КГКП «Рудненский колледж технологии и сервиса» Управления образования акимата Костанайской области,*
*преподаватель казахского языка и литературы*


## «РОЛЬ НАСЛЕДИЯ АЛЬ-ФАРАБИ В ПЕДАГОГИКЕ»

Аль-Фараби уделял особое внимание образованию, науке и воспитанию в развитии человека. Об этом свидетельствуют выводы ученого: «Образование без воспитания - злейший враг человечества», «Чтобы стать мастером своего дела, нужно стремиться к совершенству».

Роль наследия великого Абу Наср Мухаммад ибн Мухаммад аль-Фараби, актуальна и на сегодняшний день. Ведь сегодня перед современным преподавателем стоит вопрос «Чему учить?» и «Как учить?»

По мнению мыслителя, педагогика есть искусство управления волей и желанием воспитуемого в специально организованном образовательном процессе. Целью воспитания он определяет гармонично развитого человека.

Не случайно основными направлениями в его педагогической теории являются нравственное, умственное, физическое, эстетическое и трудовое воспитание.

Мастерство учителя – это не только всесторонняя и методическая грамотность учителя, но и умение впитывать в себя каждое слово. Наличие опытного наставника является обязательным атрибутом воспитательного процесса. Так он пишет: «Из того, что говорилось о различных свойствах индивидов, явствует, что каждому человеку свойственно познать счастье и вещи, которые следует знать при этом. Для этого требуется учитель и наставник. Одни нуждаются лишь в начальном руководстве, другие – в большом руководстве». Стремление учиться у известных и опытных учителей являлось одним из идеалов на протяжении всей истории человечества, что, к сожалению, стало менее привлекательным в глазах наших современников. Если идти в ногу со временем, то должны совершенствоваться и технологии обучения, и мастерство учителя. Говоря об учительской этике, мы обращаем внимание на гуманные рассуждения восточных мыслителей. Особенно не утратили своей ценности педагогические взгляды в трудах второго учителя, ученого, великого мыслителя аль-Фараби, сколько бы веков не прошло. В трактатах «Классификация наук», «О взглядах жителей добродетельного города», «Гражданская политика» аль-Фараби речь идёт о психологии во взаимоотношениях учителя с учениками. Если учитель хочет видеть в своих учениках такие качества как:

- честность
- вежливость
- доброжелательность

то и у него должны быть эти качества. В своем труде «Что нужно знать, чтобы выучить философию», он говорит: если учитель слишком строг, ученик начинает ненавидеть учителя, а если имеет место быть вседозволенности, то ученик считает учителя ниже себя и небрежно смотрит на его науку. Великий ученый говорил об учителе так: «Учитель должен быть смелым, мужественным, который помнит все, что ему говорят, не забывает ничего, более красноречивым, страстным к искусству, знаниям, более удовлетворенным, справедливым как для своих близких, так и для простых людей, проявляя близость и доброту ко всем людям, не зная, что значит бояться и скрываться». Действительно, педагог, увлеченный созиданием, жаждущий искусства, и знаний, умеющий сознательно давать справедливую оценку происходящим явлениям – это потребности и запросы современного общества.

Размышляя о качествах педагога, аль-Фараби говорит, что не каждый человек, занимающийся образовательной деятельностью, является подлинным воспитателем. Дело в том, что он различает людей по их способностям к образовательной деятельности: «Люди также могут равняться в силе и быстроте выявления одних вещей, но при этом один из них – способом наставлять и обучать другого тому, что сам выявил, тогда как другой этой способностью не обладает. Также не каждый человек способен руководить другим, и не каждый способен побуждать другого к совершению соответствующих действий».

По мнению аль-Фараби, учитель должен обладать хорошей памятью, проницательным умом, выразительной речью. Учитель должен обладать такими нравственными качествами, как честность, справедливость, гуманность, мудрость, честь и другие добродетели. Как отмечает ученый: «Подобный человек обладает высшей степенью человеческого совершенства и находится на вершине счастья. Этот человек является именно тем, кому известно любое действие, с помощью которого можно достичь счастья»

В образовательном процессе могут применяться как мягкие, так и жесткие методы обучения и воспитания. «Если воспитанник проявляет желание учиться, трудиться и совершать добрые поступки, уместны мягкие методы. Если же подопечный злобен, нерадив, своенравен, вполне оправданы жесткие наказания» Содержание образования, по аль-Фараби, с одной стороны, должно охватывать систему всех наук, т.е. оно носит энциклопедический характер, с другой стороны – оно должно иметь рациональную направленность. Выступая сторонником светской образованности, мыслитель утверждал, что лишь безумцы полагают, будто высшее благо находится вне существующего мира. Чтобы стать нравственным и противостоять порокам, человеку следовало познавать самого себя.

Главными темами, волновавшими его и ставшими основой всей системы его мировоззрения, были темы личности, совершенствования ее нравственной составляющей, повышение интеллектуального уровня, достижения свободы и счастья всего человечества. Идеи аль-Фараби, став неотъемлемой частью сокровищницы мировой цивилизации, продолжают и сегодня будоражить мыслящее сознание, втягивая в орбиту нравственных поисков истины, путей достижения счастья, построения справедливого общества и совершенствования человека.

По содержанию все работы аль-Фараби можно разделить на несколько групп, выделим лишь те, которые имеют непосредственное значение в развитие педагогической мысли: трактаты по общефилософским проблемам, посвященные общим свойствам, законам и раз-личным категориям; трактаты, посвященные вопросам познавательной деятельности человека, о формах, ступенях и способах познания; трактаты, посвященные нравственности и её

категориям, проблемам воспита-ния, общественно-политической жизни, особенностям социального строя, вопросам государственного управления. Среди них надо назвать такие, как «Жемчужина мудрости», «Об основах знания», «О достоинствах науки и искусства», «Указание пути к счастью», «Философские вопросы и ответы на них» и др.

Мыслитель придает большое значение специально организованному воспитанию и образованию. Так как добродетель является плодом образованности. Отсюда вытекает и цель воспитания, которая состоит в поощрении стремления подрастающего поколения совершать нравственно одобряемые, благие дела. Сам процесс воспитания представляет собой дружеское общение и взаимодействие наставника с воспитанниками. По представлениям мыслителя, идеальный воспитатель является одновременно и ученым и педагогом, владеющим выразительной речью, умеющим и любящим передавать знания, настойчивым при достижении задач воспитания и обучения. Причем, ценится такое знание, которое основано на практическом исследовании, опыте и логических доказательствах. Названное находит отражение в методах обучения и воспитания, таких как дискуссия, полемика, упражнение, убеждение, самостоятельный поиск истины, критическое отношение к познаваемому предмету.

Основная цель воспитания заключается в том, чтобы научить человека побеждать в себе отрицательные черты характера и способствовать формированию положительных черт, что может быть достигнуто в том случае, если этическое воспитание будет начинаться с ранних лет, в школе.

Крайне важны для понимания идей нравственного воспитания. Этические положения аль-Фараби о смысле и путях достижения человеческого счастья. Он выделял в этой связи четыре вида добродетелей: теоретические, мыслительные, этические и практические, -и подчеркивал, что приобрести эти добродетели можно с помощью двух способов - обучения и воспитания. Иными словами, процесс познания для мыслителя есть одновременно процесс самосовершенствования человека и достижения им счастья. Гуманистические идеи и выводы, выдвинутые аль-Фараби о целях, идеалах педагогики, остаются одним из важнейших столпов просвещения и на современном этапе жизни человека. Наша задача-воспитать счастливого человека. Счастье заключается не в корыстном потреблении материальных и духовных благ, а в создании некоего мира, который вне человеческих идеалов и идеалов дает только свое душевное наслаждение. Счастье гражданина — высокая и возвышенная цель глубоко переживает расцвет созидательных духовных сил на пути к новой жизни.

Таким образом, значение произведений Фараби, в том числе о труде и трудовом воспитании, нравственности, благости, до сих пор не утратило своей важности. Его содержание вновь возрождается в условиях современного

независимого Казахстана и приобретает новый облик, отвечающий современным требованиям.

**Использованная литература:**


1. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты / Перевод с арабск. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1985. – 624 с.
2. Джуринский А.Н. История педагогики и образования. – 3-е изд. перераб. и доп. – М.: Изд-во Юрайт, 2014. – 676 с.
3. Избранные произведения мыслителей Среднего Востока IX-XIV вв. / Сост. С.Н. Григорян, А.В. Сагадеев. – М.: Изд-во «Социально-экономической лит-ры», – 1961.
4. Очерки истории школы и педагогической мысли Древнего и средневекового Востока / Под ред. К.И. Салимовой. – М., 1988.
5. Саяхов Р. Л. Воспитание взаимоуважения и толерантности в работах исламских просветителей. – Уфа: Изд-во «Полиграфдизайн», 2014. – 236 с.



**ОРАЗБАЕВА САЛТАНАТ МУКАНБЕКОВНА**
*Астана қаласы, Әл-Фараби атындағы*
*оқушылар сарайының ағылшын тілі пәні мұғалімі*
**ТЕЛГАРАЕВА ЗАМИРА ЖАНАБАЕВНА**
*Астана қаласы, Ә.Бөкейхан атындағы*
*№76 мектеп-лицейінің*
*ағылшын тілі пәні мұғалімі*


## ФАРАБИ ТІЛІНДЕГІ ТІЛ-ЛОГИКА МЕН МӘДЕНИЕТ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Қоғамдағы тіл – бұл мәдени даму процесі мен философиялық ойлауда қолдануға болатын тіл. Тіл-әр түрлі даму кезеңдерге жеткенше құзыретті даму процесін қадағалайды. Ал, тілдің құзыретті кезеңі – бұл ақиқат айқын көрінетін философиялық тілдің кезеңі. Осыған байланысты, Фараби бабамыз, тілді қоғамда қарым-қатынас құралы ретінде қолдану деп санайды. Философиялық деңгейде тілдің қолдануы -тілдің даму процесі. Біріншіден, тіл бұл процесте белгі мен дыбыс, содан кейін сөз бен сөйлем жазбаша түрде қағазға түсіріледі. Екіншіден, тілдің даму процесі- ой мен логика; бұл процесс басқаларға тіл арқылы ойлаудың тәсілін, тілдің дамуына да байланысты деген ұғымды келтіреді. Фараби тілінің софылығын, диалектикасын, сөз шешендігін, поэзиясын ,шындықты дәлелдеу санайтын ойлау тәсілдерін пайдалану арқылы қол жеткізіледі деп пайымдайды. Олай болса, дәлелдеу әдісін іс -әрекеттермен емес , тіл арқылы қолдану, ой мен болмыстың толық

өзара байланысы бар дегенді дәлелдеу деп ойлаймыз. Шын мәнінде, жоғарыда сипатталған процесте, Фараби, шешендік өнер мен поэзия тілі мағынаның түсініксіздігінен әлі жеткілікті түрде арыла алған жоқ деп жеткізсе, поэзия тілі мағынаның түсінігі тіл дамуының процесі сөйлеу кезеңінде болады дегенге әкеледі.

*Түйінді сөздер:* тіл, логика, мәдениет, қоғам, философия, жаратылыс-сіздің ойыңыз бен сөзіңіз бір-біріне сәйкес келетінін , осы процесте де мәдени тіл құрылымы өз құзыреттілік деңгейіне жетеді ме деп белгілеу.

Әбу Насыр әл-Фараби ғылымдардың пайда болуы туралы өз ойын жеткізе отырып, алғашқы ғылым – тіл деп санайды.

Тіл-бұл қоғамдағы әрбір адамның объектілерді, оқиғалар мен құбылыстарды қалай қабылдайтыны және оның ойлау маңыздылығы туралы айтылады.

Әл-Фараби тілдің адам мен қоғам өміріндегі әр түрлі рөлдерін зерттейді. Ол ақпаратты жеткізу, сұрақтар қою және келіспеушіліктерді шешу, айырмашылықтар мен жіктеулерді сипаттау үшін тілді қолдануға баса назар аударады. Тіл белгілі бір мағынада мағыналарды көшіреді және тіл мен мағыналар арасындағы сәйкессіздіктерден аулақ болу керек деп санайды, сонымен қатар оның поэзияда қолданылуын зерттейді. Жол бойында ол метафизикалық сұрақтардың қайнар көздерінен бастап оқиғалардың уақытша құрылымына және поэзия мен музыка арасындағы қарым-қатынасқа дейінгі әртүрлі мәселелер бойынша көптеген өткір ескертулер жасайды. Әл-Фараби тілдің қоғамдастықта қалай дамитынын сипаттайды. Сөздер мағынаны білдіреді, қауымдастық тілдің бастапқы ұғымдарының «тәртібін» және «режимін» имитациялау ретінде дамыта алады. Бұл режим, ұғымдарға ие кез-келген қатынасты қамтиды.

Фараби, екі ұғым ұқсас болуы үшін тағы да бірнеше ұқсас сөздерді табуға тырысады, бірақ бұл әрекет , омонимияға әкелуі мүмкін деп айтады: екі түрлі ұғымға сілтеме жасау үшін бір сөзді қолдану әріптер арқыл, ал ұқсастықтарды көшіруге деген ұмтылыс метафораларға немесе хаттарға да әкеледі деп атап өтеді. Сонымен қатар, кейбір туынды сөздер грамматикалық тұрғыдан басқа ұғымды білдіретін сөзден туындаса, бағаланбаған ұғымдарды білдіретін сөздер грамматикалық туынды болмауы керек, іс - жүзінде бұл ұғымдар сәтсіздікке ұшырауы мүмкін екенін айтады.

Әл-Фарабидің ойынша, сөздер мен ұғымдар арасындағы сәйкессіздіктер оңтайлы болмайды деп айтса да, не істеу керек екеніне анықтама бере алмайды. Сөздер мен ұғымдар арасындағы сәйкессіздіктер логикаға да сәтсіздік әкелуі мүмкін деген қорқыныш туындауын болдырмау үшін ұғымдарды білдіретін өрнектер қолданылады деген. Фарабидің артында қалған мол мұрасын «Әріп кітабы», логика, философия музыка, «Ғылымдардың жіктелуі жайлы сөз», т. б. еңбектері мен ғылыми қол

жазбаларының құндылығы өте жоғары. Әр ғылым саласын меңгеру үшін оның әдіс – тәсілдерін қосымша ретінде жазып, сол ғылымның практикалық қырларын білу керек екенін білеміз. Аристотельден басталған ғылымдарды жіктеу жүйесін меңгерген Фараби, ғылымдардың тізбесін әзірлейді. Соның ішінде тіл ғылымдарында грамматика, синтаксис көрсетілген. Әбу Насыр әл-Фараби ғылымдар классификациясын жасағанда «тіл білімін» ең бірінші орынға қойып, «Сөз бен әріп туралы» еңбектер жазды. Тіл туралы ғылымды Фараби лексикология және грамматика деп бөледі. Лексикология – халықтың тіліндегі сөздерді еске сақтау, ал грамматика тілдегі сөздерді меңгеру. Сонымен қатар бірінші орынға тіл білімін қойғандағы Фарабидің мақсаты – әдебиет теориясы мен мәдениетті сөйлеудің ережесі болып отыр. Осы жерде білетініміз өзі де өлең шығарып, белгілі шайыр болғаны да анық.

«Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз» – атты трактатында көріп отырғандай тіл білімін ең бірінші орынға қойған. Әл-Фараби тіл ғылымының маңыздылығына өте үлкен мән берген және осы ғылымның классификациясын бастайды. Бұл тілді формалы түрде тану емес оның нақты жоғары бағалануы, өйткені барлық ғылымдар тілмен байланысты.

Келесі, тілден кейінгі ғылым – логика. Логика тілмен тұжырымдалады (сөз-тіл). Логикалық ой құрылым – тілдің грамматикалық құрылысымен салыстырылады. Фарабидің анықтауы бойынша логика – ойлаудың заңдары мен ережелері туралы ғылым. Бұл ғылымның арқасында адам өзінің ойлау әрекетін тәрбиелей алады, өзінің ойын анықтап айқын, жүйелі түрге келтіреді; ой қорыту, талқылау барысында логикалық қателер жіберуден аулақ болады. Ғылмның , білімнің рөлі абсолюттендірілген уақытта Әбу Насыр әл-Фарабидің қалыптастырып кеткен ғылымдардың жіктелуі мен адамзаттың өміріндегі ғылымның алатын рөлі зор. Білім алып, ғылыммен шұғылдану қазақ елін тығырықтан шығаратын бір құрал. Тек ғылым, білім ғана адамды мықты, еркін, ал мемлекетімізді экономикасы мықты дамыған өркениетті ел ретінде көрсете алады.

Тіл процесінің дамуы – өте ұзақ тарихи процесс. Біздің ата-бабаларымыз тілдің адам өміріне пайдасын түсініп, тілдің арнайы ережелері мен нормаларын жасаған. Осы ережелерді сақтау-сөйлеу мәдениетінің негізін қалаған. Біріншіден, ата-бабаларымыз сөйлеу мәдениетіне қатысты әдеп-ғұрыптар, нормалар ауызша халық шығармашылығы шығармаларының беттерінде, ежелгі жазба ескерткіштердің тілінде халықтық ауыз тілінде сақталған. Екіншіден, халық тілді сөйлеу әрекетінің адамның мәдениетін және адамгершілік қасиеттерінің факторы деп санады. Үшіншіден, біздің ата-бабаларымыз адамның тілін, оның сөйлеу мәдениетін жақсы адамның негізгі шарасы және шарты деп санағанын көрсеткені, келесі талаптарға сай болуы керек деген: сөйлеу мағыналы болу керек; сөйлеу қарапайым және түсінікті болу керек; мазмұны мен формасы бойынша сөйлеу – талғампаз және әдемі

болуы керек; сөйлеу қысқа, түсінікті болуы керек; мәнерлі, әсерлі болу керек және де тағы да басқа тіл этикасының сақталуын керек еткен. Осы тұрғыда маңызды міндет – тілді құрметтеу, қарым – қатынас этикасы мәселелері де тілден бастама алатыны сөзсіз. Сондықтан да тіл мәселесін шешуде Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың тіл туралы ғылыми еңбектері бұл өмірде маңызды рөл атқарады.

Әбу Насыр әл-Фараби – адамзат биігіне көтерілген тарихи тұлға, ұлы ғалым! Ғалымның рухани әлемін тану – бүгінгі болмысымыздың қай деңгейде екеніне көз жеткізу, сол туралы ой толғау, жаңа заманның сын-қатерлеріне лайықты жауап іздеу. «Бақытты адам – қайырымды қоғам – қуатты мемлекет» жүйесін құруға әл-Фараби ілімі, парасат пайымы жетелейді. Ілім, білім іздеген бабамыз Бағдат, Бұқара Дамаск елдеріне барып, ғұламалар жиналып, сұхбат құратын киелі мекенге барғаны білімін толықтырып, грек , араб, мысыр, шығыс ойшылдарымен танысып жүздескені, білім алмасқаны шындыққа келеді. Сол себептен Фараби жазған еңбектер өзіміздің жерімізде емес, Шығыс, Еуропа жерлерінде кең тарап, сол елдерде сақталып қалған. Әл-Фарабидің кейбір шығармалары латын және иврит тілдеріне де аударылған. Әл-Фараби философиясының элементтері бүгінгі күнге дейін өз күшін сақтап келеді: оның математика мен ғылымдардың маңыздылығына, эксперименттік әдіске, білімнің интеграциялануына, құндылықтар мен эстетикалық талғамның маңыздылығына баса назар аударылған .

Фараби еңбектерінің мақсаты – адам, білім, ғылым игеріп, тәрбиелі азамат болып қалыптастыру . Фарабидің еңбегі – әр адамға құрметпен қарап, өмірді құндылық ретінде қарау – Фараби дүниетанымындағы негізгі құндылықтар. Қазақ жерінде туып бүкіл адамзатқа ортақ мұра қалдырған ғұлама әл-Фарабимен мақтанып, ғылымды сүюді үйренуге ұрпаққа жол ашады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Көшербаев К. Әл-Фараби әлемі және қазіргі Қазақстан [Электронды ресурс] / К. Көшербаев // Егемен Қазақстан. — 2020. Қол жеткізу режимі: https://egemen.kz/article/252725-al-farabi-alemi-dgane-qazirgi-qazaqstan.
2. MAHDİ, Muhsin; “Language and Logic in Classical Islam”, Logic in Classical Islamic Culture, Edited by G. E. Von Grunebaum, Otto HarrossowitzWiesbaden 1970. PLATON;
3. https://plato.stanford.edu/entries/al-farabi-logic/#OrigLang.

**НОВОТЕЕВА МАРИЯ ТЕМЕРТАНОВНА**
*КГКП «Рудненский колледж технологии и сервиса»*
*Управления образования акимата*
*Костанайской области,*
*преподаватель химии, методист*

## «РОЛЬ НАСЛЕДИЯ АЛЬ-ФАРАБИ В ПЕДАГОГИКЕ»

*Ключевые слова:* ценность; ценностное отношение; ценностные ориентации; стремление к знаниям; процесс формирования ценностных ориентаций личности, добродетель, стремление к знаниям.

Формирование и развитие личности вне ценностей невозможно, в связи с этим важнейшей задачей ориентированного обучения и воспитания обучающихся является приобщение к общечеловеческим и национальным духовным ценностям, формирование в сознании ценностных ориентаций и установок, которые в дальнейшем выступают идеалами и жизненными ориентирами личности.

Философия аль-Фараби учит нас объективному взгляду на природу изучаемых вещей, а сам пример ученой деятельности аль-Фараби выступает ярким примером беспрестанного служения науке и истине. Его оружием был разум, а нравственным императивом — веления сердца.

Аль-Фараби и его энциклопедическое наследие, выражающее общечеловеческие устремления к высотам совершенства, – вне времени и вне пространственных границ, вот почему через него и его творчество культура прошлого становится органично понятной многим культурам современного мира. Для достижения цели, по аль-Фараби, необходимо взаимодействие многих факторов, во главе которых стоит теоретическая добродетель. Под её влиянием находятся главная мыслительная добродетель, главная этическая добродетель и главное искусство. Данная схема применяется к объединению людей в целом, без различения его индивидуумов. Когда же имеется в виду человек, его вклад в дело достижения наивысшей цели, то начинает действовать категория возможности и действительности в лице естественной добродетели, которая пробуждает к деятельности способности, потенциально заложенные в его душе.

Лишь исходя из всего вышеизложенного, следует интерпретировать следующее высказывание аль-Фараби: «Разум дан человеку с целью послужить ему для того, чтобы он мог достигнуть своего наивысшего совершенства. Это – счастье». Оно состоит в том, что человеческая душа поднимается до такого совершенства бытия, что она больше не нуждается для своего существования в материи, поскольку соединяется с совокупностью бытия, свободных от телесности, и с субстанциями, отделенными от материи,

и существует таким образом вечно. Это «вечное существование», несомненно, следует понимать, поскольку постоянно подчеркивается единственный путь к нему – занятие наукой, таким образом, что, поскольку вечно творение мудрых людей – наука, постольку вечны ее творцы.

Индивидуальность его стиля проявляется в лаконичности изложения, в бережном отношении к словам и выражениям, в умении выбрать основные положения, пренебрегая второстепенными или общеизвестными. Логическое мышление аль-Фараби появляется в его умении развить идею под различным углом зрения, рассмотреть предмет со всех сторон. Синтетик по складу ума и в своем методе, он создает многочисленные классификации, служащие ему для обобщения знаний и понятий.

Аль-Фараби оставил после себя богатое культурное наследие. Его труды *(около 160 трактатов)* составили основу средневековой философии и философии эпохи Возрождения. Его огромной заслугой была европеизация науки арабского мира и систематизация научных знаний. По некоторым сведениям, аль-Фараби за всю свою жизнь овладел 70 языками. Сохранились работы ученого на тюркском, арабском, греческом, персидском языках. Познания аль-Фараби были универсальными. Его интересовали как гуманитарные, так и естественные науки. Всю жизнь аль-Фараби посвятил изучению аристотелевской концепции рассуждений – формальной логике, платоновской онтологии и гносеологии – теории бытия и познания. Его признают основоположником восточного перипатетизма – философской системы, взросшей на аристотелевском учении. Поэтому его часто называют «Вторым учителем» *(после Аристотеля)*. Аль-Фараби создал целую энциклопедическую систему. Его трактаты охватили все известные в то время отрасли знаний: политику, психологию, этику, естествознание, эстетику, логику и философию.

Результатом разносторонних научных изысканий аль-Фараби явился трактат «О классификации наук», в котором в строгом порядке были перечислены науки того времени, определен предмет исследований каждой. Ученый предложил эту систему как основу высшего образования. На вершине наук, по его мнению, находится языкознание *(письмо, чтение и поэтика)*, далее идут логика, математика, физика, метафизика, политика. Аль-Фараби является одной из ключевых фигур в истории интеллектуальной мысли, повлиявшей на развитие мировой цивилизации. Его наследие способствовало установлению диалога и сближению культур Востока и Запада. Его труды о здравом разуме, этике, науке, музыке и счастье остаются актуальными на протяжении уже более тысячи лет. Они и сегодня необходимы нам в построении современного добродетельного общества. Аль-Фараби и его энциклопедическое наследие, выражающее общечеловеческие устремления к высотам совершенства, – вне времени и вне пространственных границ, вот

почему через него и его творчество культура прошлого становится органично понятной многим культурам современного мира. Этические положения аль-Фараби о смысле и путях достижения человеческого счастья.

Он выделял в этой связи четыре вида добродетелей: теоретические, мыслительные, этические и практические, и подчеркивал, что приобрести эти добродетели можно с помощью двух способов – обучения и воспитания. Иными словами, процесс познания для мыслителя есть одновременно процесс самосовершенствования человека и достижения им счастья. Гуманистические идеи и выводы, выдвинутые аль-Фараби о целях, идеалах педагогики, остаются одним из важнейших столпов просвещения и на современном этапе жизни человека. «Наша задача-воспитать счастливого человека».

Жизнь аль-Фараби – это уникальный пример стремления к знаниям, пониманию мира и смысла жизни. На размышлениях и духовных основах великого философа можно воспитывать человека, как личность, и укреплять истинные гуманные ценности. Мудрость великого учителя весьма актуальна и имеет огромный смысл в наши дни.

**Использованная литература:**

1. Аль-Фараби. Трактаты об искусстве управления. – М.: Бизнеском, 2011. – 264 с.

2. Асмус В.Ф. Античная философия. – М.: Высшая школа, 1976. – 400 с.

3. Бажутина Н.С. Философия языка. – Новосибирск: Изд-во Новосибирского государственного технического университета, 2001. – 40 с.

4. Звиревич В.Т. Философия древнего мира и средних веков. – М.: Академический проект, 2002. – 346 с. Вестник КГУ им. Н.А. Некрасова № 3, 2014 139

5. Курмангалиева В.К. Наследие аль-Фараби и формирование нового интегрального мировоззрения. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РКУДК 008; 1:316

.

**МУСТАФИНА САУЛЕ МАСАЛИМОВНА**

*Абай облыстық Білім басқармасы*
*Ақсуат ауданы білім бөлімінің*
*«Сасан би атындағы орта мектебі» КММ,*
*биология-химия пәнінің мұғалімі*

## «ШЫН БІЛІМ- АҚИҚАТ, АНЫҚ БІЛІМ»

*«Бүкіл мұсылман шығысының аса ұлы ойшылы әл-Фараби грек философиясының ең терең қырларына дейін бойлап, байыбына жетті.*

*Сондықтан да шығыста философияның ғылыми зерттеудің шын мәнінде, бастаушы кім дегенде, басқа ешкім де емес, тек соның есімі аталуы керек»*
*А.Мюллер, неміcтің шығыстанушы ғалымы*

Бүгінде бізді Әбу Насыр әл-Фараби ойшылдығы, ғұламалығы таңғалтпай қоймайды. Сөз жоқ, жаратылысы бөлек тұлға. Ғалымның ғұламалығы, терең білімпаздығы, білім мен ғылымды меңгеруге деген құмарлылығының ағыл-тегілділігі ұшан теңіз. Осыған қарап-ақ, адам өз-өзін танып, өзін түбірімен өзгерткісі келсе, білімге ұмтылу керек екенін айқын түсінуге болады.

Әлемге әйгілі ұстаз, терең ойлы пәлсапашы, ғалым Әбу-Насыр әл-Фараби 870 жылы бұрынғы Фараб, қазіргі Түркістан облысы, Отырар ауданы маңайындағы ортағасырлық қалада дүниеге келген. Шығыстың ғұламасы, бүкіл түркі жұртына Ұлық Түріктей лұқман атанған Әбу-Насыр әл-Фараби жайлы айтылатын деректер аз емес. «Ғалымның хаты өлмейді» демекші, Әбу-Насыр әл-Фараби атамыз өз артынан ізі суымайтын, аса мәнді де дәлді еңбектер қалдырды. Әсіресе, ғұламаның сөздері бүгінгі жастар үшін құлаққа сіңімді, санаға қонымды, ойға өрмекше тоқылар –тәрбиенің қайнар бастауы болмақ. Мысалы, ұлы ойшылдың «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» деген тұжырымды да тұшымды ойы мектеп пен өмірдің оқушыларына сабақ болары сөзсіз. Ал ғұламаның келер ұрпаққа қалдырған асыл мұрасы – мың ғасырлық қазына.

Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді деп ескертеді ғұлама.

Адам санасының жаңғыруы ғана үлкен нәтижеге алып келеді. Шын білімді ақиқат, анық білім деп ұққан ғалым, білім қуған жанның ойы күнделікті күйбеңнен көп алыста жататынын бағдарлай келе, білімді болуды жаңалық ашуға қабілетті болу тұрғысында пайымдайды. Бұл жерде ғалым бақыттың мәні парасаттылықта, әркімнің өзіне игілікті мақсат қоя білуінде, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында екендігіне баса мән береді. Осы ойлар адамға күш-жігер беріп, білімге қалай талпыныс бермейді!

Ғұлама «ғылыммен айналысу үшін ақыл-ой, ерік жігері мықты болудан басқа, оның бар ойы адал, адамгершілігі мол, жаман мінез-құлықтан да аулақ болуы керек»,- деп айтуы адамға үлкен ой салады. Бұл ойлар әрине бүгінде ғылыммен айналысу қанша керек дегенмен, әркімнің бұған таласы жоқ екенін ескерткендей.

Демек, әл-Фарабише түйінделер тезис – қоғамдағы барша қиыншылықты жеңетін адамды бақытқа жеткізетін күш – адамның ақыл-ойы мен парасаты.

Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды.

Әркімнің өз шығар биігі бар десек, Әбу Насыр әл-Фараби–өзіндік шырқау биігіне шыға білген, бір өзі-ақ бір университет бола алған заңғар тұлға екенін бүгінде әлем мойындайды.

Қазіргі таңда зерттеушілер ғалымның осы дәрежеге аса табандылықпен, қаншама қиыншылықпен жеткендігін айтады, ғұлама сонымен қатар уақыт қадірі мен биік парызды да әсте ұмытпаған. Бастаған ісін аяқтап, жазбаларының қолжетімді әрі түсінікті болуынада аса мән берген, бұл ғалымның қарапайым, қанағатшыл және адамгершілікті жоғары қоятындығының тағы бір айқын белгісі.

Әл-Фараби адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты екенін ерекше атап өтті. Мінез бен ақыл жарасса адамгершілік ұтады. Ұлы ойшылдың айтуынша, жылт еткен жалтыраққа қызыққан тұрақсыз көңіл емес, көркем мінезбен ұштасқан ақыл-парасат иесі ғана бақыт сырын аңғара алады. Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғары бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы керек. Содан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп, соған әрекет жасауы керек. Бақытқа жету жолында бақытқа жетелейтін ұстаз да қажет. Бұл ұстаз, әлбетте, өзі толық жетілген, бақытқа, мақсатқа жету жолында жеңіске жеткен адам болуы керек. «Бақыт - оқығанда, сабақ алғанда, білімді игеру, әртүрлі өнерлерді үйренгенде, оларды игеру, жұмыстарды орындау сияқты игілікті істер арқылы қол жететін мақсат»,- дейді әл-Фараби.

Әл-Фараби дәуіріндегі жаратылыстану ғылымдарының дамыған бөлімдерінің бірі медицина — ғылым ретінде және «емдеу өнері» ретінде болды. Ежелгі және орта ғасырларда философиялық және медициналық білім бір-бірімен тығыз байланысты болды, көптеген философтар бір уақытта дәрігер болды және керісінше. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасындағы медицина мәселелері бойынша шығармалар ғалымның бастауларын мұқият білетіндігін және оның тарихымен терең танысқанын көрсетеді. Әл-Фарабидің пікірінше, медицинаның міндеті – адам ауруларының себептерін ғана емес, сонымен бірге оның денсаулығын, оның жеке мүшелерін сақтау және ауруларды жою құралдарын зерттеу. Әл-Фарабидің пікірінше, денсаулықтың бұзылуы адамның психикалық, психикалық және басқа қабілеттерінің жағдайына әсер етеді. Денсаулық, ауру, өлім және психикалық белсенділікті тоқтату барлық тіршілік иелерінің ажырамас атрибуттары болып

табылады. Олар «жануарлардың әр түріне, сондай-ақ адамдарға тән, өйткені теңдік пен теңсіздік кез-келген сандық қатынастарға тән».

Әбу Насыр әл-Фараби әмбебап музыкант та болған. Саз аспаптарында ойнап, ән салған, өз жанынан ән, күй шығарған. «Музыканың ұлы кітабы» — ғұламаның әрі музыка жайында, әрі физика-математика жайында жазған тарихи үлкен туындысы. Мұнда музыкалық акустика мәселелері барынша кең қамтылып, дыбыстың табиғаты, тегі, таралуы т.б. жайында көптеген дұрыс, пікірлер айтылған.

Ғұлама өнер біткеннің бәрі бір адамның құшағына сыймайтынын білсе де, өмір бойы шарқ ұра ізденумен өткен. Ғалым өмірінің басты мәні де – тар жол, тайғақ кешулі кезеңдердегі сан тараулы қилы қиындықтарға мойымастан, жүнжіп кетпестен аса сабырлылықпен ізденуінде, ғалам құпияларына бойлауында. Ғұламаның ешуақытта толдым, толыстым, жеттім, жеңдім демеуі де бүгінгі жаңа ұрпаққа тағылым болса керек-ті. Ақырында ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің өзі «даналар талай нысан тапқанымен, тапқан жоқ тектің тегін әлі бірі» деп кейінгіге үміт арта өткен екен.

Қорытындылай келе, қазақ даласы Отырарда дүниеге келіп, дүниетанымның мүмкіндігін әлемге паш еткен Әбу Насыр әл-Фараби адамзаттың кемелдікке деген үздіксіз ұмтылысын айқындаған. Өз орнын ойып алған ұлы ағартушы әл-Фараби іліміне қайта оралу, танып білу, ұлт мүддесіне жарату – таусылмас рухани азық, баға жетпес рухани құндылық.

Әл-Фарабидің ғылымдағы дара да дана жолы үнемі өз игі жолын жалғастырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.

2.Ғафуров б.г., Қасымжанов А. Х., Әл-Фараби мәдениет тарихында. М., 1975.

3.Даукеева С. Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фарабидің музыка философиясы. Алматы: Сорос-Казахстан Қоры, 2002.

4.Қасымжанов А. Х. Әбу-Насыр әл-Фараби. М.: Ой, 1982.

5.Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007.

6.Хайруллаев М.М. Фараби, дәуір және ілім. Ташкент, 1975.

7.Хайруллаев М. М. Әбу Насыр әл-Фараби: 873-950. М., 1982.

**БАЙБУТАЕВА АЛИЯ ПОЛАТОВНА**
*Астана қаласы,*
*№52«Еркетай» балабақшасы тәрбиешісі*

# «БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ТӘРБИЕДЕ»

Бұл мақалада балалардың тәрбиесі жайлы мәселелер келтірілген. Осы мақаланын мазмұны осы мәселелерді шешуде дәлелдемелік болып табылады.

Атақты ойшыл Әбу Насыр әл Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген екен. Бұл сөздің растығын өмір тәжрибесі талай мәрте дәлелдегені белгілі. Осы орайда біздің ата-бабаларымыз тәрбиенің орны бөлек екенін жақсы білген. Өйткені ұрпаққа үлгілі тәрбие бере алу – қоғамның өзін, елдің тірегін қалыптастыру. Соның ішінде балаға өнегелі тәртіп пен құқықтық тәрбие бере білу – өлшеуі жоқ қазына. Әрине, біз қашанда балаларға жан-жақты құқықтық тәрбие беруді жетілдіріп отыру – басты парыз дейміз. Бірақ сол тәрбие беруде үнемі кеш қалатынымыз ешкімді ойландырар емес. Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы.

Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол – ұрпақ тәрбиесі. Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Бала үшін олардан асқан тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, қайырымдылық, татулық, әдептілік сияқты қасиеттер отбасынан бастау алатыны белгілі. Тәрбие балаға сөзбен, теориямен дарымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Сондықтан да дана халқымыз «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» - деген.

Баланың ақыл-ойының дамуы. Ерте сәбилік шақтың басында бала айналасындағы заттардың қасиеттерін қабылдап, олардың арасындағы қарапайым байланыстарды аңғарып, оларды пайдалана бастайды. Бұл заттық іс-әрекетті, ойынның қарапайым формаларын, сурет салу мен сөйлеуді игеруге байланысты бұдан арғы ақыл-ой дамуының алғы шарттарын жасайды. Ерте сәбилік шақтағы ақыл-ой дамуының негізін балада қалыптасып жатқан қабылдау мен ойлау әрекеттерінің жаңа түрлері құрастырады. Баланың ойлауының дамуы. Баланың ойлауының дамуы, біріншіден, баланың өз іс-әрекетіне (ойлау негізіне, оның сезімдік тәжірибесіне) жататын, екіншіден, іс-әрекет тәсілдеріне үйрететін және заттардың жалпылама аттарын беріп отыратын үлкендердің ықпалына байланысты. Затпен практикалық әрекет жасау сәбиді көбіне нақтылы ситуацияда пайда болған міндеттерді шешуге алып келеді. Әрекет үстінде табиғи үйрену болып өтеді: заттарға әсер ете

отырып, бала бір әрекеттердің жемісті, екіншілерінің нәтижесіз екендігін байқайды. Алғашқы іс-әрекет тәжірибесі кейінгіде көрініп отырады. Ойлау заттық міндетті шешу процесінде жүзеге асады және көрнекі ықпал ету сипатында болады. Ойлауды дамытуда жеке бастың практикалық тәжірибесі қанша маңызды болғанымен, баланың ойлауын дамытуда әлеуметтік орта ерекше әсер етеді.

Бала өмірге келген сәттен бастап, физикалық, әлеуметтік және эмоционалды әсер етуі мүмкін. Оң тәжірибелер мен орталар жас баланы өмір бойы күшті жолға түсірсе де, сол қалыптасу жылдарындағы травматикалық тәжірибелер немесе орталар ұзаққа созылатын, зиянды әсер етуі мүмкін.

Туылғаннан 8 жасқа дейінгі ерте балалық шақтағы тәжірибе мидың архитектурасының дамуына әсер етеді, ол барлық болашақ оқу, мінез-құлық және денсаулық үшін негіз болады. Мықты іргетас балаларға жақсы жұмыс істейтін ересек болу үшін қажетті дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Ата-ана - баланың өмірінің көптеген аспектілерін қамтитын кең ұғым. Жақсы ата-ана тәрбиесі – бұл баламен ата-аның қарым-қатынасы әрекеттерінің жинақталуы. Жақсы ата-ана ата-ананың өз өмірін үлгі ретінде өткізуін де қамтиды. Балалар ата-анасының не істеп жатқанын тыңдайды және бақылайды, бәрін қабылдайды. Ата-анасының әрекеттері мен сөздерін сіңіре отырып, олар оларға еліктей бастайды. Жақсы ата-ана болу балаларыңыздың сізді көріп, үйреніп, көшіріп жатқанын білу дегенді білдіреді. Балаларымыздың үйдегі тәрбиесі әкеден, анадан үлгі алып өседі. Ең алдымен ата-ана ретінде балаға жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету керек.

Ата-ана тәрбиесін құрайтын элементтерді білсеңіз, баланың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын білу соншалықты қиын емес.

**Ата-ана тәрбиесінің элементтері:**

**Қолдау**. Ата-аналар балаларына қолдау көрсетеді, қажет болған жағдайда мектепке және іс-шараларға көмектеседі, олардың іс-шараларына қатысады және олардың өмірі туралы сұрайды.

**Тәртіп.** Ата-аналар құндылықтары мен мақсаттарына сәйкес келетін нұсқаулар мен ережелерді белгілейді. Ережелер дәйекті, түсінікті және түсіндіріледі. Салдары жұмсақ және логикалық.

**Күнделікті.** Тұрақтылық, сондай-ақ құрылым мен жүйелілік, тұрақтылық пен әлемнің логикалық және болжамды екенін сезінуді қамтамасыз етеді. Ол сау, позитивті дамуға ықпал етеді.

**Сенім.** Ата-аналар балаларына сенеді. Егер балалар бұл сенімнен шығып кетсе, ата-аналар ашық сөйлеседі, тәртіпке келтіреді және неге тәртіпке келтіретінін түсіндіреді. Сондай-ақ ата-аналар балалары оларға сенетіндей және олардың айтқандары мен істегендеріне сенетіндей әрекет етеді.

**Қатысу.** Жақсы ата-ана баланың өміріне белсенді араласуды білдіреді. Бірге нәрселерді жасауға уақыт бөлу, мектептегі іс-шараларға және басқа да

іс-шараларға қатысу және балалардың өмірінде болып жатқан оқиғалардан хабардар болу – қатысудың кейбір аспектілері.

**Позитивті фокус**. Ата-аналар балаларға теріс емес, оң көзқараста болуға көмектеседі. Жағымсыз оқиғалар мен жағдайларды өңдеу маңызды болғанымен, жақсы ата-ана балаларға позитивті және алға бағыт табуға көмектесуді қамтиды.

**Нұсқаулық.** Жақсы ата-ана балаларын табысты болуға бағыттайды, бірақ ол бақылауды, микро менеджментті немесе балалардың үстіне апаруды қамтымайды.

**Жауапкершілік.** Ата-аналар балалардың жасына сәйкес тапсырмалар мен үй шаруаларын береді. Балалар өсіп келе жатқанда, табысқа және салауатты жұмыс этикасына тәрбиелеу үшін олардың міндеттері де арта түседі. Ата-ананың жоғарыда аталған элементтері балалардың психикалық сау болуына көмектесетін қорғанысы болып табылады; шынында да, ата-ананың дұрыс тәрбиесі алаңдаушылықтың, депрессияның, ішімдік пен есірткіні пайдалану және теріс жолға түсуді алдын алады.

**Махаббат.** Ең бастысы ата-ананың балаға деген махаббаты. Олардың махаббаты балаларды ата-ана алдында өзін құнды сезінуге көмектеседі және өзін-өзі жоғары бағалауды, және өздеріне және олардың қабілеттеріне сенуді жеңілдетеді. Ата-аналар балаға деген сүйіспеншілігін ашық түрде танытса, балалардың өзге адамдарға деген қамқорлығы мен мейірімділігі, жанашырлығы артады.

Ізгілік отбасынан бастау алады, оған ата-ананың берген тәрбиесі, тұрмысы ықпал етеді. Халықтық мақал «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» адамгершілік тәрбиенің негізі отбасында қалыптасатынын көрсетуде. Халық, жанұя құндылықтарын ауызша халық шығармашылығы арқылы тапсырады, мысалы, аңыз ертегілерді, ырымдарды, салттарды қолданады. Балаларды кішіпейілділікке, адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халқының тәлімдік тиімді құралының бірі – мақал-мәтел, дәйексөз, тыйым сөздер болса, оқу-тәрбие процесінде оқудан тыс іс-шаралар мен интеграцияланған ұйымдастырылған іс-әрекеттер, ата-аналармен жұмыс болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. https://dariya.org/article/197
2. https://www.ncdhhs.gov/about/department-initiatives/early-childhood/why-early-childhood-matters#:~:text=A%20child's%20early%20years%20can,long%2Dlasting%2C%20detrimental%20impact
3. https://www.healthyplace.com/parenting/parenting-skills-strategies/what-is-good-

parenting#:~:text=Healthy%20parenting%20means%20nurturing%20the,an%20art%20and%20a%20skill
4. https://dereksiz.org/erte-balali-sha-adamni-aliptasuini-e-maizdi-kezei.html

**АХАНОВА БАХЫТЖАН ОМАРГАЛИЕВНА**
*Шығыс Қазақстан облысы Білім басқармасы*
*Ұлан ауданы бойынша білім бөлімінің*
*«Балалар музыка мектебі» КМҚК,*
*қосымша білім беру педагогі,*
*ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері,*
*Білім беру ісінің үздігі,*
*«Ыбырай Алтынсарин» атындағы*
*төсбелгісінің иегері*

## ЗАМАНАУИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МЕКТЕПТЕР

Бұл мақала бүгінгі білім беру саласындағы оқытудың технологиялары туралы ақпарат береді, мақала оқытушыларға пайдалы.

*Түйін сөздер:* шығармашылық заманауи мектеп, дәстүрлі оқыту, педагогикалық технологиялар, оқытудағы инновациялық технологиялар.

Шығармашылық мектептер дегеніміз не?

Мектеп – жалпы білім алуға арналған оқу орны. Бала кезімізден мектеп – біздің екінші үйіміз деп өсіретін, бұл шындық. Мектеп – білім беру мекемесі, баланың өмірге, болашаққа бағдар алуына тікелей жауапты. Білім беру мекемесінің табалдырығын аттап, мектеп өмірін әрбір саналы азамат өтуі керек, бірақ шығармашылық бағытта дамыған балалар үшін арнайы шығармашылық мектептер бой көтерген. Шығармашылық мектеп – бұл баланы шығармашылық жағынан дамытуды мақсат ететін мекеме. Қазіргі таңда, негізінен барлық шығармашылық мектептерде оқытудың заманауи әдістері қолданылады.

Қазіргі шығармашылық мектептерді қалай сипаттай аласыз?

Шығармашылық мектепте мұғалімдерге қандай міндеттер қойылады?

Шығармашылық заманауи мектеп – мұғалім мен бала арасындағы шеберхана. Бұл үздіксіздікте ең маңызды буын – бала. Әр бала өзінше дарынды. Ұстаздың міндеті – әр баланың шығармашылық қабілетін танып, сол бағытта серпін беріп, талантын тану. Оқыту мен тәрбие балаға тікелей бағытталып, дарындылықты дамытуға барлық жағдай жасалуы тиіс.

Педагогика саласында қандай дәстүрлер бар?

Менің ойымша, педагогика саласында жаңашылдықсыз дәстүр болмайды, өйткені ескінің бәрі бір кездері жаңа болды. Білім берудегі барлық ескі көзқарастар, әдістер, оқыту стильдері, даму жоспарлары бір кездері жаңашыл болды. Ал бұл жаңалықтар дәстүрге айналды. «Жаңаның бәрі, ұмытылған ескі» деген сөз осының дәлелі бола алады. Біз күн сайын ілгерілеуге, дамуға және инновацияларды енгізуге тырысамыз. Бірақ, көбінесе ұстаздар дәстүрлерді ескере отырып, оларды оқытуда қолдануға тырысады. Өмірінде алған тәжірибе мен дәстүрлі білім беруді бірге қолданып, жаңашылдыққа бет алған ұстаз құрметке лайық. Дәстүрлі білім беру мен инновациялық оқытуды қатар меңгерген ұстаздар – ұлағатты мамандар деп білемін.

Дәстүрлі оқыту бар ма?

Иә, мәңгілік дәстүрлер бар деп есептеймін. Мұғалім мен бала арасындағы сыйластық, әр оқушыға жеке көзқарас, шәкіртіңе деген қамқорлық пен сүйіспеншілік – дәстүрлі оқытудың сарқыты. Бұл принциптерсіз педагогиканы елестету мүмкін емес, өйткені бұл мыңдаған жылдар бойы болып жатқан оқытудың негізі.

Оқытудағы инновациялық технологиялар дегеніміз не, мұғалім қандай әрекеттер жасауы керек?

Жаңашылдық – оқыту мен тәрбиелеудің мақсатына, мазмұнына, әдістері мен формаларына жаңалық енгізу, мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру.

Ал педагогикалық инновация – педагогикалық қызметтегі жаңалық. Оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен технологиясында өзгерте отырып, оқыту тиімділігін арттыру.

Дамыта оқыту технологиясы – оқу материалын проблемалық баяндау, жартылай ізденіс әрекеті, өз бетінше жобалық зерттеу әрекеті [1];

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы – оқушылардың өмірлік идеяларының ғылыми фактілермен дәлелденуі;

Ақпараттық компьютерлік технологиялар – компьютерлік технология, медиа, аудио-видео, цифрлық құрал – жабдықтарды, электрондық білім беру ресурстарын қолдана отырып білім беру [1];

Жеке-белсенді тәсіл технологиясы – оқушылардың шығармашылық жұмысы, оны түзете білу, өзін-өзі бақылау, рефлексия.

Музыкалық педагогика бүгінгі таңда оқушылардың шығармашылық және ізденіс әрекетін белсендіруге негізделген.

Педагог-музыкант қызметінің оқушы тұлғасын шығармашылық, үйлесімді дамытуға бағытталғанын көрсететін мұндай тәсілдер педагогикада барған сайын танылуда, бірақ олар әлі де музыкалық педагогикалық тәжірибеде кең тараған жоқ.

Заманауи білім беру саласында пандемияға байланысты қашықтықтан оқыту тәжірибесі пайда болды. Бүгінде әр оқушының қалауына байланысты қашықтан оқыту мүмкіндігі пайда болды.

Осылайша, инновация дегеніміз білім алу мен тәрбие саласына жаңалық енгізу деген қорытындыға келдім. Бұл инновацияларды жасау, игеру, тарату және пайдалану қызметі.

Оқыту іс-әрекетіндегі инновациялық технологиялар – оқуды реттеуге мүмкіндік береді және оны дұрыс бағытта дамытуға және жүйелеуге ықпал етеді. Оқытушы инновациялық білім беру – тұлғаның үйлесімді дамып, қалыптасуына ықпал ететінін түсінуі керек.

Мұғалім инновациялық қайта құрулардың толыққанды қатысушысы болуы керек. Ол өзінің интеллектуалдық деңгейін көтеруі, белгілі бір кешендер мен психологиялық кедергілерден арылуы керек.

Қазіргі мектептерде көптеген қиындықтар кездесуде, оның бірі – педагогикалық процеске қатысушылардың барлығының мүмкіндіктерін ашу болып саналады, яғни әр білім алушының білім деңгейі, материалдық қамтылуы, эмоционалдық қабылдауы сол инновациялық білім беру технологиясына дайын болуы тиіс. Ал мен бұл міндетті басты міндеттердің бірі деп есептеймін. Біз шығармашылыққа мүмкіндік беруіміз керек, бірақ оқу үдерістерінің вариативтілігі жүзеге асырылмаса, бұл мәселелерді шешу мүмкін емес.

Қорытындылай келе, оқу үдерісінің әр тұлғасы бүгінгі заманның ағымына тез бейімделе алатын, алған білімді мейлінше қолдана алатын қоғам қалыптастыруы тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Искакова Р., Ерназарова З. «Жаңа технологияны пайдалану әдістері». Қызылорда, 2004 жыл.

**ЕРЖАНОВА ДАНА ЕЛЕУСИЗОВНА**
*Қарағанды қаласы №91 мектебінің*
*тарих пәнінің мұғалімі,*
*тарих ғылымдарының магистрі*

## ӘЛ-ФАРАБИ МЕН ӘЛ-МАШАНИДІ НЕ БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ?

Мақалада шығыста «Екінші Ұстаз» атанған әл-Фараби мен ғылымның шыңына шыққан, өз заманының әл-Фарабиді атанған Ақжан әл-Машанидің байланысын дәлелдер арқылы анықтай отырып, қос ғалымның баға жетпес еңбектерімен ұрпағының жете таныс болуына ықпал ету, еңбектерін оқып-

білуге насихаттау. Әл-Фарабиді қазаққа қайтарып берген арқаның Машанының Ақжаны екенін көрсету.

*Кілтті сөздер:* Әл-Фараби, әл-Машани, ғалым, «Әл-Фараби және Абай», ғылым, зерттеу, мұра.

Ұлы адамдар дүниеге мың жылда бір келеді дейді. Ұлылардың тізімін жасайтын ұрпағы. Қазақ топырағынан шыққан Ұлы - әл-Фараби! Әл-Фарабидің Қазақстанның ғана емес, Орта Азия халықтарының Аристотельден кейінгі екінші ұстазы, ойшылы, ғалымы, әр түрлі ғылым салаларын меңгеріп, 150-ге тарта іргелі еңбек жазып, жетпіске жуық тіл біліп, шығыстың ғана емес, батыстың да ғылым мен мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан ғұлама ғалым екендігімен кеуде кернеп мақтана аламыз, таңғаламыз! Ұлылардың көшін бастап отырған әл-Фараби оқу-білім іздеп шет елдерге сапар шегіп, Бұхара, Самарқан, Шам, Мысыр, Александрия т.б.шаһарларды, араб-парсы елдерін түгел аралаған. Өз заманында үлкен мәдениеттің орталығы болған Отырарда дүниеге келіп, жас кезінде уақытын Отырардың бай кітапханасында өткізген. Иранда, Хорасанда болып, түркі тілімен қатар парсы, хорасан тілдерін үйренеді, Бағдатқа келіп араб, грек, латын тілдерін жетік білген. Сол кездегі ғылыми ортақ тіл араб тілі болғандықтан, еңбектері арабша жазылған.

«.....Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде.... дәл Фарабидей геометрия, музыка, астрономия саласына бірдей үлес қосқан, аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын.... Платон, Аристотель, Птолемей сияқты ғұламалар музыканы жөнді меңгере алмағанын өздері жазып кеткен...» [1]. Бұл жарты ғасырдай уақыт үзбей әл-Фараби мұрасын зерттеген ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың тұжырымы.

Ғылымның шыңына шыққан, өз заманының әл-Фарабиі атанған, Орталық Азия мен Қазақ елінен шыққан тұңғыш фарабитанушы Ақжан әл-Машани шығыста «Екінші Ұстаз» атанған әл-Фарабидің қазақ топырағынан шыққанын әлем елдері алдында дәлелдеп, «жақсы» барлығына ортақ, бірақ шыққан жері – Ұлы Дала жері екеніне нүктесін қойып берген ғалымның баға жетпес еңбегін ұрпағы білуі және бұл насихатталуы тиіс. Ал әл-Фарабиді қазаққа қайтаруы ше! Ақжан Жақсыбекұлы өмірінің соңына дейін әл-Фараби мұрасын зерттеп, ғылымға теңдесі жоқ мұра қалдырды. «Әл-Фараби және Абай» зерттеуін (1994) кейінгі ұрпаққа өлмес мұра етіп қалдырды. Бұл еңбегінде Ақжан Жақсыбекұлы Абай дүниетанымын, ғылымның бастауы орта ғасырлық, араб, шығыс елдерінде жатқандығын; оның көш бастаушысы ұлы бабамыз әл-Фараби болғандығын; сөйтіп, екі дананың арасын жалғастырар ғылымның даңғыл жолын баяндаған; сонау мың жылдан астам уақыт өткен әл-Фарабиден кейін, оған ой өрісі жақын, парасаты кең, ойшыл Абай екенін дәлелдеген. Автор бұл еңбегінде фарабитану зерттеуін қалай жүргізгенін басынан аяғына дейін баяндайды. Еңбек өте қызықты. Автор әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойының қалай, қай мемлекеттерде тойланғанын жазады.

Ғалымның Москвадағы кезекті (XIII) конференциядағы оқиғаны сипаттауы үлкен әсер қалдырды. Қазақстаннан келген ғалымдар өз тақырыптарының көлемінде әл-Фараби мирасының негізімен тарихшыларды таныстырады. Бұл– халықаралық мәжіліс, оның шешімі өте маңызды еді. Сол мәжілісте әл-Фараби мирасына ортақтаспақшы болғандармен таластар туады. Ирактың өкілі ұлы ғалымның негізгі ғылымын Бағдатта жасағанын тілге тиек етіп, мұрагерлері болатынын айтады. Сириялықтар да таласуға болатын еді, себебі әл-Фарабидің мүрдесі оларда, бірақ олар таласпайды, оған да белгілі бір себептер болады. Өзбек ғалымдары да, тәжік ғалымдары да өздеріне тартады. Бұл мирасқорлардың барлығының негіздері бар еді. Бұған үлкен құрметпен де қарауымыз қажет. Бірақ әл-Фарабидің туған жері Қазақстан екенін сабырлықпен, дәлелдемелермен жеткізе білу өте маңызды еді. Сөйтіп Ақжан Машанов әл-Фарабиді қазаққа қайтарып береді.

Ақаңның үйіндегі кітапханасында сирек кездесетін кітаптар көп еді. Солардың бірі – Иоган Кеплердің «Аспан музыкасы» деген кітабын оқып отыра, Ақжан Жақсыбекұлы Кеплердің жазғандарының бірсыпырасы әл-Фарабиден алынғандығын анықтады. Осы мәселеге байланысты А.Машанов 1984 жылы Кувейтте шығатын «Әл-Фараби» журналына «Орта Азияның мәдениет шамшырақтары» атты мақала жариялап, онда өз пікірін дәлелдеді. Кейіннен осы мақала төңірегінде жарық көрген пікірлерде белгілі ғалымдар «Әл-Машани мырза өз көзқарасын толық дәлелдеді» деп жазды. Міне, содан бері әл-Фарабиді ашқан әл-Машани» деген сөз тіркесі жалғасып кете берді. Әл-Машани деген атақ Ақаңның өзіне де ұнағандығы соншалық, «Ай арысы» және «Геомеханика» атты кітаптарында авторы әл-Машани деп өз қолымен жазып кетті. Әл-Машани қаламынан ұлы бабамызға арналған «Әл-Фараби мұрасын зерттеу туралы», «Шығыстың Аристотелі», «Әл-Фараби еңбектерін қазақ тіліне аудару туралы», «Әл-Фараби», «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», «Әл-Фараби және Абай» сияқты көптеген кітаптары жарық көреді.

Ақжан Машанов – өткен ғасырдың ортасында әл-Фарабидің қыпшақ тайпасынан шыққанын, Отырарда туғанын дәлелдеп, Дамаскідегі Баб ас-Сағир зиратынан әл-Фарабидің қабірін тауып, басына құлпытас орнаттырған, 1970 жылы шыққан «Әл-Фараби» тарихи деректі романының сценарийінің авторы, «Әл-Фараби және Абай» кітабы арқылы мыңжылдық мәдени тарихты сабақтастыра отырып, фарабитанудың жаңа бағытын ашқан теолог-зерттеуші. «Әл-Фараби және Абай» зерттеуін (1994) кейінгі ұрпаққа өлмес мұра етіп қалдырды. Бұл еңбегінде Ақжан Жақсыбекұлы Абай дүниетанымын, ғылымның бастауы орта ғасырлық, араб, шығыс елдерінде жатқандығын; оның көш бастаушысы ұлы бабамыз әл-Фараби болғандығын; сөйтіп, екі дананың арасын жалғастырар ғылымның даңғыл жолын баяндаған; сонау мың жылдан астам уақыт өткен әл-Фарабиден кейін, оған ой өрісі жақын, парасаты

кең, ойшыл Абай екенін дәлелдеген. Автор бұл еңбегінде фарабитану зерттеуін қалай жүргізгенін басынан аяғына дейін баяндайды. Еңбек өте қызықты.

Екінші ұстаз, Шығыстың Аристотелі аталған әл-Фарабиді туған елінің білмеуі, зерттелмеуі қалай, шынында біз кембағал халықпыз ба деген сұрақ ғалымды мазалап, алдына қойған мақсатқа жету үшін жасы елуден асқан шағында араб тілін үйреніп, сол кездегі қатаң тәртіпке қарамай намазға жығылып, алға қойған мұратына жетті.

Халифа Алтай: «мен Ақжан ағамен сонау 80-жылдардан таныспын. Елге келген соң көрші тұрдық. Ол кісінің ғылыми ислами негізіне жүйрік болуы әл-Фараби мұрасын игеруден ғой деп ойлаймын. Құран Кәрімнің ғылымилығын, бүгінгі ғылым жетістігімен ұштастыра отырып, түркі дүниесімен, қазақ дүниетанымымен сабақтастыра ой толғауы мен үшін қасиетті кітаптың көптеген жаңа ғылыми мағынасын ұғынуға түрткі болды. А. Машанов тек қазақ ұлты үшін ғана емес, бүкіл түркі жұрты, мұсылман дініндегі елдерде де өзіндік орын алатындай тұлға, ғұлама деп білемін» деген екен[5]. Бұл 1992 жылы елімізде өткен дүниежүзі қазақтарының құрылтайында Түркиядан келіп тебірентер сөз сөйлеген, «Алаш» сыйлығының иегері, дінтанушы ғалымның Ақжан Машановқа берген жоғары бағасы деп есептеймін.

Ақжан Машанов Қонаевқа партбилетін қайтармақшы болып барған кездесу жайлы таныс боларсыздар, диалогтан үзінді келтірсем.

Машановтың жайына қаныққан бірінші хатшы жалма-жан идеология жөніндегі хатшы С.Имашовпен телефон арқылы байланысып:

Саттар, менде Фарабиді қазаққа баба еткен ғалым Ақжан Машанов отыр. Енді ғалымның мазасын алмаңдар, зерттеуін жүргізе берсін! – депті. [2]. Содан бастап, Машанидың құлағы тынышталыпты. Дінмұхаммед Ахметұлының бұл тек ғалымға ғана емес, бүкіл қазақ жұртына жасаған жақсылығын ғалымның өзі 70-жылдарда жерлесі, ауылдасы, Ержан Елеусізге де мақтанып, масаттанып айтқанын 82 жастағы атаның өзінен естіп таспаға түсіріп алдық.

Ақжан Машанов кім? Ғалым туралы не білеміз? Мектеп ұстаздары ғалыммен қаншалықты таныс? Мектеп бағдарламасында ғалым жайлы қандай ақпарттар беріледі, еңбектері жайлы не айтылады деген сұрақтар қатты толғандырды. Әрине мектеп бағдарламасында берілген материал көңілімізден шықпады, ұстаздардың да ғалым өмірбаяны мен еңбектері жайлы білетіні де шамалы болып шықты.

6-сыныпқа арналған Қазақ әдебиеті оқулығында авторлары: Б. Керімбекова, Ж. Мұқанова «Ислам дәуіріндегі әдебиет (X-XII ғғ)» бөлімінде Әбу Насыр әл-Фараби тақырыбында Фарабидің мұрасы Әлкей Марғұлан, Ақжан Машанов, Орынбек Жәутіков, Әбсаттар Дербісәлин, Немат Келімбетов

және т.б ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелінді деп ғана айтылып өтеді.

Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық 2-бөлім. Авторлары: Ф. Оразбаева, Ж. Дәулетбекова, А. Рауандина, Р. Рахметова, А. Юсуп. «Жер астына саяхат-мамандықтар сыры туралы кітап» бөлімінде Ақжан Машановтың «Жер астына саяхат» шығармасы бойынша жұмыс түрлері берілген. Мамандық неден басталған? тақырыбында Ақжан Машанов пен әл-Фарабидің суреттері қатар беріліп, ғаламтор материалдарын пайдаланып, бірнеше сұрақтарға жауап беру тапсырылады. Сол сұрақтардың бірінде бұл кісілердің бір-бірімен қандай байланысы бар деген сұрақ бар. Оқушы бұл сұраққа жауап іздегенде мұғалім көмекке келуі қажет, оқушыны толықтырып, ғалымның сіңірген еңбегін айтып беру өте маңызды.

Өлкетану 5-7 сыныптар 2-бөлім Алматы кітап 2020 Әбу Насыр әл-Фараби тақырыбында академик Ақжан әл-Машани әл-Фарабидің орасан зор мирасы оның топырағына қайта оралуына өлшеусіз мол еңбек сіңіргені айтылады, ал кеңестік дәуірдің елуінші-алпысыншы жылдары «Мыңжылдық мәдени мұрамыз бар» деудің өзі қиын еді. Мектеп бағдарламасында әл-Фарабиді қазаққа қайтарып берген ғалым Ақжан Машанов жайлы, оның өмірбаяны, ашқан жаңалықтары, зерттеулері туралы толық мағлұмат берілсе деген ұсынысым бар. Ақжан Жақсыбекұлы өмірінің соңына дейін әл-Фараби мұрасын зерттеп, ғылымға теңдесі жоқ мұра қалдырды. Ұлы дала елінің ұрпақтары әрқашан Ұлыларын ұлықтауы-парызы деп есептеймін.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ақжан Машанов «әл-Фараби және Абай» Алматы «Қазақстан» 1994 жыл
2. Жадыра Аймаханқызы «Ақ желкен» журналы Ақжан Машани кім болды, қандай ғұмыр кешті? Мақаласы Алаш үні Толығырақ: https://alashainasy.kz/kazak_tarihy/akjan-mashani-km-boldyi-kanday-gumyir-kesht-85812/
3. 6-сыныпқа арналған Қазақ әдебиеті оқулығында авторлары: Б. Керімбекова, Ж. Мұқанова Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық 1-бөлім. Авторлары: Ф. Оразбаева, Ж. Дәулетбекова, А. Рауандина, Р. Рахметова, А. Юсуп.
4. Оқулық: Өлкетану хрестоматия 1-2 бөлім 5-7 сыныптар. Алматыкітап 2020. Авторлары: К.М Байпақов, З.Е. Қабылдинов, Г.В. Кан, С.С. Қорабай, Б. Әбдіғалиұлы, О.Б. Мазбаев, А.Ү. Сужикова, Ө. Әбдішүкірұлы, А.С. Диденко.

**ӘЛЖАПАРОВ НҰРЖАН ҚАЙРАТБЕКҰЛЫ**
*Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы*
*Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің*
*«Ю.Гагарин атындағы орта мектебі» КММ,*
*орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

# «ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ РӨЛІ»

Әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабидің педагогика саласындағы рөлі өте зор. Бар ғылымның анасы саналатын пәлсапаны бүкіл түркі қоғамына енгізген осы ғұлама ғалым болып саналады. Әл-Фараби өзінің еңбектері арқылы болашақ өскелең ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа, мейірімділікке, қамқорлыққа, парасаттылыққа, адалдыққа тәрбиелейді. Ислам дәуір әдебиетінің аса көрнекті өкілдердің бірі. Бір ғана «Қайырымды қала тұрғындары» атты еңбегі арқылы жұртшылықты қамқорлыққа тәрбиелеп, ғылымға деген ізденімпаздыққа жетелейді. Осы еңбектің негізгі ойы данышпан Абай айтқандай «Толық адам» моделі арқылы жалғасын тапқандай. Қайырымды қала тұрғындары күнделікті өмірінде жақсылық жасау керек деп есептейді әрі адал жолмен еңбек табуы анық көрініс табады. Ал, шәкірттерді тәрбиелеу бойынша педагогика саласына өшпестей із қалдырады. Балаға ең бірінші білім емес, саналы тәрбие берілуі қажет деп есептейді. Қазіргі ақпарат заманында цифрланған қоғамда, жас ұрпақтың санасы улануда, олар дайын ақпаратты ғана қолданып, өздігінен шешім қабылдауға, өз бетімен ойлануға, логикасын жұмсауға қиналып бара жатыр. Тіпті, қазіргі қоғамның басты дерті қатігездік болып бара жатыр. Тастанды бала, жетім бала, аяусыздықпен жасөспірімді соққыға жығу, айналадағы үлкен кісілерге деген дөрекілік осының барлығы өзекті мәселеге, ұрпақтың азғындығына айналып бара жатыр. Ал, бұларды тәрбиелеудің негізгі формуласын данышпан әл-Фараби ежелгі заманда бір ғана нақыл сөзімен «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» - деп түйіндеген. Бұл ілімді педагогика саласында ұстаздар қауымы күні бүгінге дейін қолданып келе жатырмыз, әлі де қолдана беретін боламыз. Бүкіл түркі әлеміне оның ішінде қазақ халқына IX ғасырда ғылымды насихаттаушы әрі негізін салушы осы әл-Фараби болды. Тіл ғылымдары, физика, химия, астрономия, әдебиеттану, тарих ғылымдарына ерекше үлес қосты. Өзі бірнеше тілдерді еркін меңгерді. Осыдан-ақ ғалымның ғылымға деген ерекше көзқарасын анық байқауға болады. Әл-Фараби тек түркі халықтарына ғана ортақ данышпан ғұлама ғалым емес, әлем жұртшылығына ортақ дара тұлға десек артық айтқандығымыз емес.

Орта ғасырда Ислам дәуірінде қазақ жерінен көптеген ғалымдар шықты. Соны бірі және бірегейі Әбу Насыр әл-Фараби. Мұсылман мәдениеті VII-XII ғасырларда шарықтау шегіне жеткен. Осы кезде Сыр бойындағы

Отырар қаласынан болашақта бүкіл шығыс ғалымдары Аплатон мен Аристотельден кейінгі екінші ұстаз деп баға берілген Әбу Насыр әл-Фараби болып танылған он алты жасар бала оқу іздеп, керуенге ілесіп, Бағдатқа аттанды. Әл-Фараби шыққан Сыр бойы ежелден көне мәдениеттің ошағы еді. Әл-Фарабиды білімге, ғылымға, ағартушылыққа жетелеген Отырар кітапханасы деп ойлаймын. Себебі, бұл кітапханада қаншама Орта Азия халықтарының бүкіл еңбектері топтастырылған болатын. Әл-Фарабидің интеллект жөніндегі философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып барып, қазақ қауымының жаңа тарихи жағдайында А.Құнанбайұлы зор бірлікпен жалғастыра түскен сияқты. Әл-Фарабидің «Қайрат, ақыл, жүрек» жөніндегі философиялық тұжырымы Абайдың он жетінші қара сөзінде өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты. Әдебиет теориясына байланысты үлкен әдеби-теориялық еңбек «Риторика» атты еңбегін жарыққа шығарды. Сонымен қатар, алғашқылардың бірі болып, поэзия тарихында терминдерге тоқталып, оларға толық анықтама берген. Грек поэзиясын он екі топқа бөлген және әрқайсысына анықтама берген. Әдебиетке өлшеусіз үлес қосып, көптеген өлеңдер шығарған. Ақындардың классификациясын, өлең өлшемдерін Орта Азияда алғашқылардың бірі болып зерттеген ғалым осы әл-Фараби еді. Ойымды тұжырымдай келе әл-Фараби еңбектері арқылы өскелең ұрпақты ізденімпаздыққа, шығармашылыққа, ағартушылыққа, кемел білімге, жарқын болашаққа тәрбиелей аламыз. Ал тәрбиелі, интеллектуалды ұрпақтан зиялы ұлт қалыптастырамыз. Зиялы ұлттың ішінен кешегі Әл-Фараби бабаларымыздай дара көшбасшылар шығатынына кәміл сенуімізге болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдеби сынының тарихы» Алматы: «Атамұра» 2005 ж.
2. Н.Келімбетов «Ежелгі дәуір әдебиеті» Алматы: 2007 ж.
3. Қ.Өмірәлиев «Бұрынғы дәуірдегі әдбиет» Алматы, 1997ж.
4. www.abay.kz, Qazaqstan Respublikasy «Egemen Qazaqstan» газеті.



**АҚЕСЕНОВА ШАТТЫҚ ЕРКІНКЫЗЫ**

*Атырау қаласы*

*№8 жалпы орта білім беретін мектептің*

*қазақ тілі пәні мұғалімі, педагог-сарапшы*


## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТРАКТАТТАРЫ

Әбу Насыр әл-Фараби – бүкіл дүние жүзіне танымал, түркілік ғұлама. Әл- Фараби дегенде бірден есімізге түсері оның барлық ғылым саласында

жазылған туындылары және Аристотель есімі. Себебі л-Фараби Аристотельді ұстаз санап, грек ойшылының еңбектерін сүйсіне оқыған. Бұл туралы әл-Фарабидің өзі: «Егер мен Аристотель кезінде өмір сүрсем, мен оның шәкірттерінің арасында ең үздік шәкірт болар едім» деген. Ғалымның бүкіл білім саласын қамтыған этика, психология, эстетика, саясат, логика, жаратылыстану жайлы трактаттар жазған. Әл-Фарабидің философиялық трактаттарының орны ерекше. Әл-Фарабидің философиялық зерттеулері ортағасырлық ғылымның барлық салаларын қамтиды. Ол әртүрлі ғылымдардың теориялық философиялық мағынасына қызығушылық танытып, ғылыми пәнге нақты теоретик, философ ретінде қарады.

Әл-Фараби өзінің грек философиялық ой-өрісін насихаттау жөніндегі қызметін екі жолмен: біріншіден, ол ежелгі грек ойшылдары мен натуралистерінің ірі шығармаларына түсініктеме жазу арқылы қиын жерлерді түсіндіріп, оқырманға түсінікті түрде жеткізе білді; екіншіден, арнайы жұмыстарды грек тілінің жеке маңызды шығармаларының жалпы мазмұны мен бағытын талдауға және ашуға арнады.

Әл-Фараби Аристотельдің «Бірінші аналитика», «Екінші аналитика», «Герменевтика», «Топика», «Риторика», «Софистика», «Категориялар» «Поэтика» еңбектеріне сонымен қатар, ол Птоломейдің «Алмагестіне», Александр Афродезиянның «Жаны туралы», Евклидтің «Геометриясының» жеке тарауларына, Порфириянның «Изагогасына»,т.б. түсіндірмелер жазды. Сол ерен еңбегінің нәтижесінде Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанды.

Ғалым топшылауында түсініктемелердің үш түрі белгілі болды:

а) үлкен түсініктеме – берілген шығарманың әр тараулары мен бөлімдеріне автордың дәйексөздері бөлек келтіріліп, содан кейін оларға түсініктеме беріледі.

б) түсініктеме берілген эссенің әр абзацының мәтінінің алғашқы сөздері ғана келтірілген, ал қалғандары түсіндірілетін орташа түсініктеме.

в) шағын түсініктеме – комментатор өз атынан сөйлейтін түсініктеме берілген жұмыстың парафразасы немесе талдауы. Ол түсініктеме берген философтың ілімін кез-келген нәрсені қосу немесе алып тастау, басқа трактаттардан осы ойды толықтыра алатын нәрсені келтіру, өз қалауы бойынша тәртіп орнату арқылы баяндайды.

Грек философтарының шығармаларына түсініктеме беру және олар туралы әртүрлі түсініктемелер жазу – бұл Фарабидің философиялық қызығушылықтары дамуының ғылыми қызметінің алғашқы кезеңі ғана. Олардың пайда болуы,біздің ойымызша, оның қызметінің екінші кезеңімен, ғылыми жетілу кезеңімен, шығармашылық тәуелсіздік пен зерттеу қабілеттерінің өркендеуімен байланысты.

Әл-Фараби туындыларын мазмұнына қарай төмендегідей тақырыптарға жіктеуге болады:

жалпы философиялық мәселелер бойынша трактаттар, яғни жалпы қасиеттерге, заңдарға және әртүрлі категорияларға арналған;

адамның танымдық іс-әрекетінің философиялық аспектілеріне арналған трактаттар, яғни таным формалары, қадамдары мен тәсілдері туралы;

философияның бастаулары, пәні, мазмұны мен тақырыбы туралы трактаттар және материяның сандық, кеңістіктік және көлемдік қатынастарын зерттеуге арналған әртүрлі нақты трактаттар, яғни арифметика, геометрия, астрономия, музыка;

материяның әртүрлі қасиеттерін және оның түрлерін, бейорганикалық табиғаттың, жануарлар мен адам ағзасының қасиеттерін қарастыратын трактаттар, яғни жаратылыстану ғылымдары: физика, химия, оптика, медицина,биология және т. б;

Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым десек, қателеспейміз. Әбу Насыр әл-Фараби тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын адам болмайтынын, тек үйретуден, баулудан жалықпау керектігін айтады. Ғалымның бұл ойын Абайша айтсақ, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға».

Қазірігі жалпы білім беру даму кезеңінде ерекше білімді қажет ететін балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстары өзекті мәселе ретінде қарастырыла отырып, оны дамытуға ерекше көңіл бөлінуде.

Тәрбиенің мақсаты яғни ерекше білімді қажет ететін балаларды өзін қоғамнан адам өмірінен алшақ ұстап қалмас үшін оларды еңбекке үйрету және де өмірде өз орнын табуға, өмірге икемді жеке тұлға тәрбиелеп қалыптастыру.

Балаға көмек көрсету үшін, ең алдымен ата-анаға оның дамуындағы ерекшеліктер туралы толық ақпарат беру.

Оның арнайы жағымды және жағымсыз қабілеттерін көрсету қажет. Осындай білім беру ортасының Ерекше білімді қажет ететін балаларға қолдау көрсету. Әр бала білім алу құқығын жүзеге асыруға, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау түзету дамыту қажетті көмекті алуға мүмкіндігі бар. Ерекше білімді қажет ететін бар баланы дұрыс бағыттап тәрбиелеу оның жалпы дамуына, әрі қарай қоғамдық өмірге бейімделуіне, психологиялық қолдау қажет етеді.

№7 М.Әуезов атындағы жалпы орта мектепте тәрбие жұмыстарының басты мақсаты – ерекше білімді қажет ететін бар балға мамандандырылған түзету көмегін беру, адамгершілігі жоғары, интеллектуалды, жан-жақты,

мәдениетті, шығармашыл, өз Отанын сүйетін, әлеуметтік жағдайларға бейімделуге қабілетті тұлға қалыптастыру.

Аталған мақсатты жетістікті жүзеге асыру үшін мектебімізде баланың дамуына керекті барлық жағдай туғызатын, тәрбиелеуге бағытталған тәрбие жұмысы жүргізілуде. Сонымен, ерекше білімді қажет ететін бар балалармен жұмыс жасаудағы ең маңызды мәселе әр баланың денсаулығы мен психикасына көңіл бөлу. Болашақ ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу ісіндегі басты тұлға тәрбиеші педагогтар мен ата-аналар.

Балалардың білім алу үрдісінде көптеген әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Соның ішіндегі ең қолайлы әдістер: әр бағытқа сәйкес қоғамдық шығармашылық тәрбие іс- әрекеттері, сондай-ақ тақырыпты тілдесу сағаттары, яғни әңгіме, пікірталас, сұрақ-жауап, ой-қозғау т.б. әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Мысалы: сезу, қабылдау ,ойлау, есте сақтау қабілеттерін баланың ойын әрекеттерінде көрсетуге болады. Мысалы: «Сақина салу», «Орамал тастамақ», «Орныңды тап» т.б. ойындарында және тұрмыс-жағдайында ерекше орын алады.

Оқыту мен тәрбиелеуде – ұжымдық жаттығулар, ойын, көптеген саяхат сабақтары ұйымдастырылады. Өйткені баланың тез жалығып, шаршамауы қарастырылған.

Тәрбие сағаттарын пәндермен байланыстыру мақсатында, кіріктірілген тәрбие сағаттары тәрбие жоспарына ендірілген. Кеңістікті бағдарлау, әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау мен тәрбие сағаттарының байланысын нығайту өте пайдалы.

Мысалы: «Қазақтың салт дәстүрі», «Қонақжайлылық» «Табиғатты аялайық» т.б. осы сияқты тақырыптарда жүргізіліп отырады. Бұл бағыт балаларға тәрбие сағаттарындағы тақырыпты жете түсіну және бекіту кезеңдерін бірнеше рет қайталауға көмектеседі. Бала қызығушылығын ояту үшін тәрбие сағаттары бейнелі болу керек. Ол тұлғаны еңбекке баулиды, қол моторикасының дамуына ықпал етеді. Балаға дер кезінде көмек көрсетілсе, мадақтап, марапаттаса оның көңілі тұрақтанады, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге ынталанады және жаңа жағдайларға бейімделгіш болады.Тәрбие процесінде тәрбиеленуші тақырыпты толық меңгеруі үшін сезу қабілеттеріне арналған әр түрлі материалдар үлгілерінің жиынтығын пайдаланамыз. Қолдан жасаған әртүрлі заттарды ұстатып не зат екенін табу, табиғи материалдарды қолдарымен ұстап, сезінуі арқылы бала тақырыпты толығымен түсініп, меңгереді. Қол саусақтарының майда бұлшық еттерін және шамалауды дамыту үшін алуан түрлі дидактикалық ойындар жүргізіледі. Мысалы: қағазды бүктеу өнері – оригамимен де үнемі жұмыс жүргізіп отырамыз, күнделікті тұрмыста кездесетін түйме қадау, бау байлауды үйрету, табиғат құбылысындағы бұлт, жаңбыр, шырша, ойыншық жасау сияқты т.б.

Өйткені қағаз фигуралар жасау жұмысы жан-жақты ойлауды, логиканы, математикалық дәлме-дәл есептеуді және үлкен жүректі, қоршаған орта поэзиясын нәзік түсінуді қажет етеді.

№7 М.Әуезов атындағы жалпы орта мектепте түзету жұмыстары отбасында бала дамуына қажетті жағымды шарттар тудыруға бағытталған. Бұл бағытта мына жұмыстар жүзеге асырылады:

- отбасының әрбір мүшесімен, ата-аналармен, отбасымен сұхбаттасу;
- отбасылық психотерапия;
- ата-аналар мен балаларға арналған ойын сеанстары;
- ата-аналарға, балаларға арналған топтық сабақтар;
- ата-аналарға қолдау көрсетуге арналған топтар;
- ата-аналар мен балаларға арналған ортақ кештер.

Ата-аналармен сұхбат барысында балаға деген негативизм, баланы сыйламау, агрессия, пассивтілік, эмоционалдық салқындық, ашушаңдық сияқты мәселелер талқыланады. Сұхбат барысында келесі сұрақтар белең алады: ата-аналар тарапынан баланың махаббатқа деген қажеттілігін қанағаттандыру; дамуында ақауы бар балаға отбасында тәрбиелеудің күзеттік тәртібін орнату. Әке мен анамен сұхбат көп жағдайда отбасылық дискуссияға ұласады.

Отбасылық топтарда жұмыстың түрлі әдіс-тәсілдері тәжірибеден өткізіледі: сұхбаттасу, дискуссиялар, семинарлар, тренингтер, дефектологтың, психологтың ашық сабақтарына қатысу, балалардың іс-әрекеттері мен жағдаяттарын талдау, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған арнайы жаттығулар.

Сонымен қатар балаларды бір-бірінен бөлектемей қоғамдық жұмыстарға, мерекелік іс-шараларға қатыстырып отырамыз.

Мектебімізде балаларының арасында қоғамдық пайдалы еңбекке қатысу, өзіне-өзі қызмет көрсету, қоғамдық меншікті қорғау дұрыс жолға қойылған. Өзін-өзі тану қоршаған ортаны түсінуге, оған өзінің қатыстылығын сапалы сезінуге, өзінің өмірлік ұстанымын анықтауға көмек беру үшін қажет. Тағы бір айта кететін жайт: Ерекше білімді қажет ететін балаларды бос уақытты да тиімді пайдаланады. Бос уақыт тек серуен емес, қоршаған ортада жүріп тұруға үйренеді, өз қызығушылығымен айналысады. Мектепте балаларға құрал-жабдықтары, дидактикалық құралдар. Балаларымыз тек білім нәрімен сусындап қана қоймай, ән айтуға, сурет салуға, қол өнерге, спортқа өте бейімді-ақ. Балалардың жаны тым нәзік, мейірімге зәру екенін ескере отырып, олардың тәрбиелі, білімді, еңбексүйгіш етіп өсіруге жалпы ұжым қызмет етуде. Сонымен қатар, би, домбыра, шахмат, қолөнер, қылқалам, тоғызқұмалақ үйірмелері жұмыс істейді. Балалар үйірмелерге қызығушылықпен қатысып, биіктерден көрінуде.

Бұл әрине, мектеп педагог қызметкерлерінің жұмыс нәтижелері.

Мектепте атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар, істердің басы қасында арнаулы мамандар оқушы мен қатар жүреді.

Біз түзету дамуында жұмыстарын «Ерекше білімді қажет ететін балалар» тәрбиелеп отырғандықтан оларды жан-жақты дамып, әлеуметтік ортада еркін жүріп тұратын, алған білімін, тәрбиесін іске қолдана біліп, адамгершілігі бар, жеке тұлға болып қалыптасуына жұмыс атқарып жатырмыз, әлі де көп жұмыстар істейміз. Бұл бізге жүктелген міндет деп ұғамыз. Ой өрісі дамыған және психикалық дені сау балаларды тәрбиелей отыра, біз егеменді еліміздің болашақ азаматын яғни, біздің балаларымыз өмір сүретін қоғамды тәрбиелейміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Байменова Б.С. Қазақстанда және шетелде инклюзивті білім беруді дамыту: оқу құралы / Б.С.Байменова.

2. Тоқаев Қ. Ғалым-философ Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын мемлекеттік деңгейде атап өту туралы қаулысы, 2019 жылғы 26 тамыз.

3.Белякова, Л.И. Логопедиялық терапия. Громова О.Е. Бастапқы балалардың сөздік қорын дамуында проблемалары бар балалар (кешенді диагностика және түзету) / ред. Григорьева Л.П.– 2002.– 415 б.

4. Жұбақова С.С. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы. Оқулық. С.С.Жұбакова– Алматы: Эверо, 2017.–148б.

**КУСЕНОВА АНАР АЛИБЕКОВНА**

*Атырау облысы Жылыой ауданы,*
*№22 жалпы орта білім беретін мектептің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

## ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби ат-Түрки – Шығыс ойшылының толық аты. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққан, бұған дәлел оның толық аты жөнінде «Тархан» деген атаудың болуы.

IX-X ғасырларда Фараб (Отырар) қаласы – ірі саяси, мәдени және сауда орталығы, ортағасырлық Еуропа мен Азияны байланыстырып, көптеген саяхатшылар мен саудагерлерді қызықтыратын Ұлы жібек жолының керуен жолдарының торабы болды. Әбу Насыр 20 жасына дейін өзі өмір сүрген Фараб қаласында ғылыми білімнің негізін алды. Мұнда оның Отырар кітапханасының философиялық және ғылыми еңбектерімен танысу мүмкіндігі болды. Отырар

кітапханасы кейбір ғалымдардың пікірінше сол кездегі атақты Александрия кітапханасынан кейінгі ең бай және кітап пен қолжазбалар саны бойынша әлемде екінші кітапхана болып саналды. Өсе келе ол Бухараға, Самарқандқа, Шашқа (Ташкент) барып, біраз уақыт оқыды, жұмыс істеді.

Білімін жалғастыру үшін Әбу Насыр Араб халифатының мәдени және саяси орталығы болған Бағдадқа барады. Дәл осы жерде әйгілі аудармашылар мектебі жұмыс істеді. Олар Платон, Аристотель, Гален, Евклидтің еңбектерін аударып, бұл еңбектерге ғылыми түсініктемелер жазатын. Бағдадта Әбу Насырдың тәлімгерлері Джуханна ибн Хайлан және араб тіліндегі ежелгі мәтіндердің атақты аудармашысы Абу Бишр Матта болды. Ғалым әл-Фараби ондаған тілдер мен диалектілерді меңгерді, ал түрік, араб, грек, парсы тілдерін жетік білген, оның дәлелі – жазған еңбектері.

Әбу Насыр әл-Фараби – Аристотельдің және Платонның шығармаларына жазылған түсініктемелердің авторы. Осыған байланысты әл-Фараби Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанды. Әл-Фараби Аристотельдің «Категория», «Герменевтика», «Софистика», «Риторика», «Логика» және «Поэтика» сияқты туындыларына, сонымен қатар Порфирийдің «Философияға кіріспе» сияқты туындысына және басқа да ойшылдардың туындыларына түсініктемелер жазды. Фарабидің төл шығармаларының ішіндегі ең белгілілері – «Даналық маржандары», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Философиялық трактаттар» және «Музыка туралы үлкен кітап».

Әл-Фараби есімі әлемдік ғылым мен мәдениет тарихында қомақты орын алады. Оның еңбектері еуропалық Қайта өрлеу дәуіріне үлкен әсер етіп, Батыс пен Шығыстың мәдениеттері мен философияларын байланыстыратын көпір болды. Қазақстанда әл-Фараби мұрасын зерттеу мәселелері XX ғасырдың екінші жартысында көтерілді. Атап айтқанда, 1960 жылы 15 қазанда Ақжан Машанов (Машани) деген ғалым Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті академик Қ.И. Сәтбаевқа әл-Фараби мұрасын зерттеу және еңбектерін аудару туралы ғалымдардың идеясын қолдауды сұрап: «Ұлы әл-Фараби біздің жерлесіміз, бірақ біз ол туралы аз білеміз …», – деп атап өткен болатын. Осы уақыттан бастап ғалымдарымыз әл-Фарабидің өмірі мен шығармаларын зерттей бастады.

Фарабитануға қомақты үлес қосқандар қатарынан ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми орталығының негізін қалаушы А.Х.Қасымжанов; араб тілін меңгерген және әл-Фараби математикасы бойынша докторлық диссертация қорғаған әйгілі математик А.Көбесов; академик, философ М.Бурабаев сияқты ғалымдарды; белгілі қазақ жазушысы Ә.Әлімжановты атауға болады.

1970 жылы маңызды іс-шара – Ақжан Машани мен Ағын Қасымжановтың ұйымдастыруымен әл-Фарабидің 1100 жылдығына орай Алматы, Мәскеу және Бағдатта ЮНЕСКО мен Қазақ КСР Үкіметінің қолдауымен бір уақытта

өткізілген әл-Фараби мұрасы жөніндегі халықаралық конференция өтті. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін бұл саланың зерттеу қарқыны үдете түсті. 1991 жылдың 23 қазанында Қазақ ұлттық университетіне әл-Фараби есімі берілді.

Адамзат қоғамының бір бөлшегі ретінде жасап келе жатқан қазақ мәдениеті шығыстық өркениеттің құрамдас бір бөлігі десек, ата-бабаларымыз өзінің күрделі де сан қырлы тарихының қатпарлы беттерінде Үндістанмен, Қытаймен, Мысырмен, Иракпен, Сириямен, Византиямен, Иранмен әртүрлі деңгейде мәдени байланыста болғаны тарихтан белгілі. Рухани байланыстың осы елдермен толассыз жүргенінің кепілі – Әбу Насыр әл-Фараби, Исмаил әл-Жауһари әл-Фараби, Ахмет Иассауи, Махмұд Қашқари сынды данышпандардың еңбектері мен зерттеулері. Қазақ және араб әдеби байланыстарының түп төркіні орта ғасырда қазіргі қазақ топырағында туып-өсіп, араб жерінде ғылым нәріне сусындаған, сөйтіп ислам мәдениетінің, араб әдебиетінің классикалық деңгейге жетуіне үлкен үлес қосқан данышпандардың ғылыми еңбектерінде жатыр деп айтуға болады [1, 1–10].

Әбу Наср әл-Фарабидің жас кезінен Бағдатқа баруының мынадай екі сыры бар. Біріншіден, сол кездегі Бағдат халифатын басқарған Аббас әулетінің сенімді уәзірлері негізінен түркістандық Фараб қаласынан болған. Екіншіден, Бағдат шаһары ғылым мен өнер жолына бет алған адамдарға қақпасын кең ашып, барынша жағдай жасаған. Бағдатта «Баит әл-хакма» атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған. Алғашқы кезде Әбу Наср әл-Фараби өзін ақын, әнші, күйші ретінде танытып, одан соң ежелгі грек ғалымдарының қолжазбаларын оқу арқылы күрделі ғылыми зерттеулермен шұғылдануға кіріскен. Фарабидің алғашқы ұстаздары Иса пайғамбарды «құдайдың баласы» демей, «пайғамбар» деп таныған несториандық христиандар болған. Ежелгі грек ғылымы мен араб ғылымының арасын қосқан осылар еді. Әбу Наср әл-Фараби өзінің философия көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол дүниенің мәңгілігін мойындады, танымның болмысқа тәуелділігін растады, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын құдіретті Алладан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен, ақыл-парасаттан, адамның жан-дүниесінен, түр мен материя ара-қатынасынан іздеді. Демек, Әбу Наср әл-Фарабидің философиялық ілімін де өз кезеңінің діни түсініктері тұрғысынан қарастырған лазым. Ол, әсіресе, «Аспан астындағы дүние» ілімінен неғұрлым айқын көрінеді. Бұл Аристотельдің жасампаз ақыл жөніндегі көзқарасын әрі қарай дамыту еді. Жасампаз ақыл – тек «аспан астындағы дүниенің» қозғалыс себебі ғана емес, өз алдына логос. Осы дүниенің заңдылығы – жер бетіндегі дүниеге іштей тән ақыл. Жеке адамның ақылы әлемдік санамен ұштасса ғана дамиды. Соңғысы, яғни әлемдік сана – мәңгі. Адам болса дүние салады, өткінші. Осыдан барып жанның мәңгі екенін және басқа жаққа ұшып

кетуін бекерге шығару туады, мұның өзі діни қағидалар мен философияның арасындағы күреске тиек болған тезис еді.

Аристотельдің «Никомахтың этикасында» (1-кітап, §1) келтірілген схемасын негізге ала отырып, әл-Фараби философияны теориялық және практикалық деп екіге бөледі. Теориялық философия өзгермейтін, өткінші емес заттарды, практикалық философия өзгертуге немесе жасауға болатын заттарды зерттейді. Философия, Әбу Наср әл-Фарабидің білуінше, адамда ғана болатын «ең ерекше» игілік – ақыл, парасат арқылы меңгеріледі. Әбу Наср әл-Фарабидің атап көрсетуінше, адам өзінің бақытқа жету жолын логикадан бастаған жөн.

Қорыта келе әл-Фараби нысанын зерттеген ғалымдардың пікірінше: *«Әл-Фараби – өз заманының және өз дәуірінің өкілі ретінде адамзаттың көптеген салаларында іргелі проблемалар туралы айтқан әмбебап ойшыл»,*- дейді. Ұлы ойшылдың кейбір идеялары келешек ұрпақтарға арнап айтылғандай терең қасиетті мағынаға ие, қазіргі адамзаттың өмір шындығына сәйкес келеді. Бүгінгі күні әлемде орын алып жатқан жаһандық келіспеушіліктерге байланысты *«Тек кемел ақыл-ой ғана, адамдар арасындағы жанжалдың (соғыстың) мағынасыздығын көрсетеді және олар ең жоғарғы ізгілікке жету үшін бір келісімге келуі тиіс»,*- деген пайғамбарлық тұжырымдарды иеленеді. Әл-Фарабидің еңбектеріндегі көрегендігі қазіргі таңдағы терең тұжырымдамалық маңыздарды растайды. Сондықтан ол әлемдік өркениет пен мәдениеттің тарихында терең із қалдырған ойшылдардың арасында лайықты орын алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ә.Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары, Алматы, 1995. [58,99]

2. Конрад Н. И. Запад и Восток.– Москва: Наука, 1972.– 496 б. [17,56]

3. М.Бурабаев. Өшпес жұлдыздар. Ұлы ғалымдар өмірінен (ҮІІІ-ХІҮ ғғ), Алматы, 1989. [56,75]

4. М.Хайруллаев «Мировозрение Фараби» монография [36,112]

5. Салқынбаев. М. «Әл-Фарабидің әдеби мұраларының зерттелуі» монография. [1,89].

**АЛЬКЕЕВА САУЛЕ МУХАМЕДЖАНОВНА**

*старший преподаватель, магистр пед.наук*

*«НАО Медицинский университет Астана» г. Астана*

**АЙЫМБЕКОВА КАРЛЫГАШ СЫДЫКОВНА**

*преподаватель кафедры филологических дисциплин*

*«НАО Медицинский университет Астана» г. Астана*

**МОЛДАГАЛИЕВА РАУШАН ШАМЖАНОВНА**

*старший преподаватель, магистр пед.наук*

*«НАО Медицинский университет Астана» г. Астана*

**ТОГАЕВА АСЫЛ**

*студентка 2 курса, специальности «Медицина»*
*«НАО Медицинский университет Астана» г. Астана*

# РОЛЬ НАСЛЕДИЯ ВЕЛИКИХ МЫСЛИТЕЛЕЙ: АЛЬ-ФАРАБИ И АБАЯ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

В статье рассмотрены педагогические и философские взгляды великого мыслителя Востока Абу Наср аль-Фараби и гуманиста Абая Кунанбаева на проблему духовно-нравственного воспитания. Основополагающее значение уделено общечеловеческим проблемам формирования нравственных принципов и нравственных ценностей в жизни каждого человека.

*Ключевые слова:* духовно-нравственное воспитание, нравственные ценности, духовное наследие, гражданский долг, нравственные ориентиры, нравственная природа, духовный потенциал, интеллект, разум.

Если идти в ногу со временем, то должны совершенствоваться и мастерство учителя и технологии обучения. Мастерство учителя – это не только всесторонняя и методическая грамотность учителя, но и умение впитывать в себя каждое слово. Говоря о педагогической этике, мы обращаем внимание на гуманные рассуждения восточных мыслителей. На сегодняшний день, не утратили своей ценности педагогические взгляды в трудах второго учителя, ученого, великого мыслителя аль-Фараби, сколько бы веков не прошло.

В понимании современного образа социального государства необходимо учитывать историческую традицию формирования отношений человека и общества, гражданина и власти, которая характерна для разных эпох и стран. Так, специфику подхода к построению социального государства в современном Казахстане невозможно понять без обращения к традициям менталитета и образу человека, общества, власти в тюркоязычном мире в целом и в казахской степи – в частности. Именно здесь картины общественно-политической жизни стали фоном для размышления мыслителей Востока о предназначении государства, его роли и функциях, типах правления, характеристиках народа и др. вопросах. Идеи Абу Наср аль-Фараби, Абая Кунанбаева, Шакарима Кудайбердиева, Чокана Валиханова, Жусупа Баласагуни, Ахмета Байтурсынова, Султанмахмута Торайгырова опирались на признание человека, его жизни, достоинства, свободы высшей ценностью, мерой всех вещей. Для их творчества характерны высокий гражданский долг и ответственность перед обществом, перед своим народом. Их путь, так же как и путь других общественных деятелей и просветителей казахского народа – это путь служения своему народу, путь к созиданию и знаниям.

Казахские мыслители показали нравственную природу справедливости и значение таких ценностей общественной жизни, как трудолюбие,

взаимопомощь, сострадание, милосердие, достоинство и др. Это и выделяет их как носителей высокого духовного потенциала своего народа и выразителей основополагающих идей социального государства. Вклад казахских мыслителей прошлого следует рассматривать как формирование теоретических представлений о социальном предназначении жизни людей, выраженных в памфлетической, поэтический, публицистической, научной формах изложения. Так как труды и деятельность казахских просветителей были известны в сопредельных странах, то не только в казахской степи, но и у соседей, благодаря этому формировалось представление о ценностях и традициях казахского народа.

Изучить тайны бытия – такова цель вечного поиска человечества. Над предназначением человека задумывались и великие мыслители Востока. Среди целой плеяды выдающихся ученых, поэтов, философов личность Абу Наср аль-Фараби (870-950) отмечена величием и уникальностью. Заслуги ученого были по достоинству оценены современниками: благодаря нравственной высоте силе мысли ему был присвоен титул «Муаллим ассана» – «Второй учитель» (первым был Аристотель). Фараби требовал от человека соблюдения высоких норм морали. «Тому, кто стремится к истокам науки мудрости, необходимо быть доброго нрава, воспитанным наилучшим образом, изучить Коран и науки Закона в первую очередь. Быть благоразумным, целомудренным, совестливым, правдивым, отталкивающим порок, разврат, измену, ложь, уловки. Быть свободным умом от интересов пропитания, приближаясь к выполнению законных назначений, не нарушая опоры законных основ и не нарушая ни одного из правил сунны и шариата. Стремиться к возвышению в науке и (среди) ученых, не избирая науку ради нескольких достижений и приобретений, (не избирая ее) средством приобретения материальных благ» [1,с.25]. Это воззвание Фараби, прозвучавшее в X веке, должно стать жизненным кредо современных ученых, многие из которых ради известности и материального благополучия готовы переступить тонкую грань вседозволенного. Выступая в защиту добродетели, мыслитель указывает пути к счастью: человек не только должен обладать хорошим нравом, но, самое главное, совершенствовать его. «Действия, благодаря которым человек добивается совершенства своего нрава, подобны тем, (действиям), благодаря которым человек добивается совершенства своего тела» [2,с.51]. Только соблюдая меру, можно достигнуть гармонии души и тела. «Уклон от меры – это избыток, либо недостаток» [2,с.51]. И, действительно, чрезмерное стремление быть добродетельным, не подкрепленное искренними намерениями, грозит выйти за рамки морали. А недостаток нравственных чувств ведет к бедности души. рассуждая о людских пороках, аль-Фараби рассматривает типологию человеческих качеств. Особенно интересны высказывания о добре и зле: «Добродетельный человек,

обладающий этическими добродетелями, всегда желает и жаждет целей, которые действительно являются благом, и делает их предметом стремления. Злой человек всегда стремится к целям, которые являются действительно злом, но представляются ему добром в силу болезни его души. Хитрый и лживый человек злым и порочным» [2,с.52].

Представления о демократизации жизни общества выражены в политической мысли XIX века великими представителями казахского народа Абаем Кунанбаевым. Образование является краеугольным камнем свободного общества, тем фундаментом, на котором строится и держится сильное и здоровое государство [3, с.18].

Творчество Абая является действительно своеобразной «энциклопедией казахской жизни», настолько оно полно и глубоко, а главное, с невероятной смелостью и критической остротой охватывает все стороны социальной и духовной жизни казахов второй половины XIX и начала XX века.

Духовное наследие Абая Кунанбаева стало достоянием общечеловеческой культуры. Его общественно-политические взгляды отражены в поэзии, в «Назиданиях» и в своде законоположений под названием «Би ережелері» и выразили условия жизни казахского народа, его судьбу. В этих работах осуждаются и бичуются пороки в жизни феодально-родовой и чиновничьей знати, казахский народ призывается к просвещению, преодолению нищеты, невежества, рабской покорности, межродовой вражды и разобщенности. Абай последовательно проводит идею о том, что знание, вера и нравственность — это основные ценности, которые формируются и сохраняются народом: «Лишь знанием жив человек. Лишь знанием движется век». «Благословенны будьте – труд земной, ученье доброе и знания покой. Все остальное – власть ли, своевластье – тщета пред этой мудростью простой» [4, с.196].

А как часто не только современники Абая, но и мы, вступившие в XXI столетие, забываем об этой высокой, прекрасной миссии человека на земле – быть её украшением, нередко теряя время, силы и здоровье во всевозможных щедро «дарованных» нам нашей действительностью мелочных конфликтах, конфронтациях, стрессовых ситуациях, нередко нами самими же создаваемых.

Манера общения с молодым поколением, нашедшая продолжение в творчестве Абая, сводится к перечислению свойств нравственных и безнравственных. Ценными являются для молодого человека справедливость, правдивость, терпение, щедрость, трудолюбие:

Стыдливость и совесть – преграда порокам,
Бесстыжий томится в недуге жестоком...
Правдивость, стыдливость и доброе дело
В единстве – залог преблагого удела!.. [5, с. 32].

Абу Наср аль - Фараби, Абай гении своего народа. В них много общего, несмотря на то, что они жили и творили в разное время. Гуманисты, чьи сердца пронизаны любовью к своему народу, мечтой о его просвещении и свободе.

Каждый из них – целый мир, который человечество тщится открыть, познать и освоить. Что поразительно, каждый из них, будучи национальным гением, носителем и выразителем национального языка, духа, идеи и менталитета, смог вырваться из сугубо национальных тенет и воспарить над сферой всечеловеческих идеалов и ценностей.

Идеи Абу Наср аль-Фараби, Абая Кунанбаева опирались на признание человека, его жизни, достоинства, свободы высшей ценностью, мерой всех вещей. Для их творчества характерны высокий гражданский долг и ответственность перед обществом, перед своим народом. Их путь, так же как и путь других общественных деятелей и просветителей казахского народа – это путь служения своему народу, путь к созиданию и знаниям. «Духовно политические ценности свобода, справедливость, равенство – воплощается в комплексе идей, доктрин, концепций» [6,с.16].

Ученый подчеркивает роль окружающей среды в воспитании личности, его воли и желания. Педагогические взгляды аль-Фараби органически связаны и переплетены с его философскими и социально-этическими взглядами. Педагогика ученого входит в состав его гражданской или практической философии и изучает различные стороны сознательных действий и способов жизни, цепи, ради которых они совершаются, формы их проявления в человеке, методы управления ими, воспитания их, а также способы сохранения их для человека. Казахские мыслители показали нравственную природу справедливости и значение таких ценностей общественной жизни, как трудолюбие, взаимопомощь, сострадание, милосердие, достоинство и др. Это и выделяет их как носителей высокого духовного потенциала своего народа и выразителей основополагающих идей социального государства. Вклад казахских мыслителей прошлого следует рассматривать как формирование теоретических представлений о социальном предназначении жизни людей, выраженных в памфлетической, поэтический, публицистической, научной формах изложения. Так как труды и деятельность казахских просветителей были известны в сопредельных странах, то не только в казахской степи, но и у соседей, благодаря этому формировалось представление о ценностях и традициях казахского народа.

Поколения сменяются чредой... Но остаются аль-Фараби, Абай как вечные духовные наставники и нравственные ориентиры человечества в взбаламученном, бушующем океане бытия. Могучий дух аль-Фараби и Абая, воспевающие общечеловеческие нравственные ценности, актуальны и востребованы всегда. Поэтому не случайно спустя века наследие аль- Фараби, Абая притягивает и волнует, заставляя нас вновь и вновь обращаться к ним.

Прогрессивные социально-педагогические, философские идеи аль-Фараби, Абая оказали сильное влияние на развитие педагогической мысли Востока и Европы и продолжают оставаться актуальными в настоящее время.

**Использованная литература:**

1.Портреты А.Х. Касымжанов.– Университет «Кайнар», Алматы, 1995 – 127с.

2.Антология педагогической мысли Казахстана /Сост. К.Б. Жарикбаев С.К. Калиев – Алматы: Рауан, 1995.– 512 с.

3.Байкадамова А.Б. Демократия и образование. Вестник КазНПу им.Абая № 1 (17) – с.51-54

4.Казахская литература: информационно-литературный сборник / составители М.Сергеева, М.Чирчик.– Алматы, 1998.– 200 с.

5. Батырбекова Р. Изучение наследия Абая в начале XX века. Алматы: Казахстан,1999 – с.56.

6.Баймурзаева В.Х. Функции общеказахстанских ценностей. Вестник КазНПУ им.Абая. № 4(20).– С.16-23.

**ЖУСУПБЕКОВА САНДУГАШ ИНКАРБЕКОВНА**
*Қарағанды қаласы,*
*«Сәлмия Саттаров атындағы мектеп-лицейі» КММ,*
*физика пәні мұғалімі*

## «ҒҰЛАМА ОЙШЫЛДАР ҮНДЕСТІГІ»

Бұл мақалада оқушылар қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгерлер – ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби мен Ұлы хакім Абайдың тұлғалалық өмірі, сара жолдары, адамзат баласына өмірлік ұстаным, өмірді мәнді өткізуге шамшырақ болуға негіз болатынын түсінуге болады.

Түйінді сөздер: ғұлама ойшылдардың қосарланған есімдері, оқу-білімге деген құштарлық, жердің жаратылуы туралы ойлары үндестігі.

«Ел басына күн туған кезде халқына екі данышпан ұлдарының есімі рухани демеу болады.

Олар:бірінші – әл-Фараби, екінші – Абай»

***Ақжан әл-Машани.*** Өз заманының ұлы ойшылдары Әбу Насыр әл-Фараби мен хакім Абайдың зерттеу еңбектеріне назар аударсақ жан-жақты терең мағлұмат ала аламыз. А.Машанидің шәкірті ғалым Ауданбек Көбесовтің пайымдауынша «Білгенге Әбу Насыр әл-Фараби мен Ұлы хакім Абай өмірге мың жылда бір келетін саңлақтар. Қазақтың біртуар ұлы Ақжан Машани 1959 жылдан бастап «Екінші ұстаз» атанған шығыстың ұлы ойшылдарының бірі әл-

Фарабиді зерттеп, қазақ топырағына әкелген. Он сегіз мың ғаламның тілін білмесе де сырын ұғынған ұлы бабамыздың Қыпшақ даласында дүниеге келіп, түркі жұртын әлемге танытқан ақыл иесі екендігін дәлелдеп берді.

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек сол көне ғасыр ғұламаларының көшін бастаушылардың бірі де, бірегейі де Әбу Насыр әл-Фараби болғандығын білетін Ақжан Машани, екі дана Әбу Насыр әл-Фараби мен Абайдың арасын жалғастырар рухани сабақтастықты тауып дәлелдейді. Әл-Фарабидің ұлылығын тек ғалымдығымен қатар, көп қырлы ғұлама, ерен өнершіл, әрі ақындығымен ұштастыра зерттеген. Ақжан Машанидің пікірінше «...Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болған. Бірақ олардың ішінде дәл әл-Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш салаға бірдей ұлы үлес қосқан, аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын.» деп тұжырымдап, сонымен бірге қазақ топырағында ұлы бабаға жақын, рухани сабақтас адамды іздестіргенде Абайды айналып өте алмаған екен.

Ғұлама ойшылдардың қосарланған есімдерінің үндестігіне тоқталатын болсам, әл-Фарабидің толық аты-жөні – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби. Әл-Фараби Фараб қаласынан шыққан дегенді білдіреді. Өзінің азан шақырып қойған аты – Мұхаммед, әкесінің де аты – Мұхаммед, атасының аты – Тархан, бабасы – Ұзлағ. Кейде оны жай ғана «Тархани» деп те атаған. Бір ұлының аты – Насыр болғандығынан Әбу Насыр атанады. Абай Құнанбаев, шын аты (Ибраһим). Абай әжесі Зеренің тәрбиесінде болған. Әжесі «Абай, Абайым» деп еркелетіп,қысқа айтқан («абай бол,сақ бол»деген мағынаны білдіреді) ойшылдардың  оқу-білімге деген үндестіктеріне тоқталатын болсам, Әл-Фарабидің әкесі атақты, ауқатты, қолында билігі болған. Әл-Фараби сауатын балалық шағында өзінің елінде, өзінің ана тілінде алған. Ол 16 жасында (кейбір мәлімет бойынша 12 жасында) керуенге ілесіп Бағдатқа оқуға келген. Зерттеушілердің деректеріне қарағанда әл-Фараби Бағадатқа оқу-білім іздеп келген кезде Бағдатта Арун Рашид кезінен бастап ғылым, өнер қуған адамдарға қақпасын кең ашқан. Сол себепті әл-Фарабидің бұл жерден ғылым үйренуіне жағдай болған. Алғашқы кезде әл-Фараби өзін ақын, әнші, күйші, музыкант ретінде танытқан. Кейін ол ірі ғалымдардан дәріс тыңдап, сабақ алған. Оның алғашқы ұстаздары Александриядан, Византиядан ығысып келген ғалымдар болған. Грек, араб тілдерін меңгерген соң, басқа шаһарларда тұратын ғалымдардан дәріс алады. Содан ол араб елдеріне келіп, еңбектерін араб тілдерінде жазып мәшһүр болды. Әл-Фараби ғұмырының соңын Сирия-Шам елінде өткізген. Өйткені, сол кезде Сирияның мәдени өркендеу деңгейі басқа араб елдеріне қарағанда жоғары болған екен. Абайдың әкесі Құнанбай баласының зеректігін бірден байқап, оған жан-жақты білім беруге тырысады. Ал 13 жасында оны оқудан алып кетіп, ел басқару жұмысына салады. Абайдың рухани жағынан өсуіне айтарлықтай әсер еткен батыстың өркениеті мен философиясы, ғылымы мен

мәдениеті. Батыс пен Шығыс мәдениеттерін шебер ұштастыра білді. Александр Пушкиннің «Евгений Онегин» шығармасынан «Татьянаның хатын» және «Ленскийдің сөзін», Михаил Лермонтовтың «Ой», «Жолға шықтым бір жым- жырт түнде жалғыз», «Қанжар», «Теректің сыйы» және тағы басқа өлеңдерін қазақ тілінде сөйлетті. Ғұлама ойшылдардың музыкаға әуестігінің үндестігіне үңілсек, әл-Фараби-музыка мәдениетінің барлық қырына қалам тартып, зор жетістіктерге жеткен екен. Сирия әмірі ұйымдастырған мәжілісте өнер көрсеткендерге әл-Фараби түрлі музыкалық аспаптардың мақамын дұрыстап беріп отырады. Әл-Фарабидің музыкаға бейім екендігін көріп, байқаған әмір ғалымның күй тартуын қалайды. Әл-Фараби өзімен алып келген аспабын ала салып, күй тартып, тыңдаушыларды тәнті етеді. Музыканы қатты ұнататын Сайф ад-Дау музыка жөнінде кітап жазып беруді тапсырады. Әл-Фарабидің артында өлмес мұрасының бірі болған «Музыканың ұлы кітабының» жазылу себебі осы еді.

Абай Құнанбаев – музыканы поэзиямен ұштастырып, оның эстетикалық, моральдық, психологиялық қуатын, әсерін дәріптеп өткен. Абай әндері – музыкалық өнердің інжу-маржаны, асып мұрасы. Музыка теориясына арнап жазған еңбектері: «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Домбыраға қол соқпа», «Көңіл құрғыр құйқылжыр шартарапқа» Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған,- дегендей Абай жаңа мыңжылдықта сәулелі бейнесімен, әсем әндерімен әрдайым өз ұрпақтарымен бірге.

Ғұлама ойшылдардың тәлім-тәрбиелік мазмұндағы үндестігін ашатын болсам, жастарды тәрбиелеу жүйесінде әл-Фараби мен Абай бірінші орынға адамгершілік, моральдық тәрбиені қояды.

Әл-Фарабидің ілімі бойынша, мінез-құлықтың жақсысы да, жаманы да туа бітпейді, жүре бітеді. Оларға әсер етуші факторлар, себепші әрекеттер ортаның әсеріне сіңген әдетке, дағдыға тіреледі. Ол былай дейді «Біз мінез-құлық салаларының абзалы да , оңбағаны да жүре келе пайда болады дейміз. Адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса, қарама-қарсы мінез-құлыққа өз еркімен көшіп кетуі мүмкін».Абай осы жайды толық қуаттай отырып, отыз сегізінші сөзінде «Мен егер зекет қуаты қолымда бар кісі болсам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кем жаман болса, замандасының бәрі виноват» деп кесіп айтады. Абай да осы ұлағатты қолдай, жаңғырта, өрбіте отырып, отыз төртінші сөзінде былай дейді: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітім, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Біріңе-бірің қонақ екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білмегендігін таластырып,

біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па?».

Ғұлама ойшылдардың рухани бастау үндестігіне тоқталсам, әл-Фарабидің философиялық ойлауының бастауы адамдардың жан дүние үндестігінен, әсемдік пен сұлулық, қайырымдылық, әділдік пен бақыттан басталады. Абайдың ойлау тұжырымдамасы өз бастауын адамды бағалау, оның бақыты мен адамдық болмысының мәнін қарастырудан тұрады.

Әл-Фараби мен Абайдың жердің жаратылуы туралы ойлары, түсініктері де үндес. Әл-Фараби өзінің математикалық трактаттарында «8» санына баса назар аударса, Абай «Сегіз аяқты» жазған. Әл-Фарабидің: «Әрбір адамның әлемде өз орны бар» деген тұжырымын, Абай «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деп әрбір адам баласының өмірде өзінің орны барын айтып өткен.

Сонымен ойымды қорыта келе, қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгерлер – ғұлама әл-Фараби мен Абай өмірімен таныса келе бұл кісілердің бүгінгі ұрпаққа беретін құндылықтары мол екендігін байқауға болады. Өз дәуірінің ғұламасы әл-Фарабидің , хакім Абайдың әлемге танымал болған бұндай тұлғалық өмірі, сара жолдары адамзат баласына өмірлік ұстаным, өмірді мәнді өткізуге шамшырақ болуға негіз болатынын түсінуге болады. Олар күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады.

Біз әл-Фараби, Абай сынды ұлы тұлғалар еңбектерінің мемлекетіміздің тәуелсіздікті нығайту, ұлт тұтастығын ұйыстыру, жастарды отансүйгіштікке, патриотизмге, білімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің негізі екенін ұмытпауымыз керек. Данышпандықтың інжу-маржаны болған әл-Фараби мен Абайды балаларға әрқашанда үлгі тұтайық.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. С. Әбсадықұлы «Әл-Фараби және Абайдың рухани сабақтастығы», 2005ж.
2. Қазақ халқының философиялық мұралары. 3 т. А., 2005. 30 б.
3. А.Көбесов «Фараби-Дауани-Абай» Фарабитанушы, абайтанушы ғалым, 1973ж.
4. Ғаламтор желісінде пайдаланылған сайттар: martebe.kz, kk.wikipedia.org

**АЙТКУЖИНА МАНШУК МЕНДЕШОВНА**
*Атырау облысы, Индербор кенті,*
*М.Әуезов атындағы орта мектеп*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,*

*педагог- зерттеуші*

## ТӘРБИЕ – АДАМЗАТ АЙНАСЫ

Бұл мақалада ілім мен ғылымның негізін салушы педагог әл-Фарабидің тәрбие туралы айтылған пікірлерінің өзектілігі мен өміршеңдігі баяндалған.

Түйінді сөздер: адам тәрбиесі, ұстаз шеберлігі, педагогикалық даналық, ғылым әлемі, ой-парасат деңгейлері.

Тәрбие – белгілі бір қалып, адамдықтың ой-өріс шекарасы, адамзаттың бір-бірінен тұлғалық артықшылығы. Бұл ұғымға тереңнен көз жүгіртіп, зерттеп, дәлелдеген педагогикалық-психологиялық ғылым негіздері көп. Дегенмен, нақты қатып қалған қағидамен өмір сүру, айналаңда қоршаған адамдармен тек өзің ойлағандай қарым-қатынас жасау мүмкін емес. Жер бетінде қанша адам баласы тірлік етсе, оның нәсіліне, жас ерекшелігіне, тіпті білім дәрежесіне қарамастан олар сонша түрлі болып келеді. Тәрбие ортақ, білім ортақ, жағдай ортақ болса да, қабылдау алуан түрлі.

Міне, осы мәселені, тәрбие туралы түрткі ойларды ойшыл-ғалым, ілім мен ғылымның негізін қалаушы педагог, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз да көрегендікпен зерттеген, түйген ойларын нақыл сөз етіп қалдырып тұжырымдаған. Педагог адам баласының тәрбиені қабылдау процесін философиялық тұрғыда нақтылаған. Әл-Фараби бабамыз өзінің туып-өскен Фараб қаласынан үлкен ғылым әлемін іздеп Бағдатқа аттану сапарынан бастап, өмірінің соңына дейін жолында кездескен әрбір жанның болмысына мән бере жүрген. Оның шексіз зерттеулері: астрономия, физика, музыка, география, математика, медицина т.б. ешқашан адамзат тәрбиесінен тыс қалмаған. Өйткені әр ғылымның артында адам тұрғандықтан, бұл ғылымдар адамзатқа қызмет етуге тиіс. Әйтпесе бұл ғылым негіздерінің құны түкке тұрғысыз болмақ деп түсінген. Аспан әлемін зерттеу арқылы адамды болжағыштық пен зеректікке, география арқылы табиғатты сүюге, музыка– нәзіктік пен әдемілікті сезінуге, математиканы меңгеру арқылы үнемшілдік пен нақтылыққа, медицина арқылы тазалыққа, басты байлық денсаулыққа бей-жай қарамауға тәрбиелеп отырған. Айта берсе, әр алған білім адамға тәрбие болып қанына сіңуі қажет. Тәрбиелі адам ғана бойына алған білімін кәдеге жаратады. Олай болса, «Тәрбиесіз алған білім – адамзаттың қас жауы, ал «Тәрбиемен берілген білім – қазына» деп асқан көрегендікпен дәлелдеген де осы бабамыз емес пе?

Тәрбие – ол рух, жан-дүние әлемі, іс-әрекеттің жүйелілігі. Ал жан – дүниең түзу болмай, еш ілім-ғылымға қол жеткізбейсің. Тәрбиенің бастауы отбасынан екенін де дәлелдеген де осы әл-Фараби бабамыз. Әр адамның үйден, ата-анадан алған титтей тәрбиесі қоғамға , мемлекетке мықты гуманизм негізін қалайтынын да өз еңбектерінде жазады ғалым. Жас ұрпақтың сана-сезім негізін, берік адамгершілік іргетасын қалау үшін ұстаз шеберлігі,

педагогикалық даналығы қажет-ақ. Әрбір бала тәрбиелеуші ұстаз тәрбие барысында Фараби негіздерін Абай көзқарасымен тығыз үндестіре қолданса, нұр үстіне нұр болар еді. Абайдың «Көзінен басқа ойы жоқ...», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа...», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас» өлеңдері Фарабидің «Жан қуаты», «Өзін танымақ» туралы ілімімен нағыз сәйкеседі. Тәрбие жөніндегі екі ұлы ойшылдың пікірі моральдық тоғысу нүктесі деп қабылдауға әбден болады. Фарабидің «Ақыл дегеніміз тәжірибеден басқа еш нәрсе де емес» атты философиялық тұжырымы – нағыз психологиялық, педагогикалық жүйелі туынды. Осы жиынтық тұжырымдама арқылы адамзат қауымының ой-санасының бүкіл болмысты, ондағы сан түрлі құбылыстың бәрін негізде түсінік – бағыт қалыптастырады.

Әл-Фараби өзінің саналы ғұмырын ғылым қуып, ілім іздеумен әрекет қылып, мақсатына жетуді көздеумен, даналықтың көкжиегіне ұмтылумен өткізгені мәлім. Сондай шексіз ерекшелігі арқасында әлемнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанды. Олай болса, әлемдегі барлық ғылым негіздерін қалаушы, зерттеп кәдеге жаратушы, ақыл-ойдың кеншісі Фараби бабамыздың тәрбие туралы түйгені адамзат баласы жүрегіне неге мәңгілік жол тартпас қа? Демек, ол «ғаламда әр адамның өз орны бар» деп адамды қоғамның ең басты құндылығы деп бағалаған. Ғалым адам тәрбиесі, іс–әрекет шеберлігі, талпынысы, ой-парасаты деңгейлері туралы әрбір пікірін терең зерттеп, өз ғылым-іліміне басты арқау ете білген. Сондықтан да қандай тың ғылымды ашпасын оны адам тәрбиесімен тығыз байланыстырып отырған. Фарабидің әр ғылымы адамзатты даналыққа тәрбиелейді. Ол: «Тәрбие дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту»,- деп дәлелдейді. Ал ақыл-парасат – адамның ойлауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғынуына, жақсы мен жаманның ара-жігін аша білуіне көмектесетін күш деп нақты тұжырымдайды.

Бүгінгі зымыраған уақыт, өзгеріске толы өмір, жүйткіген желі XXI ғасыр – нағыз жаһандық жетісу, ғылымның кемелдену, өркениеттің шыңға шығу, адамзат рухының толысу ғасыры. Келешек ұрпақ ғалым-баба армандағандай, өзі негізін қалаған ғылымды, ілімді оқу-білімді жан-жақты меңгерді. Оның жемісін игілікке жаратты, пайдасына көз жеткізді. Аспан әлемімен көзбе-көз тілдесті. Фарабиден бастау алған ешбір ғылым аяқсыз қалмады. Өкініштісі, ғылым мен тәрбиені егіз ұғым деп дәлелдеген ғалымның ойы ақсай бастағандай. Қоғамда ғылымның жетістіктері дамыған сайын тәрбиенің ақсауы, адами құндылықтардың төмендеп бара жатқандығы айқын байқалады.

«Даналар талай нысан тапқанымен, Тапқан жоқ тектің тегін әлі бірі»,- деп Фараби бабамыз сол кездің өзінде-ақ тәрбиенің өте күрделі процесс, тіпті ғылымды меңгеру одан жеңілірек екенін айтып кеткен болатын. Бүгінгі зымыраған уақыт өзгеріске толы өмір жүйткіген желі жүйкесі жұқа жандарды

жантүршігерлік қатігездікке жетелеп жүргелі жасырын емес. Ұлы ұстаздың ұстанымын қайта қолға алып, тәрбиенің түйткілді тетігін дөп бұрап баспаса, адамзат адамдық құндылықтан адасып, мейірімнен мақұрым қалмасына кім кепіл. Адамның негізгі мақсаты – игілікті іс істеп, бақытты өмір сүру, ал игілік болмаса зұлымдық туады. Бұл қағида Абай ақынның «бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол» деген бағыттауы мен шығыс даналарының тәрбие туралы тұжырым – пікірімен дәлме-дәл үндеседі. Сондықтан тәрбие тізгінін босатпай, өмір бар жерде тәрбие қажет екенін бүгінгі қоғамда ата-ана, педагогика саласы қызметкерлері, жалпы жұртшылық бірлесіп нық ұстаным етіп қарау керек.

Жоғарыда айтылған ойларымнан шығаратын түйінім, Адам Ата – Хауа Анадан бастау алған тәрбие көзі әл-Фараби данышпан бабамыздың педагогика ілімдерімен сабақтаса байланысы, өміршеңдігі мәңгі болмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әл-Фараби. Бақыт туралы кітап. Алматы, 2015;
2. Ақжан Машанов. «Әль-Фараби және Абай» Алматы «Қазақ университеті» 2020.

**ТИМОШИНА ЛЮДМИЛА ВЛАДИМИРОВНА**
*КГУ «Первая гимназия» г.Петропавловска,*
*учитель истории, «педагог-исследователь»*

## НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРАБИ И ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ СТАНОВЛЕНИЕ ГРАЖДАНИНА СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

В статье рассматриваются ключевые принципы и идеи, выдвинутые аль-Фараби в области образования и духовного развития личности. На основании философских взглядов аль-Фараби делаются аргументированные выводы о важности этих идей для современного общества Казахстана. Настоящая статья показывает значимость наследия аль-Фараби для современного духовно-нравственного становления гражданина Казахстана.

*Ключевые слова: наследие аль-Фараби, духовно-нравственное воспитание, современная образовательная практика.*

«Мы должны выяснить, каким должен быть наш путь, чтобы наши действия были правильными и аффекты наших душ такими, какими им следует быть, и каким он должен быть для достижения хорошего здравомыслия»- Абу Наср Мухаммад ибн-Тархан аль-Фараби

Казахстанский путь развития государства основывается на том, чтобы в потоке глобализации, взаимовлиянии и взаимодействии народов не потерять

свою национальную идентичность. В культуре все более настоятельно звучат призывы к глобализации, но впервые именно средневековый ученый Абу Насыр аль-Фараби усмотрел единство между Востоком и Западом, в основе которого лежат идеи мира, гуманизма, диалога и толерантности. Наследие аль-Фараби – это синтез античной и исламской культур. Оно велико и разнообразно.

«Знание отрастает в умах, подобно зерну, которое отрастает в земле». Эта цитата подчеркивает важность образования и развития мысли для аль-Фараби. Он считал, что знание является основой для духовного развития и прогресса общества. В современном контексте эта цитата продолжает вдохновлять образовательные программы, направленные на развитие критического мышления и обогащение знаний. «Человек или постижения, или пустности и тщеславия; нет другого выбора для человека». Эта цитата иллюстрирует убеждение аль-Фараби в важности постижения знания для человека. Он считал, что только через осмысленное изучение и размышление человек может достигнуть истины и духовного совершенства. Эта идея подчеркивает важность образования и духовного развития в жизни человека. Хотя статистические данные не применимы к деятельности аль-Фараби, его работы и вклад в различные области знания продолжают вдохновлять ученых, философов и образователей во всем мире.

Из идей и творческого наследия аль-Фараби мы можем извлечь ряд методических рекомендаций, которые могут быть применены в контексте современной практики образования, воспитания и развития личности. Вот некоторые из них:

1. Интеграция различных областей знания: В своих трудах аль-Фараби акцентировал важность интеграции различных областей знания, таких как философия, наука, этика, музыка и т.д. Это позволяет сформировать более глубокое понимание мира и способствует развитию всесторонне образованной личности. В современной образовательной практике нужно стремиться к междисциплинарной интеграции знаний и поддерживать разнообразие образовательных программ.

2. Развитие навыков критического мышления: аль-Фараби признавал важность критического мышления и аналитических способностей. Методические рекомендации включают в себя акцент на обучении школьников критическому мышлению, логическому анализу и аргументации, что поможет им развить умение адекватно воспринимать информацию и принимать обоснованные решения.

3. Основанное на ценностях образование: учении аль-Фараби о духовной гармонии, справедливости и самосовершенствовании подразумевают формирование устойчивых ценностных ориентаций. Здесь

фокус на ценностно-ориентированное образование, включающее обучение толерантности, ответственности и уважения к другим.

4. Практическое обучение: аль-Фараби придавал важность не только теоретическому знанию, но и его практическому применению.

Современные школьники впервые знакомятся с биографией великого ученого в 6 классе на уроках Истории Казахстана, далее в ходе внеклассной работы на классных часах предлагаю к обязательному изучению всеми старшими школьниками рассмотреть основное этическое произведение Абу Насыр аль-Фараби «Трактат о взглядах жителей добродетельного города». Через данное произведение ученый показывает, как должно развиваться и функционировать человеческое общество и какими моральными качествами должен обладать человек. В трактате под влиянием платоновской мысли ученый исследует добродетель в политическом аспекте, связывая ее с правильным устройством общества, правильными законами и правильными взглядами граждан. Такое совершенное общество оказывается «добродетельным градом», которому противостоят многочисленные виды ущербных и порочных городов. Аль-Фараби рассматривает понятие «совершенство» как счастье и благо. Все люди по своей природе склонны выбирать совершенство целью своей жизни. Добродетельный город рассматривается как микрокосмос, с четкой структурой иерархии, где высшую ступень занимает глава добродетельного града. Он должен обладать от природы двенадцатью качествами (здоровье, понятливость, память, проницательность, ясная речь, любовь к познанию, воздержанность в еде и удовольствиях, любовь к правде и ненависть ко лжи, благородство души, презрение к мирскому, справедливость, решительность). Совершенный глава устанавливает законы города-государства. Так же аль-Фараби проводит параллели города-государства с организмом человека. Биологические органы человека, взаимодействуя друг с другом, помогая друг другу, защищают здоровье и сохраняют жизнедеятельности живого существа. Части (жители) города-государства объединяются и взаимодействуют с целью защиты и продолжения совершенного и благого счастья. Но важно то, что аль-Фараби увидел разницу между биологическими и политическими составляющими. Если функции биологических органов связаны с непроизвольным рефлексом, то граждане государства добровольны и свободны в своем выборе.

Очень подробно аль-Фараби описывает невежественный город. Этот город имеет множественные виды: город нужд – где стремятся удовлетворить только насущные требования выживания; город обмена – где достижение богатства есть самоцель; город честолюбия – где все стремятся к власти; безнравственный город – его жители знают истинные ценности, но не следуют за ними; переменчивый город – был Добродетельным, потом отвернулся; заблудший город – его жители сбились с правильного пути, надеются на то,

"что счастье будет после этой жизни". Таким образом, на контрасте аль-Фараби рисовал общество будущего как совершенное и справедливое, в котором воцарятся свобода, всеобщее равенство, взаимное уважение: полное благополучие – к чему стремится современное человечество.

Изучение политической философии аль-Фараби, позволяет сделать вывод о том, что его взгляды и идеи на современном этапе приобретают большую актуальность в условиях создания правового, государства и гражданского общества, утверждения принципов согласия и консенсуса в обществе. В этом плане социально-политические взгляды и идеи аль-Фараби могут стать ценным источником при воспитании подрастающего поколения. *Сердцевина воспитания – развитие нравственных качеств личности: воля, совесть, справедливость, благоразумие, патриотизм. Когда воспитаны эти качества, то человек как бы непроизвольно правильно ориентируется в окружающей жизни.*

**Использованная литература:**


1. Алтаев, Жакипбек. Аль-Фараби – великий мыслитель Востока: монография/ Ж. Алтаев; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018.
2. Мысли и изречения Абу Насра аль-Фараби: сборник (рук. общ. ред. Г. М. Мутанов; сост.: Ж. С. Сандыбаев, Ы. М. Палторе).– Алматы: Қазақ ун-ті, 2020.
3. Эпоха аль-Фараби и диалог цивилизаций: взгляды на жизнь и философское наследие / (А. Касымжанов и др.); гл. ред. Г. М. Мутанов; КазНУ им. аль-Фараби, Ин-т востоковедения МОН РК им. Р. Б. Сулейменова, Ин-т философии, политологии и религиоведения КН МОН РК.– Алматы: Қазақ ун-ті,2020.



**ҚОРҒАНБАЕВА ЖАРҚЫН МАХАШЕВНА**

*Атырау облысы Индер ауданы Индербор кенті*
*Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп*
*тарих пәні мұғалімі, зерттеуші-педагог*


## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДА ӘЛ-ФАРАБИ ТҮСІНІГІНДЕГІ РИТОРИКАЛЫҚ ӨНЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Жылдам өзгеретін әлем, ақпаратты қабылдаудың жаңа тәсілдері, мәдени әртүрлілік XXI ғасырдағы ортаны технологияландыру оқыту мақсаттарын білім алушылардың мета пәндік және жеке тұлғалық нәтижелерге қол жеткізуіне, ораторлық қабілеттерін шыңдауда кез-келген

жағдайда алған білімдерін қолдана отырып, накты өмірдегі мәселелерді шешуге дайын болуына ықпал ететін қасиеттерді бойларына сіңіру қоғам талабы екеніне баса назар аудару қажеттілік деп санаймын. Қоғамдағы белсенді өмірге дайындық ретінде оқушылардың өз көзқарасын ортада бөлісуге, сондай ақ әр жеке тұлғаның әлеуметтік дағдыларын дамытуда ықпал етуге жұмылдыруда назардан тыс қалмауы тиіс. Әсіресе тарих сабақтарында ораторлық қабілетін дамытуға бағытталған оқытудың белсенді әдістерін қолдану аса қажеттіліктен туындайды. Өйткені риторикалық өнер ежелгі дәуірден келе жатқан ауызша ораторлық өнер. Көне дәуірден келе жатқан бұндай өнер қазақ халқында да бар екеніне күмән жоқ. Шешендік сөз өнері халықтың санасында ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатыр. Соған қарамастан қазіргі уақытта кездесетін өзекті мәселелердің бірі: оқушылар жаңсақ пікірмен келісе беретіні, тарихи деректерге назар аудармауы, гаджетті көп қолдануы, пікірін білдіруге аса бір құмартпайтыны, кез-келген уақытта қорытындыға келе алмай, оқиғаларға, тарихи тұлғаларға өзіндік бағасын бере алмайтыны жиі аңғарылады. Осы олқылықтарды жоюдың жолын іздестіруде әл-Фараби түсінігіндегі риторикалық өнердің қыр-сырын талдай отырып, тарих сабақтарында қалай енгізуге болатын жолдарын айқындауға ұмтылдым. Таңдамалы трактаттарының бірі Риторика кітабында: «риторика дегеніміз силлогистік өнер және оның мақсаты барлық он текке көзді жеткізу болып табылады» деп көрсетілген. Бұл тыңдаушының жанына көз жеткізушілікті қалыптастыратын құбылыс. Көз жеткізе білуге риторика өнерінде дәл сол дәлелдеу өнеріндегі білім сияқты оқыту арқылы қол жеткізеді. Көз жеткізу оқып – үйренушінің оқу арқылы алған біліміне эквивалентті. Адамдар бір-бірімен пікір алмасқан кезде, бір-біріне сұраныс туған кезде, сөйлескенде, өз пікірінің дұрыстығына көзін жеткізу үшін шешім қабылдайды. Ой-пікір мен дәлелді білім екеуі де көзқарас болып табылғандықтан ортақ белгіге ие болады. Дәлелді білім өзінде тек қажеттілік туралы пікірді ғана қамтиды. Дәлелді білім түрлері абсолютті дәлелді білім, белгілі бір уақытта сондай болатын дәлелді білімге бөлінеді. Мүмкіндік туралы пікірлерде дәлелді білім мүлдем болмайды. Ой пікірлер күшеюі және бәсеңдеуі мүмкін. Кей жағдайда қарсылықты алдын-ала білу немесе қарсылықты бөлмеу кезеңі. Ал қарсылық жие кездессе, онда пікір әлсіз болуында. Кез-келген адам өзара әлде нені талқылаған кезде көз жеткізу арқылы пайдалы деп есептейтін нәрсені егжей-тегжейлі талқылау. Алайда адамның көзқарасының дұрыстығы оның өзіне өзінің сәйкес келуінде емес, керісінше, басқа адамның шамаластырып анықталады. Әдетте ол өзінің ой-пікіріне өзінде ешқандай қарсылықты таба алмайтынын және қарсылық көрсетушілердің күштеуіне түспегенін ескере отырып, оны қорғағанда өз күшін аямайтын ой-пікірі кез-келген адамда үлкен сенімділікке ие болады. Ой-пікірдің ақиқаттылығы оны риторикалық және диалектикалық әдістер арқылы зерттеудің нәтижесінде анықталады. Риторика

көз жеткізіп сендіру үдерісінде барлық өнерге ортақ әдісті қолданады. Риторикада көз жеткізуге қол жеткізілетін мысалдар:

1. Энтимема мен мысалдарды қолдану. Ғылымда дәлелдеу және диалектикада силлогизм қандай маңызға ие болса, олар риторикада да сондай маңызға ие болады.

2. Сөйлеушінің рақымшылдығына және оның қарсыласының мықтылығына назар аудару. Сөйлеушінің рақымшылдығы, тіпті егер ол мүмкіндігі болудан басқа энтимема мен мысалды қолданбайтын болса да, тек заттар туралы жәй және қарапайым мәліметтерді хабарлайтын болғанның өзінде оның көз жеткізуге жақсы дәрежеде қол жеткізуді айтатынына және ықпал жасайтынына сенімділікке туғызады.

3. Олардың бойында күйзелістік жағдайды қоздыру арқылы тыңдаушыларды еріксіз қызықтыру олардың жүрегін айтушының сөзінің растығына және оның қарсыласының айтқанының жалғандығына сенуге әкеледі. Сөйлеушінің жағына қарай төрешіні және басқа жан-жағындағы адамдарды тарту немесе оларды қарсыластың жағына қарай тарту осыған жатады. Сөйтіп, қарсыласын ызалану жағдайына келтіру оны ақылынан адасу жағдайына әкеледі. Көз жеткізуші аргументтердің бұл түрі көзқарасты адамдардың ойындағыларын бекітуде аса үлкен күшке ие болады, энтузиазм мен патриотизмді шақырады.

4. Оның айтқандарына олардың көзқарасын тарту арқылы тыңдаушылардың ниетін ақиқат деп есептеу. Этикалық тұрғыда айтылғандар – ол тыңдаушыларды, тіпті ол оларда жоқ болғанның өзінде, олар қандай да бір адамгершіліктік қасиеттерге ие ретінде ойлауға мәжбүрлейді.

5. Сөз етіп отырған зат туралы асыра сілтеу және оны асқақтату немесе кішірейту және оны төмендету, немесе оны өсіріңкіреп көрсету, немесе оған деген симпатияны ояту.

6. Жазылған салт-дәстүрге сілтеме жасай отырып, дәлелдеу. Бұл дәлелді жүргізетін адам онымен мықтылауға тырысады.

7. Куәгерлерге сілтеме жасау. Бұл адамның өз айтқанын оның куәландыруына сүйеніп отырып негіздеу үшін куәгер ретінде басқа адамға сілтеме жасау.

8. Айтушының қалауы және оның үрейі. Айтушының қалауы оның шындықты айтқаны үшін болатын игілікке тоғысады, ал оның үрейі егер ол өтірік айтқан жағдайда оның өзі күтетін жамандыққа тоғысады.

9. Алдын ала болжау. Мысалы, бәстесу немесе сату туралы келісім жасаған кезде.

10. Айтушының өз айтатындары туралы ант беруі.

11. Айтушының бет-әлпетінің көрінісі және жай-күйі, оның дене бөліктерінің әрі оның іс-әрекетінің жай-күйі мен түрі. Бұл амал мадақтау немесе бетке басу сөздерімен бірге қолдануы мүмкін.

12. Пікір айтудың пәні болып табылатын зат көзқарас қалыптастыратын айтылыммен бірге жүретін пікір айту манерасы, дауыс және интонация.

Адамдармен сөйлесу барысында өз даусын қауіп төндіруші ырғаққа келтіреді, созылыңқы және зілді етіп көрсетеді.

Тарих сабақтарында күрделі тақырыптарды меңгертуде оқу мақсатына сәйкес жоғары деңгей тапсырмаларын орындатуда риторикалық өнерді қолдану аса қажеттіліктен туындайды. Мысалы: тапсырма барысында «Кейс стади» әдісін қолдана отырып, оқушыларға тақырыпқа сәйкес проблемалық сұрақтар берген кезде тақырыпты ашу үшін оқушылардың арасында пікір айтудың оңтайлы тұстары айқындалады. Сан алуан пікірлер арты адамгершілікке бағытталады. Инфрографикалық сұрақтар беру арқылы оқушылардың ойын тұжырымдауда пікір айтудың оңтайлы бағыттары ашыла түседі. Сонымен қатар тарих сабақтарында сұрақтар дұрыс бағытталып қойылатын болса, оқушылар пікір-таласқа түсіп, ораторлық қабілеттері шыңдала түседі. Әдістердің тағы бірі баяндау технологиясы арқылы оқыту (Сторителлинг) ойдан шығарылған әңгіме (оқиғалар) – адамзатқа ежелден белгілі оқыту тәсілдерінің бірі. Оқиғаны баяндау (әңгімелеу) бұл ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтауды жеңілдетуге мүмкіндік беретін шығармашылық интерактивті процесс. Әңгіме оқушыларға ақпаратты түсінуге және есте сақтауға, сондай-ақ керек мезетте оны ұзақ мерзімді жадынан шығаруға көмектеседі. Ақпаратты осылай ұсыну арқылы сіз оқушыларға жай ғана пассивті тыңдаушы мен қарапайым бақылаушы болуға мүмкіндік бермей, қорытынды нәтижені қадағалауға да мүмкіндік бересіз. Олар әңгімені ауызша рөлдік ойынға айналдыру арқылы әңгімеге белсенді қатыса алады. Олар тыңдаушыларды еліктіріп, өз ресурстарын барынша толық пайдалануға итермелейді. Олар оқушының эмоциясын тудырып, оқудың нәтижелілігін арттырады. Оқушылардың зейінін арттырып, оқу процесіне тарту арқылы білімпаздық пен қызығушылықты оятады, қиял мен мидың дамуына ықпал ететін қиялдағы бейнелерді жасауға көмектеседі. Білім алушылардың әлеуметтік дағдылары дамиды. Жеке тұлғалық келбеті ашыла түседі. Қазіргі таңда ораторлық қасиет заманауи мамандықтарды игеруге мүмкіндік сыйлайды.

Біріншіден оқушылар ораторлық қабілеттерімен жұмыс жасау дағдысы қалыптасты.

Екіншіден оқушылар өз пікірлерінің құнды екенін білді.

Үшіншіден сабақтар топтамасының материалын жүйелі түрде игеріп, пікірлерін білдіруді дұрыс жолға қойды.

Төртіншіден мұғалім ретінде оқушыларды жұмысқа ынталандырып, сыныпта болатын жағдайлардың бәріне белсенді қатысуға мүмкіндік берілді.

Бесіншіден әр оқушы ойын жеткізе алу, жеке дара жұмыс жасау дағдысы арта түсіп, оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгеруіне жол ашылды.

Алтыншыдан алған білімдерін ораторлық өнердің бастапқы күйден емес, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін түсінді.

Жетіншіден мұғалім ретінде мен оқушылардың нені білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарына қарай жұмыс жасауға ұмтылдым.

Қорытындылай келе, қоршаған ортасында пікірін ашық айтылатын ерекше қасиеттері қалыптасқан тұлғалық келбетімен дараланатын шәкірттеріміз көбейе түсетініне сөз жоқ. Өйткені риторикалық өнерді қыр-сырын талдай отырып, оқушыларымызға сөйлеу мәдениетін дамытсақ, оларды ортаға бейімдеп, пікірін ашық дәлелдермен сөйлеуге жол салсақ қана болашақта біз шәкірттерімізден талай озық ойлы жастарды тәрбиелеп шығатынымызға күмән жоқ.

**КӨШЕК АЛТЫНГҮЛ ЕРСАЙЫНҚЫЗЫ**
*Атырау облысы, Индер ауданы,*
*Индербор кенті*
*Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп*

## ЖЕКЕ АДАМНЫҢ БОЙЫНДАҒЫ КІСІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РӨЛІ

Әр кезеңде баланы оқыту мен тәрбиелеуде өзіндік ерекшеліктері мен талаптар бар. Алайда өзгермейтін бір-ақ нәрсе ол – бала бойына ізгі құнды қасиеттерді сіңіру. Әрбір ата-ананың алдында, қоғам алдында өзінің іс-әрекетін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу мақсаты тұр. Осы орайда әл-Фараби бабамыздың еңбектерін, құнды ой-пікірлерін қарастыра отырып, өзіміздің іс-тәжірибемізге енгізу керектігін алға тартамын.

Ғасырлар ғұламасы, ұлы ойшыл – әл- Фараби негізін қалаған орта ғасыр мәдениеті, білімі, философиясы өз дәуірінен озық тұрып, қазіргі күнде адамзаттың рухани игілігі үшін қызмет атқаруда.

Екінші ұстаз атанған әл-Фарабиді қазақ халқы мақтан тұтамыз. Әл-Фараби Қазақстан аумағында туып-өсті, білім іздеу мақсатында көптеген елге барды. Керемет ғаламдық деңгейдегі философиялық ілімдері арқылы түркілік ойлау, түркілік дүниетаным, түркілік интеллект мүмкіндігінің қаншалықты жоғары екенін бүкіл Еуропаға паш етті. Адамзаттың дамуына өлшеусіз үлес қосты. Қайырымды қоғам және үйлесімді мемлекет құру мәселесіне баса мән берді. Адамгершілік пен рухани құндылықтарды дәріптеді.

Кісілік (ағылш. Personality, кейде Индивидуалдық)-адамның тұлғалық қасиеттерін танытатын ұғым болып, ол негізінен екі мағынада айтылады: бірі,

кісінің (индивид) мәндік ерекшелігі және басқа тұлғаларға ұқсамайтын қасиеттерінің жиынтығы; екінші, тұлғаның өзіне тән қасиеті, мінезі, дүниетанымы, қылығы, ойы, ұстанымы қайталанбас бірегейлігі. Кісілік қасиеттер ретінде адамгершілікті білдіретін ізгілік, қайырымдылық, дербестік, жауапкершілік сияқты қасиеттерді қамтиды.

Мен жеке адамның бойындағы кісілігін қалыптастырудағы әл-Фарабидің рөліне тоқталғым келіп отыр.

Әл-Фараби «Азаматтық саясатта» адам қоғамдарын талқылауды қаладан бастаса, «Нақыл сөздерде...» ол мұны ең кішкене ұядан-отбасынан немесе үйден бастайды. Аристотель сияқты ол үйді бірнеше бөлікке – ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-анасы мен баласы, мүлкі және иесі деп бөледі. Үйдің өзіне тән мақсаты болады, бірақ қаланың бір бөлшегі болғандықтан, ол қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуге арналады, сөйтіп бұл арада адамның өз басының мүдделерін қоғам мүшелеріне бағындыру туралы пікір айтылады. Бұл жерде әл-Фарабидің қала дегенін мемлекет деп түсіне отырып, мұнда тек жеке бастың мүдделері ғана емес, қоғам мүддесін жоғары санауын үлкен бір азаматтықтың, адамгершіліктің көрінісі деп білеміз.

Әл-Фараби жетілген тұлғаны тәрбиелеу үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген басты қағиданы ұсынды, бұл айтылған ойдың қазіргі таңда қоғамымызда болып жатқан келеңсіз жайттарды саралайтын болсақ жаны бар секілді.

Жалпы педагогиканың бір саласы болып табылатын тәрбие теориясының әдіснамасын әл-Фарабидің тәрбиенің заңдылықтарын, ұстанымдарын, мақсатын, мазмұнын, әдістерін, құралдарын, нәтижесін тұжырымдамалық тұрғыдан негіздейтін жетекші педагогикалық ой-пікірлері айқындайды.

Тәрбиелеу – халықтардың бойында білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту.

Тәрбиелеу – жеке адамның кісілігін қалыптастыру деп көрсетеді. Ол тәрбие әрекетінде қатты әдіс (қатаңдық) пен жұмсақ әдісті (жұмсақтықты) ұштастыра білуді ұсынады.

«Тәрбие тәжірибе және іс-әрекет арқылы беріледі», деді әл-Фараби. Сол себепті әл-Фараби алдымен «Қайырымды қала» идеалы гуманистік және адамгершілік бағдар екендігін жүйеледі. [1]

Тәрбие, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс.

Тәлім дегеніміз – халықтар мен қалаларға теориялық ізгіліктерді дарыту деген сөз. Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз.

Адамдардың екі тобы бар: бір тобы тәрбиеге өз еркімен көнетін адамдарды тәрбиелейді, ал екінші тобы күштеп тәрбиелеуге келетіндерді тәрбиелейді. Мұның өзі семья басшыларының, балалар мен жас өспірімдер ұстаздарының арасында болып отыратын жағдай тәрізді. 2].

Осы орайда Абай еңбегіндегі әл-Фараби іздерін де байқауға болады. Мысалы: «Ғалым болмай немене балалықты қисаңыз», «Ондай болу қайда деп айтпа ғылым сүйсеңіз...», «Болмасаң да ұқсап бақ ғалымды көрсеңіз». Абай осы үш сөзінің негізі әл-Фарабиден табылды десек қателеспейміз. Әл-Фарабидей ғалым бола алмасаң да, соған ұқсап бақ. Басқаша айтқанда оны оқы, одан үйрен, тағлым ал. Осы тұрғыдан алып қарағанда біздің қазақ халқында әл-Фарабидің тамаша кең даналығына, зор әділетті адамдығына ұқсас келеді. [3] Яғни, тәрбиелеу, ерікті түрде тәрбиелеуде әділетті етіп тәрбиелеу көп күшті керек етеді деген екен.

Ақыл-парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауынша ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш.

Әл-Фараби белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына себепті нәрсе әдептілік деп біледі, оны тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен әсерлерді дарыту деген анықтамасынан көреміз және де бұл пікірден бір ұлтқа қатысты емес, барлық халыққа әдептілікті үйрету керек екенін түсінуге болады.

ҚР-ның Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- деген екен. Ендеше, мектептегі әрбір білім алушының бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыруға әл-Фарабидің «еңбек ету, сапалы болу, адамгершілік, ақылдылық табиғаттан туындауы қажет»,- деген ғылыми тұжырымдамасын негізге алу керек.

Әл-Фараби: «Ұстамдылық пен қайырымдылықтың арасында айырмашылық бар. Оның мәнісі мынада: ұстамды адам жақсы істер істеп, қайырымдылық жасай тұрса да, дегенмен, ол теріс әрекеттерге тартпай тұрмайды, сөйтіп өзінің ниеттерімен күреседі. Ол бұл әрекетінде өзінің күйі мен тілегінің талабына қарама-қарсы келеді. жақсы істер істей тұрса да, ол дегенмен сол жақсылық істегені үшін күйінеді. Ал қайырымды адам өзінің әрекеттерде өз күйі мен тілегінің талабымен жүріп, жақсы қылықтарды ұнатып, ынтасымен істейді, сөйтіп одан іштей азап шекпейді, қайта ләззат

алады. Қайырымдылық адамдар жанынан берік орын алғанда, не адамдар ұстамды болғанда қалалар теріс қылықтар жойылады»,- деген екен. [4]

Осы орайда білім алушылар «Қоғамға қызмет ет» волонтерлік қозғалыс, қайырымдылық акциялары аясында кентіміздегі жалғызбасты қарияларға көмек қолын созу мақсатында дәстүрлі өтетін челленджерге аса белсенділікпен қатынасады. Алайда айта кететін жайт, қоғамда жасап жатқан кейбір қайырымдылық істерді міндетсінетін немесе атақ-даңқтарын шығару үшін, яғни өздерінің жеке мүдделері үшін жасайтындар да кездесетінін айта отырып, ғұламамыздың қайырымдылық туралы айтқан трактатын қолдана отырып, ара-жігін ажырата отырып айтылса нұр үстіне нұр болады.

Шығыстың ұлы ойшылы – әл-Фараби мұраларының қазақ даласына қайта оралуы, мемлекет басқару жөніндегі құнды ойлары әділетті қоғам құруымыз үшін аса маңызды болса, ол қоғамды құруда өскелең ұрпақтың, мектеп партасында отырған әрбір жеткіншектің қолында десек тәрбие процесіне енгізіп, ұштастыра тәрбиелеу міндетті іс деп білемін.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. https://7-su.kz/news/cat-4/7176/ [1]
2. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. Әбу Насыр әл-Фараби. Он томдық шығармалар жинағы.- 5 том. «Лотос-Астана» [2, б.112]
3. «Әл-Фараби және Абай» Ақжан әл-Машани. Көп томдық шығармалар жинағы, II том. «Алатау» Алматы:2005 жыл [3, б.132]
4. «Фараби». Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Жеті томдық шығармалар жинағы. III том. Алматы:2019 жыл [4, б.141] .



**ТУЛЕУОВА ЖЕНИСКУЛЬ РАХИМОВНА**

*Специализированная школа-интернат для одаренных детей Казахского национального Университета искусств г. Астаны, учитель начальных классов,*


## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФАКТОВ БИОГРАФИИ И ЦИТАТ АБУ НАСЫР АЛЬ-ФАРАБИ В ВОСПИТАНИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ


**В статье описаны** *возможности использования фактов биографии и научной деятельности великого восточного мыслителя аль-Фараби в воспитании младших школьников.*

*Ключевые слова:* Абу Насыр аль-Фараби, нравственность, знание, педагогика, учитель, воспитание примером, обучение, наследие.

В воспитательной работе с учащимися любого школьного возраста большую роль играет роль примера высоконравственной личности. Как писал выдающийся советский педагог А.С. Макаренко: «Только живой пример воспитывает ребенка, а не слова, пусть самые хорошие, но не подкрепленные делом» [4].

Одним из нравственных примеров в воспитании подрастающего поколения, в том числе, в воспитании младших школьников, может и должен служить образ великого сына казахстанской степи, гениального философа тюркского периода истории нашего Отечества, универсального ученого-энциклопедиста Абу Насыра аль-Фараби.

Учащихся уже в начальной школе важно познакомиться с именем бессмертного ученого Востока, чьи труды и вклад в науку не потеряли актуальности до наших дней. Имя аль-Фараби должно быть знакомо учащихся уже с 1-го года обучения в школе, его внеший облик (портрет на обложке книг в школьной библиотеке, на стене классной комнаты или в рекреации школы) должен быть знаком детям. Получая первоначальные знания о биографии и научных заслугах бессмертного философа аль-Фараби учащиеся будут с ранних лет формировать в своем сознании пример беззаветного служения науке и своему народу.

Все факты биографии и научной деятельности средневекового ученого аль-Фараби являются благодатным материалом для воспитания у учащихся любознательности, упорства в достижении поставленных целей, трудолюбия, стремления принести как можно больше пользы своей стране и своему народу.

На классных часах, тематических мероприятиях, на уроках по предметам «Познание мира», «Литературное чтение», «Музыка», «Математика» и др. учитель начальных классов должен знакомить учащимся с идеями и заветами великого ученого.

Особую гордость младших школьников вызывает знакомство с тем, что Абу Насыр аль-Фараби являлся уроженцем казахской земли, а именно – селения Фараби, пригорода знаменитого средневекового города Отрара, развалины которого сохранились до наших дней на территории Южно-Казахстанской области современного Казахстана. Бескрайние казахские степи, величественная река Сырдарья, цветущие долины и горные склоны, стремительные табуны лошадей и бесчисленные стада овец – все это сформировало когда-то давно в молодом пытливом юноше широту души, проницательный ум и бесстрашный характер. Все эти качества присущи лучшим представителям казахского народа, и эти качества должны стремиться воспитывать в себе все новые и новые поколения.

Предметом гордости учащихся при знакомстве с биографией великого аль-Фараби станет также их ознакомление с тем, что он являлся тюрком по происхождению. Аль-Фараби родился в семье знатного тюркского военачальника из рода кипчак. Кипчаки – одно из многочисленных тюркоязычных племен, которые легли в основу формирования казахского этноса. Тем самым, «второй учитель мира» относился к предкам казахского народа.

Ученики начальных классов из рассказов учителя будут узнавать о трепетном отношении великого ученого к образованию и изучению наук. Аль-Фараби был полностью погружен в учение и всю свою жизнь занимался научными исследования, хотя этим занятием в те времена невозможно было заработать деньги. Аль-Фараби в любой момент мог стать очень богатым и влиятельным человеком, однако он всецело посвятид себя только научной деятельности, переводя труды античных авторов и создвая свои научные трактаты. Ученики осознают на примере жизни аль-Фараби, что остаться в памяти потомков человек может только в том случае, если беззаветно служит своему делу. Аль-Фараби создал более 160 научных трудов, из которых до наших дней дошли только 40. И эти его труды до сих изучаются учеными по всему миру.

Учащимся начальных классов будет интересно и полезно узнать о том, что аль-Фараби был полиглотом, он писал свои произведения на 7-и языках и владел более 70-ю наречиями и диалектами. Развитие языковых компетенций учащихся – важная задача современного поликультурного мира. И тут в помощь учителю – пример великого средневекового мыслителя.

Важно приобщать младших школьников к учению великого мыслителя аль-Фараби через увлекательные легенды и притчи, связанные с его именем. Также большим воспитательным потенциалом обладают цитаты великого ученого. Рассмотрим некоторые высказывания аль-Фараби, которые можно разъяснить учащимся младших классов.

«Знания постигаются в душе только путем чувственного восприятия» [1],- считал аль-Фараби. То есть, знания приобретаются через органы чувств: зрение, слух, обоняние, ощущения. Это высказывание мыслителя полезно знать для того, чтобы помогать ученикам использовать в процессе обучения все каналы восприятия информации. Важно закреплять теоретические знания практическими действиями, упражнениями.

«Интеллект – это не что иное, как опыт, и чем больше будет опыта, тем более совершенным интеллектом будет обладать душа» [3]. Эту мысль аль-Фараби можно объяснить младшим школьникам следующим образом: необходимо закреплять получаемые на уроках знания на практике, применять их в жизни. Только тогда знания становятся прочными и полезными.

«Сочинять, создавать музыку человеку позволяют естественные, врожденные душевные свойства» [2]. Этим высказываем аль-Фараби догосит идею о том, что для занятий той или иной профессией у человека должны быть природные склонности и талант. Конечно, всегда можно развивать в себе желаемые способности, но для занятий творчеством, в частности, музыкой, необходимы природные данные и более ранее начало занятий таким творчеством.

Следующая цитата великого мыслителя аль-Фараби также вполне может быть использована в работе с младшими школьниками: «Вся земля станет добродетельной, если народы будут помогать друг другу для достижения счастья»[2]. Это очень актуальная мысль в современных условиях, когда ученики наверняка слышат о войнах, конфликтах в разных странах и в нашей стране. Важно с детства формировать у учащихся неприятие вражды, стремление к миру и сотрудничеству со всеми странами и народами.

Воспитывая у младших школьников умение быть честным, правдивым, следует познакомить их со следующей цитатой аль-Фараби: «Правдивость по отношению к самому себе возникает только тогда, когда человек приписывает самому себе благие качества, добрые поступки, которые у него имеются. Когда человек приписывает себе что угодно, но не то, что ему присуще, то это вырабатывает в нем притворство» [1].

Указанные выше и многие другие высказывания и наставления великого ученого Абу Насыра аль-Фараби, хотя и отличаются абстрактностью и философской глубиной, тем не менее, могут быть понятны ученикам начальных классов, при условии, если учитель сможет доступно разъяснить их глубокий смысл, привести понятные ученикам примеры из жизни, книг или фильмов.

Таким образом, в воспитании младших школьников, как в учебном процессе, так и в различных формах внеурочной деятельности необходимо использовать наследие выдающегося ученого с мировым именем Абу Насыра аль-Фараби, который ставил воспитание человечности в человеке выше его образованности. Мысли ученого и вся его жизнь должны служить наглядным примером того, как нужно учиться и трудиться, как прожить свою жизнь с наибольшей пользой для своей страны и своего народа.

Чтобы передать воспитанникам духовное наследие средневекового мудреца, учитель начальных классов сам должен изучать научные труды и высказывания аль-Фараби, знать и рассказывать ученикам интересные факты из его биографии, всегда быть в курсе новых научных исследований о нем. Также учитель должен помнить, какие высокие требования предъявлял аль-Фараби к педагогу. Учитель, считал аль-Фараби, должен сам быть образом нравственного подражания для своих воспитанников.

**Использованная литература:**

1. Аль-Фараби: биография, философия и мудрость. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-erevan/activities/3568?lang=ru
2. Библиотека аль-Фараби. https://elibrary.kaznu.kz/ru/node/5.
3. Измайлов А.Э. Народная педагогика: Педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана.– М.: Педагогика, 1991.– 256 с.
4. Макаренко А.С. Общение с трудными детьми – М.: АСТ, 2015.– 320 с.

**ЕРМАХАНОВА АЙДАНА ДЖАМБУЛОВНА**
*Астана қаласы Әлімхан Ермеков атындағы*
*№ 38 мектеп лицейі*
*ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,*
*педагог-модератор, сынып жетекші*

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ» ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

*«Жақсылық жасаған адам жасағанын сол сәтте ұмытуға тырыссын. Жақсылық көрген адам оны ешқашан есінен шығармасын»(Әл-Фараби)*

Осы мақалама себеп болып отырған мәселе Әл-Фарабидің білім мен тәрбие әлемінің қыр сырына үңілу. Педагогика саласында өз тәжірибемде қолдану. Бұл мақалада оқушыларға ғұламаның шығармашылығын оқыту, талдау, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы игеру, өмірде қолдануға үйрету болып табылады. Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің қанатты сөздерін тәрбие құралы ретінде қолдану өте тиімді деп есептеймін. Ұлы ұстаздың «Әбу Насыр әл-Фарабидің ақыл ой-пікірлері мен нақыл сөздері» атты еңбегін барлық педагогтер өз тәжірибесінде қолдануы дұрыс шешім.

Әл-Фараби көптеген ғылымдардың дамуына үлкен үлесін қосып кетті. Ол терең пайымдаулармен қоса, нақты бақылаулар мен тапқыр болжамдар жасап кеткен. Ол гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарымен қатар философияға да қызығушылық танытқан. Мәдениет және ғылым тарихшылары әл-Фараби тұлғасының ұлылығы мен бірегейлігін атап өтеді. Әл-Фараби өз жұмысында араб, парсы, грек, үнді және түркі мәдениетінің ең маңызды жетістіктері мен рухани құндылықтарын біріктіріп, сараптай алды.

Қазіргі таңда адамнан адамгершілік қасиеті мен мейірімділік азайып, әлеуметтік желі мен қоса ақылды телефондар әсерінен нағыз өмірді сезінбей, өз ойын толық жеткізе алмайтын ұрпақ өсіп келе жатқан секілді... Смартфонға тәуелді болуы болашақ ұрпақ дерті болып келеді. Осы ақпараттық құралдар

арқылы алып жатқан ақпараттардың көптігінен олар шаршап, миды улайтын, көрсе көре бергісі келетін әлеуметтік желілер, әр-түрлі ойындардан шыға алмай қалды. Осы таңда бала қызығушылығын басқаға аударуға, тәрбиелеуге бала шырағын жағуда ұстаздар алдында зор міндеттер тұрғанын ұстаздар қауымы сезініп келеді. Ғұламаның қаламынан шыққан ғылыми-әдеби мұралары қазіргі таңда болашақ ұрпақтарымызды тәрбиелеуге үлкен негіз болмақ.

Әл-Фараби өзін халықтық бағанға білім әкелуге, ағартушылықты адамзаттың дамуымен байланыстыруға ұмтылған педагогиканың реформаторы ретінде көрсетті. Оның оқу және тәрбие процестерінде рухани-адамгершілік компонентті жүзеге асыруды көздейтін және тұлғаның тұтас дамуын қамтамасыз ететін үйлесімді білім беру қажеттілігі туралы ойлары қазіргі кезде де өте өзекті.

Адамзат – адам деген ардақты атқа жетуі үшін «бақытқа жетелейтін ұстазға мұқтаж» деп орынды айтып кеткен. «Ұстаз тарапынан барынша ынта мен табандылық қажет. Өйткені бұлар жұрт айтқандай тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді» деген тұжырым бар. Әл-Фарабидің рухани мұрасымен танысуымыз кемелдікке, рухани жаңғыруға ұмтылуға итермелейді. Әл-Фарабидің рухани мұрасын ұқыпты сақтау, мұқият зерделеу және дәріптеу, оны жаңа тарихи жағдайларда дамыту – бүгінгі күннің маңызды міндеті.

Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болса: ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені, аса қаталдық – шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады.

Жас ұрпақты ар-намысты болуға, адамгершілікке, мейірбандылыққа, тектілікке, кісілікке, атамекенін сүюге, Отанын қорғауға тәрбиелеуіміз қажет. Қаншама уақыт өтсе де ұлы ойшылдың еңбектері өз мәнін жойған жоқ. Біздің дұрыс бағытпен жүруімізге жол сілтеп тұрған үлгі секілді. Әл-Фарабидің ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мол мұрасын сақтап келесі ұрпаққа жеткізу ұстаздардың міндеті деп сенемін.

«Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту»- деп жазған ұлы ғұлама әл-Фарабидің сөзіне көз жіберсек, этикалық құндылықтар олар адамдар қандай іс-әрекеттердің дұрыс және дұрыс емес екенін анықтау үшін қолданылатын принциптер. Адам осы құндылық түрлерін күнделікті мінез құлқына қолданғанда этикалық әрекет етеді деп айтылады. Этникалық құндылықтар адамның адам болып қалыптасуына әсер етеді. Этникалық құндылықтарды адамдар білім арқылы біліп, әр түрлі жолмен қабылдауы мүмкін. Бала бойындағы құндылықтарды күнделікті іс-әрекетімен, өмірлік сипатынан көреміз. Олай болса Әбу Насыр әл-Фарабидің «Адамның барлығы бірдей

жаратылысынан «бақыт» ұғымын және білуі тиіс басқа да нәрселерді біле бермейді. Ол үшін ақылгөй ұстаз, әрі тәлімгер керек» [1;35] демекші қазіргі таңда жас ұрпақты тәрбиелеу, білім беру жолында ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабидің даналық мұрасын пайдалану, тұлғалар тағылымдарын білім ошақтарында кеңінен қолдануымыз керек. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын адам болмайтынын, тек үйретуден, баулудан жалықпау керек» деген сөзін негізге ала отырып, бала тәрбиесі мен білім алып, адам болып қалыптасуына жауапкершілікпен атқаруға тиіспіз. Бар ғылымның бастауына айналған ұлы ұстазымыз Әл-Фарабидің еңбектерін жас ұрпақтың өмірлік азығына айландырсақ, тәрбиелі, білімді ұрпақ – болашағымыздың жарқын болуының кепілі бола алар еді!

Әл-Фараби жастарға ғылым-білімді қалайша меңгеру керектігі жөнінде ақыл-кеңес береді. Ғылым-білім үйренемін деген жас адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек мақсаты тек ақиқат пен шындық жолында ғана болуы тиіс деп есептейді. Сондықтан, ежелгі грек ойшылдарына сілтеме жасай отырып ғұлама балаларды белсенді түрде оқытуды 7 жасынан бастауды нұсқайды. Сол жастан бастап бала жақсы дамып оң-сол жағын тани бастайды, өзін қоршаған орта мен таныса бастайды, білім алуға талпыныс пайда болады.

Тәрбиеге түсініктеме бере келіп ол: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту әдісі деген сөз, білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-ірекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан - тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді»- деп жазды. Қазіргі жаңартылған білім мазмұны осы бабамыз айтқан педагогикалық инновациялық жаңалықтарды ашқан. Менің ойымша әл-Фараби ұлағатты ұстаз екенін сол өзі жасаған заманда атап берген.

Қорытындылай келе, әл-Фарабидің көптеген ойлары мен идеялары біздің заманымызға сәйкес келеді, олар өзектілігі мен құндылығын жоғалтпады, өмірдегі нағыз құндылықтарды білуге, жақсылық жасауға, бақытқа ұмтылуға шақырады. Әл-Фарабидің философиялық және ғылыми трактаттарын зерттей отырып, әр уақытта адамның болмысы мен ондағы орнын түсінуде жаңа нәрсе табамыз. Оның философиялық, рухани, әдеби мұрасы тереңірек зерттеу мен түсінуді қажет ететіні сөзсіз және ол әркез барлық жанға пайдалы болатыны хақ. Әл-Фарабидің рухани мұрасын ұқыпты сақтау, өзара зерттеп және дәріптеу, оны жаңа тарихи жағдайларда дамыту-бүгінгі күннің маңызды міндеті.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Егемен Қазақстан газеті» Әбсаттар қажы Дербісәлі,ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

2. Әлемнің әйгілі ойшылдары. Егемен Қазақстан. – 11 қаңтар
3. Отырар. Энциклопедия Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965- 17-272
4. https://www.sites.google.com/site/kazrefa/pedagogika/el-farabi-enbekterindegi-halyktyk-pedagogika-meseleleri
5. «Қайырымды қала тұрғындары» трактаты Әл-Фараби

**МУКАНОВА НУРГУЛ ОРЫНГАЛИЕВНА**
*Атырау облысы, Индер ауданы,*
*Есбол орта мектебі*

## «ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРЫ»

Әбу Насыр Мұхаммед Ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби ат-Түркі – ұлы ғалым, энциклопедист, исламдық философияның жарық жұлдызы және әлемдік философияның көрнекті өкілі. Әбу Насыр әл-Фарабиді әлемнің барлық ғалымдары мойындаған, ол Аристотельден кейінгі Екінші ұстаз атанған және теңдессіз білімімен, ақыл-парасатымен бүкіл әлемге танылған. Мәдениеттің, ең алдымен Шығыс және Орталық Азия халықтарының мәдениетінің, түркі және қазақ халықтары мәдениетінің әрі қарай дамуына әл-Фарабидің тигізген әсері зор болды. Әл-Фараби кейіннен қазақ халқының құрамына кірген түркі тайпасындағы ауқатты отбасынан шыққан. Оның туған жері – Отырар алқабы орта ғасырларда сауда жолы мен халықаралық қатынастар дамыған ғылым мен мәдениет орталығы болып саналады. Биыл дала данышпаны, адамзаттың «екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1154 жыл толады. Әйгілі ғалымның еңбектері аса мазмұнды әрі ауқымды. Ол математика, филология, химия, астрономия, философия, медицина, логика, әлеуметтану, саясаттану, юриспруденция, этика және тағы басқа көптеген ғылым саласын дамытуға орасан зор үлес қосты.

Әл-Фараби феномені-теңдесі жоқ құбылыс. Оның баға жетпес ғылыми мұрасының жалпы адамзаттық маңызы бар. Ұлы ойшыл-орта ғасырларда ірі сауда орталығы, ғылыми-білім және мәдениет ошағы болған Отырардың тумасы. Ол – әлемдік деңгейдегі тұғырлы тұлға, біздің мақтанышымыз. Әлемнің ұлы ойшылы-философтары әр дәуірде бақытты өмір, бақуатты тұрмыс мәселелері жөнінде ой толғаған. Солардың ішінде Әбу Насыр әл-Фарабидің осы тақырыпқа арналған «Бақыт жолын сілтеу», «Бақытқа жету жайында» атты еңбектерінің орны бөлек. Ол өз шығармаларында адамзат

өміріндегі ең өзекті мәселе – бақыт идеясын ұсынады. Ғұлама ғалым адам бақытын басты орынға қояды. Бақыт дегеніміз – өмірден ләззат алу емес, әрекетшіл ақыл-парасат арқылы мақсатқа жету екенін айтады. Фараби бақытқа кенелу формуласын «Адамның өзін-өзі жетілдіре отырып, кемелдікке жету жолы» деп көрсетеді.

«Тәрбие-тал бесіктен» деген халық даналығына орай, ұрпақ санасына ата-бабадан мирас болып келе жатқан адами қасиеттерді, рухани құндылықтарды шым-шымдап сіңіре беру керек. Бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қараған жөн. Өйткені әр перзент – еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы.

Әл-Фараби адамның өзін-өзі жетілдіріп, кемелдікке келу жолында отбасының ерекше рөл атқаратынын айтқан. Үлгілі отбасында тәрбиеленген азамат сол ізгі қоғамның, қайырымды қаланың қадірлі тұрғыны болмақ. Отбасындағы күнделікті жақсы әдет тұрақты қасиетке айналса, бақытқа жетудің алғашқы қадамы жасалмақ.

Әр отбасының береке-бірлігін, әл-ауқатын нығайту-аса маңызды міндет. Ұлтымыздың басты капиталы – озық ойлы әрі рухани тұрғыда кемелденген азаматтарды тәрбиелеп өсіру осыдан бастау алады. Ұлы ойшылдың пікірінше, адамның кемелденуіне ең басты ықпал етуші күш-білім. Ұлы бабамыздың білім мен тәрбиені ұштастыра жүргізу хақындағы ой-тұжырымдары ғасырлар бойы өмір шындығынан туған қағидаға айналады. Сондықтан жас ұрпаққа білім мен ғылымды ғана үйретіп қоймай, жан-жақты тәрбие беріп, адами қасиеттерді сіңіру аса маңызды. Мұндай ізгі ұмтылысқа, ең алдымен, мемлекет мүдделі әрі жауапты болуға тиіс.

Тәлім-тәрбиенің кілті ақыл-парасаты мол ата-ананың ғана емес, білім терең, тағылымы тамырлы ұстаздың да қолында болады. Адам баласын жақсылыққа жету жолында, Әл-Фараби тілімен айтқанда, «ақылгөй ұстазға зәру». Бұл зәруліктің орнын білікті педагогтер, ұлағатты ұстаздар даярлау арқылы толтыруға болады.

Әл-Фараби нұсқағандай, бақытқа кенелудің кепілі – орнықты мінез-құлық пен ақыл-парасат. Сонымен қатар ұлы кемеңгер адамның жетілуі оның денсаулығына тікелей байланысты екенін айтады. Халқымыз «Тәні саудың-жаны сау» дейді. Ендеше, біз әр азаматтың дені сау болуына жете назар аударуға тиіспіз. Данышпан ойшыл ержүректілік пен қайсарлықты да жоғары бағалайды. Әр адам қауіпті сәттерде айналасын, елін қорғап қалуға дайын тұруы қажет. Бұл қасиет адам бойына бала күннен даруы керек. Демек, біз патриоттық тәрбиеге де баса мән бергеніміз жөн.

Әл-Фараби жақсылыққа жету жолдарын көрсеткенде үнемшілдік пен ысырапшылықты назардан тыс қалдырмайды. Ол сондай-ақ шектен тыс рахатқа бөлену тойымсыздыққа, қомағайлыққа соқтыратынын ескертеді. Ал қомағайлық жемқорлыққа әкеледі. Бұл да – ел дамуын тежейтін аса қатерлі

індет. Мемлекетіміз мұндай кеселмен толассыз күрес жүргізуі керек. Қоғамының әр саласындағы жемқорлыққа жол бермеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Фараби «Бақыт жолын сілтеу» атты трактатында «бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат, белгісіз бір жетілу» болып табылатындығы туралы жазған. Бақыт дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені екені деп көрсетеді. Мұнымен бірге біз бақытқа жетіп алғаннан кейін басқа ештемеге мұқтаж емес екенімізді де көреміз. Ал осыған қолы жеткен адамға жарастығы – қанағатшылық жасау. Бұл пайымдау әрбір адам бақытты өз түсінігінше бақыт деп білетіндігін көрсетеді. Кейбіреулері байлықты бақыт деп есептейді, басқа біреулер басқа нәрсені бақыт деп біледі, сөйтіп әрбір адам абсолюттік бақыт туралы оның өз түсінігі ең дұрыс және ең ұлы немесе ең жетілген игілік деп сенеді. Игіліктер ішінде бақыттың орны осындай, мұңнан шығатын қорытынды: адам бақытының шыңына жету үшін өзі үшін соған жетуді қалайтын адамнан оны игерудің әдісі мен амалын табуды талап етеді.

Доскерлік – адамшылықтағы жақсы қасиет, бұл өзі адамның басқа адамдармен тиісті шамада қарым-қатынас жасауынан туады, осының арқасында ол өзінің жүріс-тұрысынан, сол адамдармен әңгімесінен жақсы ләззат алады. Бұл жөнінде артық кету – жарамсақтыққа соғады, ал достыққа кемтар болу – тәкаппарлыққа итереді.

Фараби «Бақытқа жету жолы» атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, доспейілділік секілді қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіру үшін қалай тәрбиелеу қажеттігі жайлы нақты баяндап, өзінің педагогикалық жүйесінің белгілі құрамды бөлігі ретінде бала тәрбиесі мен оқыту мәселесін қатар алып қарастырады. Ол баланың жеке және жас ерекшелігіне мән беріп, балаға қамқорлықпен қарап, қарым-қатынас жасауға баса көңіл бөледі. Ежелгі грек ойшылдарына сілтеме жасай отырып ғұлама балаларды белсенді түрде оқытуды 7-8 жасынан бастауды нұсқайды. Ол оқыту, білім беру мәселелеріне үлкен назар аударып, бұл тұрғыда көптеген түбегейлі, терең пікірлер айтқан. Ол «Философтардың қойған сауалдарына жауаптар» деп аталатын еңбегінде педагогика, оқу, оқыту мәселелеріне қатысты жайларға тоқталады. Мәселен, оқып-үйренуге «жаттап алу дұрыс па?» жоқ «түсініп алу дұрыс па?»-деген сұраққа Әбу Насыр: «түсініп алған дұрыс, өйткені барлығын жаттап алу мүмкін емес, оларды белгілі бір байланыстары арқылы ойда топтастыру пайдалы»,-деп жауап береді. Бала тәрбиесі, қоғам мен халықтың балаларды оқыту жөніндегі қамқорлығы, жастарды халық өміріне байланысты біліммен қаруландыру, балаға оның жеке бас және жас ерекшеліктерін ескеріп, шын жүректен қамқорлықты қарым-қатынас жасау- барлығы әл-Фарабидің педагогикалық жүйесінің құрамды бөлігі болды.

Дала данышпаны адам бойындағы теріс-мінез құлықтың рухани кесел екенін атап көрсетті. Оның осыдан мың жылдан астам уақыт бұрын айтқан сөзі әлі де мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Өкініштісі, біздің қоғамда әлі күнге дейін ұлт дамуына кері әсер ететін іштарлық, аяқтан шалу әрекеттері етек алуда. Осындай қасиеттерден арылу үшін әл-Фараби ілімін бағдарламаларына енгізіп, қоғамда кеңінен насихаттау ісін қолға алу қажет. Кемеңгер ойшыл бақытқа жету жолын саралаған кезде мәрттік туралы ойын ортаға салады. Бұл үрдіс те бізге үлгі-өнеге болуға тиіс. Жетімін жылатпаған, жесірін жерге қаратпаған қазақ еліндегі жомарт жандардың дәстүрлі қайырымдылық қызметінің жаңа деңгейде жалғасуына өріс ашу керек. Әл-Фараби адамдар арасындағы достық қарым-қатынасты да жақсылыққа жетудің жолы деп санайды. Қазақ халқы ешқашан достық пейілінен жаңылған емес.

Әбу Насыр әл Фараби- бір ұлттың шеңберінен шығып, бүкіл адамзат биігіне көтерілген қайталанбас тарихи тұлға! Оның рухани әлемін тану- адамзаттың мың жыл бұрынғы парасат-пайымын тану ғана емес. Бұл дегеніміз- бүгінгі болмысымыздың қай деңгейде екеніне көз жеткізу, сол туралы ой толғау, осыған орай жаңа заманның сын-қатерлеріне лайықты жауап іздеу.

Әл-Фараби ілімі бізді әлемдік өркениет жолындағы «Бақытты адам-қайырымды қоғам-қуатты мемлекет» жүйесін құруға жетелейді.

Біздің алдымызда тұрған зор міндет- ғұламаның әлем мойындаған өмірлік қағидаларын қазіргі заманға сай қолданып, ақыл-ой биігіне көтерілу, елімізді дамыған озық елдердің қатарына қосу.

Әл Фарабиді таныту- Қазақстанды әлемге таныту!

**ТОПОРКОВА ЛЮДМИЛА КОРНИЛИЕВНА**
*Детская музыкальная школа №1 г.Астаны,*
*педагог дополнительного*
*образования, кандидат педагогических наук*

## ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНОГО ОБЛИКА УЧАЩИХСЯ ПО ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫМ ЗАВЕТАМ АЛЬ-ФАРАБИ И АБАЯ

В статье рассматривается педагогическая система формирования духовного облика учащихся детской музыкальной школы в ракурсе духовно-нравственного наследия аль-Фараби и Абая.

Ключевые слова: духовность личности, мировоззрение, педагогика, музыкальное воспитание, педагогическая система.

Проблема формирования духовного облика личности особенно актуальна в школьном возрасте, когда душа ребенка открыта восприятию духовно-нравственного потенциала жизни. У каждого человека свой

неповторимый путь обретения духовности, формирования своей личностной парадигмы духовно-нравственных ценностей. Думается, что глубокий мировоззренческий смысл сложившегося веками традиционного казахского обряда «тұсау кесу» («разрезание пут» для начавшего ходить малыша) не только в том, чтобы малыш научился ходить, но в пожелании, чтобы, становясь как личность, он преодолевал «путы», преграды на своем жизненном пути.

Проблемы духовности, приоритета духовно-нравственных ценностей человека в мире стали предметом пристального внимания великих мыслителей Востока аль-Фараби и Абая Кунанбаева.

Духовный человек приемлет истину и правду, разум и совесть, добро и красоту, здравый смысл и интуицию и живет в соответствии с этими духовно-нравственными координатами. Его нравственным императивом становится потребность в самореализации и совершенствовании своего духовного мира.

Согласно взглядам Абу Насыра аль-Фараби добродетель как средство нравственного совершенствования человека является приоритетной духовной ценностью в процессе внутренней самоактуализации. Поэтому «состояние души и ее формирование – первое, с чего должен начинать человек» – считал Аль-Фараби. А добродетельное воспитание есть залог нравственного формирования личности, и от воли человека зависит его духовное становление, стремление к истине, добру и красоте как высшим духовно-нравственным ценностям.

Великий просветитель казахского народа Абай Кунанбаев истоки духовности видит в вере и просвещении человека, а воспитание таких нравственных качеств, как любовь к своей родине, к своему народу, труду, доброта, душевность, «восприимчивость сердца», стремление к знаниям является основой духовно-нравственного становления человека. Этот своеобразный духовно-нравственный «кодекс» личности в казахском менталитете составляют такие качества, как уважение к старшим, умение находить язык с другими народами, созерцательность, поэтичность и музыкальность души, тонкое чувство природы, развитая интуиция.

Изучение наследия аль-Фараби и Абая способствует духовному росту подрастающего поколения.

Духовную жизнь различных культур человек может воспринять через сопереживание. И не только историческое исследование, но более всего, художественные произведения искусства, музыка помогают нам почувствовать духовный строй эпохи, душу культуры и тем самым выйти на понимание «духа» того или иного народа.

Академик А.К.Жубанов в статье «Учитесь музыке, молодежь» дает педагогическое наставление: «Музыка – пища для души. Если литература является наукой человекознания, то музыка как вид искусства, имеет огромное

воздействие на душевное, психическое состояние. Не зря сказано Платоном, что «физкультура - для тела, а *музыка* - для *души*» [1,с.398]. Эти педагогические размышления имеют истоком этико-философские взгляды Абая: «Слушая кюи, глубокомысленные, как слова мудреца, и сам возвышаешься духом над миром бренным»[1,с.400]. Музыка как составляющая часть добродетельного общества, гармоничного устройства мира у аль-Фараби символизирует идею врачевания. В этом её воспитательная и образовательная ценность.

Развитие творческих способностей на «родной интонационной почве», постижение «поэтического и музыкального родного языка», знакомство с жизнедеятельностью выдающихся представителей казахской культуры углубляют представления подрастающего поколения о менталитете, национальных традициях, истории Родины.

Приобщение к «драгоценным россыпям» (А.В. Затаевич) музыкально-поэтического наследия казахского народа вызывает стремление к образному слышанию и видению мира: журчание горного ручья и пение птиц, наигрыш сыбызгы и гомон вечернего аула, степные просторы - эту звуковую палитру родного края юные музыканты стремятся передать в звуках музыки.

Суметь сохранить неповторимость своего этноса, принять и обогатиться культурами других народов, принять мир осознанно в дискретности его изменений – в этом смысл развития человека, становление его мировоззрения.

«Екі шекті домбырамды қолға алайын, оңды-соңды құлағын бұралайын…» - «Возьму в руки двухструнную домбру, начну ее настраивать», - таким поэтическим клише учащиеся нашей школы приглашаются к музицированию. Вместе с героями казахских эпосов, сказок мы путешествуем в трехмерном пространстве – небесном, земном и подземном мирах. Учащиеся узнают, что для казахов характерно восприятие единства, целостности мира, поэтому напутствие «оқу даладай кең» («учеба, как степь, широка») они воспринимают как необходимость совершенствовать свои знания в мире музыки; а осознание своей деятельностной сущности в мире выражается пожеланием «Дүниеге керек кірпіші боп қалан» («Стань необходимым звеном, кирпичом в этом мироздании»).

Изучение музыки не ограничивается классными занятиями, но продолжается в постоянной работе над «своей душой». Составленные «Памятка ежедневных духовных вопросов» и «Памятка духовных правил ученика» помогают ребенку учиться понимать смысл жизни путем духовного размышления. По мере духовного роста изучение музыкальной культуры казахского народа «подкрепляется» мыслями великих умов – аль-Фараби, Абая, Шакарима.

Следовательно, духовный облик личности зависит от того мировоззренческого и духовно-ценностного потенциала, который несет в себе музыка как средство обучения и воспитания.

Поэтому задачей музыкального обучения становится воспитание умения в звуках музыки услышать, «увидеть» жизненно-смысловые проблемы, связать их в духовно-ценностную «музыкально-смысловую картину мира».

Рассматривая возможности педагогической интерпретации исследуемой проблемы, опираясь на дидактические принципы единства обучения, воспитания и развития, систематичности и последовательности, мы видим педагогический результат предлагаемой системы формирования духовного облика учащихся в процессе музыкального обучения и воспитания.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ РЕЗУЛЬТАТ

| | | | |
|---|---|---|---|
| **системность, широта и глубина знаний, взглядов и суждений о музыке, жизни** | **духовная потребность в эмпатии – эмоциональном сопереживании музыки, мира** | **сформированность воли, характера, патриотизм, гражданственность, толерантность** | **развитость музыкально-эстетических вкусов и нравственных убеждений; поведение и образ** |

Целью знакомства с жизнью и творчеством выдающихся казахских деятелей культуры и искусства для подрастающего поколения становится завет А.В.Затаевича хранить, изучать и приумножать национальные духовные богатства, развивать и украшать их достижениями общечеловеческой культуры, «и да возрастет из народных недр обновленная и расцветшая казахская национальная музыка!».

**Использованная литература:**


1.Антология педагогической мысли Казахстана.Алматы:Рауан,1995. 512 с.

2.Каракузова Ж.К.,Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. Алматы, 1993.80с.

3. Соловьева Г.Г. Абай о целостном человеке: единство истины, добра и красоты. Аль-Фараби.74 (2). https://doi.org/10.48010/2021.2/1999- 5911.02

**БАЙГОЖИНА АЙГУЛЬ КАБДУЛХАНИЕВНА**
*Қарағанды облысы білім басқармасының*
*Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің*
*«Балдәурен» бөбекжайы КМҚК*

# ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ МЕН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа рухани-патриоттық тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ұлттық намыс, мінез-құлық, тектілік, отансүйгіштік, яғни, рухани-патриоттық құнды қасиеттерді сіңіріп, тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік - білім беру ұйымы.

Мектепке дейінгі кезеңде берілетін тәрбие - барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан - жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне мектепке дейінгі ұйым ошағының тигізер әсерінің маңызы зор.

Бала тәрбиесі қай заманда, қай қоғам үрдісінде болсын үздіксіз ізденуде ізгі мұрат екені баршаға аян. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлаумен бала бойында үнемі үйретілетін изеттілік, қайырымдылық, әдептілік, елін-жерін сүюшілік асыл қасиеттері салт-дәстүрден бастау алатыны белгілі. Әр халықтың көне заманнан бері келе жатқан өзіне тән әлеуметтік мәдени мұрасы бар.

Халық педагогикасы ата-бабамыздың тәрбиеге қатысты асыл қоры, осы тұрғыдан ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше. Сонымен қатар, қазақ поэзиясының бөлінбес бір бөлшегі. Оған қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, ертегі, аңыздар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жатады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда ертегілердің алатын орны ерекше. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Төстік, Алпамыс тұлғалары, ақын жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері балалардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор.

Баланың бай қиялы өзінің ертегі әлемін құрайды. Бұл қиялдарды белгілі бір жасқа дейін шынайы өмірден айырмайды. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларға ертегі оқып беру - ең сүйікті іс болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытып, сөздік қорын молайтуда ертегілердің рөлі ерекше.

Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол тәрбиелік, әрі көркем- эстетикалық әдеби қазына, ертегінің бүкіл жанрлық ерекшілігі осы екі сипатынан көрінеді. Қазақ халық ертегілері - ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көлемді саласының бірі болып табылады. Қазақ халық ертегілері - қазақ халық ауыз әдебиеті ішінде атадан балаға мұра ретінде беріліп, ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу, толығу үстінде келе жатқан асыл мұра. Қазақ халық ертегілерінің асылдық қасиеті, оның дүниеге келуі сонау ерте заман болса да, бүгінгі біздің дәуірімізде қажеттілігі күшейіп мән-мағынасының артып отырғандығында [1].

Ертегілер халқымыздың тарихын, дүниетанымын, тұрмысы мен салтын, әдет-ғұрпын, нанымы мен сенімін білдіреді. Ертегілер қоғам дамыған сайын адамның да ой–санасы өсіп, өмірге деген көзқарасы өзгереді. Қазіргі заманның жетістіктерін көре отырып, ертегі оқиғаларындағы халық арманының іске асқанын байқаймыз.

Қазақ ертегілері өзінің тақырыптары, көтерген мәселелері, мазмұнына байланысты қиял - ғажайып ертегілері, тұрмыс-салт ертегілері, хайуанаттар туралы ертегілер, шыншыл ертегілер болып бөлінеді [2].

Ертегінің оқиға желісін алсақ, табиғаттың асау күштерімен алысып, малды аман сақтап қалу жолында, елінен, жерінен адасып кеткен ағаларын іздеп тапқан Ер Төстіктің ерлігін суреттесе, екінші жағынан, әртүрлі дию, пірлермен күресі баян етіледі. «Ер Төстік» ертегісінде жалпы ертегілердің қаһармандарына тән іс-әрекеттер толық сақталады. Ер Төстіктің өзі - асқан күш иесі емес, жүректі жігіт. Ертегінің алға қойған негізгі мақсаты Шойынқұлақ тәрізді жауыздың иелерінен үстем шығып, оларды қалай да өздеріне бағындыру болғандықтан, Ер Төстікке көмекші әртүрлі жолдастар, серіктер береді. Әртүрлі жауыздықтардың ұясы болған адам баласына қастық қана ойлайтын кейіпкерлер Бектөре, Шойынқұлақ, Темірхан, пері, мыстан кемпірлер қаншама күшті, айлакер болса да, Ер Төстіктен жеңіледі. Халық жақсылықты алдан күтеді, болашаққа сенеді.

Ертегілер әрқашанда қазақ халқының өмірінде маңызды роль атқарып келген. Себебі, ертегілердің мазмұнында халықтың тұрмыс тіршілігі салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, бүкіл болмысы, адамдардың өзара қарым-қатынасы, мінез-құлқы т.б. бейнеленген. Ұрпақ тәрбиесінде ең тиімді тәрбие құралы ретінде ертегілер тілі жеңіл, түсінуі оңай болғандықтан, ертегілердің балаларға отан сүйгіштік, еңбек сүйгіштік, т.б. тәрбие беруде ғана емес, олардың тілін дамытуда да атқарар қызметінің маңызы өте зор. Ертегілер

балалардың ой-өрісін жетілдіріп, Отанын сүюге, елін қорғауға, өнерді игеруге, жалпы адамгершіліктік құндылықтарды бойына сіңіруге септігін тигізеді [3]. Сонымен қатар баланың сөздік қорын да молайтуда қызметі өте зор. Ал сөздік қоры мол, тілі дамыған бала - болашақта үздік оқушы, себебі жоғарыда аталғандар - жақсы үлгілердің негізі. Ой өрісі дамып, сөздік қоры молайған баланың айтар ойы да, істер ісі де өнегелі болмақ. Демек, бала тілін дамыту - қоғам дамыған сайын күнделікті қажеттілікке айнала беретін ең өзекті мәселелердің бірі [4].

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ертегілердің түрлерін қарастырсақ, атақты әдебиетші М.Әуезов ертегіні үш түрге бөліп қарастырған. Олар: қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, шыншыл ертегілері болып табылады.

М.Әуезовтың ертегі түрлерін талдасақ қиял-ғажайып ертегілерінде «Керқұла атты Кендебай», «Аңшы бай», «Ұшқыш кілем» жатады. Бала осындай ғажайып достарының көмегімен мейірімді, адал дос адамын ардақтайды, оның күшіне мол сенім білдіреді. Бала барлық көзқарасы өзгеріп, кішіпейілділікке, мейірімділікке, дос болуға ішінен ой қорытады [5].

Ертегі балаларды қиялдауға, шешен сөйлеуге, өз ойын жеткізуге және қайратты істер жасауға жұмылдырады. Сондықтан балаларды ертегі оқуға , тыңдауға қызықтыру, жақсы қасиеттерді тәрбиеленушілердің бойына сіңіру мақсатында «Ертегі еліне саяхат» іс-шарасы өткізілді. Сондай-ақ «Ертегіні кім көп біледі?» сайысы ұйымдастырылды.

Отбасында ертегілер күнін белгілеп, ол күні әженің, не атаның ертектерін тыңдау немесе ертегілерді теледидардан көру, ертегі айтысу т.б. тәрбиелік жұмыстар ұйымдастырылды.

Зиялы отбасында ертегілер бойынша, қуыршақ театрын ұйымдастыру, ертегілер инсценировкалары бойынша қойылым көрсету ұйымдастырылып тұрады. Әрине, ол үшін уақыт, жағдай керек. Сол уақытты пайдалана білуді, жағдайды ұйымдастыруды, білімдарлықпен, жауапкершілікпен игеретін ата-аналар болады. Өйткені, тәрбие – ата-ананың негізгі борышы, күнделікті іс-әрекеті, абыройы, ары.

Осыған орай, біздің КМҚК «Балдәурен» бөбекжай бақшасында Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ережелерінің жаңа стандартының талаптарына сай, ата-бабамыздың асыл мұрасын, өнер мен өнегедегі үлгілерін бала бойына сіңіре отырып, жан-жақты тәрбиелеу мақсатында балалардың ерік-жігерінің қалыптасуына, өздігінен ізденуіне, жеке тұлға ретінде дамуына баса назар аударылады. Отбасымен ынтымақтастық жұмыстарын нығайту мақсатында ашық есік күндері, сауалнамалар, ертеңгіліктер, көрмелер, ойын-сауықтар өте қызықты да тартымды өтуі, ата-аналардың белсене қатысып, қызығушылық танытуы жүргізілген жұмысымыздың нәтижесі деп есептейміз. Тәрбиенің бесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан дәстүрлерді ең алдымен

өзіміз түсініп, балаларға оның нәрін сіңіре білсек, болашақ патриот тәрбиелесек бұл еңбегіміздің жанғаны, қосқан үлкен үлесіміз деп білемін.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. «Қазақ тәлім-тәрбиесі» Қ. Жарқыбаев, С. Қалиев, Алматы 1995 ж.
2. Қазақ этнопедагогикасындағы құқық тәрбие. Ә. Табылдиев «Қазақ университеті» 2003 ж.
3. «Педагогика» Ж. Б. Қоянбаев, Р. М. Қоянбаева, Алматы 2002 ж
4. «Педагогика» Ж. Әбиев, С. Бабаев, А. Құдиярова , Дарын 2004 ж.
5.«Этнопедагогика» З. Ә. Әбілова, 1997 ж.



**ТОЛЕГЕНОВА ГУЛЬДАНА КАЗЫМОВНА**
*Қарағанды облысы білім басқармасының*
*Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің*
*«Балдәурен» бөбекжайы КМҚК*


## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ IT ҚОЛДАНУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ООР

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ақпараттық технологияларды қолдану олардың когнитивті, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қолдаудың құнды құралы бола алады. IT технологиясы балаларға қызықты және интерактивті оқу тәжірибесін ұсына алады, бұл олардың қызығушылығы мен шығармашылығын дамытуға көмектеседі. Міне, оны мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде қолдануға болатын бірнеше әдістер.

Білім беру қолданбалары мен ойындары: кішкентай балаларға санау, сәйкестендіру және мәселелерді шешу сияқты әртүрлі дағдыларды үйренуге және қолдануға көмектесу үшін арнайы әзірленген көптеген қолданбалар мен ойындар бар. Интерактивті тақталар мен проекторлар: бұл құралдарды балаларға қатысуға және оқуға ынталандыруға көмектесетін бейне, анимация және викториналар сияқты интерактивті білім беру мазмұнын көрсету үшін пайдалануға болады. Онлайн ресурстар мен платформалар: бейне, ән және интерактивті әрекеттер сияқты мектеп жасына дейінгі балаларға білім беру мазмұнын ұсынатын әртүрлі онлайн ресурстар мен платформалар бар. Сандық баяндау: балалар өздерінің шығармашылық қабілеттері мен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектесетін цифрлық әңгімелер жасау үшін технологияны қолдана алады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ақпараттық технологияларды қолдану ойын, өнер және практикалық іс-шаралар сияқты дәстүрлі оқыту түрлерімен теңестірілуі керек екенін ескеру маңызды.

Сонымен қатар, балалардың технологияға қол жетімділігін қамтамасыз ету кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және технологияны жауапкершілікпен және қауіпсіз пайдалану үшін басшылық пен қолдау көрсету өте маңызды.

Тұтастай алғанда, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ақпараттық технологияларды қолдану олардың когнитивті, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қолдаудың құнды құралы бола алады, бірақ ол дәстүрлі оқыту түрлерімен теңдестірілген болуы керек және қауіпсіздік шараларымен бірге жүруі керек.

Қазіргі әлемде ақпараттық технологиялар ең маңызды факторлардың бірі қоғамның дамуы болып табылады. Сондықтан даму адам және адами капиталға инвестициялар алдыңғы қатарға шығады. Ақпараттық технологиялар қарқынды дамып, өмірдің барлық салаларына енгізілуде. Олар ең маңызды құралға айналады оқыту, соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалар.

Білім беру ортасында ақпараттық технологияларды қолдану мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу процесінде ақпараттық технологияларды қолдану теориясы мен практикасы жеке зерттеудің тақырыбы болған жоқ және қарастыруды қажет етеді. Өзектілігі бұл мәселенің теория мен практика үшін маңыздылығына және оның жеткіліксіз дамуына байланысты.

Мектеп жасына дейінгі балалардың компьютерлік технологияны қолданудың оң және теріс жақтары бар. Артықшылықтарға мыналар жатады: белгілі бір дағдыларды алу, кеңістіктік және логикалық ойлауды жақсарту, өзін-өзі бағалау мен өзіне деген сенімділікті арттыру және ұзақ мерзімді есте сақтауды жақсарту. Бірақ технологияны қолдану үлкен зиян келтіреді егер балалар оларды ерте жаста және қалыптан тыс режимде қолданса. Кемшіліктерге балалардың физикалық және психологиялық денсаулығына зиян келтіруге болады. Сыртқы факторларға оқу материалдары, жиһаз, тұлға аралық қатынастар, күнделікті физикалық белсенділік және т.б. жатады. Компьютерлік технологияларды, физикалық және интеллектуалды ойындарды қолдану баланың төрт салада – әлеуметтік, физикалық, танымдық және эмоционалды тұрақты дамуына ықпал етеді.

Мұғалімнің маңызды мақсаттарының бірі - мектеп жағдайында олар оңай бейімделуі үшін оқушыларының болашақ перспективаларын анықтауға көмектесу. Компьютердің және ойын түріндегі және білім берудегі басқа да арнайы компьютерлік құралдардың көмегімен мұғалімдер балаларға

абстрактілі ұғымдарды түсінуге және сыни ойлауды дамытуға көмектесуі керек.

Тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі кезеңдегі білім сапасы балалардың мектептегі, жұмыстағы және жеке өміріндегі жетістігі мен сәтсіздігіне әсер ететінін есте ұстауы керек. Ақпараттық технологиялар қолданылатын оқу сабақтарында мұғалімдер сөздік қорын және тілдерді дамытуға (ойындар, әңгімелер және т.б. арқылы), осы жастағы балаға қол жетімді логикалық мәселелерді шешуге, әлеуметтік дағдыларды жақсартуға, компьютерлік құралдармен жұмыс істеуге баса назар аударуы керек. Бұл баланың интеллектісін арттыруға мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш мектеп жасындағы балалардағы шығармашылықтың маңызды элементі - бұл түпкілікті нәтиже немесе өнім емес, процесс. Баланың қызығушылығын және оның ауызша және вербалды емес өрнек мәселелерін шешу қабілетін сақтау қажет, өйткені бұл олардың ересек адамның көмегімен ақпарат алуына ықпал етеді.

Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық технологияларды қолданудың артықшылықтары дәстүрлі оқыту мен оқытуды ақпараттық технологиялармен салыстыра отырып, екіншісінен келесі бірқатар артықшылықтарды ажыратуға болады:

- ақпарат экранда ойын форматында беріледі, бұл балалардың қызығушылығын тудырады;
- компьютердің арқасында ақпарат көрнекі бола бастайды, мектеп жасына дейінгі балалар мұндай ақпаратты жақсы қабылдайды;
- қозғалыс, дыбыс, анимация баланың назарын ұзақ уақыт бойы аударады;
- бала жеке оқыту мүмкіндігіне ие болады;
- бала шешілетін міндеттердің қарқыны мен санын дербес реттейді;
- компьютерде оқу кезінде бала өзіне деген сенімділікке ие болады, ол көп нәрсе істей алады;
- компьютерлік технологиялар өмірде көрінбейтін жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді (зымыранның ұшуы, химиялық реакциялар, күтпеген және ерекше әсерлер);
- компьютер балаға қателерді өздігінен түзетуге шексіз мүмкіндік береді. оны қолданудың мұғалімдер үшін де көптеген артықшылықтары бар:
- ақпараттық технологияларды қолдану Арнайы білім берумен айналысатын педагогтердің оқшаулануын төмендетуге ықпал етеді, оларға әріптестерімен өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді;
- нақты уақыт режимінде коммуникацияны жүзеге асыру мүмкіндігі өзінің кәсіби қызметі туралы хабардарлықты, яғни рефлексияны дамытуға ықпал етеді;

- ақпараттық технологияларды қолдану педагогтердің кәсіби дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді;

- ақпараттық технологиялар оқытуды қол жетімді етеді;

- ақпараттық технологияларды қолдану балалармен сабаққа дайындық уақытын қысқартады;

- ақпараттық технологияларды қолдану әріптестермен тәжірибе алмасуды жеңілдетеді және жеделдетеді;

- ақпараттық технологияларды мұғалімдерге оқушыларды оқыту мақсатына тезірек және сапалы жетуге көмектеседі.

Компьютерлік ойындарды қолдану когнитивті икемділікті дамытады – баланың мәселенің түбегейлі әртүрлі шешімдерінің ең көп санын табу қабілеті болып табылады. Қарапайым математикалық идеялардың қалыптасуы балалардың визуалды модельдерді құруы мен қолдануы негізінде жүреді. Сабақ барысында балалар орынбасарлардың бір-біріне сәйкес келуіне пәндік модельдер құруды үйренеді. Мұндай модель сандық қатынастарды көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Заттарды ауыстыру, алмастырғыштарды қолдану немесе қолдану арқылы жүреді, бұл алмастырудың мағынасын түсінуге ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Белошистая А.В. Мектеп жасына дейінгі балаларда логикалық ойлауды дамыту: оқу құралы / А.В. Белошистая. – М.: Инфра-М, 2019. – 300 с.

2. Балалардың дарындылығын қолдау және дамыту. Жобалық қызмет / Л.П. Пяткова, О.А. Стальбовская, С.В. Ушакова. – М.: Учитель, 2019. – 175 с.

3. Ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқулық / С.А. Козлова, А.Ш. Шахманова, Е.О. Полосухина [и др.]. – М.: ИнфраМ, 2019. – 237 с. А

**БАЙГУЖИНА ЗУЛЬФИНА МАКСИМОВНА**

*Атырау облысы Жылыой ауданы*

*Жаңа Қаратон кенті*

*№22 жалпы орта білім беретін мектеп,*

*ағылшын тілі пәні мұғалімі*

## ӘЛ-ФАРАБИ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ІЛІМІНІҢ МАҢЫЗЫ

*«Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» Әбу-Насыр әл-Фараби*

1150 жылдан астам тарихы бар әлемге әйгілі Әбу Насыр әл-Фараби ел есінде мәңгіге сақталғаны хақ. Келер ұрпаққа өзінің өнегелі өмірін үлгі етіп,

оқыған, тоқыған білімімен бөлісіп, болашаққа бағдар жасап кеткен ұлы ойшыл ғалымды мына ғалам қай ғасырда да дәріптеп өтері анық. Қазақтың ұланасыр, кең-байтақ байрағынан басшы да, би де, ұстаз да, ғалым да, ақын да туып өсіп, кіндік қаны тамған жерге қызмет етті. 8 миллиард әлем халқына танылған әл-Фараби де қазақ жерінен шыққан.

Денесінде жаны бар жандардың барлығы мәңгі ғұмыр кешпесі анық. Бүгін болмаса ертең ажалы келген әр адам ақ матаға оралып ақ мекеніне аттанады. Өлім орнығады, уақыт зымырайды, жанымыздан жыраққа кеткен жан да ұмыт болады. Алайда, адамның түр-әлпеті естен шыққанымен, жасаған жақсылығымен, елге тигізген пайдасы, ізгілікке бастаған ізі мен мәдениетке мәпелеп, адамдық туын арамдықтан араша ұстаған адал адам ешқашан еш уақытта санадан өшпейді. Соның бірегейі, қайта тумас жан – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби.

Өмірінің соңғы минутына дейін жетпіс тіл меңгерген ғұлама ұлылық жолға қалай келді? Мақтан тұтар мансабынан бас тартып, ғылымға ғұмырын арнаған ғұламаның ғибратты жазылған философиялық һәм тәрбиелік мәні зор ғылыми трактаттары ғасырлар бойы бізге азық болуда.

Бірден жазу жазып жазушы атанған жоқ. Күзетші боп қызмет етіп жүрген кезінде, әр тапқан тиынын тығып ұстап, кейін оған шам сатып алатын. «Шаммен шырақ жағылар», - деп Абай айтқандай, шам Фарабидің шабытын қоса шақыратын еді. Шабытпен жазылған әр дүниені қазір біз өз өміріміздегі түрлі ситуацияларға пайдаланудамыз. Әл-Фарабиді зерттеушілер өз естеліктерінде:

«Ол әулетті отбасыда өмірге келді. Оның әкесі әскери қолбасшы болған. Орта ғасырда Фараб қаласы ғылым мен мәдениеттің ордасы еді. Мұнда Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен кітапхана орналасты. Осының арқасында әл-Фараби ондағы құнды қолжазбалар және кітаптармен танысуға мүмкіндік алды. Ғалымның жастық шағы осы шаһарда өтті», - дейді «Әл - Фараби» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор Жақыпбек Алтайұлы «Әл-Фараби музейі» атты деректі фильмінде.

Әл-Фарабидің зерттеп жүрген зерттеуші ғалымдарымыз да жетерлік. Соның алғашқылары, қазақ халқының арасына әл-Фараби ұғымын енгізіп, Фарабитану пәлсапасымен айналысып, түрлі еңбектер жазған атақты Машан бидің немересі Ақжан әл-Машани.

Ұлы ұстаздың әр елде шашырап жатқан еңбектерін ерінбей іздеп, біріктіріп, қазақ топырағына сіңдірген алғашқы азамат. Тіпті, 1969 жылы әл-Фарабидің бейітін алғаш тапқан қазақ еді. Бейіт басына барғандағы ішкі толғанысын өлеңмен жеткізген.

Түркістан, Шам арасын жақындатқан бабамыз
Басыңа келді ұрпағың, ақылды, дария данамыз.
Араб, парсы, түрікте Сізді білмес жан бар ма?

Басқалар да таниды тарихқа көзін салғанда.
Зират – айлап басыңды
Елден іздеп келген ем.
Тәбәрік етіп бір уыс
Топырақ алдым мен сенен.
Мағауия мешіті,
Сан ғасыр бастан кешірген.
Қасында әлі тұр екен.
Дар ас-Салам ол мекен.
Торқалы мекен тоғысқан
Тоқсан тарау жол екен.
Сізге де мекен болыпты
Ел басын қосқан сол мекен.(23 қыркүйек 1968 ж. Дамаск. «Әл-Фараби және Абай» кітабынан, 40-бет).

Адам ана жатырына жайғасқан сәттен бастап тәрбиеленеді. Анасының естіген, көрген, тіпті дәм татқан тағамдарының барлығы баланың бойына тәрбиенің ең алғашқы жұрнағын жұқтырады. Құрсақтан құндаққа өткен соң, ата-ана құшағына келген сәби әр нәр боп емген ана сүті арқылы төрт жүз ақпаратты миына сіңіреді екен. Тәлім-тәрбие баланың аяққа жүріп, сөз сөйлегеннен басталмайтынын әл-Фараби де өз еңбектерінде айтып кеткен. Негізі, тәрбие ілімі жүрек пен тілге қатты байланған. Жаман іс те, жақсы іс те жүректің тексерісінен өтетіні анық. Тіл арқылы ресурс дамып, әрекет жасалады. Яки жамандық пен адамдық пенде жүрегінен шығады емес пе? Жүректі жылулыққа, тілден шыққан әр сөзді әдемілікке бастайтын не? Әрине, тәрбие. Құрсақтан көрген тәрбие қанға сіңіп, сүйекпен кетеді. Сәби кезімізде қандай ой түйіп, не оқып, не жесек соны он жастан бастап орады екенбіз. Әл - Фарабидің тәрбие туралы жазылған әр еңбегі адамды кішкентай бала кезінен бастап білімділікке, сыпайылыққа, әдемі, жайлы өмір сүруге үйретеді. Жүрек пен тілді тәрбиеге бағындыру пенде үшін сынақ. Бірақ, оқу, тоқу арқылы, мейірімділік, қайырымдылыққа ұмтылу арқылы адам арлылықтың не екенін ұғынады. Бұл Фарабидің сөздері.

Ұлы ойшылдың «Қайырымды қала тұрғындары» трактат желісінде қайырымдылық ұмыт боп, адамдар жауыздыққа, өтірікке бейім екені жазылған. Мың жыл бұрынғы заманда сондай болса, қазір тіптен уақыт нашарлауда. Қайырымдылықтың жібі үзілген мына ғұмыр мейірімділік пен шынайылықты ұмытты.

Философтың бізге мұра қып қалдырған төл туындысының тағылымды ойлар жазылған әр сөзі мейлі жыл өтіп, ғасыр жаңарса да керек дүние. Адам боп туу оңай болғанымен адамдық хақында қалу өте қиын. Трактат желісінде қала басшыларын қайырымды я надан деп екіге бөліп қарастырады.

Трактат желісі қала басшыларын екі топқа бөліп қарастырады.

Қала шаңырақ болса, басшы – кереге. Шаңырақ әрдайым биік боп тұруы үшін, кереге мықты болуы міндет. Ал астына жиналған жамағаттың бірлігі мықты, жолы түзу болуы шарт.

Тракттата адамға нағыз керек:

- Әділдік
- Таза жүрек
- Жүйрік ой
- Білім деп кесіп айтқан болатын. Тәрбиелі екен деген сөзді естігенде ең алдымен алдымызға білімді, ибалы, тап-таза жүрегі аузынан шыққан әр әріптен көрініп тұрған жанды елестетеміз.

Осы төрт қасиет адамның бойынан табылса, төрткіл дүние тыныштықта өмір сүріп, бақыттың не екенін ұғынар еді. Таза жүрек пен жүйрік ой ұштасса, әділдіктің ғайып болмасы анық.

Халид әр-Рубғи есімді ғалым бізге жүректің денедегі маңызы жайында мына әңгімені айтады:

«Хабаштандық ағаш ұстасы Лұқман құл еді. Қожайыны оған бір қой бауыздауға әмір қылып:

– Маған оның ең жақсы екі уыс етін алып кел, – дейді.

Лұқман қожайыны айтқандай малды сойып, оған қойдың тілі мен жүрегін алып барады. Кейін бірнеше күн өтіп, қожайыны тағы қой союға бұйырып:

–Маған оның ең жаман екі уыс етін алып кел, – дейді. Лұқман оған тағы да қойдың тілі мен жүрегін алып келеді.*Қожайын Лұқманға:*

– Бірінші қойдың ең жақсы екі нәрсесін алып кел дегенімде, сен маған оның тілі мен етін алып келдің. Қош. Сосын екінші қойды сойғанда саған оның ең жаман екі нәрсесін бер дедім. Сен маған тағы да оның тілі мен жүрегін бердің. Мұның түсіндірмесі бар ма? – деп сұрайды.

*Лұқман оған:*

– Расында, егер ол екеуі жақсы болса, онда бұлардан асқан жақсы нәрсе жоқ. Егер ол екеуі жаман болса, онда олардан өткен жаман нәрсе жоқ, – деп жауап берген екен».

Расында, жүрек пен тіл тәрбиеге бағынған болса бұл өмірде еш жамандық орын алмас еді. Әл-Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі»-деген ұлы сөзі бар. Пенденің миына қонған әр ақпараттың астарында тәрбиелік мәні бар дүние болмаса, оның болашағы бұлыңғыр болмақ. Өйткені, өзі айтқандай адамның басына білім құймастан бұрын оның жүрегіне иман беріп, тәрбиелеп алуы қажет. Тәрбиесіз берілген білім келешекте жамандық атаулыны көбейтуі мүмкін. Тұла бойында тәрбиенің тал бесігі әлдиден бастап орнықпаған жан қоғамға кері әсерін тигізуі мүмкін. Ұлтқа қызмет етіп жүрген адамдардың да осал тұсы тәртіп пен

тәрбиеден жырақ қалып, тек білімді сіңірумен ғана айналысқан. Шетелден оқып, мың қырық кітап бетін ақтарған азаматтар да адами тұрғыдан ада қап, түрлі жамандықты іске асыруда. Тарих бетінде атом бомбасының атасы атағымен қалған Оппенгеймер де өте білімді, физиканы жатқа білетін азамат. Өз білімінің арқасында яки кесірінен екі жүз мың адамды қырып салды. Бір ғана батырманың күшімен тарихта қалды. Атом бомбасын ойлап тапқан білімі әлемдегі ауру балалар мен сынық аяқтарды көбейтті. Тәрбиесіз берілген білімнің арты пайдасыз, халыққа зияны тиер дүниелерге жұмсалатынына үлкен дәлел осы болмақ.

Ұстаздың бақыт туралы еңбегінде оның басты шартын атап өтеді:

Ең бірінші адамның тәрбиеге бағындырған мінезі – бақыттың шынайы кілті деп баға береді.

«Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде - бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады». Жаны жайсаң, адамгершілігі мол адамдардың мінез-құлқы да жақсы келеді. Жақсы мінез-құлық білім алу, үйрену барысында көбіне тәрбиемен қалыптасады.

«Адамның бойына дарыған, халықтар мен қала тұрғындарына тән және бұл дүниеде тиесілі бақытқа жетуіне, о дүниеде асқан рахатқа кенелуіне септігін тигізетін төрт түрлі нәрсе бар, бұлар: теориялық ізгіліктер, ойшылдық ізгіліктер, этикалық ізгіліктер және практикалық өнерлер», – деп «Бақыт» кітабында мысал келтірген.

Қорытындылай келе, әл-Фараби еңбектеріндегі тәрбие туралы айтылған әр сөз оқыған адамға мол азық болар еді. Тәрбие – тұла бойда құрсаққа енгеннен бастап болуы керек. Тәрбие – тал бесіктен деп ата-бабамыз бекер айтпағаны анық. Ұлы ұстаздың өз мекеніне кеткеніне көп ғасыр болса да, үнемі әр адамның жанында жүргендей. Өйткені, өлместен бұрын жазып кеткен өнегелі еңбектері қазір барлығымызға азық болуда.

Абайдың: «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артынан сөз қалдырған» демекші, әл-Фарабидың жазған әр ғылыми жұмысын оқыған жан үшін ұмыт болмасы айдан анық. Тәрбиелі ұрпақ өсіру жолында ата-анадан бөлек ұстаздардың да еңбегі орасан зор.

Болашағымыз қазіргі балалар болғандықтан, оларға тәрбие мен білім беру басты міндетіміз. Ұлағатты ұстаз болғымыз келсе, келешек ұрпақтың тұла бойына тәрбиені сіңдіру біздің басты миссиямыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Алтаев, Жақыпбек Әл-Фараби өркениеттер сұхбатында [Мәтін]: көптомдық шығармалар жинағы / Ж. Алтаев; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. — Алматы

2. Аликбаева, Маржан Башанқызы Әбу Насыр әл-Фарабидің музыка ілімі [Мәтін]: монография / М. Б.

3. Бурабаев, М. С. Фараби – Аристотельден кейінгі екінші ұстаз монография / М. С. Бурабаев; Орталық Азия ун-ті. – Алматы

4. «Бақыт туралы» кітап Әл-Фараби

5. Дандай Ысқақұлы, «Әл-Фараби философиясындағы бақытты адам концепциясы» 28 тамыз 2020 ж

6. Қазақстан Республикасының шет елдердегі Елшіліктерінің 2020 жылдың бірінші жартысында атқарған іс-шаралары туралы АҚПАРАТТАР

7. «Қайырымды қала тұрғындары» трактаты Әл-Фараби

**КАРТАЕВА БАҒЛАН АХАНОВНА**

*Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы*

*«Керней тірек мектебінің ресурстық орталығы,*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

## ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ– КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР

Қай ғасырда болмасын тәрбие мәселесі адамзат дәуірінде назардан тыс қалып көрмеген. Сонау көне заманда Платон, Сократ, Аристотель, Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағни да ой құдіретін ұрпақ тәрбиесіне бұрған. Ендеше тәрбиенің негізгі тірегі ата-ана мен ұстаз. «Бала балқыған қорғасын, оны қалай қалыпқа салса да құюға болады» дейді халық. Дана халқымыз бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Ал, осы негізде олар халықтық педагогиканың қайнар көзі болып табылатын - тыйым сөздерді орынды қолдана білді. Қазақ халқының сан ғасырдан бері атадан балаға өлмес мирас, өмірлік мұра болып келе жатқан ұлттық дәстүр, тұрмыс - салт, баланы өсіріп - өндіру, өнегелі, тәрбиелі азамат етіп шығару жөніндегі жинақталған тәжірибесі мол даналық мектебі қалыптасты. Отбасы – қоғамның маңызды бөлшегі және өзінше бір кішігірім ұжым. Ата-аналармен үнемі байланыста болып, түрлі шараларға қатыстыру арқылы - бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін қалыптастыра аламыз. Бала тәрбиесі ата-ана үшін қиын да, жауапты іс екені белгілі. Дана халқымыз: «Бала - адамның бауыр еті», «Балалы үй-базар» деп баланы ерекше сүйген. Өйткені, бала ұрпақ жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі екендігі даусыз. Отбасы – қоғамның негізі. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп те бекер айтылмаған. Ата- бабамыз баласының санасына қарнының қамын емес, халықтың қамын ойлауды о бастан - ақ сіңіріп өсірген Осы қасиеттердің барлығын бала санасына құя білген қазақ халқы он бестегі ұланына ел басқартып, шешендік сөз өнеріне қатыстырып, тәлім берген. «Баланы жетіге дейін хан көтер, он беске дейін құлынша жұмса, он бестен кейін ақыл сұра» деп, бүкіл тәрбиені бір-ақ ауыз сөзбен тұжырымдаған. Расында да, баланы жеті жасқа дейін еркелете отырып тәрбиелесе, бала өзін

жақсы көретін адамның барына сеніп, өзіне деген сенімін күшейтеді. Ал, он бес жасқа дейін құлынша жұмса дегені - еңбекке тәрбиеле дегені. Бала еңбекпен тапқан нанының қадірін түсінеді. Ата-ана баласын осы жаста «ауыр көтерсе, белі ауырады» немесе тез шаршап қалады деген қолпаштау сөздерін айтпауы қажет. Еңбек тәрбиесіне кері әсер ететін осындай сөздер баланы өшірмесе, көркейтіп өсірте де алмайды. Сондықтан да ата-ана өзінің әр айтқан сөзіне де бақылау жасағаны абзал.

XIX ғасырда өмір сүрген қазақ ойшылдарының жеке өмірін зерттеп, зерделейтін болсақ, отбасы тәрбиесінің ерекше екендігін аңғарамыз. Абайдың отбасындағы қос анасының тағылымы, Шәкәрімнің бала жастан Абайдан алған тәрбиеден қалыптасқаны баршамызға мәлім. Сол сияқты Ахмет Байтұрсынұлының әке тәрбиесі, Ыбырай Алтынсариннің Балғожа атасынан алған тәлім-тәрбиесі, Шоқанның әкесі мен әжесінен, ақын Мағжанның атасы Жұмабайдан алған өнегесі, Бауыржан Момышұлының отбасындағы тәрбиенің де ерекшелігін, тағы басқа көптеген атақты адамдарды мысалға келтіруге болады.

Бала тәрбиесіне ата-ана мен бірге мектеп мұғалімдері де ерекше көңіл бөледі. Сынып сағаттарында, сабақ барысында бала тәрбиесі назардан тыс қалмайды. Өзімнің бірнеше жылдық тәжірибемде оқушыларыммен түрлі тақырыпта, тәрбиелік мәні зор сыныптан тыс жұмыстарды үнемі жүргізіп отырамын. Басты мақсатым - халық даналығынан сусындаған өнегелі ұрпақты қалыптастыру. Осындай тағылымға толы шаралардың бірі - Абай атамызға арналған танымдық сабақ. Сабақ барысында окушылар «Абай жолы» романы бойынша сахналық шағын көріністер көрсетеді. Олар: «Абайдың балалық шағы», «Бала Абайдың оқудан еліне сағынышпен оралған сәті», «Мейірімді аналар құшағы». Осы көріністер бойынша оқушылар екі ананың да Абайға деген ыстық махаббатын, сезімдерін байқағандарын, ал «Жолда» бөліміндегі Айғыз бен Ұлжан ананың диалогынан Ұлжанның сабырлы, ақылды, ұстамды екендігіне көз жеткізгендерін, ал «Тайғақта» бөліміндегі қажыға аттанып бара жатқан Құнанбаймен қоштаса отырып, ішіндегі реніші болса да, алыс сапарға бара жатқан кісіге орынсыз өкпе артпаған ұстамдылығына қайран қалғандарын айтып, өз ойларын ортаға салды. Сонымен қоса, Зере мен Құнанбайдың арасындағы диалогты тыңдаттым. Осыдан кейін оларға сұрақтар қойылды.

Зеренің «ел анасы» атануының себебі неде? «Ел анасы» неліктен Құнанбайдың алдында әлсіз? Оның қаталдығына, әділетсіздігіне неге тыйым салмайды?

Оқушылар «Соңғы сөзді мен айтайын» әдісін қолдана отырып, өз ойларын ортаға салды. Оқушыларымның жауаптары:

1. Абайдың бойына ізгілік пен даналықтың ұрығын себуші, дәнін егуші аналары - Ұлжан мен Зере.

2. Екеуі де тілге шешен, сөзге жүйрік. Абайды халық ауыз әдебиетімен сусындатып, ақын болып қалыптасуына өзіндік ықпал еткен жандар.

3. Ұлжан мен Абай арасындағы қарым-қатынастан, ана сыйлау, ананы құрметтеуді көреміз. Танымдық сабақтар арқылы оқушылардың сөз байлығын арттырып, өзіндік ой-пікірін, көзқарасын, таным-талғамын қалыптастыруды, елжандылыққа, қарапайымдылық пен кеңпейілділікке баулуды, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға қалыптастыруды көздедім.

8-сыныпта Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесімен таныса отырып, жазушының тұлға болып қалыптасуына өзінің туып өскен ортасы, түлеп ұшқан ұясының ықпалы зор екендігін байқай аламыз.

«Ұшқан ұядағы» жылы сезім, шуақты көңілдің нұрынан жаралған образ деп, Бауыржан Момышұлының әжесі Қызтумастың образын айтамыз. Бауыржанның әжесі айнала ортаның, ащы өмірдің, қатал тағдырдың азап-зардабының бәрін бастан кешсе де, соған төтеп берген, ақылды, қайсар, саналы да саялы әзиз ананың образы болып шыққан дей келіп, ғалым - сыншы М.Қаратаев әжесінің немересіне дарытқан асыл қасиеттеріне былай тұжырым жасайды: «Болашақ батырдың ең алғаш дүние тануына, характерінің жастай қалыптасып, адал, табанды, ержүрек боп өсуіне игі әсер еткен осы әже. М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Зере сықылды Бауыржанның әжесі де қазақ халқының қашаннан өмір қазанында қорыған ұзақ тәжірибеде шыңдалған даналық ұғымдарын, ізгі салт-дәстүрлерін бойында сақтаған адам, өмірдің сұлулығын, еңбектің поэзиясын, достық пен бірліктің, адамгершілік пен адал семьяның қадірін, қажеттігін ұғынған жан және осы ұрпақтарды өз төңірегіне, әсіресе сүйікті немересінің жүрегіне бала кезінен бастап еккен ана».

Әлі есімде, бір рет әкемнің Момынқұл дейтін інісі әжеме:

- Қойшы, апа! - деп дауыс көтеріп қалып еді, әжем тарс кете жаздап:

Сен тұрмақ, Момыш маған осы күнге дейін бетіме тік қарап сөйлеген емес. Сен қайдан шықтың, иттің күшігі! Жоғал, көзіме көрінбе! - деп үйден қуып шықты. - Не боп қалды? - деп әкем кіріп келді, әжем оны аймалап, арқасынан қағып:

Анау інің көргенсіздеу боп бара жатыр. Жөнге сал туысқаныңды, - деді.

- Мақұл, апа, сазайын тарттырайын. Бірақ ұрмай-ақ қояйын, мақұл ма, апа, - деді.

Мейлің, - деп күрсінді әжем.

«Ұшқан ұя» повесінен алынған осы үзіндіден де Бауыржан атамыздың әжесінің қандай екенін байқаймыз. Қазақ әдебиетіндегі асыл аналардың көркем бейнесі арқылы ұлттық құндылықты бойына сіңірген жас ұрпақты тәрбиелей аламыз.

«Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе!» - деп ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, бала тәрбиесі ата-анаға жүктелген маңызды міндет болмақ!

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Қазақстан мұғалімі» газеті, 2010 ж.
2. «Қазақстан мектебі» журналы, №, 2000 ж.
3. Қазақ әдебиеті оқулығы, Р.Зайкенова, С.Ч.Тұрсынығалиева, Астана, 2018.

**АЙТМУХАМБЕТОВА РАУШАН КЕНТАЙОВНА**
Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
*Астана қаласы әкімдігінің «№ 6 гимназия» КММ*

## «БІЛІМНІҢ КІЛТІ - ТӘРБИЕ»

Қазіргі дүниені дұрыс танып, білу үшін, жақсы өмірлік жол таңдауда қателеспес үшін және білімді, тәрбиені адамгершілік пен ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі ұтымды идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Сондай құнды мұралардың иесі, киелі Отырар жерінен шыққан, ғұлама ғалым – әл-Фараби.

Орталық Азия мен Еуропа арасында алтын көпір болып, байланыс кеңістігін қалыптастырған, Ұлы Жібек жолының атақты орталығының бірі болған Отырар қаласында 870 жылы дүниеге келген. Ол өзі өмір сүрген орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл-парасаттың толысуын, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап айтты. Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға, білім беру саласына жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол парасаттылық пен ағартушылықты, білімпаздық пен ізденімпаздықты жақтаған үлкен гуманист. Ол бірнеше ғылым салаларын қамтитын 150-ге тарта трактаттар жазған.

Ең өкініштісі біздің заманымызға дейін 40 шақты еңбегі ғана жеткен. «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Музыка туралы үлкен трактат», «Ақылдың мәні туралы трактат», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғалымдардың шығуы», «Бақытқа жету», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады. Әл-Фарабидің бұл еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Әлемге әйгілі ойшылдар Әбу Әли Ибн Сина, Беруни, Бозжани, Омар Хаям секілді ғалымдар әл-Фарабиді ұстаз тұтқан.

Әл-Фараби білім алудың, ілім үйренудің хикметін сезіне алды. Жастайынан зерек болып, әлемнің әр түрлі қалаларында білім алуға ұмтылды. Шын білімді ақиқат, анық білім деп ұққан ғалым білім қуған жанның ойы күнделікті күйбең-тіршіліктен көп алыста жататынын бағдарлай келе, білімді болуды, жаңалық ашуға қабілетті болу тұрғысында пайымдайды. Осы тұста да дана ойшыл бақыттың мәні парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында екендігіне баса мән береді. Осыдан кейін білімге, білуге ұмтылмай көріңіз! Өз-өзіңізді танығыңыз келсе, түбірімен өзіңізді өзгерткіңіз келсе, білімге ұмтылыңыз. Өзге жол жоқ. Жетік біліміңнің айқын көрінісі – сіздің білім-білігіңіз.

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, тәрбиенің балалық шақтан бастап дұрыс бағыт-бағдар беріп дамытуы, өте күрделі үдеріс екендігін айқын аңғаруға болады. Өйткені, жас ұрпақ ғасырлар бойында қалыптасып, жүйеленген тәлім-тәрбиені, баба дәстүрін санасына біртіндеп сіңіріп, оны дағдыға айналдырып отырады. Әбу Насыр әл-Фараби де тәрбиеге ерекше мән береді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген Әл-Фарабидің атақты қағидасына сүйене отыра, алдымен, ұлы ойшылдың тәрбие жөніндегі ілімдеріне тоқталуды жөн көрдім. Әл-Фараби шығармашылығында көрнекті орын алатын мәселенің бірі – тәрбие. Тіпті, оқып-білім алу, ғалым адам болу мәселесін тәрбиемен тығыз байланыстырады. Ол «Бақытқа жету жайында» атты еңбегінде тәрбиеге анықтама бере келіп: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз Осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді», – деп жазды.

Адамдарды, әсіресе, жастарды тәрбиелеуде ғалым бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Кең мағынада алып қарасақ ғұлама бұл тәрбие ауқымына еңбек, эстетика, дене, гуманистік, патриоттық тәрбие түрлерін қоса қараған секілді. «Азаматтарды бақытқа жетелеудің жолы» атты еңбекте: «Қала әкімі мен мұғалім бірдей дәрежеде тәрбиеші болып табылады. Мұғалім бала тәрбиелесе, әкім қала тұрғындарын тәрбиелейді»,- деп ой түйеді. Оның пікірінше: «Оқып-білім алу арқылы дүниені танып білуге, оның әсемдігі мен толыққандылығын байқауға болады. Әрі оқып-білу үшін, әртүрлі кәсіпті меңгеру үшін, адамгершілік қасиетті қалыптастыру үшін, талмай еңбек етіп, ерік-жігерді дамыту қажет, әрі оған тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу арқасында жетуге болады». Ғалым тәрбиелеу әдістерін «Қатты әдіс» пен «Жұмсақ әдіс» деп екіге бөліп қарастырады. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтап

кеткен. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда «қатты әдіс» деп отырғаны – «жазалау», ал «жұмсақ әдіс» деп отырғаны – «мадақтау». Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым десек, қателеспейміз. Әбу Насыр әл-Фараби тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын адам болмайтынын, тек үйретуден, баулудан жалықпау керектігін айтады. Ғалымның бұл ойын Абайша айтсақ, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға».

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» деген еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларында «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Осы трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек - басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» - деп жүрекке шешуші мән береді. Әл-Фарабидің «қайрат», «ақыл» және «жүрек» жайындағы философиялық ой-пікірлерін Абай өзінің «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңінде де әрі ойшыл-кемеңгер, әрі аса дарынды сөз зергері ретінде оқырманға зор шеберлікпен жеткізген.

Адамзат пен қоғамды білімді етіп, көзін ашу әл-Фарабидің өз алдына қойған міндеті десекте болады. Тек біліммен ғана шектелмей, оқу-білімнен де маңызды дүние – тәрбие екендігін жадынан шығарған жоқ. Дана бабамыздың әлемге әйгілі болып, сан түрлі ғылым салаларын меңгеруі – текті ұрпақтың тебеурінді тәрбиесі мен талаптылық пен ізденімпаздықтың жемісті нәтижесі десек, артық айтпағанымыз болар.

Бала тәрбиесі, қоғам мен халықтың балаларды оқыту жөніндегі қамқорлығы, жастарды халық өміріне байланысты біліммен қаруландыру, балаға оның жеке бас және жас ерекшеліктерін ескеріп, шын жүректен қамқорлықты қарым-қатынас жасау – барлығы әл - Фарабидің педагогикалық жүйесінің құрамды бөлігі болды. Халықтан алып пайдаланылған көптеген ережелер оның ілімінің демократиялық, гуманистік өзегін құрады және педагогикасының озық бағыттылығын күшейтті. Ұлы ғұлама «ұстаздың мінез-құлық нормасы қандай болуы керек?» - деген сұраққа жауап бере отырып, балаға білім беру жөнінде, оған тәлім-тәрбие беру ісінде мұғалімге мынадай шарттар қояды: «Мұғалімдік еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем (қатаң) болмасын және асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғармен болса, онда оқушы мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер де өте босатып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, ғылымына жалқау қарау қаупі туады», - дейді. Бұл сияқты ұстамдылыққа, іскерлікке қол жету үшін Фараби атап көрсеткендей: «ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді». «Ұстаз ескерер бір жәйт - бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, жағымсыз

қылықты болдырмау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру», - деп атап көрсетеді Әл-Фараби. Адамның мінез-құлқын тәрбиелеуде ойшыл ұстаздардың жүріс-тұрыстарына, сөйлеген сөзіне, қимылына, жеке бас мәдениетіне баса назар аударып, оқушының сапалы білім алуына ұстаздың осындай қасиеттері үлкен рөл атқаратынын айтады.

Қорытындылай келе, әлемдік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ойшылдың рухани мұрасы да ұшан-теңіз, мол дүние екеніне көз жеткіздік. Ұлы ғұлама өз еңбектерінің басым бөлігін білім үйрену, жас ұрпақты тәрбиелеу, қоғамның гүлденуін көздеп, тәлім-тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Әбу Насыр әл-Фараби айтқан адам бойындағы қасиеттерді бойымызға сіңіре білсек, білім мен тәрбиені ұштастыра алсақ, онда біз өзіміздің адамдық болмысымызды тәрбиелеп, қоғамымыз ізгілене түспек.

Оның қара ормандай халқына қалдырып кеткен шұрайлы шығармалары ұрпақтан ұрпаққа аманат болып, қымбат рухани қазыналарымыздың қатарында саф алтындай жарқырап тұра беретін болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Бейсенбай Б. «Әбу Насыр әл-Фараби өмірбаянына жаңа қисын.» Ана тілі. - № 25

2.Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). - Алматы: Рауан, 1995

3. Қасымжан А. Әл-Фарабидің рөлін ұмытушылық - тарихи әділетсіздік Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. № 17

4. Қасымжанов А., Әлінов А. Әл-Фараби // Қазақ: Оқу құралы. - Алматы: Білім, 1994. - 176 б.

5. Шолақова Р. Әл-Фараби - Шығыстың ғұлама ғалымы . Қазақ тарихы. № 5 (116).

**КАБАР ГАРИФОЛЛА**

*Астана қаласы І.Жансүгіров атындағы*
*№58 мектеп-гимназиясы,*
*директордың тәрбие жұмысы*
*жөніндегі орынбасары*

## БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ТӘРБИЕ

Бұл мақала қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілікті - ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр

дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн екені туралы.

Түйінді сөз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі».

Ғылым жолында өзінің дара жолын қалап, майшам жарығындай ғана білімнің сәулесін күндей жарқыратқан ұлы тұлғаның есімі мен еңбегі әрқашан халық жүрегінде сақталады. Барша түркі жұртына ортақ мұра болып саналатын, әлемнің екінші ұстазы атанған – әл-Фараби.

Әлемге әйгілі ұстаз, терең ойлы пәлсапашы, ғалым Әбу Насыр әл-Фараби 870 жыл бұрынғы Фараб, қазіргі Түркістан облысы, Отырар ауданы маңайындағы ортағасырлық қалада дүние келген. Шығыстың ғұламасы, бүкіл түркі жұртына Ұлық Түріктей лұқман атанған Әбу Насыр әл-Фараби жайлы айтылатын деректер аз емес. «Ғалымның хаты өлмейді» демекші, Әбу Насыр әл-Фараби атамыз өз артынан ізі суымайтын, аса мәнді де дәлді еңбектер қалдырды. Мысалы, ұлы ойшылдың «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» деген тұжырымды да тұшымды ойы мектеп пен өмірдің оқушыларына сабақ болары сөзсіз. Ал ғұламаның келер ұрпаққа қалдырған асыл мұрасы – мың ғасырлық қазына.

Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі», - деген екен. Бұл сөздің растығын өмір тәжрибесі талай мәрте дәлелдегені белгілі. Әл-Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалаған. Оның ойынша тәрбиеші адам (қазіргі мұғалім) «мәңгі нұрдың қызметшісі».

Ұлы ойшыл Фараби тарихи шындықты, еңбекті, тәрбиені, оның ішінде еңбек тәрбиесін адамның игілігі, бақыты үшін қолдануды армандады. Адамның игілікке жету жолдары туралы ойларын Фараби «Сол кездің өзінде» экономиканың, саясаттың, мемлекеттік құрылыстың, отбасы тәрбиесінің, еңбек тәрбиесінің мәселелеріне байланыстыра отырып, аса қажет мызғымас берік негізге сүйенеді.

Әл-Фараби адамдар бір-бірімен келісіп, тіл табысып отыруы керек деп есептеді. Әділеттіліктің қалыптасқан нормасы, әмбебап заңдар қажет екендігін ескерте келе ол заңдардың тәрбие арқылы жүзеге асатындығын дәйектейді. Оның ойынша, еңбексіз заң да, қоғам да ілгері дами алмайды. Ұлы ойшылдың заң күші туралы осы айтқандарынан қоғамдық келісімдер туралы идеяның алғашқы ұрығы жатқандығын аңғару қиын емес. Бұл идея Еуропада көп кейін өріс алды. Кейбір шығармаларында Фараби өз тұсындағы қоғамды астыртын ғана сынап отырды. Ондағы етек алған озбырлықтар мен қаталдықты, ақыл

мен адамгершілік, еңбек тәртібі ұстанымдарының орасан бұрмалауынан деп түсіндірді.

Еңбек және еңбек тәрбиесінің ғылыми негізін қолдануда XII ғасырда жазылған «Фарабидің энциклопедиясы» атты еңбектің маңызы өте зор. Бұл еңбектің құндылығы, оны басқа халықтардың өз қажетіне жаратып, оның еңбек заңдарына, еңбек адамдарының өз жұмысына саналылықпен, ұқыптылықпен қарап, өндірісті дамыту, еңбек өнімін, жеке адамның еңбекке құштарлығын, ынта-жігерін арттыру мақсаты көзделгендігінде.

Адам баласының межелеген айқын мақсаты арқасында ғана тұлға ретінде сомдалуға септесер білік - жүйе молая түспек. Демек, білімің - білігің, сөзің – өзің. Бұл саты ғылым өріне өрлетпек. Ғұламаның айтуынша, ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұшқырлы ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұяламақ. Олай болса, ғылыммен айналысар адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері зор, тілек-мақсаты ақиқат пен адалдыққа қызмет ету жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіп құмарлыққа ұқсас әрекет онда болмауы керек. Тіпті, бұл реттегі ғұламаның ғылым үйренуге кіріспекші кісі тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, қулық-сұмдықтан және басқа да ағат мінез-құлықтан аулақ болуы қажеттілігін айрықша айтуы ойлантпай қоймайды. Демек, бүгінде қаншама қажет болғанымен ғылымға бет бұру, ғылыммен айналысу еріккеннің ермегі емес. Білім-тәжірибе, ғылым-ілім нәтижесі адам бойына орасан ақыл-парасат сыйлайды. Білім - ғылымның құдіреті осында. Ал адамға ғана тән ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсылық пен жаман қылықтың ара жігін ашуына бірден-бір жәрдемдесер, бірден-бір көмектесер бірегей құдіретті күш іспетті құбылыс. Демек, әл-Фарабише түйінделер тезис – қоғамдағы барша қиыншылықты жеңетін адамды бақытқа жеткізетін күш – адамның ақыл-ойы мен парасаты.

Сонымен, әл-Фараби туындыларының оның ішінде еңбек тәрбиесі, адамгершілік, игілік туралы тағылымдарының маңызы әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Қайта оны тағылымдарының мазмұны қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында қайта түлеп, заман талабына сай жаңа көрініс алуда. Ол жаңа теориялық мазмұн алары хақ.

Әл-Фарабидің ілімі Шығыс халықтарының, оның ішінде қазақ халқының педагогикалық ой-пікірінің дамуында революциялық төңкеріс болып есептелді. Демек, ол Шығыс халықтарының салт-санасының, әдет-ғұрпының ағартушылық тәлім-тәрбиелік, ой-пікірінің, ғұламалық тағылымының дамуында жаңа кезең ашып, халықтық педагогиканың негізін қалауы дейміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бейсенов А. «Әл – Фарабидің тұжырымдары» // Ақиқат. – 2006. - № 6, 70-73 б.

2. Жусанбаева Г. «Әбу Насыр Әл – Фарабидің халыққа білім беру жүйесін құруға қосқан үлесі.»// Қазақстан тарихы.- 2004.-№11, 49-52 б.

3. Григорян С.Н Великий мыслители Средней Азий. Москва, 1958. 12-бет.

4. Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы, 1973, ІІ-том. 12-бет.

5. Медетбаев Т.С. «Әл-Фарабидің әдеби-ғылыми мұрасы». Автореферат.– Алматы, 1998, 32 б.

6. Машанов А. Әл Фараби. Алматы, 1970. 11-бет.

**ФАЙЗУЛИНА ЖАНАТ АЛИМОВНА**
*Астана қ. №1 Балалар музыка мектебі*
*этносольфеджио пәнінің педагогы*

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКАНТТАРҒА БІЛІМ БЕРУДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Мақала әл-Фараби мұрасының музыка саласындағы педагогикалық практика контекстіндегі маңыздылығын талдайды. Ұлы ғалымның музыканы оқытудың білім беру әдістері мен тәсілдерін дамытуға қосқан үлесін, сондай-ақ оның оқушылардың кәсіби құзыреттілігі мен эстетикалық қабылдауын қалыптастыруға әсерін көрсетеді.

*Түйін сөздер:* Әл-Фараби, музыкалық теория, білім, педагогика, музыкалық дағдылар, музыкалық білім, музыкалық дәстүрлер, мәдени мұра.

Әл-Фараби, сондай-ақ Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Аузи әл-Фараби ретінде белгілі, IX - X ғасырлардағы көрнекті араб философы, ғалымы және музыканты болған. Ол шамамен 872 жылы Орталық Азияда туып, шамамен 950 жылы қайтыс болды. Әл-Фараби Ислам ғылымының алтын ғасырындағы ең ұлы философтар мен ғалымдардың бірі болып саналады. Оның жұмысы философия, математика, астрономия, медицина және музыка сияқты көптеген салаларды қамтиды. Ол ежелгі грек философтарының шығармаларына көптеген трактаттар мен түсініктемелер жазды, оларды көбінесе араб тіліне аударып, идеяларын дамытты. Музыка саласында әл-Фараби музыкалық теориядағы жұмыстарымен, сондай-ақ музыкалық эстетика теоретигі ретінде танымал. Оның музыкалық ойлау мен тәжірибені дамытуға қосқан үлесі үлкен әсер етті Ислам және еуропалық музыкалық дәстүрлер.

Музыка әлемінде ұлы философ және ғалым әл-Фарабидің мұрасы ғасырлар бойы музыкалық теория мен практиканың дамуына әсер етіп, маңызды рөл атқарады. Музыка мен эстетикадағы іргелі жұмыстарымен ол қазіргі уақытта зерттеушілер мен музыканттарды шабыттандыратын өшпес із қалдырды.

Әл-Фараби ұлы философ қана емес, сонымен қатар талантты музыкант болды. Оның музыкаға деген қызығушылығы оның философиялық жолының ажырамас бөлігі болды. Әл-Фараби өз заманының музыкалық дәстүрлерін зерттеп, талдап қана қоймай, өзі де музыкамен белсенді айналысты. Ол әртүрлі музыкалық аспаптарда ойнады және өз заманының шеберлерінен музыкалық практикада оқыды. Оның музыка туралы түсінігі терең және кең болды, бұл оның философиялық еңбектерінде көрініс тапты, онда ол музыканың қоғамдағы рөлін, оның адам жанына әсерін және мәдениеттегі орнын талдады. Әл-Фараби өз еңбектерінде музыканың техникалық аспектілеріне ғана емес, оның рухани және эстетикалық өлшемдеріне де назар аударды, бұл оны өз заманының бірегей музыкант философына айналдырды. [1, 127 б]

Әл-Фараби музыка адамның өмірінде маңызды рөл атқарады және оның жанына қатты әсер етеді деп сенді. Ол музыканы тек өнер ғана емес, сонымен қатар тыңдаушыларда белгілі бір эмоционалды және рухани күйлерді тудыруы мүмкін ғылыми пән деп санады. Оның пікірінше, музыка адамның эмоциялары мен сезімдеріне әсер ете отырып, оның көңіл-күйін тазартуға және жақсартуға қабілетті.

Әл-Фараби музыканы эмоционалды әсері мен сипатына қарай әр түрлі категорияларға бөлді. Ол қуаныш, қайғы немесе медитация күйін тудыратын музыканы бөліп көрсетті және музыканың әртүрлі түрлері адам психикасына әртүрлі әсер етуі мүмкін деп есептеді.

Осылайша, Әл-Фараби үшін музыка тек ойын-сауық көзі ғана емес, сонымен қатар үйлесімділік пен ішкі тепе - теңдікке қол жеткізу құралы болды. Оның музыканың табиғаты мен оның адам жанына әсері туралы көзқарасы бұл өнердің адам тұлғасы мен рухани дамуын қалыптастырудағы маңыздылығын атап өтті [2, 201 б].

Әл-Фараби музыкалық теориясының негізгі принциптері келесі аспектілерді қамтиды:

1. Диатоникалық шкала жүйесі: әл-Фараби жеті дыбысқа негізделген диатоникалық шкала жүйесін жасады, ол араб әлеміндегі музыкалық практиканың негізі болды және Батыс Еуропадағы музыка теориясының дамуына әсер етті.

2. Ритақ теориясы: ол музыкиақты музыканың маңызды аспектісі ретінде зерттеді және музыкалық композициядағы уақыт аралықтарының арақатынасы туралы теорияны жасады.

3. Модальділік: әл-Фараби әртүрлі музыкалық режимдерді жіктеп, олардың сипаттамалары мен тыңдаушылардың эмоционалды жағдайына әсерін зерттеді.

4. Гармония және интервалдар: ол дыбыстар мен интервалдар арасындағы гармоникалық қатынастарды зерттеп, олардың музыканың дыбысына және оның эмоционалды әсеріне әсерін анықтады.

5. Музыка эстетикасы: әл-Фараби музыканың эстетикалық аспектілерін талдап, оның сұлулығын, үйлесімділігін және тыңдаушыларда эмоционалды реакциялар тудыру қабілетін талқылады.

Осы принциптердің барлығы әл-Фарабидің музыкалық теориясының негізін құрайды және музыканың қазіргі түсінігі мен практикасына әсер етуді жалғастыруда [3, 227 б].

Әл-Фарабидің идеялары қазіргі музыкалық теория мен практикаға айтарлықтай әсер етті. Оның жұмысы мың жылдан астам уақыт бұрын жазылғанына қарамастан, оның көптеген тұжырымдамалары бүгінгі күнге дейін өзекті және маңызды болып қала береді.Алайда, оның музыкаға арналған кейбір танымал еңбектері мыналарды қамтиды:

1. Китаб әл - Мусика (Kitab al-Musiqa): бұл әл-Фарабидің музыкалық теориядағы ең танымал шығармаларының бірі. Онда ол музыканың әртүрлі аспектілерін, соның ішінде үйлесімділікті, ритақты, модальділікті және эстетиканы зерттейді.

2. Музыка өнері (Kitab al-Adwar): бұл әл-Фарабидің тағы бір әйгілі туындысы, онда ол әртүрлі музыкалық аспаптарды және олардың музыкалық практикадағы рөлін талдайды.

Әл-Фарабидің музыкалық шығармаларының өзі сақталмағанымен, оның музыкалық теориядағы жазбалары маңызды болып қала береді және қазіргі зерттеушілер мен музыканттарды шабыттандырады. [4, 338 б]

Әл-Фарабидің музыкалық әлем үшін мұрасын асыра бағалау мүмкін емес. Оның музыкалық теориядағы жұмысы Ислам әлеміндегі музыкалық ойлау мен тәжірибенің дамуына үлкен әсер етіп қана қоймай, Батыс Еуропаның музыкалық мәдениетіне де айтарлықтай әсер етті. Оның модальды музыка, ритақ, үйлесімділік және эстетика туралы идеялары қазіргі композиторларды, музыканттар мен зерттеушілерді шабыттандырады. Мың жылдан астам уақыт өткен соң, оның жұмысы әлі де музыка мен оның теориясына құмар адамдар үшін шабыт пен білім көзі болып табылады. Осылайша, әл-Фарабидің мұрасы музыка әлемінде өмір сүруді және өркендеуді жалғастырады, музыкалық өнердің тарихы мен дамуында өзінің қайталанбас ізін қалдырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Орта және Қазақстанның ұлы ойшылдары. Алма-Ата, 2021.127б.

2. Алтаев Ж.Әл-Фараби-ұлы ойшыл Шығыс. Алматы: Қазақ университеті, 2018. 201б.
3. Матякубов О. Фараби Шығыс музыкасының суларында. Ташкент, 2020. 227б.
4. Форобий А. Н. «Әл-муза әл-Кабир кітабы». Каир. 338б.

**ДЮСЕБАЕВА ЖАНАР НУРЛАНОВНА**
*Астана қаласы Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайының оқу-әдістемелік бөлімінің әдіскері*

## ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жас ұрпақтың тәрбиесі – қанша уақыт өтсе де, өзінің құндылығын, өзектілігін жоймайтын маңызды мәселе. Әр халықтың өзіндік ерекшелігі бала тәрбиесінде көрінеді. «Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселенің, яғни бала тәрбиесінің өте күрделі үрдіс екендігін, тәрбие тек отбасының ғана емес, мемлекеттің, ұлттың мәселесі екендігін айқын ұғынғандаймыз.

Барлық түркі әлеміне ортақ ұлы ойшыл, адамзат тарихында, әлемдік ғылым көкжиегінде, мәдениет, әдебиет пен философияда өзіндік орны бар ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», - деген. Шынымен де тәрбиесіз берілген білім адамзат игілігі үшін ешқашан қызмет етпейді.

Әбу Насыр әл-Фарабидің айтқан тұжырымы бүгінгі қоғамдағы заманауи ұрпақ тәрбиесімен сабақтас. Қазіргі таңда жас ұрпаққа сапалы білім берумен қатар, бойына адамгершілік құндылықтарды насихаттап, тәрбие беру басты міндет болып табылады. Балалардың сапалы білімге деген ұмтылысы, қазіргі заманғы технологияларды игеруі, әлеуметтік белсенділігі қуантса да, рухани құндылықтардан алыстап бара жатқандығы көңілге кірбің ұялатады. Қазақ халқы бала тәрбиесіне құрсаққа біткеннен бастап мән бере бастаған. Әйтсе де қазіргі заманда кейбір құндылықтар кейінге ысырылып жатқанын мойындаймыз. Сондықтан да мектеп қабырғаларында «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы енгізілді.

Әлем бойынша білім салаларында адами құндылықтарды мектеп бағдарламасымен қатар үйрету қолға алынып жатыр. Өзім қызмет атқарған №8 мектеп-лицейінде мұғалімдер арнайы «Qundylyq.kz» орталығының курсынан өтіп, аталған жобаның негізінде жұмыстар басталып кеткен

болатын. Қазіргі уақытта бұл жоба бірнеше мектептерде жүргізіліп, нәтижесін беруде.

«Құндылыққа негізделген білім беру» жобасын енгізу үшін алдымен жалпыға ортақ құндылықтар негізге алынады. Осы жалпы құндылықтардың ішінен білім ордасының айлық құндылықтарының жоспарын құру қажеттілігі туындайды. Ол үшін әр айға белгілі бір құндылықтар белгіленеді. Әр айға жоспарланған құндылықтар негізінде білім мен тәрбие процесінде қатар жұмыстар жоспарланады. Тәрбие процесінде құндылыққа негіздей отырып тәрбиелеудің жүйелі жұмысы болу үшін жоспар болу керек. Білім беру мекемелерінде тәрбие процесін құндылықтарға негіздей отырып ұйымдастыру кезеңінде әр ай құндылығы бойынша іс-шаралар жүргізілді. Ол үшін сынып жетекшілер әр буын бойынша біріге отырып, айлық жоспар құрады. Білім ордасының тыныс - тіршілігінен жоспарланған айлық құндылық көрініс табуы қажет.

Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдасы бойынша тәрбие мен тәлім, оқыту мен үйрету өзара тығыз байланыста, бірін-бірі толықтыра отырып жүргізілуі тиіс. Сондықтан да құндылыққа негізделген білім беруді тек тәрбие процесінде ғана емес, сабақ барысында да енгізуді жоспарлауға болады. Айтар болсақ, әр айдың құндылық айлықтары оқу процесінде де қолданыс табады. Сабақ барысында сабақтағы зерттеу, іс-әрекеттегі зерттеу құндылыққа негізделген тапсырмаларды бақылау барысында жүзеге асырылады. Мұғалімдер ай құндылығына сай тапсырма әзірлеу үшін бірлесіп жоспарлау жүзеге асыралады.

«Құндылыққа негізделген білім беру» жобасын қосымша білім беру мекемелеріне де енгізуге болады. Қандай білім мекемелері болса да, құндылықтарды балалардың бойына біртіндеп сіңіруде ай құндылығын белгілеп, жоспарлай отырып нәтижелі жұмыстар атқаруға болады.

Әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабидің білім мен тәрбиені ұштастыра жүргізу жайындағы ой-тұжырымдары бүгінгі таңда өз маңызын жойған жоқ. Қайта ғасырлар бойы өмір шындығына айналған қағидаға айналды. Сондықтан жас ұрпаққа білім мен ғылымды ғана үйретіп қоймай, жан - жақты тәрбие беріп, адами құндылықтарды бойына сіңіру аса құнды мәселе. Соның негізінде қазіргі уақытта құндылыққа негізделген білім мен тәрбие беруді білім беру мекемелерінде жүзеге асыру нәтижесінде оқушылар мен мұғалімдердің қарым-қатынасы, оқушылардың білім сапасы ілгерілеп, оқушылардың бойында патриотизм, азаматтық сана -сезім, рухани құндылықтардың қалыптасуына тигізер ықпалы зор.

**БОСТАНОВА АККУЛЬ НУРАХОВНА**
*Астана қаласы әл-Фараби атындағы*
*оқушылар сарайының*
*қосымша білім беру педагогі*

## «АУДИО ЕСЕПТЕР» АВТОРЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ

Математика – адам өмірінің ажырамас бөлігі. Математикаға қызықпайтын кез келген баланы оның қызығатын пәндері немесе өнері арқылы байланыстыра отырып тартуға болады. Бір қарағанда мылқау сандар болып көрінгенімен, ішіне сүңгіп, зерттеп, оқыған адам – бұл ғылымның өзінің ерекше тілі барын, айналамызды ерекше бояуларға бояп, табиғатқа жан бітіретін сөзі бар екенін түсінеді. Менің бүгінгі қозғағалы отырған тақырыбым аудио есептер жайлы болмақ. Бұл әдіс менің ойыма қалай келді? Ауылдың мектебінде 20 жыл жұмыс жасап жүрген уақытымда жаңаша оқыту бағдарламалары Bilim Land, kundelik.kz сияқты дүниелер бізден теріс айналған жоқ. Керісінше, қаншалықты мектептің оған дайын немесе дайын еместігіне қарамастан сабақта АКТ енгізу талап етілді десем артық емес. Бірақ ауылдың аты ауыл, интернет нашар, техниканың жетіспеушілігі т.б. кемшіліктер көп болды. Содан интернетке тәуелсіз жұмыс жасайтын, қолда бар смартфонмен - ақ жазуға болатын, әрі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын аудио есептерді жазып, сабақ арасында пайдалана бастадым. Бастапқыда дайын ертегі есептерді, жұмбақ есептерді, түрлі логикалық есептерді диктафон арқылы жазып, сабақ басында миға шабуыл ретінде, сабақ арасында сергіту ретінде немесе сабақ соңында қорытынды ретінде пайдаланып жүрдім. Тәжірибе барысында: «Аудио есепті мен дайындап келсем болады ма?» - деген оқушылар болды. Әрине, ондай оқушыларға бағыт - бағдар беріп, қандай тақырыптағы есептерді дайындап келу керектігі жайлы сүйемелдеу көрсету қажет. Себебі берілетін есеп барынша тақырыппен байланысқаны жөн және де сыныптың деңгейіне сай болу керек, сонымен қатар орындалу уақытын да есепке алған жөн. Кейбір сыныптардың үздік оқушылары өздері есеп құрастырып, шығармашылық жұмыспен айналысып, дикциясы жақсы оқушы оны диктафонға жазып келуге болады. Осылайша сыныптың математика пәнінен үлгерімі төмен немесе мотивациясы төмен оқушыларын да тапсырмалар орындауға жұмылдыруға оң ықпал етті.

Енді аудио есептерді пайдалану барысында менің қарным ашқан тұстары жайлы айта кетсем. Математика сабағында тыңдалым мен айтылым өте қатты талап етілмейтіні бәрімізге мәлім. Сондықтан сабақ өткен мұғалім де бұған өздігінен кірісе қоймайтыны ақиқат. Ал оқушылар математикалық кез келген тапсырмаларды тек парақ немесе тақтада көріп (ол тіпті өте қарапайым тапсырма болса да), берілген мәліметтерді цифрлар мен математикалық

символдар арқылы көрініп тұрмаса, ондай тапсырмаларды орындау балаларға айтарлықтай қиындық туғызды. Яғни бала математикалық тапсырманы тек мәтін немесе есеп түрінде ғана орындап үйренген. Өте қарапайым 1-2 минутта орындалатын тапсырманы алғаш қойып бергенімде, 7-8 минут, тіпті кейбір сыныптар 10 минутта орындады. Өте мұқият тыңдап, айтылған мәліметтерді параққа жазып отыруға кеңес берсем де, аудио есепті бірнеше қайтара қойып беруіме тура келді. Бұдан түсінгенім, көптеген балаларда бір мезгілде тыңдай отырып, есептеу дағдысы қалыптаспаған. Тек оқушылар емес ашық сабақтарыма қатысып отырған педагогтердің өздері де бірнеше қайтара тыңдағанда ғана түсінгенін айтқан болатын. Қазіргі таңда нейро жаттығулардың адам миының екі жарты шарының да жақсы жұмыс істеуіне ықпал етіп, дәлелденіп, педагогикада кең тарап, қолданыста жүргені көпшілігімізге мәлім. Менің ойымша, аудио есептер де оқушылардың жалпы адамның екі жарты миының жақсы жұмыс жасауына септігін тигізеді.

Үнемі сабақтарда аудио есептерді қолданудың арқасында оқушыларым аудио тапсырмаларды шапшаң орындайтын болды. Керек мәліметтерді жазып алып, тыңдай отырып бірден шартын құру, теңдеу құру сияқты, тіпті бірден есептеп кететін де деңгейге жеткен оқушылар болды. Яғни балаларда тыңдалым жақсы жүре бастады. Бұған дейін жалпы орта мектепте жұмыс жасағандықтан мұндай сыныптан тыс жұмыстарға көп фокусымды қоймағаным рас. Ал қазір қосымша білім беру саласында аудио есептерді өте тиімді пайдаланып, жан-жақты дамытуға болады. Алдағы уақытта ақындық қабілеті бар оқушыларға түрлі жұмбақ есептер мен ертегі есептерді өлең шумақтары арқылы жаздыруды қолға алу жоспарымда бар. Бұл керемет пәнаралық байланыс болады деп ойлаймын. Одан бөлек, математикадан үлгерімі жоғары, қабілеті бар оқушыларға өздері есептер құрастыруды ұйымдастыру – жақсы шығармалық жұмыс. Жұмбақ есептер мен ертегі есептер баланың бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіруіне, салт-дәстүрді дәріптеуімізге, қазақилығымызды сақтап қалуға тағы бір құрал болар еді. Себебі басқа пәндерге қарағанда математика пәнінде мұндай мүмкіндік бола бермейді. Айтайын дегенім, математикалық әрбір тапсырманы ұлттық тәрбиемен байланыстыру мүмкін емес. Себебі, бұл – ғылыми пән.

Әртүрлі сыныптарға, әртүрлі тақырыптарға, әртүрлі деңгейде аудио есептер жазу менің көп уақытымды алды. Сүйтіп интернеттен дайын аудио есептер іздегенім рас. Бірақ бірде бір дайын материал жоқ болып шықты. Электронды оқулықтар сататын дүкендер мен электронды оқулықты дайындайтын авторлардан да тапсырыс жасағанымда ондай нұсқада құралдың жоқтығын айтты. Яғни бұл материалдарды дайындайтын адам болса, көптеген педагогтер өз сабақтарында пайдаланары анық. Қазіргі таңда менің қоржынымда жан-жақтан жиналған 200 - дей түрлі аудио есептер бар. Соның

санын 2000-ға жеткізіп, кез келген педогог пайдалана алатындай тақырыбына, деңгейіне, сыныбына сай жүйелеудемін.

Аудио есептерді тек мектеп оқушылары ғана емес, балабақшада, дайындық топтарында пайдалану оқушының тыңдалым қабілетін арттырады, логикалық ойлау жүйесін дамытады, топтық жұмыстарда өте тиімді болады. Мұғалімдер мен тәрбиешілерге қолжетімді әрі пайдалануға ыңғайлы болуы үшін түрлі білім платформаларына енгізілсе де артық болмас еді.

Сіздерге үлгі әрі мысал ретінде интернетте өте кең тараған мына ертегі есепті ұсынбақпын. Мысалы: «Ұрылар мен кемпір». Ертеде байлардың есігінде жүріп күн кешкен панасы жоқ жалғыз кемпір болыпты. Жаз шығып ел жайлауға көшкенде сүйенері жоқ кемпір жалғыз қалады. Түн ішінде кемпірдің жалғыз сиырын ұрламақ болып ұрылар келеді. Кемпір: «Ә, бұлар менің жалғыз сиырымды нысанаға алған екен. Мен де бұларды алдайын деп ойлайды, сүйтіп жалма-жан бір шелек суды сапырып отырып, мынадай өлең айтыпты:

Сапырып, сапырып Сарманға бер,
Құйып, құйып Құрманға бер,
Төрдегі төртеуге бер,
Есіктегі екеуге бер,

Өзің іш те, маған бер! – деген екен. Мұны естіген ұрылар: «Қой, мұнымыз бекер болар. Бұл үй толы кісі. Әрі бізден екі есе артық екен. Кетейік!» - деп кетіп қалыпты. Кемпір тапқырлығымен ұрыларды осылайша қорқытыпты. Сонда үйдегі адам нешеу, ұрылар нешеу? Жауабы: ұрылар 5, үйдегі адамдар 10

Жаңа үй салып жатқан Бабер Бобтың 6 бөренесі бар. Олардың әрқайсысын алтыға бөлу керек. Ол өзінің өткір тістерімен бөренені бір жерден кесу үшін 1 минут уақытын жібереді. Барлық жұмысқа оның қанша уақыты кетеді. Жауабы: 5*6=30

Қорыта келе айтарым, біз педогогтар балалармен жұмыс жасайтынымызды кейде ұмытып кетіп, балаларды ересек адам сияқты қабылдаймыз. Бұл әрине, жаман емес, жақсы. Бірақ, балаларға қиялдауға мүмкіндік беріп, олардың фантазиясына шындық ретінде қарасақ, оларға қанат бітіріп, аспанға ұшырғанымыз емес пе?! Тарих бетінде аттары алтын әріптермен жазылған барлық ғалымдар бір кездегі осы қиялшыл балалар еді ғой. Өзіміз де баламен бірге бір сәтке бала сияқты қиялымызға ерік берсек, бәлкім санамызға түрлі идеялар келер ме еді!?

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Ақпарат дерек көзі: https://www.emirsaba.org/tairibi-iziti-matematika-esepteri.html?page=14

2. Ақпарат дерек көзі: https://bilimsite.kz/ustaz/9275-logikalyk-100-esep-logikalyk-esepter-zhauabymen.htm

**КАШКИМБЕКОВА МАКПАЛ КАРЫБЕКОВНА**
*Астана қаласы әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

# ӘЛ - ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗЕКТІЛІГІ

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – халықтың адамгершілік және рухани дәстүрлеріне, ұлттық педагогика мен психологияның ерекшеліктеріне сүйене отырып, тұлғаны жан-жақты дамыту. Педагогика ғылымының қазіргі жағдайы, қазіргі әлемдегі білім мен тәрбие берудің дамуының гуманистік және демократиялық тенденциялары гуманист - ғалым, гуманистік шығыс ғылыми дәстүрінің негізін қалаушылардың бірі Әбу Насыр әл-Фарабидің педагогикалық мұрасын тереңірек зерттеу қажеттілігін талап етеді.

Әл-Фараби – ортағасырлық Шығыстың педагогикалық ойының көрнекті өкілдерінің бірі, әйгілі араб ағартушы ғалым. Ол бірқатар ғалым-философтар мен педагогтердің саңлақтар тобын бастады, ортағасырлық Шығыстың ғылыми - педагогикалық көзқарастарының гуманистік дәстүрлерін құрды. Әйгілі ежелгі грек ойшылдарының ізбасары, аудармашысы және идеяларын жалғастырушы әл-Фараби көзі тірісінде-ақ ортағасырлық Шығыстың ғылыми әлемінде әйгілі Аристотельден кейінгі оның орнын анықтайтын «Екінші ұстаз» құрметті атағына ие болды. Әл-Фарабидің ортағасырлық және одан кейінгі шығыс педагогикалық мәдениеттің дамуына қосқан үлесіне баға жетпейді.

Әл-Фараби педагогикасы – білім мен тәрбие алатын адамның қалауы мен ерік-жігерін белгілі бір бағытта тиісті құралдар мен әдістермен басқару қабілеті, ал педагог – ұстаз, билеуші, тәлімгер. Әл-Фараби педагогикасына сүйене отырып, тәрбие процесі, әдетте, басқаруда болуы керек және оны тәжірибелі мұғалім бағыттауы тиіс. Ол мемлекеттің мұғалімі мен құдіретті билеушісі өз функцияларымен айырмашылықтары жоқ екенін атап өтті. Билеуші сияқты, мұғалім де керемет есте сақтау қабілетіне, көргендері мен естігендерінің бәрін есте сақтау: зеректік пен мәнерлі сөйлеу қабілетіне ие болуы керек. Мұғалімнің ерекше қасиеті – ғылымға, өзін-өзі дамытуға деген сүйіспеншілік, еш шаршаусыз және ауыртпалықсыз өз білімін оқушыларға беруге деген ұмтылыс. Сондай-ақ, мұғалімдер ар - намыс пен әділеттіліктің ерекше дамыған ой-өрелеріне ие болуы керек [1].

Фараби тәрбиесінің мақсаты – ғаламның үйлесімді дамыған адамы. Оның педагогикалық теориясының негізгі бағыттары өнегелі, ақыл-ойлы, физикалық, эстетикалық және еңбек тәрбиесі болып табылатыны кездейсоқ емес. Осылайша, философ бастапқыда ежелгі шығыс мемлекеттерінің педагогикалық теориясында айтылып, содан кейін ежелгі дәуірдегі

ойшылдардың жетекші тұжырымдамасына айналған жан - жақты дамыған тұлғаны қалыптастырудың жалпы адамзаттық идеясын жалғастырады.

Әл-Фарабидің орталық әлеуметтік-педагогикалық идеяларының бірі бүкіл адамзат ұмтылуы керек жалпыға ортақ игілік, бақыт идеясы болды. Ойшыл бұл туралы «Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатта» ой толғайды. Онда ол әртүрлі қалалық қауымдастықтарды дамытудың мүмкін нұсқаларын қарастырады. Қалалардың ішіндегі ең таңдаулысы – әл-Фарабидің өз классификациясындағы «ұжымдық қала». Бұл «адамдарының бірлестігінің мақсаты – істердегі өзара көмек, осылайша олар шынайы бақытты болады және адамдары бақытқа жету үшін бір-біріне көмектесетін қоғам – ізгі қоғам болатын» қала [2].

Әл-Фараби адамгершілік және эстетикалық тәрбие мәселелерінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудағы мұғалімнің рөліне басты назар аударды. Фарабидің пікірінше, адам туылғаннан кейін тек туа біткен бейімділікке ие, оны оңай дамытуға, тәрбиелеуге және дұрыс бағытқа бағыттауға болады. Бұл, ең алдымен, мақсат қоя білетін, еңбекқорлыққа, білім мен мәдениетке, жақсы дайындыққа, практикалық дағдыларға ие өте әділ билеуші мен дана мұғалімге байланысты. Мұғалім жас ұрпақты қоғам мен өмірдің заңдылықтарын білуге дұрыс бағыттай алады, жастарға ерік-жігермен, табандылықпен және біліммен адам қажетті нәтижеге қол жеткізе алатындығын түсіндіреді.

Оның тұжырымдамасына сәйкес тәрбиенің басты мақсаты – игі істер жасаудан тұратын ізгілікті игеру арқылы адамды бақытқа жетелеу. Бірақ шынайы игі істер жасау үшін адамгершіліктің қалыптасуына көмектесетін білім қажет. Әл-Фараби трактаттарында білім арқылы ізгілікті тәрбиелеудің нақты әдістері ұсынылған. Ол оларды «жұмсақ» және «қатты» деп бөлді [3].

Педагогикалық ғылымның бүгінгі даму деңгейіне сүйене отырып, орта ғасыр дәуірінің тарихи ерекшелігін атап өткім келеді. Ойшыл арнайы ұйымдастырылған тәрбие мен білімге үлкен мән береді. Өйткені ізгілік – білімдарлық жемісі. Тәрбиенің мақсаты да осыдан туындайды, ол өскелең ұрпақтың адамгершілік жағынан мақұлданған, игі істер жасауға деген ұмтылысын ынталандырудан тұрады. Тәрбие процесінің өзі тәлімгердің тәрбиеленушілермен достық қары - қатынасы мен өзара іс - қимылы болып табылады.

Әл-Фарабидің пікірінше, мұғалім жақсы есте сақтау қабілетіне, зерек ақыл-ойға, мәнерлі сөз сөйлеуге ие болуы керек. Мұғалімде адалдық, әділдік, адамгершілік, даналық, ар-намыс сияқты адамгершілік қасиеттер және басқа да ізгі қасиеттер болуы керек. Ғалым атап өткендей: «Мұндай адам адамзат кемелдігінің жоғары дәрежесіне ие және бақыттың шыңында болады. Бұл адам – бақытқа қол жеткізуге болатын кез келген әрекетті білетін адам» [4].

Фараби ғылыми білімнің мазмұны мен әдісіне өз көзқарасын айта отырып, кез келген ғылымды зерделеу кезінде үш бұлжымайтын шартты сақтауды талап етті: нақты принциптерді басшылыққа алу, осы ғылымға қатысты алынған эмпирикалық мәліметтерден қорытынды жасау және басқалардың пікірлеріне сын көзбен қарау. Әл-Фараби ортағасырлық Шығыста алғашқылардың бірі болып өзінің оқу-әдістемелік еңбектерінде дидактикалық мақсаттарға жету үшін ақыл-ой эксперименттерін немесе тәжірибелерді қолданды, осылайша ғылым құралдарын дидактикалық құралдарға айналдырды [5].

Әлемдегі қазіргі тұрақсыз геосаяси жағдай және жаһандық экономика түбегейлі өзгеріп жатқан кезеңде заманның ағымына, қоғамның талабына сай әл-Фараби насихаттаған парасатты азаматтарды қалыптастыру – аса маңызды мәселе. Осыған байланысты білім беру мекемелеріне сапалы адами капиталды тәрбиелеу және білімді жаһандық азаматтық рухында интеграциялау негізінде ізгілікті қоғам құру орталықтары ретінде ерекше рөл жүктеледі.

2020 жылы біздің Оқушылар сарайында «Әл-Фараби әлемі» білім беру орталығы ашылды. Оқу-тәрбие орталығын құрудың мақсаты – оқушыларды ойшылдың зияткерлік және шығармашылық мұрасына баулу және өскелең ұрпақты оның еңбектерінде тәрбиелеу. Орталықта «Әл-Фараби және ғылым», «Әл-Фараби және грек ойшылдары», «Әл-Фараби және өнер», «Әл-Фараби және тәрбие», «Әл-Фараби және поэзия», «Әл-Фараби және шешендік өнер» бөлімдері бар, мұнда осы бағыттар бойынша оқушыларымыз ғалымның еңбектерін зерттейді. Сондай-ақ, біздің Оқушылар сарайында қалалық және республикалық деңгейдегі түрлі іс-шаралар өткізіледі. Мәселен, ағымдағы жылдың сәуір айында «Фараби ілімдерінің педагогикадағы рөлі» республикалық ғылыми - практикалық конференциясы өтеді.

Әлемдік ғылым мен мәдениеттің қазынасы болып табылатын әл-Фарабидің еңбектері негізінде өскелең ұрпақты одан әрі оқыту және тәрбиелеу үшін оның мұрасын тақырыптық зерттеулер мен инновациялық білім беру процестерінде, білім беру жүйесінде кеңінен пайдалану маңызды.

Шығыстағы педагогикалық ой тарихының іргелі талдауы адамның өзін толыққанды тұлға ретінде сезінуі, балалық шақта қалыптасатын құндылықтарды сақтау, балаларға ықыласпен қарау педагогикалық дәстүрдің ажырамас бөлігі екенін көрсетеді. Педагогикалық дәстүрдің тарихи дамуын зерттеу, түсіну қазіргі заманның мәселелерін тереңірек түсінуге көмектеседі. Педагогикалық қызметтегі мәдениеттің мәнін түсінуге адамның жеке басын жоғары құндылық ретінде, осындай тұлғаны дамытуды мақсат ретінде, ал педагогикалық мәдениетті адамның нақты өмір сүру құралы ретінде қарастыратын тарихи - мәдени дәстүрлермен танысу айтарлықтай көмектесті.

Осылайша, әл-Фараби ұсынған оқыту жүйесі, оқыту әдістері оқушылардың шығармашылық және танымдық іс-әрекетін жандандыруға

мүмкіндік берді, логикалық ойлауды дамытуға және олар алған ақпаратты түсінуге ықпал етті.

Әл-Фараби өз заманынан әлдеқайда озық ұлы мұра қалдырды. Оның шығармашылығына арқау болған мәңгілік адами құндылықтарды бекітудегі рух еркіндігі ғибратты және нағыз классика ретінде қай заманда да өзекті.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар/Әл-Фараби - М.: Ғылым, 2006. – 430 б.

2. Әл-Фараби. Тарихи-философиялық трактаттар / Арабшадан аудармасы - Алматы: Қазақ КСР «Ғылым» баспасы, 1985. – 624 б.

3. Хайруллаев М. М. Әбу Насыр Әл-Фараби / М. М. Хайруллаев. – М.: Ғылым, 1982. – 304 б

4. IX-XIV ғасырлардағы Орта Шығыс ойшылдарының таңдаулы шығармалары / Құрастырған: С.Н. Григорян, А.В. Сагадеев. – М.: , – 1961.

5. Қасымжанов А. Х. Әбу Насыр әл-Фараби / А. Х. Қасымжанов. – М.: 2012. – 201 б.

**АЛТЫНСАРИЕВА ГҮЛШАРА ЖАҚСЫБАЙҚЫЗЫ**
*Астана қаласы әл-Фараби атындағы оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі*

## ӘЛ ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ

«Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама ғалым, әмбебап өнерпаз, жиһанкез саяхатшы Әбу Насыр әл-Фарабидің ғұмырнамалық деректері мен шығармашылық-зерттеушілік мұраларына, әсіресе, нәсіл-нәміне, тұқиян-тегіне қатысты әлемдік, сондай - ақ отандық ғылым кеңістігінде әр қилы, тіпті бір-біріне қарама-қайшы пікірлер әлі күнге шейін ұшырасып келе жатқанын ашық айтуға тиіспіз. Біз (шағын баяндама аясында) олардың әрқайсысына баға беріп, төрелік айту ниетінен аулақпыз, әрі оған шығармашылық әлеуетіміз бен ізденушілік қарымымыз да жетпес еді. Сондықтан, осынау қысқа да нұсқа баяндаманы әзірлеу барысында түрлі тарихи кезеңде Фараби тақырыбына қалам тартқан әр текті санаткерлердің еңбектерінде жиі қайталанып, парақтан параққа көшіп жүрген мына бір дерекке жұртшылықтың назарын аударсақ, өзіміз таңдап алған «Әл-Фарабидің өнер әлемі» деген тақырыптың мазмұнын мейлінше ашып, ауқымын айшықтай түсетінімізге сенім арттық. Ол – «ұлы ұстаздың» шығу тегіне, нәсіліне қатысты мәлімет. Мәселен, орта ғасырлардағы араб тарихшылары – ибн-Хаукалдың («*Китаб Масалик уә мамалик*») және ибн-Халликанның (*«Уфиат әл-аиан фи әл-Заман»*)

еңбектерінде қазіргі Қазақстан мемлекетінің аумағындағы байырғы қалалардың бірі – Фараб шаһарында 870 жыл шамасында дүниеге келген Әбу Насырдың арғы ата - бабаларының аттарын «Тархан», «Ұзлақ» деп таза түркі тілінде келтіргені белгілі.

Бұл дерек әлемдік және отандық тарихнама парақтарында бұлжымас шындық, айнымас ақиқат ретінде танылғанын да білеміз. Бірақ, соңғы бірер жылдың бедерінде Әл-Фарабидың ғұмырнамасына қатысты ғылыми-ақпараттық айналымда жүрген осы және басқа да аксиома іспеттес деректер мен тұжырымдардың іргетасын шайқалтып, қабырғасына сызат түсіргендей ерекше бір мәдени құбылыс бой көрсетті. Яғни, елімізде «Рухани жаңғыру» мұғдарымен қазақ тіліне аударылып, 2019 жылы «Ұмытылмас ұлылық». Орталық Азияның араб шапқыншылығынан Әмір темірге дейінгі Алтын ғасыры» атты кітап жарыққа шықты. Авторы – америка тарихшысы, саяси сарапшы, Орталық Азия мен Кавказды зерттеу институтының негізін қалаушы әрі директоры Стивен Фредерик Стар Кіндік Азияның IX - XIII ғасырлардағы Ағартушылық кезеңін, адамзаттың қазіргі ғылым мен техникадағы ғаламат жетістігіне алғаш негіз қалап, алтын көпір салған жасампаз тұлғалардың – ұлы ойшылдардың ғұмырнамасын қызықты әрі егжей-тегжейлі баяндайды. Солардың арасында, кейбір керауыз еуро центристер айтып жүргеніндей, «меңіреу, мешеу, мимырт» өлке емес, бағзыдан адамзат өркениетінің – білім мен өнер бастауларының бір бесігі болған Қазақ топырағына кіндік қаны тамып, шілде суы төгілген, әлемге «екінші ұстаз» атағымен танылған әл - Фарабидың өмірбаянына қатысты біздің арғы - бергі тарихшылар айналып өткен кейбір тосын деректер мен қисынды жорамалдарын көлденең тартады. Яғни, «Философтың (әл-Фарабидің ) музыкаға әуестігі өмірінің мейлінше қызу талас тудыратын, ғылымнан тыс сәттеріне, яки», «оның этностық тегі кім? Парсы ма әлде түркі ме?» деген мәселеге сәуле түсіреді. Әл-Фараби көз жұмған соң 200 жылдан кейін түркі ғұмырнамашысы ибн Халликанның (1211 – 1282) жазған еңбектері болмаса, әсіре космополит оқымысты жөнінде мұндай сұрақ ешқашан туындамас еді. Ол «әл-Фарабиді түркі деп мәлімдеді. Шығу тегі туралы осындай пікір XII ғасырда, яғни түркі әулеттері Орталық Азия мен Парсияның басым бөлігін басқарған кезінде тарады» дей келіп,
С. Фредерик Старр оның тегі соғды (сарт) еді дегенге саятын бірнеше дәлел келтіреді. Біріншіден, әл-Фарабидің беріле ойнаған, құлақ күйін келтіру жүйесін мұқият зерттеген музыкалық аспабы – парсылардың (соғдылардың) лютнясы екенін алға тартады. Екіншіден, оның музыка өнерін араб тілінде талдаған еңбектерінде соғды терминдерін көп пайдаланғанын, ал түркіше бірде-бір сөз қолданбағанын сөз кездеспейтінін дәйек етіп, «түркі гипотезасының» қандай да бір нақты дәлелдері» жоқтығын мегзейді. Үшіншіден, әл-Фараби тұрған жылдары көне Яксарт (қазіргі Сырдария) өзенінің жағасындағы 75 мың тұрғыны бар Фараб (Отырар) қаласының

этникалық құрамы, негізінен, соғдылар болғанын, тек кейінгі ғасырларда ғана түркілер басымдыққа ие болғанын айтады.

Міне, осы тұрғыдан алғанда, тек философия мен математика емес, сондай-ақ метафизика, эпистемология, эсхатология, этика, физика, астрология, психология мен теософия сияқты ғылым салаларына өзіндік үлес қосып, өшпес із қалдырған ғұлама ғалымның – «екінші ұстаздың» рухани кемелдік пен ахлақи тазалықтың, пендәуи бақыттың кілтіне балаған әлемі. Өнер түрлеріне қатысты көзқарастарын зерттеп, саралау саласында да ұшқары пікір, жаңсақ, жасанды пайымдар орын алып келгенін жасырмауға тиіспіз. Жалпыға мәлім дереккөздерінде, 12-16 жас шамасында оңтүстікке кіре тартқан керуенге ілесіп, сол кезеңдегі ғылым мен өнердің ордасы атанған Бағдатқа жол тартады. Ғылым мен өнер жолын қуған адамдарға қақпасы айқара ашылған көне шаһардағы «Баит әл-хакма» дейтін ғалымдар үйі мен әлемдегі ең бай кітапхана табалдырығынан имене аттаған жасөспірім Әбу Насыр алғашқы кезде айналасына әмбебап өнерпаз – ақын, әнші, күйші ретінде танылғанымен, ежелгі грек ойшылдарының қолжазбаларын ізерлей оқу нәтижесінде өз бетінше алуан түрлі ғылыми зерттеулер жүргізуге құлшына бастайды. Оның алғашқы ұстаздары – Исаны «құдайдың баласы» кейпінде дәріптемей, «пайғамбар» ретінде таныған несториялық христ ілімінің өкілдері - тұғын. Соның нәтижесінде Әбу Насыр әл-Фарабидың дүниетанымы екі бөлек әлемнің – көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің, шығыс санаты мен грек - рим мәдениетінің өзара байланысып, бір арнаға тоғысуына негізделді.

Жүмілә жаһанның шығыс бөлігінде тұңғыш рет сындарлы да салиқалы педогогикалық жүйе жасаған ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерінде баланың тәнін де, жанын да қатар жетілдіріп, жұптастыра тәрбиелеуге, рухани кемелдікке жеткізуге ерекше мән береді. Өзінің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу» атты трактаттарында сол рухани кемелдікке жетудің күллі өнер атаулыға тән көркемдік, мейірбандық және бақыттылық категорияларына тереңдей тоқталып, олардың ізгілікті қоғам құрудың негізгі бастаулары екенін дәлелдеді.

Әбу Насыр әл-Фараби өмір сүрген кезеңде – нақтырақ айтқанда, Орталық Азиядағы Ағарту дәуірінде шығыс халықтарының әдебиет пен музыка өнері ерекше қарқынмен дамып, өресі биіктеп, өрісі кеңейе түскені тарихтан мәлім. Сол себепті осынау мәдени құбылысты ғылыми түрде зерттеп, теориялық және практикалық мәселелеріне байыпты баға беру, кәсіби өлшем белгілеу қажеттілігі туындағаны сөзсіз. Міне, жастайынан ақын атанып, ән салу мен күй тартудан тартынбаған Отырардың ойшыл ағланы уақыттың өзі алға тартқан осы қажеттілікті өтеу мұратымен сөз бен саз өнеріне қатысты бірнеше ғылыми еңбек жазады. Оның «Поэзия өнерінің канондары туралы» трактаты ақындық өнердің ерекшелігі, поэзияның жанрлық сипаты мен түрлері, кәсіби өлшемдері мен шарттылықтары, ең маңыздысы – жеке адам

мен бүкіл қоғамның ізгілік салттарын, рухани ғұрыптарын қалыптастырудағы ықпалы мен орнына үңіледі. Ол өзінің ғылымдағы ізашары, грек ойшылы Аристотельдің «Поэзия өнері» еңбегінде айтылған ой - толғамдарды түсіндіре отырып, өзінше тұжырымдайды. Поэзиялық туынды жасаудағы ең негізгі құрал – тіл және оның алуан түрлі түзілімі екендігін айта келіп, сөз бен оның құрамына назар аудару жайын ескертеді: «Сөз тіркесі мағынаны не білдіруі, не білдірмеуі мүмкін. Айтылым жай және күрделі болады. Күрделі айтылым пікір болуы немесе пікір болмауы да мүмкін. Пікірлердің кейбіреулері кесімді болады, ал екіншілері үзілді - кесілді болмайды; кесімді пікірлердің кейбіреулері ақиқатты, екіншілері жалған болады. Жалған пікірдің кейбіреуі қарастырып отырған, пікір орнына жүретін, зат тыңдаушысын ойға түсіреді, ал ол кезде басқалары олардың ойына заттың еліктеуін түсіреді; дәл сол соңғысы поэтикалық пікір болып табылады» дейді. Яғни, Отырардан шыққан ойшыл «поэтикалық пікір дегеніміз – өлең құрап, жыр жазудың кілті»,- деген ой түйіндейді. Сол арқылы ғалым әдеби туындыларды туындатуға қатысты жанрлық және кәсіби шарттылықтар мен өлшемдердің музыкалық, тіпті бейнелеу өнері шығармаларын жазу ісіне де қатысы барын аңғартады. Кез келген өнер туындысын жаратушы өзінің төл шығармасын «табиғи жолмен» және «мәжбүрлікпен» жасайтынын атап өтіп, «Ең керемет (поэзия), ол – «табиғи жолмен» жасалынатын поэзия», - дейді әл-Фараби. Сөз орайы келгенде, осы тұжырымның тек поэзияға ғана емес, сондай-ақ музыка, бейнелеу және сәулет өнерінің туындыларына да тікелей қатысы барын қаперге алуға тиіспіз. Қай өнер саласында да туындының тартымды шығып, тағылымды мәнге ие болуы шығармашыл жанның рухани ахуалына, көңіл ауаны мен сезім иірімдеріне байланысты екені қазіргі заманда баршаға белгілі жәйт.

Жалпы, әл-Фараби сан түрлі өнер салаларын бөле-жармай, бір-бірімен шендестіре талдамай, тұтас күйінде саралайды. Өнер туындыларын жасаушы тұлғалардың жан дүниесінде өзара ұқсастық барын, айырмашылығы – олардың өмір көріністері мен құбылыстарын өзіндік тәсілдер мен пішімдер арқылы беретіндігін айтады: *«...олардың өнер материалдары бір-бірінен айырмашылықтары болғанымен, пішімі, шығармашылық тәсілі мен мақсаты жағынан бірдей немесе ең болмағанда ұқсас болып келеді деуге болады. Поэзия өнері пікірге негізделеді, бейнелеу (сұңғат) өнері бояуға сүйеніп жасалады, олардың айырмашылығы, міне, осында»* дейді. Ғалымның пікірі бойынша, іс жүзінде екеуі де ұқсас өнер туындысын жасайды, елестету мен сезім арқылы еліктейтін адамды көрсетуге талпынады.

Қорыта айтқанда, әл-Фарабидің өнер әлемі алыстан көзге шалынып, айдыны жарқырап жатқанымен, түбіне бойлатпастай тұңғиық, тылсымы қатпар бір ұшан теңіз, ұлан асыр мұхит тәрізді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында әртүрлі ғылым салаларын індете зерттеп, іздене сараптау арқылы

200-ге тарта трактат жазған «екінші ұстаздың» рухани мұрасы, әсіресе, өнер мен санат тақырыбына арналған шығармалары әлі күнге шейін толық зерттелген жоқ. Болашақта соларды мұқият саралап, ізерлей ой елегінен өткізіп, өскелең ұрпақтың қадесіне жарату тек ғалымдардың ғана емес, сонымен қатар барша қазақстандық зиялы қауымның абыройлы борышы, маңызды міндетіне айналарына сенімім мол.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Гомбрих Эрнест, Өнер тарихы, Астана қ. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019.

2. Қазақ әдебиеті, энцикл. анықтамалық. Алматы қ. «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.

3. Машани Ақжан «Әл-Фараби және Абай». Алматы қ. «Қайнар» баспасы, 20057

4.Отырар энциклопедия. Алматы қ. «Арыс» баспасы, 2005.

5. Старр С. Фредерик «Ұмытылған ұлылық». Астана қ. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019.

6. Хайруллаев М.М. «Мировозрение Фараби и его значение в истории философии» Ташкент , 1967.

**АХМЕТОВА АЛИЯ БАЗАРХАНОВНА**
*Астана қаласы әл-Фараби атындағы*
*оқушылар сарайының*
*қосымша білім беру педагогі*

## ҚОБЫЗ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Қобыз – ұлттық мәдениетіміздің алтын діңгегі. Өнер киесін арқалаған бұл аспап бабаның өнегесін қадірлеп, өткенді ұмытпай, бабалар жолын жалғастыру үшін қажет. Осы мұраны танып меңгеру бүгінгі, келешек ұрпақтар үшін парыз десек, оны жас ұрпаққа үйретіп, олардың бойына сіңіру, ұстаз ретінде біздің міндетіміз. Сондықтан бүгінгі мәдениетіміздің алтын діңгегіне айналған қобыз аспабының құдіретімен, оның сарынымен сабақ барысында, оқушыларды жан - жақты таныстыруға тырысамыз.

Елімізде білім беру, жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелері саласында түбегейлі, шұғыл бетбұрыстар жасалып жатқаны белгілі. Тәуелсіздік туын тіккен жас мемлекетіміздің болашағына тұтқа болар білімді де білгір, білікті азаматтар даярлау – бүгінгі күннің келелі мақсаттарының бірі. Соңғы әлемдік педагогикалық зерттеулерді саралау, үздігін ұлттық білім жүйесінің үрдісінде қолдану, ұлттық жүйенің ерекшілігін ескере отырып жаңа педагогикалық

технологиялар мен инновациялық бағытта ізденістер жүргізілуде. [1, 10-11] Осы бағытта әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында елеулі істер атқарылуда. Бала дарынын ашу, қабілетіне сәйкестендіре оны дамыту және жетілдіру, дарынды балалармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру мақсатында көптеген үйірмелер жұмыс істейді.

Әр оқу жылы осы үйірмелер жұмысымен таныстырудан басталады. Таныстыру кезінде әрбір үйірме жетекшісі өз үйірмесінің қызметі жөнінде айтып береді. Алғашқы танысуы көрнекті және дидактикалық материалдармен, шоу, видео және аудио қорларымен сүйемелденеді. Өткен таныстыруларда балалар үйірмелер жөнінде жеткілікті ақпарат алып қана қоймай, осындай клубтарға, үйірмелерге қатыса отырып қандай икемділік пен дағдыларды игеретіні туралы біледі.

Оқушылар сарайында шығармашылық бірлестіктер мен спорттық секциялардың қатарында «Қобыз» үйірмесі де бар. Қобыз аспабын насихаттап, үйрету арқылы жастарды рухани тәрбиелеу, ұлттық үрдістерімізді олардың бойына сіңіру, өнерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында құрылған бұл біраз жылдар жұмыс істейді. Жас музыканттар үйірме жұмысына белсенді қатысады. 2012 жылы үйірмеге қатысушы өнерпаздар арасынан «Назерке» қобызшылар ансамблі құрылды. Өйткені үйірмеде балалардың музыкалық қабілетін дамытудың тиімді жолының бірі – ансамбльмен жұмыс. Қобызшылар ансамблінің репертуарында Қазақстан және шетел композиторларының шығармалары бар. Ансамбль оқушының аспапқа қызығушылығын қалыптастыру, ұжымдық шығармашылыққа сүйіспеншілігін арттыруға ынталандырады. Балалар өзін және өзінің серіктерін тындауға, сонымен қатар ансамбльді тұтастай қабылдауға үйренеді.

Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби «Музыкалық идея оны жүзеге асыратындай әрекет ету қабілетінсіз іске аспайды, музыканы көп тыңдау, жаттығу түрлерін бір-бірімен салыстыру, әуенді талдау, әрбір тонның дыбыстық әсерін мұқият есептей білу арқылы музыкалық қабілетті дамытуға болатындығын» айтады. Оқушы эстетикалық сезім мен эмоциялық көңі -күй арқылы қоршаған ортаны әсерлене сезінеді.

Үйірменің әрбір сабағында оқушылардың музыкалық талғамын, аспапта ойнау дағдысын қалыптастыру арқылы музыка әуенін өзінше талдап, тыңдай білуге үйрету көзделген. Қобызда ойнау тек қол моторикасын ғана емес, сөйлеу дағдысын дамытады, сауаттылығы, эмоционалды қабылдау және сезіну қабілеті жоғары болады [2, 5-6].

Сондықтан қобызды үйренуде оқушының бойында икем, талпыныс, сабырлық және төзімділік болуы керек. Үйірмеде талапкер өнерпаз оқушы қобыз аспабының қыр сырын ұғынып, музыкалық сауаттылығын арттырып, қойған мақсатына жету керек.

Үйірме мүшелері – барлық концерттер мен мерекелік іс-шаралардың белсенді қатысушылары. Сахналарда өнер көрсетіп, көптің алдында өз үйренгенін ортаға салған шәкірттеріміз қалалық, республикалық, халықаралық байқауларда жүлделі орындарды иеленіп жүр.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Б.Қосбасаров «Қобыз өнері».Алматы 2003ж
2. В.Круглов «Инструментальная музыка» Москва 2004ж
3. Ғ.Молдакаримова Қобыз уйрену мектебі Алматы «Жазушы» баспасы 2005ж.



**БАҚЫТЖОЛ БЕКЕНҰЛЫ**
*Астана қаласы әл-Фараби атындағы оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі, Дзюдо күресінің бапкері*


## БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ТӘРБИЕ

Қазақ топырағынан туып шыққан ұлы данышпан әл-Фараби бабамыз «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы деген» екен. Осыған қарағанда, білімнің өзегі – тәрбие екені анық. Яғни тәрбие – дегеніміз адамның бойындағы жақсы қасиеттер жиынтығы. Осындағы жақсы қасиеттерді жас буынның толық бойына сіңірмей тұрып, берген білім қураған ағаш сияқты ешқашан жеміс бермейді.

Қазіргі таңда әрбір ата-ана дүниеге ұрпақ әкелгеннен кейін тәлімді тәрбие беруді мақсат етеді. Қолынан келгенше баласын байсалдылыққа үйретіп, табандылыққа баулып, жақсы нәрселердің бәрін бойына сіңіре берсе екен дейді. Ұлын намысына, қызын ұятына балап, өскен сайын үмітін ақтар ұрпағын көргісі келеді. Міне сондықтан, ешбір ата-ананың балам жаман болсын демейтіні осыдан болса керек. Қалай десек те бала тәрбиесіне бей жай қарамайды.

Ұрпақ тәрбиесіне қатысты зерттеулер жасап, тәжірибелік істермен шұғылданған отандық және шетелдік ұстаз - психологтардың айтуына қарағанда, тәрбие берудің негізгі мәйегі – мейірім мен сүйіспеншілікте екені айтылады. Әсіресе, балалар үшін мейірім мен сүйіспеншіліктің орны зор. Бұндай махаббатқа бала әрқашан шөліркеп тұрады. Жас бала тек қана сүйіспеншілікпен өсіп, жетіледі. Бала кімнен мейірім көрсе, сол адамды жақсы көреді. Әрдайым соны іздеп тұрады. Оны ренжітпей, мейірім мен сүйіспеншіліктен ажырап қалмау үшін оның айтқандарын мүлтіксіз орындауға

тырысады. Бала өзі жақсы көрген кісіге еліктегіш келеді. Ендеше, сүйіспеншілік – бала тәрбиесіндегі негізгі қағида. Яғни, қателік өткізген баланы жазалаудан бұрын мейірімге толы насихаттың әсері мол екенін ескергеніміз жөн. Себебі, бала көбіне жасаған қателігінің парқын білмейді. Мұндай жағдайда оларға ұрсып, зекудің пайдасынан зияны басым.

Үлкендер баланың басынан сипап, маңдайынан иіскеуі, яки құшақтап арқасынан қағуы – оған оң әсерін тигізеді. Бала үлкеннің жылы ілтипатынан өзін жақсы көретінін сезеді, әрі ол кісіге деген құрметі артады. Құшақтап, маңдайын сипаған кісіні өзінің қорғаушысы деп біледі. Педагогтар жылылық көріп, мейірімі қанбаған бала психологиялық ауруларға ұшырайтынын дәлелдеуде. Ата-ана, яғни кез келген педагог үшін балаға ұдайы ұрсып, оған ұзақ ақыл айтқаннан гөрі басынан сипап, мейірім көрсетіп, арқасынан қағуы әлдеқайда әсерлі. Бұның астарында құрғақ сөзбен жеткізуге келмейтін небір сезімдер бар.

Бала тәрбиесі үшін келесі кезекте есте болатын дүние – оның айтқанына құлақ асу, яғни тыңдай білу. Әр нәрсені дұрыс түсінуге баланың ақылы жете бермейді. Ол сөйлеген сайын ішкі дүниесін ашып береді. Сол себепті, баланың ойын білу қажет. Біз көбіне баланы қателікке ұрындырған себептерді іздемейміз.

Бала балалықпен қате жасайды. Ал үлкендер болса, олардан ересек адамның ісін күтеді. Қате жасаса ұрсып, жазғыра жөнеледі. Көбіне, баланы тыңдауды қажеттілік деп ойламайды. Бала болса, өз ісінің қателігін түсінбегендіктен ата-анасының яки үлкендердің не үшін ұрысқанын, неге жазалағанын ұқпай қалады. Сөйтіп, үлкендер маған жамандық жасады, ата-анам мені жақсы көрмейді деген ойда жүреді. Міне сондықтан, баланың ішкі дүниесімен сырласпай, жасаған ісінің дұрыс еместігін түсіндірмей жазалау дұрыс емес.

Келесі кезектегі тағы бір маңызды дүние – ата-ана баланы не болса содан тыйып, іс - әрекетін шектей беруі. Баланың қате қылығын тыйған кезде, орнына басқа бір дұрыс бағыт көрсету керек. Олай болмағанда, бала баяғы істеген қателіктеріне қайта оралады немесе қырсық мінезге бейімделеді. Мысалы, бала ыдыс - аяқпен ойнағысы келді делік, дереу оны қолынан жұлып алғаннан гөрі «ойнасаң, мә, мынамен ойна» деп оған сынбайтын зат беру керек. Үйдің қабырғаларын сызып ойнаған баланың қолына дереу дәптер яки қағаз ұстатып: «мынаны сыз», «жүгірсең, мұнда емес ана жерде жүгір», «көрсең, бұл фильмді емес ана фильмді көр» деген секілді балама ұсынған жөн.

Кейбір ата-аналар баласының өтірік сөйлейтінін айтып шағымданып жатады. Ешбір сөзіне сене алмайтын жағдайға жеткенін де жасырмайды. Бұл жерде ата - ананың да салғырттығы мен кемшілігі бар да болар.

Жақсы әдеп, жақсы сөзді баланың бойына көбірек сіңірсе, баланың санасы кемелденіп тәрбиелі де, тәртіпті бола түседі. Ақылы да толығып, ойлау жүйесі де біршама жақсарары анық. Міне осы тұста ата-ананың әрбір әрекеті, сөзі, қимылы, әдебі және т.б. игі өнегелері бірден бір үлгі болмақ.

Яғни, жоғарыда атап өткеніміздей балаға тәрбие берумен қатар білімді, білікті етіп тәрбиелеген дұрыс. Бұрынғы бабаларымыз «Білекті бір жығар, білімді мыңды жығар» деп тегін өсиет айтпаған. Сондай-ақ, «білімдінің алды - жарық, білімсіздің алды – ғаріп» дегені де бар.

Дін, өнер, мәдениет секілді қоғамның руханияты оның жүрегі іспетті десек, рационалды ғылым-білім оның ақылы, ал кәсіпкерлік пен спорт «қайраты» болмақ. Қоғам өзінің «жүрегіне», «ақылы» мен «қайратына» теңдей көңіл бөлуі тиіс. Бұлардың біреуі ақсаған мемлекеттің, қандайда бір қоғамның «толық есті» кемел де, келісті ел болатындығын айту қиын.

Сондай-ақ, балаларымыз жан-жақты жетілуі үшін «ақыл, қайрат, жүрегіне» мән беруіміз қажет. Сапалы білім алу үшін жақсы мектепте, қажет болса, қосымша сабақ алуына жағдай жасай алсақ «ақылын» жетілдірген боламыз. Ал баланың икемі бар спорт түріне шынықтыру арқылы «қайратын» шыңдаймыз, һәм ұстамды болып өсуіне ықпал еткен боламыз. Ал рухани, діни тәрбие беріп, музыкалық қабілеттерін жетілдіру арқылы «жүрегін» дамытқан боламыз. Шахмат үйірмесіне және командалық ойын түрлеріне қатысқан балалардың эмоциялық зердесі жақсы дамиды. Қиыншылыққа шыдамды, мәселені байсалды шешуге бейімді, командалық жұмысқа икемді, тіл табысу қабілеті жоғары болып жетіледі.

**МАКАРОВА МАРИНА АНАТОЛЬЕВНА**
*Педагог дополнительного образования г.Астана*
*дворец школьников имени «аль-Фараби»*

## «БОЛЬШАЯ КНИГА О МУЗЫКЕ» АЛЬ-ФАРАБИ

Важная грань таланта аль-Фараби – музыка и музыкальное искусство. Его музыка представляет собой средоточие художественной культуры исламского средневековья. Осознание прекрасного, выраженное в различных формах художественного творчества в исламского средневековья, - архитектуре, литературе, поэзии, музыке, танце нашло своё отражение в творчестве аль-Фараби.

В эстетических взглядах мыслителя получили развитие идеи о прекрасном и возвышенном, о совершенстве и духовном пути человека, о воспитании прекрасного в людях. Но особенность эстетических взглядов аль-

Фараби придаёт музыка, – её все сторонная изученность, позволившая трактовать это исследование учёными как наиболее полное и содержательное.

«Большая книга о музыке» аль-Фараби стала значительным явлением в духовной культуре исламского средневековья. Её появление ознаменовала повторную веру в музыкальной культуре Исламского Востока. Содержание «Большой книги о музыке» показало, что в исламской культуре была дана теория звучания музыкальных инструментов, распространённых на тот исторический период на большой территории региона ислама, а также возникла музыкальная теория, отразившая уровень развития музыкальной культуры и её особенности. Инструментальная музыка явилась наиболее универсальным выражением синтеза различных культур, так как она направлена на расширение и объединение культур разных народов.

В «Большой книге о музыке» Великого мыслителя нашли отражение традиции музыкальной культуры тех народов, что стали общей арабо-исламской культуры. «Большая книга о музыке» аль-Фараби явилась результатом обширных знаний в различных областях – математики, философии, педагогики и психологии. Она соединила в себе знания мыслителей античного мира и средневекового испанского мира, культуры Персии и Индии, Византии и Северной Америки.

Культура исламского средневековья, включающая в себя музыку и музыкальное искусство, была источником вдохновения художественного творчества аль-Фараби. Эта - культура, пронизанная звучанием народных инструментов, задушевных песен любимых исполнителей, давала энергию мыслителю в творчестве, энергетический импульс, который выразился в теории аль-Фараби исламского средневековья. Эта музыка отличилась высоко профессиональным уровнем исполнительского вокального и инструментального искусства, а также возникновением разных музыкально-исполнительских школ, где передавались традиции музыкального искусства.

«Большая книга о музыке», посвящённая музыке и музыкальному искусству, стала неотъемлемой частью духовной жизни и музыкальной культуры Казахстана, основой восстановления культурного наследия прошлого и усвоения его лучших традиций в современных условиях.

**Использованная литература:**

1. Аль-Фараби «Большая книга о музыке».
2. Аль-Фараби «Трактаты о музыке и поэзии» Алматы, «Ғылым».
3. Курмангалиева Ғ.К. «Феномен музыки аль-Фараби».

**СЕЙТЖАНОВА РОЗА КУАНДЫКОВНА**
*«Дворец школьников им.аль-Фараби» г.Астана*
*Педагог дополнительного образования*

# МИР ИСКУССТВА АЛЬ-ФАРАБИ

Восточный просветитель Абу Наср аль-Фараби занимает свое значимое место в развитии мировой культуры, мировой просветительской школы на ряду с такими выдающимися мыслителями, как Шекспир, Тагор, Гёте, Кашгари, Навои, Ломоносов, Пушкин, Толстой, Маяковский. Об Абу Насре Аль-Фараби и его научных заслугах в развитии восточной философии, логики, медицины, математики, этики и эстетики, литературоведения и языкознания и других отраслей естественных и общественных наук имеются значительные работы европейских, восточных исследователей, в том числе ученых Средней Азии и Казахстана.

Имя Абу Насра аль-Фараби хорошо известно специалистам в разных областях науки и культуры, но и широкой научной общественности. Однако особое значение его энциклопедическое наследие имеет на исторической родине — в Казахстане, поскольку общественное сознание казахстанского общества рассматривает его в качестве неотъемлемой части духовной культуры прошлого.

Аль-Фараби оставил после себя огромное творческое наследие, изучаемое исследователями Востока и Запада и по-разному интерпретируемое ими на протяжении уже более чем одиннадцати веков. Особый интерес к творчеству аль-Фараби вызван тем, что его научные труды посвящены культуре, социально - этическим и эстетическим проблемам.

И в наши дни, когда перед нами стоит важнейшая задача – воспитание духовно богатого человека, вопросы эстетики речи, уважения к языку и культуре речи, этики общения, любовь к музыке, поэзии актуальны всегда и для всех. И в решении этой проблемы весомую роль играет наследие наших мудрых предков, в частности, труды великого ученого - энциклопедиста Абу Насра аль-Фараби.

Анализ творческого наследия аль-Фараби будет слишком не полным, если не затронуть еще одну его грань – это музыкально-эстетические воззрения великого мыслителя. Эстетическое освоение мира, воплощенное в различных видах и жанрах художественной культуры, понимание природы и сущности прекрасного, выраженного в художественных образах нашли свое отражение в его творчестве. Эстетические взгляды мыслителя тесно переплетены с онтологией, со всей философской системой. Их можно рассматривать как один из ракурсов общей системы мира и человека. И это вполне объяснимо, так как для средневекового периода арабо-мусульманской

философии еще не было характерным выделение эстетики как отдельной науки, требующей самостоятельного наименования, (подобно математике, логике, метафизике и т. д.). В эстетических воззрениях аль-Фараби получили развитие идеи о прекрасном и возвышенном, о благе и гармонии, о совершенстве и духовном пути человека, о воспитании прекрасного в человеке и др.

В эпоху аль-Фараби получают большое развитие различные ремесла, и мыслитель называет их обычно «искусствами». Этим можно объяснить и деление аль-Фараби практической силы души на профессиональную и мыслительную: «Профессиональная, или искусная сила — это та, благодаря которой приобретаются профессии, например плотничье дело, земледелие, медицина, мореходство. Мыслительная сила — это та, благодаря которой мы мысленно представляем вещь, которую хотим сделать, когда мы желаем знать, возможно ли сделать ее или нет, а если возможно то, как должны выполнить это дело» [3, с.58]. Разработку вопросов о природе познания, его ступенях, связи с практикой и нравственностью аль-Фараби соединяет с практикой научного исследования. Он систематически проводит общеметодологическую программу, которая весьма ясно выражена в предисловии к его уникальному в своем роде труду «Большая книга музыки».

Искусство, по мнению аль-Фараби, не формально копирует действительность, а отображает в мысли сущность предмета, то есть складывает в сознании «зеркальную модель вещи, изображение того, что есть и могло бы произойти» [7, с.135]. Критериями такого отображения являются правдоподобие и достоверность, подтверждённые аль-Фараби в трактате «Об искусстве поэзии». Из видов искусства аль-Фараби исследует музыку, а из родов искусства – поэзию. Характерно, что в последующем, в казахском профессиональном искусстве наибольшее развитие получают именно поэзия и музыка. В трактате Аль-Фараби «Об искусстве поэзии» психология искусства рассматривается через воображение (как понятие психологии) на примере его применения в поэзии.

Анализ творческого наследия аль-Фараби даёт основание считать его мыслителем, опережавшим своё время. На основе аналитического осмысления достижений античности и мыслителей своей эпохи аль-Фараби создал оригинальную систему учений о мире в целом и, в частности, об обществе, личности, государстве, науке.

Жизнь Аль-Фараби – это уникальный пример стремления к знаниям, пониманию мира и смысла жизни. На размышлениях и духовных основах великого философа можно воспитывать человека, как личность, и укреплять истинные гуманные ценности. Мудрость великого учителя весьма актуальна и имеет огромный смысл в наши дни.

**Использованная литература:**
1. Абу Наср Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. - Алма-Ата, 1992
2. Акбаева Л.Н. Основы казахской этноэстетики. Учебное пособие. – Алматы: Атамұра, 2012. – С. 264.
3. Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. Алма-Ата. Наука, 1987, с. 496.
4. Бурабаев М.С., Курмангалиев Г.С. Социальные, этические и эстетические взгляды аль-Фараби. - Алма-Ата: Наука, 19
5. Ибн Сина. Трактат о любви //Философия любви. — Ч. 2. - М., 1990. — 605 с.
6. Курмангалиева Г.К. Феномен музыки в наследии аль-Фараби. Алма-ата: 2011. Абу Наср Аль-Фараби. Взгляды жителей города достойных. Ташкент:1993
7. Хайруллаев М.М Мировозрение Аль-Фараби и его значение в истории философии. Ташкент: Фан, 1967.

**ГРИДНЕВА МАРИЯ СЕРГЕЕВНА**
*Дворец школьников имени «Аль-Фараби» г.Астана*
*Педагог дополнительного образования*
*ПДО по каратэ шинкиокушинкай,*
*педагог высшей категории,*
*заслуженный мастер спорта РК*
*(тренер высшей категории)*

## КЛЮЧ К ОБРАЗОВАНИЮ - ВОСПИТАНИЕ

Образование и воспитание являются неотъемлемыми компонентами формирования личности и общества. В современном мире, где перед педагогическим сообществом стоят различные вызовы и задачи, важно обратиться к наследию великих мыслителей прошлого для развития современных педагогических практик и решений. Один из таких мыслителей – аль-Фараби, чьи идеи и принципы могут пролить свет на современные педагогические практики и проблемы.

Воспитание играет фундаментальную и неотъемлемую роль в формировании личности, и этот аспект нельзя недооценивать. В учении аль-Фараби воспитание рассматривается как более широкое понятие, чем просто передача знаний или развитие интеллекта. Оно направлено на развитие души, на внутреннюю гармонию и эмоциональное благополучие ученика. Это означает, что образовательный процесс должен обращаться не только к интеллектуальным аспектам, но и к духовным и этическим аспектам личности.

Целью воспитания согласно учению аль-Фараби является формирование нравственных и этических качеств ученика. Это включает в себя развитие таких ценностей, как честность, толерантность, уважение к другим, ответственность и сострадание. Однако воспитание не ограничивается только формированием индивидуальных качеств. Оно также предполагает социализацию, то есть вхождение ученика в общество как активного и ответственного члена. Это включает в себя участие в общественной жизни, соблюдение законов и норм поведения, а также готовность к сотрудничеству и взаимодействию с другими людьми.

Воспитание в образовании является процессом, который не заканчивается за пределами школьных стен. Оно продолжается и вне учебного заведения, в семье, в обществе и в культурной среде. Важно, чтобы образовательная система сотрудничала с другими институтами воспитания, такими как семья, религиозные организации и общественные группы, для обеспечения всестороннего развития личности ученика.

Таким образом, воспитание в образовании согласно учению аль-Фараби играет решающую роль в формировании не только умственных навыков, но и нравственных и этических качеств ученика. Этот процесс является ключевым для подготовки учащихся к жизни в обществе, формируя активных, ответственных и гармоничных членов общества.

Принципы педагогики аль-Фараби охватывают широкий спектр аспектов:

Индивидуализация образования: Каждый ученик уникален, и образование должно быть адаптировано к его индивидуальным способностям и потребностям. Это предполагает использование разнообразных методов обучения и оценки, учитывающих особенности каждого ученика.

Значение логики и критического мышления: Аль-Фараби утверждал, что образование должно развивать не только запоминающую способность, но и критическое мышление. Это включает способность анализировать информацию, оценивать ее достоверность и принимать обоснованные решения.

Систематическое и последовательное обучение: Обучение должно быть структурированным и последовательным, чтобы обеспечить устойчивое и глубокое усвоение знаний. Это включает не только передачу фактической информации, но и развитие умственных навыков и навыков применения знаний.

Толерантность и межкультурное воспитание: В контексте современного многонационального общества, понимание и уважение культурного разнообразия становится все более важным. Принципы аль-Фараби подчеркивают необходимость развития толерантности и способности к диалогу между различными культурами.

Развитие творческого мышления: Современный мир требует от учеников не только усвоения фактов, но и способности к творческому мышлению и инновациям. Принципы аль-Фараби акцентируют внимание на развитии творческих способностей и поощрении оригинальных идей.

Этика и ответственность: Формирование моральных ценностей и чувства ответственности перед обществом является ключевым аспектом образования. Принципы аль-Фараби подчеркивают важность этики и осознанного поведения учеников.

Применение принципов аль-Фараби в современной педагогической практике и секциях по каратэ:

Секция по каратэ – это не только спортивное занятие, но и мощный инструмент для формирования характера, дисциплины и самодисциплины учеников. Принципы аль-Фараби, такие как индивидуализация образования, развитие логики и критического мышления, а также этика и ответственность, могут быть успешно применены в этой области.

Индивидуализация образования в секциях по каратэ: Каждый ученик имеет свои уникальные способности, сильные и слабые стороны. Применение принципов индивидуализации образования позволяет тренерам адаптировать программу обучения под конкретного ученика, учитывая его физические и психологические особенности. Это способствует более эффективному усвоению навыков и повышает мотивацию учеников.

Развитие логики и критического мышления через каратэ: Практика каратэ требует не только физической подготовки, но и умения быстро анализировать ситуацию и принимать обоснованные решения. Тренировки включают в себя не только изучение техники ударов и защиты, но и развитие тактического мышления и способности к принятию решений в стрессовых ситуациях.

Этика и ответственность в каратэ: Принципы этики и ответственности играют важную роль в секциях по каратэ. Ученики учатся не только технике и стратегии, но и правилам поведения и этическим принципам. Каратэ учит уважению к сопернику, соблюдению правил и самоконтролю, что помогает формировать не только физическую, но и моральную силу.

Применение принципов аль-Фараби в секциях по каратэ не только способствует физическому развитию и приобретению навыков самозащиты, но и помогает формировать характер и ценностные ориентации учеников. Этот вид спорта становится не только средством поддержания здоровья, но и эффективным инструментом для личностного роста и развития.

На основе наследия великого мыслителя аль-Фараби современные педагоги разрабатывают эффективные и инновационные методы образования, способствующие развитию не только умственных, но и этических и духовных качеств учащихся. Пропаганда и понимание роли наследия аль-Фараби играют

важную роль в педагогической практике, особенно в странах, где его наследие имеет особое значение, таких как Казахстан.

В Казахстане, где аль-Фараби считается одним из своих величайших мыслителей, педагоги активно внедряют его принципы в образовательный процесс, стремясь сделать его наследие частью культурного и образовательного национального достояния. Продвижение и понимание идей Аль-Фараби способствует формированию патриотического воспитания среди молодого поколения, подчеркивая важность национального и культурного наследия.

Более того, применение принципов аль-Фараби в образовании и воспитании способствует раскрытию творческих и научных способностей молодежи. Учащиеся стимулируются к исследовательской деятельности, к развитию своего потенциала и к активному участию в жизни общества.

Таким образом, наследие аль-Фараби продолжает оставаться источником вдохновения и направления для современной педагогики, способствуя формированию гармоничных и гуманных личностей, готовых к активному участию в развитии своего общества и мира в целом.

**Использованная литература:**

1. Эпоха аль-Фараби и диалог цивилизаций: взгляды на жизнь и философское наследие / [А. Касымжанов и др.]; гл. ред. Г. М. Мутанов; КазНУ им. аль-Фараби, Ин-т востоковедения МОН РК им. Р. Б. Сулейменова, Ин-т философии, политологии и религиоведения КН МОН РК. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2020.

2. Мысли и изречения Абу Насра аль-Фараби: сборник / [рук. общ. ред. Г. М. Мутанов; сост.: Ж. С. Сандыбаев, Ы. М. Палторе]. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2020.

**СУЛЕЙМЕНОВ БАГДАТ МУРАТОВИЧ**
*Астана қаласы әл-Фараби атындағы*
*оқушылар сарайының*
*қосымша білім беру педагогі*

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ

Фараби – ғұмырын адамдарды біріктіруге арнаған адам. Ол – мың жыл бұрын адамдар үшін өмір сүрген адам. Ол – өз ісіне берілген, ақыл-ойға, білімге және танымға деген құштарлықтан басқа ештеңені де, ешкімді де мойындамаған адам. (Әнуар Әлімжанов)

Өнер – адамның тіршілікке қатынасы деңгейіндегі шығармашылығы. Өнерден өмірді танимыз. Өнер туындыларында өмірдің мәні мен тұрмыс-тірішіліктің мазмұны көрініс табады. Өнердегі негізгі ұстаным-дүниені тану. Бүкіл тіршілігімізді нұрландырып келген өнер дүниелік кемел зерденің айғағы, биік ойдың тұғыры. Өнердің алғашқы нышандары сезімдік түйсік пен қабілеттердің көрінумен өмірге қажетті рухани дүние нысандарын жасауға лайықты талпыныстармен айқындалады. Адамның сана сезімінің өсіп тұжырымды байыпты әрекеттерге баруы өнерлі ойды тудырады. Табиғи заттарды өңдеу оны қажеттілікке қарай үйлестіру өнерлілікке бастайтын шығармалық акт. Қандай зат болмасын оның табиғи күйін саналы пайымдау оны өңдеу адамнан ойлылықты, шығармашылқты талап етеді. Өмірлік заңдылықтар негізіндегі табиғи дүниелерді игеру – өнерлі ойдың көрсеткіші. Өнерлі ой толғаныстары адамды еңбекке баулуымен рухани сезім дүниелеріне ықпал етіп өмірге деген ынталылықты арттырады.

Сезім – дүниені қабылдаудағы, зерделеудегі ойлау қабілеттерінің негізгі бөлігі. Табиғат құбылыстарын оның табиғи сұлулығын зерделеу біліктілікке жетелеумен әсемдік, көркемдік сияқты түсініктерді қалыптастырып, тұрпайы дөрекіліктен, анайылықтан сергек сезімталдылыққа, шынайылыққа тәрбиелейді. Шынайылық – табиғилықтың алғы шарты. Шығармашылықтағы табиғилық - кемелділік. Өнердегі шынайылық табиғилықты бейнелейді.

Әл-Фараби дүниені табиғи тану жолы өнер деп тұжырымдайды. «Табиғи заттарды тану оларға тән дербес, белгілерді айқындау білім түріндегі ақиқат. Ол ақиқат, абсолют, дербес қағидаларға сүйенеді», - дейді. Кез келген білім заттың, құбылыстың болмысын тануды және оның анықтамасы негізінде материясын білудің қажеттілігін көрсетеді. Өнердегі табиғилықтың анықтамасы оның мәні мен мазмұнында, оның формасы әрекеттегі себептілік жағдайын білдіреді, оны тудырған мақсатты себепті бейнелеумен жеке белгілерін айқындайды. Себептердің болуы – тудырушы яғни өнердің болмысы айқындалып, формасы негізінде ол зат немесе құбылыс күйіне енеді. Мысалы, болған оқиға негізіндегі дүние келген музыкалық шығарма белгілі интервалдар жүйесі арқылы құрылған дыбыстық белгілер шығармалық болмысын айқындап, формасы ретінде ән не күй болып дүниеге келеді. Ғылыми дәлелдер, табиғи дене немесе құбылыстың өзіне тән дербес белгілілері арқылы тануға болатынын көрсетеді. Өнер немесе басқа осыған ұқсас дүниелердің түрлері толық белгілі болмайды, оны тек ақылмен анық тануға болады. Оның да негізгі мақсаты білімді кемелдендіру. Білімді Әл-Фараби табиғи және практикалық деп бөледі. Табиғи білімнің теориялық бөлігі кемелділікке жетелейді. Ал кемелділік – адамның ғана қолынан келетін биік шың. Әрине, егерде ол адамның жан кемелділігі болса ғана. Адам болғандықтан өзіндегі белгілі қасиеттері арқылы ақылға қонымды дүниелер

жасау арқылы дүние мәнін түсіндіріп таза жанның (табиғи) игілігіне айналдырады.

Әл-Фараби «Музыканың ұлы кітабында» «Әуеннің негізгі принциптері сезім, тәжірибе арқылы алынған астрономия, оптика, медицина ғылымдарының теоретиктері сияқты, көптеген принциптері табиғи жаратылыстанудан оның себептерінен белгілі болады», – дейді А.Көбесов.

Заттардың барлығы өз жаратылысына байланысты табиғи жай күйден, өзіне лайықты мән - мазмұнымен белгілі. Сол сияқты дыбыстарда да табиғи немесе жасанды болып, адамдардың қабылдауында әртүрлі болып естудің белгілі деңгейіне ықпал етеді. Егерде дыбыстар табиғи түрде жетсе, онда қабылдау потенциясының кемелділігін көрсетумен одан белгілі деңгейде анық қанағаттанушылық сезімі қалыптасады. Жасанды дыбыстар легінен құлаққа жағымсыз, яғни, табиғилығы жоқ жарамсыз дыбыстардың барлығына көз жеткіземіз. Мысалы, табиғи: құстың сайрауы, судың сылдыры, күннің күркіреуі т.б Ал табиғи емес жасанды дыбыстар адамның қолымен жасалған у-шуға сәйкестерді атауға болады.

Әл-Фараби бойынша табиғи мен жасанды әуендер туралы жасалған тұжырымдар қабылдау үшін кемелділік көрсеткіші бола алған яғни есту сезіміне жағымды болған әуендерді табиғи құбылыстың көрсеткіші ретінде танытады. Ал табиғи емес немесе жасандылықты қабылдау түйсіктерінің әдеттегідей емес, есту, сезу сияқты потенциясының табиғилықтан ауытқыған түрлерін айтып түсіндіреді. Адамның барлық сезімдік потенциялдары жаратылысынан өзіне лайықты табиғилығымен белгілі болатынын пайымдатады. Кез келген әуен үлгілерінің мән - мағынасына талдау жасағанда, онда музыкаға негіз болған тональдық дыбыс қатарлары барлығын, сонымен қатар негізгі дыбыс қатарларын толықтырып тұратын қосымша дыбыстардың барлығын көреміз. Әл-Фараби музыкадағы дыбыс қатарларын киімдегі жіп пен арқауды, құрылыстағы ағаштар мен кірпіштер арқылы түсіндіреді. Яғни негізгі дыбыс қатарларын «Усуль әлхан уа мәбаади’ әһә» деп атап, ал қосымша дыбыс қатарларын «тазай-йдат әлхан» деп көрсетеді.

Кез келген заттың негізі ішкі мәні болатынындай әуеннінде ішкі арқауы музыкалық тілмен айтқанда тональділігі болады. Тональділік негізгі дыбыстар қатарынан құралады. Орындаушы егер де негізгі дыбыс қатарынан аутқып кетер болса, онда ән немесе әуен өзінің табиғи кемелділігін жоғалтады. Кейде музыкалық шығарманы орындаушылардың айта алмай тональдігінен шығып кеткендегі естуге жағымсыз болып жататындығы көпшілікке белгілі. Фараби музыкалық шығармада о бастан негізгі өзінің тональділігіне сәйкес негізгі дыбыс қатарлары арқылы қалыптасып отыратын өз заңдылығы барлығы көрсетеді. Тональділікті дауысқа лайықтап төмен, жоғары, түсіруге, көтеруге болады. Қосымша дыбыс қатарлары әуеннің негізгі дыбыс қатарларын толықтырып, әрлеуге, әуенге көркемдік беріп естуге жағымды кемелді дыбыс

реттерін құруға мүмкіндіктер жасайды. Әннің мәнді болуына ондағы ойдың мазмұнын ашуға көмектеседі.

Әнді немесе әуенді талдаудағы негізгі дыбыс қатарлары мен толықтырушы дыбыс қатарларына байланысты түрлі аккордтардың болатынын әл-Фараби айтады. «Иқтиранаат» бірнеше дыбыстардың бір мезгілде орындалатынын тағы да «тартибат» – бірінен соң бірі жалғасып орындалатын дыбыстардың барлығына тоқталады. Әуендегі мұндай әдістің қолданылуы музыкаға байланысты оның өз заңдылықтар мен ережелері барлығын көрсетеді. Негізгі дыбыс қатарларынан алынған аккордтар үндістігі үйлесімді дыбыстар легін құрайды да музыкалық теория бойынша консонанс деген ұғыммен түсіндіріледі. Аккордтардың консонанстық түрін әл-Фараби «иттифақ ән-нағам уә та ахииһа» деп атайды да оларды кемелді дыбыс қатарларына жатқызып, түрлі асыл тастарға теңейді. Мұндай аккордтардың болуы үйлесімділіктің достастығы деп тұжырымдайды. Кемелді консонанс аккордтармен қатар дыбыстардың үйлеспейтін құлаққа жағымсыз түрлері бар оларды диссонас аккордтар деп атайды. Диссонанс дыбыстар жағымсыз қарама - қайшылықты, өмірдегі толып жатқан келеңсіз көріністерді айғақтап тұрғандай естуге ыңғайсыз, жан дүниеңді әркі-тәркі ететіндей жағдайларды елестетеді. Мұндай диссонанс аккордтарды әл-Фараби «танаафур ән-нағам уә табаайнуһа» деп тұжырымдайды. Жоғардағы айтылғандардан ой қорытатын болсақ, яғни консонанс «мулә’ има әт-тартиб» және диссонанс «мунафара әт-тартиб» деп Фараби тұжырымдағандай өмірдегі барлық заттардың өз жаратылысы белгілі тәртіп бойынша болатынындай әуендердің де өзіне тән жаратылысы тәртібі барлығына көз жеткіземіз.

Әл-Фараби тіршілікте барлық заттардың мәнді-мәнсіз, табиғи жасанды болатынындай музыкалық дыбыстардың да табиғи жасанды, кемелді – парықсыз болып келетіні дәлелдейді. Кемелді табиғи консонанс дыбыстар біртектілікті айғақтауымен жаратылыстың мәнділігін көрсетеді деген тұжырымды пайымдатады. Кез келген жаратылыстың мәнділігі тек өзінің ғана тіршілік етуімен шектелмейді, ол айналасындағыларға өзінің тектілігін басқаша айтсақ, қажеттілігімен мәнді көрініп, жаратылыстағы өз орнымен ерекшелене алады. Сол сияқты музыкалық дыбыстардан тұратын саздың немесе әннің, әуеннің мәнділігі өзінің адамзат баласының тіршілігіндегі өз орнымен, тәрбиелік-тағылымдық қызметтерімен қуат беріп рухын шыңдайды.

Кемелділік көп жағдайда ішкі ой мен сезіммен (парасатты оймен) байланысты. Кемелділік адамның парасатты ішкі ой әлемінің шынайлығы. Адамның биофизиологиялық ерекшеліктері арқылы мінез-құлық деңгейлерінде көрініс беретін ішкі ой, сезім өмірде із-түссіз жоғалмайды. Ол міндетті түрде тіршілікте орын алады. Жақсылық пен жамандық сияқты құбылыстар ішкі әлем дүниесінің табиғи шыншылдығын анықтайды. Адамдарды біз сыртқы ісіне қарап бағалаймыз, ал ішкі дүние әліміне, ешкімге

көрінбейтін ойларына мән бермейміз. Сондықтан да адамгершілік кодексімізде ішкі ойдың жауапкершілігі туралы айтыла да бермейді. Жаман әрекет жаман ойдан шығады, онда неге жақсы ойлауға тырыспаймыз. «Жақсы сөз жарым ырыс» дегенді неге ұмытқанбыз? Немесе қазақтың «малымды алсаң да ниетімді алма» деген тұжырымы нені меңзейді? Жақсы ойдан жақсы ниет қалыптасады, ниеті жақсыға Аллаһтың әрқашан рақымы бар. Аллаһтың рақымдылығы тіршіліктегі бар жақсылықтың кепілі. Олай болса жақсы ой адамшылықтың деңгейін қалыптастыратын құбылыс. Адами кемелділік ішкі әлемнің жауапкершілігі, шынайлығы, табиғилығы.

Адам кемелділік дәрежесіне көтерілген сайын ішкі әлем арпалысын сезініп, өзіне көбірек үңілуімен өзінің толымсыздығын сезініп, өз-өзімен күреседі. Ішкі ой-сезім кемелділігі аккордтағы консонанс яғни кемел дыбыстар үйлесімділігін көрсетеді, адами кісілік дәрежесін анықтайды. Аккордтағы диссонанс - жағымсыз дыбыстар көптеген адам баласының кісілік дәрежесінің кемелденбегенін пайымдатады. Адамның кемелдену үрдісіндегі проблеманың бірі – рухани тәуелсіздігі. Рухани тәуелсіздік – адамның бостандығы. Әлемдік деңгейдегі жеті дананың бірі – Periандр Коринфский «Бостандық деген не? деп сұрақ қояды да оған өзі «Ар - ұяттың тазалығы» деп жауап береді. Ар-ұят – ішкі дүниенің ең қасиетті құбылыстары. Шын мәніндегі рухани тәуелсіздіктің айқын көрінісі кемелділік, ал кемелділік таза жанның, жүректің ой-ниеттің жоғарғы сатысы. Ой - ниеті дұрыс емес адамдар әрқашан өз пиғылының құлы болып қалады да барлық жағымен-диссонанс қылықтарға, яғни екіжүзділік, қызғаншақтық, айлакерлік сияқты әрекеттерге барады.

Әл-Фараби табиғи тазалық мәселелеріндегі кемелдену процесін ең алдыңғы орында қарастырады. Кемелдену процесіндегі адамның табиғи адамгершілік тәрбиесін алға шығарумен адамның өзін - өзі рухани жетілдіруі қажеттілігін пайымдатады. Рухани кемелдену табиғи дыбыстар үндестігі сияқты адамзат баласына аса қажетті. Ол әрқашан адамның өзіне-өзі үңілуімен басталады. Жақсылық - консонанс, жамандық - диссонанс. Ол адамның өз бойында. Ең бастысы осындай мәселелерді шынайы ажырату арқылы, оны танып-түсіне білу.

Әл-Фарабидің музыкалық дыбыстар негізіндегі жасаған ой-тұжырымдары қарапайым ойдың табиғи көрсеткіштері арқылы шынайылықтың түп негізін пайымдатады. Музыка мен адамның ішкі дүние әлемінің сезімдік қасиеттері бір - біріне байланысты. Адам жанына барынша ықпал ететін музыкалық туынды көркем ойдың нәтижесі екендігін танытады. Көркем ой ол – адамның белгілі дәрежедегі тіршілік етуіндегі құбылыстардың жемісі. Себебі адам тіршілігі өмірдегі құбылыстарды өнермен өрлестіре тану негізінде қалыптасқан. Мысалы, Абайдың өлеңдері, Құрманғазының күйлері, Әбілхан Қастеевтің суреттері халықтық дүние - таныммен тығыз байланысты. Бұл туындылар өмір мен әлем туралы, толғаулы ойдың кемелділік көрінісі.

Шығыстың ұлы ойшылы, әлемнің теңдессіз ардақты ұстазы Әбу Насыр Әл-Фарабидің еңбектері қай заманда да өзекті. Әл-Фарабидің мұрасында өнерді зерттеу ерекше орын алады. Өнердің адамға әсері мол, өнер дегеніміз – біздің болмысымыз бен біздің өзіміздің бойымыздағы адамилық бастауды үнемі еске салып отыру. Әл-Фараби үшін, өнер - білімнің ақылдың көмегімен емес, сезімдер арқылы жететін жоғарғы формасы. Өнердің міндеттері көп: адамға білім беру, көркем шығармада бейнеленгенді дұрыс бағалауды, сол арқылы өмірдің өзін де дұрыс бағалауды үйрету. Өнер адамның шығармашылық күштерін жандандырып, идеялық тұрғыдан тәрбиелейді, моральдық тәрбие беріп, оның ақылын, сонымен қатар бастан кешу қабілетін де дамытады.

Өнердің барлық түрінің арасынан адам жанына әсер етудің тереңдігі мен күші бойынша әл–Фараби поэзия мен музыканы ерекше бөліп көрсетті. Оларды философиялық тұрғыдан түсіндіру мақсатында әл-Фараби өзінің бірнеше трактаттарын арнады. Музыка саласындағы жарық жұлдыз «Музыканың үлкен кітабы» - музыка саласында жазылған әлемде теңдесі жоқ кітап.

Аристотельдің мына бір айтқаны: «Музыка мәселесі ғылымда, өнерде маңызды орын алатынын білемін. Дегенмен музыканы талдау үшін музыкалық талант, дыбысты түсіну қабілеті болуы керек. Ондай қабілеттер менде жоқ», - деген екен.

«Музыканың үлкен кітабының» бірінші тарауы – «Музыка өнеріне кіріспе» деп аталып, екі тарауды құрайды. Алғашқысында «музыка» атауы, оның этимологиясы, семантикалық негіздері, шығу тегі, оны шығару, орындау мәселелері айтылады. Кітаптың екінші бөлімінде адам құлағына жақын әуендер, дыбыстың табиғи сезілуі, гармония және үндестік, музыкалық тондардың әрқандай ерекшеліктері сөз болады.

«Музыка өнерінің негіздері» екінші тарауы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде музыканың физикалық анықтамасы, дыбыс шығаратын денелер, жоғары және төмен дыбыстардың себептері, музыкалық интервалдар, диссонасс қатарлары мен теориялық негіздерін көрсетеді. Екінші бөлімінде квартадан пайда болатын интервалдар туралы теориялық мәселелерді қозғайды.

Трактаттың үшінші – «Музыкалық аспаптар» тарауы да екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде әл-Фараби, уд аспабының құрылысы, ашық пернелері, орындаушы саусақтарының орналасуы, төрт ішекті уд, дыбыс қатары, жағымды тондар, уд аспабы күйінің күрделі және қарапайым тәсілдерін қолдану жайын қарастырады. Екінші бөлімі, тамбур аспабының ерекшеліктеріне арнаған. Бағдат тамбуры, аккордтары, пернелері жайлы зерделей келіп, ең соңында Хорасан тамбурына тоқталады. Теориялық мәселелерін сөз етеді.

Сөз соңын қорытындылай келе, әл-Фарабидің еңбегі – музыка саласы бойынша жазылған аса қымбат тарихи және мәдени мұра.

**БАХТИЯРОВА АКМАРАЛ БОРАНБАЕВНА**
*Жетісу облысы, Талдықорған қаласы*
*«Н.Тілендиев атындағы балалар музыка мектебі» МКҚК,*
*қазақ халық аспаптар бөлімінің домбыра сыныбы мұғалімі*
**АБДЫКАДЫРОВ МЕЙРАМБЕК АБДЫКАДЫРҰЛЫ**
*Жетісу облысы, Талдықорған қаласы*
*«Н Тілендиев атындағы балалар музыка мектебі» МКҚК,*
*қазақ халық аспаптар бөлімінің домбыра сыныбы мұғалімі*

## ӘЛ-ФАРАБИ - ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ

*«Білімді болу деген сөз,-деп жазды ол, - белгісіз нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген сөз. Білімді адам көп нәрсені біледі және қабілеті, дарыны арқылы басқа белгісіз нәрселерді өз бетінше аша алады»   (Әл-Фараби)*

Қазақ даласындағы ойшылдардың ішіндегі ең ірі тұлғаның бірі, сол кездің өзінде-ақ Аристотельден кейін «екінші ұстаз» атанған, білім ғылымының барлық саласында қайталанбастай өшпес мұра қалдырған Әбу Насыр әл-Фараби болды. Бүгінгі таңда оның мұраларын зерттеген зерттеушілер, олардың басты - бастыларына М.С.Бурабаевтың, А.Машанидың, А.Қасымжановтың, М.Орынбеков пен Ж.Алтаевтың, С.Қалиев пен Қ.Жарықбаевтың, т.б. еңбектерін жатқызуға болады. Солардың ішінде педагогика ғылымы саласында жарық көрген ірі еңбектердің – А.Көбесовтікі. Онда Фараби педагогикасының философиялық, әлеуметтік - этикалық алғышарттары қарастырылып, жалпы педагогикалық еңбектеріндегі педагогикалық идеялары сөз болады [1].

Ғұлама ойшылдың педагогикалық көзқарастары оның көптеген шығармаларында орын алған. «Бақытқа жол сілтеу», «Адамзаттық саясат», «Қайырымды қала тұрғындарың көзқарастары» деген шығармаларында ол моральдық - адамгершілік тәрбиесіне баса назар аударады. «Адамдар бақытты болу үшін бір біріне көмектесуі керек», «Бірлескен қала - ізгі қала» деген. Тән мен жан саулығының бірлігін бірінші айтты.

Жетілген адамды қалыптастырудың жетекші құралы болып тәрбие мен білім саналады, осылардың негізінде жеткіншектердің адамгершілік асыл қасиеттері, ой - өрісі жетіледі деп ескертеді. Адамды тек оқу – білім арқылы жақсартуға болатындығын баса айтты [2].

«Адамды бақытты ететін - жақсы мінез-құлық, жақсы да, жаман да мінез жүре бара пайда болады» деген. Адамгершілік қасиеттерге батылдықты, жомарттықты, мейірімділікті, шыншылдықты, достықты, т.б. жатқызады. Өзінің іс-әркеттерінде тәрбие мен оқытуды бір бірімен бірізділікте ұштастыра қарастырады. Адамгершілік қасиеттердің туа бітпейтінін, тек тәрбиенің мазмұнына, оның барысында пайдаланылған мақтау, бетіне басып ұялту, көзін жеткізу, көндіру сияқты амал жолдарға, жаттығулардың нәтижесіне, қоғамдық ортаға байланысты екендігін айтады. Әл-Фараби жақсы адамды тәрбиелеуге жаман мінез - құлық, рухани дерт саналатын надандық, жамандық, құбылмалылық, адасу кесірін тигізеді деген. Ойшылдың пікірінше, жағымды адамгершілік қабілеттерді бала бойына тек адамгершілігі жоғары, жаңа заманның талабын педагогикалық талаптармен үндестікте пайдалана алатын, өзінің тұла бойында табиғи қасиеттерді бірлікте ұстай алатын адам ғана жүзеге асыра алады.

**Ол адамға қажет он қасиетті атап айтты:**

- алдын ала мақсат етіп қойған ісін жүзеге асыру үшін ең алдымен мүлтіксіз денсаулықтың болуын;
- табиғатынан өзіне айтылғандарды жақсы түсініп, қабылдап, айтып тұрған адамның нені болжап тұрғанын ой елегінен өткізіп, түсінгенін, көргенін, естігенін есте сақтап, еш нәрсені ұмытпау керектігін;
- ойланған ісіне сауатты тілмен толық түсінік беріп мазмұндай білуін;
- білімге, оқуға шаршамай, талмай, сүйіспеншілікпен талпынуын;
- тамаққа, ас-суға, басқа да сүйсіну сезімдеріне ұстамды болуын;
- шындықты, шындықты қолдаушыларды құрметтеп, өтіріктен бойын аулақ ұстауын;
- ар-намысты бағалай білуін;
- адамдармен қарым-қатынаста қыңырланбай, әділ болуын;
- қажет деген жағдайда шешімділік көрсете білуін;
- күнделікті тіршіліктегі мәселелердің, шешімін табуда ақыл - парасатқа жүгіну қажеттілігін, т.б. жатқызады [3]

Ұлы ойшылдың пікірінше, адамның кемелденуіне ең басты ықпал етуші күш – білім. Ұлы бабамыздың білім мен тәрбиені ұштастыра жүргізу хақындағы ой - тұжырымдары ғасырлар бойы өмір шындығынан туған қағидаға айналды. Сондықтан жас ұрпаққа білім мен ғылымды ғана үйретіп қоймай, жан - жақты тәрбие беріп, адами қасиеттерді сіңіру аса маңызды екендігін баса айтқан. Мұндай ізгі ұмтылысқа, ең алдымен, мемлекет мүдделі әрі жауапты болуға тиіс әл-Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды (ұстаздық ететін адамды) өте жоғары бағалаған. Оның ойынша, тәрбиеші адам (қазіргі мұғалім) - «мәңгі нұрдың қызметшісі». «Ұстаз шәкіртке адал, сыпайы, ізгі , әділ болу керек», - деген.

Жетілген адамды қалыптастырудың жетекші құралы болып тәрбие мен білім саналса, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде тек бір атаның баласы, бір отбасының тірегі емес, адал еңбек, өнегелі ісімен, адамгершілік қасиеттерімен, ел мүддесі жолында аянбай, тер төгіп, бойындағы ерен адамгершілік қасиеттері – мейірімділігін, адалдығын, парасаттылықты, адамға қамқорлықты, жас ұрпақ тәрбиесі жолындағы қажырлы еңбегі, биік болмысы мен кісілік келбеті тәлім-тәрбие алған шәкірттері көкейінде жаңғырып тұрары хақ!

Міне, әл-Фараби айқындап берген нағыз адамға тән қасиеттер, «жан қуаты», «бақыт» дегеннің не екендігін, оған жетудің жолдарын қарастырса, бақыт – қайырымды адамның мәртебесі, кемелденушінің жан мен тән қуатының жетістігі, тұтас дүниемен үйлесімділікте өмір сүру қабілеті осы ұстаздың бойында өрілгендей.

«Ақыл парасат күші - адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш», деп тұжырымдағандай, адамдар өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп, тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып - білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Б.Мұқанова,Р.Ильясова «Этнопедагогика», «Фолиант» баспасы 2008, 37-38 б.

2. С.Қалиев, Ж.Молдабеков, Б.Иманбекова «Этнопедагогика», «Фолиант» баспасы. Астана-2010 ж. 205 б.

3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.

4. Биекенов К. Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 б.

5. «Аңыз адам» журналы, 2013 ж. Әбу Наср Әл-Фараби.

6. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005.

**МАСАТОВА САМАЛ ТАБЫЛДИЕВНА**
*Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі оқытушысы, педагогика ғылымының магистрі, педагог-зерттеуші*

## ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Бұл мақалада ғұлама ғалым әрі ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектеріне шолу жасалынып, бүгінгі ұрпақ тәлім-тәрбиесіндегі сабақтастығы көрсетілген.

Түйін сөздер: *ғажайып құбылыс, білім беру, тәрбие, еңбек, адамгершілік, жаһандану, өркениет.*

*Сонда да беріп кетеміз,*
*Жүректің отын молында*
*Арманды аңсап өтеміз,*
*Біз ұлы мұрат жолында!* (Әл-Фараби)

Төрткүл дүниеде Аристотельден кейінгі адамзат баласының ақыл – ойының ғажайып құбылысы, ғылымның барлық саласына жүзден артық еңбек қалдырған атақты ғұламалардың бірі, энциклопедиялық білім иесі - қазақ топырағынан шыққан данышпан перзент, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби.

Әл-Фараби Х ғасырда Шығыс пен Батыс ғылымының тоғысқан жері- Бағдат пен Дамаскіде кемеліне келіп, кемеңгер ғалым дәрежесіне көтерілді, өзінен кейінгі көптеген оқымыстыларға ұстаздық етті, нәтижесінде Аристотельден кейінгі екінші ұстаз яғни «Әл-мұғаллим ас - Сани» атанды.

Әл-Фараби бірде Аристотельдің идеясын қолдап, дамытып, жанның мәңгілігін бір адам үшін емес, жалпы адамзатқа тән қабілет ретінде қарастырады. Енді бірде қайырымды, парасатты адамдардың жаны өлмейді, ал қайырымсыз, надан да пасық адамдар жаны оның тәнімен бірге өледі деген идеяны қолдайды.

Әл-Фараби жақсы адамның артында қалдырған ісінің, ізінің өшпегендігі оның жанының өмір сүретіндігін айқын көрсетеді. Әл-Фарабидің осы бір тұжырымына тағы да бір дәлел өзінің «Ұлы Зенонның жоғарғы ғылым бойынша трактаты туралы» еңбегінде о дүниедегі өмір туралы жазған жолдары негіз болады: «Білім, яғни ғылыми мұра қалдырған адам өлгеннен кейін өз қамы үшін ғана харекет еткен адамнан қадірлі, білгіш, көреген болады, өйткені көп мал-мүлік күйттеу ғылымға кесірін тигізеді. Сондықтан рухани мұра қалдыру, дүниетану қам - харекетіне қарағанда абзал да қадірлі, ол ғылымға кесірін тигізбейді. О дүниелік өмірде дәрежеге жетуге кедергі болмайды. Егер, бәлкім, ғылымның басқа адамдары, оның әріптестерімен бұл мұраны пайдаланса, ол оған өлгенге дейін де, өлгеннен кейін де игілік болып жұғады».[2]

Ұстаздың ұлағаттылығының шыңырау шыңы ұрпақты білім берумен қатар әлеуметтік өмірге тәрбиелеу екенін ескерсек, бүгінгі нарықтық заманда ұлағатты ұрпақты тәрбиелеуде материалдық дүниеден адами рухани байлықты жоғары қойып, оны қалыптастырып, адамгершілік қасиетті бойына сіңдіріп тәрбиелеуде Әл-Фарабидің еңбектерін пайдалану - баға жетпес әдістердің бірі.

«Табиғаттан адамға берілген» психикалық күш, яғни ойлау мүмкіндігі оны басқа тіршілік иелерінен ерекшелейді деп санады Әбу Насыр. Соның негізінде адам ұғым, категорияларды қолданады, ғылым және өнерді игереді,

сондай-ақ өзінің және басқалардың әрекеттерінен ұсқынсыздық пен әсемдікті айырады.

Әбу Насыр әл-Фараби: «Нашар мінез - бұл рухани жетіспеушілік». Табиғаттан ештеңе жаман болмайтындықтан, ізгілік пен зұлымдылықты таңдау бостандығы адамның өзіне байланысты. Ол «ізгілікті тудыру жолын жеңілдете алады және өзімен басқаларға зұлымдық жасауды тежей алады» - деп айқын бейнеледі. Тәрбие мен білім, педагогика мен психология, этика мен әдістеменің теориялық және практикалық мәселелерін қарастыру Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми-философиялық мұрасының дүниетанымының ажырамас бөлігі болып табылады. Ойшыл өз еңбегінде адамға қажетті дағдылар мен жақсы мінез-құлық адамды бақытқа кенелтеді, ал жаман мінез-құлық рухани дерт, жақсы мінез-құлық пен ақыл-ой парасаты - адамның басты қадір-қасиеттері қалыпты іс-әрекет үстінде ғана қалыптасатындығын көрсеткен.

Адамның өсіп - жетілуінде Әбу Насыр әл-Фараби дағды мен әдетке елеулі орын береді. Дағды мен әдет тәлімгердің ғибратты сөзімен нақты ісі, жәрдемімен қалыптасатындығын яғни мақтау, бетіне басып ұялту, көзін жеткізу, көндіру секілді кез келген әдіс, тәсіл тәрбиешіден имандылық пен ізетті талап ететіндігін, тек сонда ғана ұстаз шәкірттерден шыншылдықты, сыпайылықты, әділдікті талап етеді деп көрсеткен. Ойшыл нағыз ұстаздың бойынан он екі тума табиғи қасиет, жүре дарыған алты қасиеттің болуы керек деп тұжырымдаған. Ғұлама ізгі, әділетті қаланың басшысы мен ұстаз екеуі бірдей дәрежеде тәлімгер. Ұстаз балаларды, қала басшысы тұрғындарды тәрбиелейтіндігін айтып, тең дәрежеде бағалаған.

Ойшыл ұстаздың тума және жүре дарыған қасиеттерінің сипаттамасын «өнер-білімге құштар, мүшелері мүлде мінсіз, жаратылысынан өзіне айтқанның бәрін жете түсінетін, өзі естіген, көрген, түсінген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, алғыр да аңғарымпаз, өткір сөз иесі және ойына түйгенінің бәрін анық бере алатын, тағамға, ішімдік ішуге, сыр-сұхбат құруға қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жаратылысынан игі істерге ынтызар, әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін, жақындарына да, жат адамдарға да, әділ - пасықтық атаулыға мүлде рақымсыз, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек, бойына туа біткен он екі, сондай-ақ өмір барысында жүре қалыптасатын алты қасиетке ие болған, бұларды бір - бірімен сәтті ұштастырған адам ғана нағыз ұстаз, жұртқа жақсы басшы бола алады» - деп береді.

Әл-Фараби болашақ мұғалім даярлауда ең алдымен еңбек етуге тәрбиелеу ең басты - қасиет деп санайды және еңбекті бірнеше түрге бөліп көрсетеді. Олар: адал еңбек, пайдалы еңбек, халықтық еңбек, көпшілік еңбек, бірлескен еңбек. Әбу Насыр әл-Фараби жастарды халықтық еңбекпен

айналысуын жөн көрді. Мұны әл-Фарабидің еңбегінің мына жолдарынан аңғаруға да болады:

«Халықтың қамын жесең, таза еңбек ет,
Дәстүрді ұста, көксеген мұратқа жет.
Болашаққа апарар бірақ жол бар,
Білім, еңбек, тәрбие, ол – парасат». [3]

Шындығында ғылым-білімді үйрену, дағдыларды игерумен қатар, адамгершілік қасиеттерге өзін - өзі тәрбиелеу оқу, тәжірибемен қатар қажырлы еңбекті талап етеді.

Жас мамандарымызды тәрбиелеуде, үлгі, өнеге көрсетуде осы тұсты ескеріп, дәріс берсек деген ой санаға сап етеді. Әл-Фарабише айтқанда, білім, еңбек адамды қуаныш пен бақытқа кенелтеді. Әл-Фараби таза, адал еңбекті - тәрбиенің алғы шарты етіп алды. «Тәрбиені неден бастау керек?», - деген еңбегінде ғылымды, оқу-ағартуды меңгеруді, білім-тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны үйрену үшін адамның ар тазалығын, оның жеке басының тазалығын, еңбексүйгіштігі мен қызығушылығын бірінші орынға қояды. Осыған орай, қазақ халқының моральдық-этикалық тәрбиесінің басқа халықтарға ұқсамайтын өзіне тән мән - мазмұны, ерекшеліктерін көреміз. Әл-Фараби еңбектері - ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жазылмаған заң ретінде қалыптасып, заман ағымына қарай өңделіп, толықтырылып санаға сіңген адамгершілік қатынас түсінігінде қалыптасқан моральдық ережелер мен нормалар.

Адамгершілікке байланысты Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбегі «Әлеуметтік - этникалық трактаттан» қарастырсақ, онда: «Адам - ақылдың арқасында адам болады» делінген. Әбу Насырдың адамның рухани адамгершілігі туралы пайымдауында алғышарт қызметін атқарады. [4]

«Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие», - деп әл-Фараби айтқандай, тәрбие - мәңгілік және адамзаттық. Бұл ерекшеліктер ғасырдан - ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалады. Мәдениеті жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік - рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.

Қорыта келгенде, Батыс пен Шығысты терең білімімен бас идірген ұлы ойшыл әл-Фараби жаңашыл идеялармен келген ғұлама. Жаһандануды ойлаған және сол идеяны, жаһандану ілімін алға тартқан алғашқы адам.

Әл-Фарабидің өміршең идеяларын өмірлік қолданысқа енгізіп, білім мен ғылымды дамытсақ, «Ізгілік туралы» ойларын жастар арасында кеңірек насихаттап, санасына сіңіре білсек, бүгінгі қоғам тек қайырымды, қанағатшыл адамдардан құралып, өркениетті, кемелденген кемел елдердің бірі және бірегейі болатыны сөзсіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әбсаттар Дербісалиев. Әл-Фарабидің эстетикасы. Оқу құралы. Алматы, 1980. 3 б.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар, Алматы, 1973.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. 31, 92 б.
4. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. 37 б.
5. Әбсаттар Дербісалиев. Әл-Фарабидің эстетикасы. Оқу құралы. Алматы, 1980. 20 б.
6. Абу Наср Аль-Фараби. Добродетельный город. Философские трактаты. I т., Роллан Сейсенбаев. Жидебай, 2014. Шилиозек. 500 стр.

**СМАҒҰЛОВА ГҮЛЖАНАТ ЫДРЫСҚЫЗЫ**
*Астана қаласы М.Шоқай атындағы*
*№51 мектеп –гимназиясының директордың*
*тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары*

## ТӘРБИЕ – АДАМ ТАҒДЫРЫН ШЕШЕТІН ҰЛЫ ІС

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған негізгі міндет – ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі XXI ғасыр ағымына лайықты интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру. Адамгершілік – рухани тәрбиенің маңыздылығы қай ғасырда болмасын назардан тыс қалған емес. Ол руханилыққа, ізгілікке, қамқорлыққа және сүйіспеншілікке ұласады. Бүгінгі қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық цифрлы заманда рухани адамгершілік тәрбие өзектілігін тек өткірлете түскендей. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру болып саналады.

Рухани - адамгешілік тәрбие беру арқылы тұлғаның бойында шынайы адамгершілік құндылықтарды дұрыс бағалай білу және соған сәйкес өз іс-әрекетін, мінез-құлқын, өмір салтын айқындап жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыра аламыз. Ал адамгершілік дегеніміз не? Бұл терминге көптеген анықтамалар болғанымен олардың барлығы бір ортақ ойға келеді.

Адамгершілік – ол құндылық, адамның ар - ожданына негізделген ішкі ойлары мен сыртқы іс-әрекеттеріне жауапты бола білуі. Қоғамның қарқынды дамуы, оның әл-ауқаты тек материалды деңгейімен ғана емес, ең алдымен рухани байлығымен, моральдық жетілуімен өлшенеді.

Осыған орай келешек ұрпақтың рухани адамгершілік тәрбиесі, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру ерекше маңызды орын алады. Рухани адамгершілік тәрбие – тұлғаның қалыптасуындағы негізгі тіректерінің бірі десек қателеспегеніміз. Ең алдымен рухани адамгершілік тәрбиенің діңгегі отбасында беріледі. Ата-анасының сүйіспеншілігіне бөленіп, мейірімділік құшағында, сыйластық пен қамқорлықты көріп өскен баладан рухани дамыған тұлғаның бейнесін көруге болады. Ал одан кейін бала білім ордасында рухани - адамгершілік санасын ұстаздардың көмегімен шыңдап жетілдіре түседі.

Адамгершілік тәрбиесін алудың артықшылықтары: адамгершілік тәрбиесі жақсы мен жаманды айыра білуге көмектеседі. Ол адамның болмысында көрініс табады. Ол жақсы жеке және кәсіби өмірді құруға көмектеседі. Адамның өмірінен зұлымдық, арамдық, қызғаныш сияқты қасиеттерді жоюға көмектеседі. Қоғамдағы қылмыстар, толқулар, қақтығыстар сияқты жағымсыз әсерлерді жоя алады. Ол сондай-ақ өмірге деген оң көзқарасты, өзіне деген сенімділікті және мотивацияны қалыптастыруға көмектеседі.

Ұлттық тәрбие – қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қиын балалар, қарттар үйіндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Ұлттық тәрбиелік білім жас ұрпақты әсемдікті игеруге, сұлулықты сезініп, қастерлей білуге, оны өз бойына дарыта білуге, яғни эстетикалық тәрбие бере білуге, ең бастысы рухани даму сипатына жетелейді. Ұлттық тәрбиелік білім беру арқылы, жас өскелең ұрпақты халықтың тұрмыс-салты, әдет - ғұрпымен таныстырып, адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсіне білуге бағыттауға ұмтыламыз. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу, ұмыт қалған салт - дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті.

Тәрбиені қашан да құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне ешқашан жүрдім-бардым қарамаған. Ал оған ұлттық сипат беру – ұлт болашағын ойлаудан туған даналық. Тәрбие адамдардың пайда болуымен бірге туындаған мінез - құлық кемшіліктері – бұл тәрбиені дұрыс бермеу нәтижесі деп есептелген. Халық баланың жас ерекшеліктерін және

психологиясы туралы білімді ғасырлар бойы зерттеп жинаған. Баланың болашақта қалыптасуы, біріншіден, үлкендермен қарым - қатынасына байланысты болады.

Тәрбие – адам бойындағы жақсы мінезді қалыптастырушы. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби. Қазіргі жастар – елдің болашағы. Жастарды тәрбиелеу – үлкен міндет. Тәрбие – қоғамдағы қалыптасқан құбылыс, ол құбылыссыз ешқандай қоғам алға қарай дамымайды. Егер біз елдің болашағына алаңдайтын болсақ, тәрбиеге аса назар аударуымыз керек. Жастарды тәрбиелеу арқылы біз болашақ елін, жерін ойлайтын болашақ ұрпақ қалыптастырамыз.

Тәрбие үрдісі жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі болғандықтан, мәдениеттану тұрғыдан оқып үйренуге тура келеді. Олай болса, бұл үрдіс балаға ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұраны меңгертіп, сол арқылы осы заманғы мәдениетке енуіне мүмкіндік береді.Тәрбие бір ұрпақтың озық тәжірибесін екінші ұрпаққа жалғастырушы үрдіс, осы арқылы адамның дамуына басшылық жасалады. Нәтижелі жүйелі тәрбие жеке тұлғаны дамытады, адамның қоғамдағы орнын анықтайды. Баланың оны игеруі барынша қысқа мерзімде атқарылуы тиіс, сондықтан тәрбие ісі жалпы адамзаттық гуманистік бағытта жүргізіліп, жеке бастық рухани дамуына бағытталу керек.

Өскелең ұрпаққа рухани -а дамгершілік тәрбие беру өмірдің шынайы мақсатын анықтауға көмектеседі. Риясыз болуға, басқаларды сүюге және қамқор болуға көмектеседі. Рухани-адамгершілік тәрбие адамдарға өз өмірінің мәнін табуға көмектеседі, оның мақсаты жеке тұлғаның өзін - өзі жетілдіруі және өзін - өзі шыңдап дамытуы. Ол адамның ақиқат, жақсылық, сұлулық, бейбітшілік, әлемнің бірлігін ұғынуын қамтиды. Ол жан - жақты руханилықтың, барлық мәдениеттердің, халықтың ортақтығының көрінісі ретінде тұлғаның әлемдік мәдениетпен танысуын қамтиды. Балаларды ұлттық мәдениет қазынасына баулу, эстетикалық көзқарастарын қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті.

Қайсыбір мемлекетті алсақ та, болашағы – білімді жастар. Бүгінгі жас – болашақ Қазақстанның жанды бейнесі. Бүгінгі жеткіншек – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға. Бүгінгі өскелең ұрпақ – елімізді әлемдік аренада танытатұғын буын. Қазір алдыңғы толқын ағалардың  орнын басар, ізін жалғастырар жас ұрпақ екені даусыз. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, кемел келешегі мен жарқын болашағы бүгінгі  жастарға тікелей байланысты.

Жастар – бұл мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдері. Әрине, еліміздің келешектегі арайлы таңының пердесін тек белсенді жастар ғана аша алады. Барлық уақытта жастар халық арасындағы ең озық бөлігі болып есептелінген. Олар әрқашан қоғамдағы оң

өзгерістердің алдыңғы қатарында болуда. Негізінен, жастар – мемлекеттің қай салада болмасын, қозғаушы күші. Олар дамудың жасампаздық қуаты мен ұлттық күшін жинақтап, дамыта алады. «Еліңнің болашағын білгің келсе, маған жастарыңды көрсет, содан соң айтып берейін» деген әлемнің екінші ұстазы, ойшыл әл-Фараби бабамыздың сан мыңдаған жылдар бұрын айтқан қанатты сөзі бүгінгі жаңарған ғасырда да өзектілігін жоймақ емес. Жаңа әділетті Қазақстанға бет бұрған бүгінгі қоғамда интеллектуалдық жағынан озық ойлы, білімі мен білігі жағынан көзі ашық, көкірегі ояу ұрпақ ауадай қажет - ақ. Жалын мен жігерді, ізденіс пен талпынысты талап ететін жастық шақта ел болашағы үшін еңбек ету – әркімнің міндеті. Жастарға үміт артқан мына қоғамда өскелең ұрпақ «алма піс, аузыма түстің» кебін кисе, тұтас қоғамның қасіреті дер едім. Ойшыл әл-Фараби заманында жастарға қандай жауапкершілік жүктелсе, бүгінгі жаңа Қазақстанға ұмтылған жаһандану заманында да талап пен міндет күшеймесе азайған жоқ.

Мемлекетіміздің болашақ даму бағдары жастардың азаматтық ұстанымына тәуелді. Болашақта Қазақстанның бет - бейнесін айқындайтын да жастар екені даусыз. Жастарға туған елің мен жеріңді сүй деп айту жеткіліксіз. Оларға Отанды сүйе алатындай тәлім беруіміз шарт. Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру жастардың жауапкершілігінде. Сондықтан жастар қауымы уақыттың кез-келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беру керек.

Сөзімнің тұздығын айтар болсам, санасы сергек, замандық технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ. Инновациялық технологияны меңгерумен қатар ұлттық тіл мен ділді, тарих пен тағылымды өн бойына жия білген жастарымыздың ел болашағына жани ашитыны анық. Жастар ел тарихын біліп, тұлғасын танып, мәдениетін меңгеріп жатса, меңгеріп қана қоймай, өзінен кейінгі буынға аманат етсе, нұр үстіне нұр. Өрелі ұрпақ барда көк туымыз көкте желбіреп, қыран құсымыз әуеде қалықтап, қазақ елінің беделі асқақтап, ынтымағы мен берекесі артатыны айғақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Баймұратова Б. «Отбасындағы баланы мектепке дайындау» – Алматы: Шартарап, 2018 ж.

2. Сатыбаев С. «Халық әдебиетінің тарихи негіздері» – Алматы: 2012 ж.

**КУЛБАЛИЕВА САЛИМА ЖИЕНКУЛОВНА**
*Атырау қаласы Қ.Дүтбаева атындағы*
*Атырау гуманитарлық колледжі*
*Әлеуметтік-экономикалық пәндер оқытушысы*

# ҰЛЫ ҰСТАЗДЫҢ ТӘРБИЕ ТҰЖЫРЫМЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада әл-Фарабидің педагогикалық идеялары, тәрбиенің түрлері және әдістері туралы көзқарастары баяндалған.

Тірек сөздер: достық, адалдық, ізгілік, шынайы бақыт, мінезділік, жақсылық.

«Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» әл-Фараби.

Әбу Насыр әл-Фараби өмір сүрген заман, Шығыс әлемінде, бүкіл араб халифатында ғылым мен білімнің дәуірлеп тұрған кезі болды. Ұлы ғұламаның жастық шақтары өткен қазақ даласы, әсіресе оның Оңтүстік өлкесі сол кездері үлкен мәдени орталықтарының бірі болатын.

Отырар қаласы Таяу және Орта Шығысқа баратын үлкен сауда жолы - атақты Жібек жолының бойында болды. Фарабидің аты әлемге жайылған ғалым болуына осындай ортаның себебі тигендігіне күмәндануға болмайды. Мәдениеттің, әсіресе Шығыс және Орталық Азия халықтары мәдениетінің дамуына әл-Фарабидің тигізген әсері зор. Дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы бабамыздың педагогикалық мұрасы да баға жетпес мол дүние. Әл-Фараби тәрбиенің әдіс және тәсілдеріне сипаттама береді. Тәрбие әдістері мадақтау, бетіне басып ұялту, көзін жеткізу, көндіру болса, тәлімгерден ерекше имандылық пен ізеттілікті талап етеді.

Данышпан өз еңбектерінің көпшілігін ұстаздық тұрғыдан тәлім-тәрбиелік мақсатқа арнаған. Оның оқу-білім, тәлім-тәрбие мәселелері жайлы айтқан пікірлерінің құятын үлкен бір арнасы адам атаулыны адамгершілік, ізгілік қасиеттерге баулу мәселесіне келіп тіреледі. Педагогикалық тұрғыдан оның адамдар арасындағы достық, қастық қарым - қатынастар жайлы айтқан пікірлері ерекше маңызды. Мысалы, адамда достықтың екі түрі болады. Оның бірі - адал дос, екіншісі - айнымалы, алдамшы дос. Адал досқа үнемі зор ілтипатпен қарап, одан айырылып қалмау жағын көздеген дұрыс, достар бір - біріне жақсылық, өзара қамқорлық жасауы тиіс. Осындай достар ащы - тұщыны бірдей татысып, нені болса да бірдей көретін болады. Ол нағыз шынайы достықты дәріптеп, жұртты осындай адамдардан үлгі алуға шақырады. Достықтың екінші бір түрі – алдау - арбау негізінде құрылады. Мұндай досқа адам өзінің құпиясын, мінез - құлқындағы кемшіліктерін айта берудің қажеті жоқ деп ескертеді. Ол, өмірде жалған достарды да тәрбиелеуге

болатындығын, оларды адал жолға түсіру үшін қажымай-талмай жұмыс жүргізу қажеттігін айтады. Жақсы ой – тілектер, араз адамдарды татуластыруға, олардың арасында қарым - қатынасты қайта орнатуға жәрдемін тигізетінін атап көрсетеді. Сондықтан да әр адамға көңіл бөліп, іс-әрекетіне демеу беріп отыру қажет.

Әл-Фараби ақымақ адамдарды да асқан төзімділікпен тәрбиелеп, байыптылықпен қарым-қатынас жасап отыруға шақырады. Мақтаншақтармен аяусыз күрес жүргізудің қажеттігіне ерекше тоқталады. Мақтаншақтарды да тиісті тәрбиенің арқасында тезге салып, олардың қораш сезімдерін тежеп, қарапайым ізгі жан етуге мүмкіндік бар дейді.

Фарабидің еңбектерінде ұстаз бен шәкірттің ара қатынасы, бұл екеуінің психологиялық қасиеттерінің қандай болуы керек екендігі жайлы да аз айтылмаған. Ұстаз өз шәкіртінен адалдық, сыпайылық, ізгілік, әділдік сияқты жақсы қасиеттерді көргісі келсе, онда оның өзінде де осы аталған қасиеттер болуы шарт екендігін атап көрсетеді. «Пәлсапаны үйрену үшін алдын ала нені білу қажет?» - дейтін еңбегінде, мұғалімдік (ұстаздық) еткен адамның өлшеуі (әдісі) тым өктем (қатаң) болмасын және тым асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғарымен болса, онда оқушылар мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер де өте босатып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, оның ғылымына жалқау қарау қаупі туады. Шәкірттің мінез - құлқындағы жағымсыз мінезді, ұнамсыз қылықты болдыртпау, жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкіндік беру, ұстаздың ескеретін тұстары болмақ.

Ұлы данышпан мінез тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Мінезділік - бақытты болудың басты шарттарының бірі. «Кейбір адамдар қолдағы бақытынан оп - оңай айырылып қалады, кейде тіпті бақытсыздыққа да ұшырайды. Оны мұндай күйге түсіретін - сол адамның нашар мінезі. Сондықтан жастардың жаны мен тәнін тәрбиелеуді бесігінен бастаған абзал» - деп көрсетеді.

Фараби ұғымында ізгі, қайырымды қаланың басшысы да, медресе имамы да жұрттың әрі ұстазы, әрі тәрбиешісі. Егер имам шәкірттерді оқытып - тәрбиелесе, қала басшысы барлық жұртты ізгі қасиеттерге баулиды. Олай болса, мұның екеуі де «сегіз қырлы, бір сырлы», халыққа қай жағынан да болса үлгі көрсететін ақыл-парасаты басқалардан көш ілгері тұратын, өн бойында атап айтқанда төмендегідей сипат-қасиеттері болу керек: жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, өзі түсінген, көрген, есіткен және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, алғыр да аңғарымпаз, өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан - анық бере алатын, өнер - білімге құштар, сыр-сұхбат құруға келгенде қанағатшыл, жаны асқақ және ар - намысын ардақтайтын, жаратылысынан игі істерге ынтызар, дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да атрибуттарына жирене қарайтын,

әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін, жақындарына, жат адамдарға да әділ, пасықтық атаулыға мүлде рақымсыз, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек дейді. Мұндай адамдардың бойында туа біткен он екі, сондай-ақ өмір барысында жүре қалыптасатын алты қасиет болуға тиіс. Бұларды бір-бірімен сәтті ұштастырған адам ғана нағыз ұстаз, жұртқа басшы бола алады дейді.

Әл-Фараби үшін ең үлкен бақыт - жақсылыққа ұмтылу, өйткені бұл - жақсылық. Оның ойынша бақыт - айқын, бірақ оған жету үшін адамда төрт маңызды этикалық қасиет болуы керек. Бұл қасиеттер философиямен, ойлаумен, адамгершілікпен және өнермен байланысты. Философия - білімге тән ізгілік. Білім - бұл бақытты басты мақсат деп санайтын нәрсе, сонымен бірге оған жетудің негізгі құралы. Алайда, білімнің бәрі бақытқа апармайды.

Әл-Фарабидің пайымдауынша, адамның мінез-құлқы әрқашан белгілі бір мақсатты көздейді: қандайда бір әрекетті жасағанда, адам бір кемелге жетуді қалайды. Кейбіреулер бақытты ақшадан іздейді, кейбіреулері саясаттан, кейбіреулері тән рахатынан. Ал әл-Фараби үшін шынайы бақыт жанды жарықтандыратын білімге негізделген. Ол шәкірттердің білім меңгеруі - олардың жақсы әдетпен қажетті дағдыларға, икемділік пен шеберлікке машықтануы біртіндеп қалыптасатындығын айтқан.

Ғылым жолын қуған жеткіншек үшін Фарабидің өз басы да теңдесі жоқ өнеге. Қартайған шағының өзінде 70-тен аса тіл білген, адам баласына қажетті нәрсенің бәрін бойына дарытқан. Тұрмыста жұпыны тұрған, мал-мүлік, дүние - жиһаз жинамай, үнемі кедей - кепшікке жәрдем көрсетіп, қолындағы барын солармен бөліскен. Ұлық болуды да, олардың алдына иіліп, бүгілуді де ұнатпаған. Бар саналы өмірін бір мақсатқа - ғылымға арнаған. Әл-Фараби Аристотель, Платон сияқты ежелгі грек философтарының еңбектерімен танысып, олардың шығармаларына түсінік беріп, Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған адам.

Әл-Фараби өз дәуірінің де, мына ұшқыр XXI ғасыр санатына да жататынын қазақ халқы құрметпен атайды. Шығыс пен Батыстың ұлылар керуені бүгін де адамзат баласымен бірге үндесіп, бірге тілеулес болып келе жатыр. Олардың мыңдаған жылдар бұрын жазған еңбектері бүгінгі күннің қажетіне ауысуда.

Қорыта келе айтарымыз, ұлттың болашағы ұстаздың берген тәлім - тәрбиесіне тәуелді болса, бүгінгі ұстаздарымыз өзінің мәдениетімен көрініп, тәрбиелі тұлғаның үлгісі болуға тиіс. Әл-Фараби еңбектеріндегі ізгілік қасиеттерін бойына дарыту керек. Себебі тағы да ұлы ұстаздың өзі айтқандай «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы болмақ!»

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Бірінші том. Алматы-2019

2. Жақыпбек Алтаев. Әл-Фараби -Шығыстың ұлы ойшылы. Алматы-2020 ж.

3. Жарықбаев Қ, Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі (Оқу құралы)- Алматы. 1995 ж.

**ҚАРЖАУ АЙДАНА БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**
*Астана қаласы*
*Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі*

## ЕРКІН КҮРЕСТІҢ ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХИКАЛЫҚ ПАЙДАСЫ

Түйіндеме. Мақалада физикалық және психологиялық денсаулық үшін еркін күрестің ғылыми аспектілері мен нақты пайдасы талқыланады.

Еркін күрес ежелгі спорт түрі ретінде әлемдік спорт мәдениетінде маңызды орын алады. Қарапайымдылығына қарамастан, күрестің бұл түрі тәжірибешілерге бірегей физикалық және психологиялық артықшылықтар береді. Қазіргі уақытта физикалық денсаулық пен психологиялық салауаттылық мәселелері өзекті бола бастағанда, еркін күрестің артықшылықтарын зерттеу ерекше назар аударады.

Бұл мақаланың мақсаты еркін күрестің физикалық және психологиялық жағынан денсаулыққа әкелетін практикалық пайдасын қарастыруға негізделген. Біз осы спорттың денсаулықтың әртүрлі аспектілеріне әсерін растайтын заманауи зерттеулердің нәтижелерін талқылауға тоқталамыз.

Біздің міндетіміз – еркін күрестің физикалық және психологиялық артықшылықтарын талдау және спортшыларға, жаттықтырушыларға және салауатты өмір салтына қызығушылық танытатын кез келген адамға пайдалы болуы мүмкін негізгі сәттерді бөліп көрсету.

Ғылыми фактілер мен практикалық аспектілерді зерделеу арқылы біз еркін күрестің спорттық пән ретінде ғана емес, сонымен қатар өмір сапасын жақсарту және оңтайлы физикалық және психологиялық ә -ауқатқа жету құралы ретіндегі маңыздылығын ашуға ұмтыламыз.

П.Ф.Лесгафт қозғалыс әрекеті саласындағы білім, білік, дағдыларды дамытуға бағытталған дене тәрбиесі теориясын жасады. Ол адамның физикалық және интеллектуалдық дамуы үшін дене жаттығуларын қолданудың принциптерін, формалары мен әдістерін жасады. Кеңес өкіметі жылдарында елімізде дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі дамыды [1, 11].

П.Ф.Лесгафттың теориялары мен әдістері адамның физикалық және психологиялық жағдайына әсер ете алатын әртүрлі физикалық жаттығулар мен әрекеттеріне негізделеді. Осылайша, олар физикалық және психологиялық салауаттылыққа жету жолдарының бірі ретінде еркін күрес аясында қолданылады. Бұл әдістер мен принциптер спортшылардың физикалық және психикалық дайындығын арттыру үшін еркін күрес дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

Еркін күрес – екі спортшының белгілі бір ереже бойынша, әр түрлі әдіс - тәсілдерді қолданып, бір - бірін иығына салып, жеңіске жетуге тырысатын жекпе-жектен тұратын жекпе-жек және олимпиадалық спорт түрі [2, 228]. Жаттығу процесінде қозғалыстарды үйлестіру, ұзақ және күшті жұмыстарды орындау қабілеті жақсарады, бұлшықеттер мен байламдар нығайып, жүрек - тамыр жүйесі дамып, өкпенің өмірлік қабілеті артады. Өзінің еңбегінде

А.Ю.Осипов жекпе-жекпен айналысатын спортшылардың дене дайындығы бойынша басқа спорт түрлерімен айналысатындарға қарағанда артықшылығы бар дейді [3].

Еркін күрес адамның физикалық жағдайын жан-жақты жақсартуды қамтамасыз етеді. Біріншіден, олар жалпы дене дайындығын нығайтуға, төзімділікті, күшті, икемділікті және қозғалыстарды үйлестіруді дамытуға көмектеседі. Бұған қарқынды жаттығулар мен қарсыластар арасындағы тұрақты бәсекелестік арқылы қол жеткізіледі. Екіншіден, еркін күрес дененің кардиореспираторлық қызметін жақсартуға көмектеседі, бұл төзімділіктің жоғарылауына және жүрек-тамыр жүйесінің жұмысын жақсартуға әкеледі. Сонымен қатар, олар бұлшықеттер мен сүйектерді нығайтуға көмектеседі, бұл жарақат пен остеопороз қаупін азайтады. Еркін күрес те калорияларды жағудың және салмақты сақтаудың тиімді әдісі болып табылады. Ақырында, еркін күрес жаттығулары реакция жылдамдығын және қозғалыстарды үйлестіруді жақсартуға көмектеседі, бұл спортта да, күнделікті өмірде де пайдалы.

Еркін күрес жаттығулары жүктемені бірте - бірте арттыруды және әрбір спортшыға жеке көзқарасты қамтитын жүйелі тәсілге негізделген. Сондай - ақ жаттығулардың жүйелілігі мен вариативтілігі, дағдылардың жан - жақты дамуын қамтамасыз ету және жарыстар кезінде әртүрлі жағдайларға дайындық негізгі қағидаттар болып табылады. Техниканы бақылау және бәсекеге қабілетті элементті пайдалану жаттығу сапасын жақсартуға және тактикалық ойлауды дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, маңызды аспект спортшылардың психологиялық дайындығы болып табылады, бұл жарыстар кезінде сенімділікті, зейінді және стресске төзімділікті арттыруға көмектеседі. Осы әдістер мен принциптердің барлығы бірігіп спортшыларды еркін күресте жоғары нәтижелерге дайындап, нәтижелі дайындықты қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, еркін күрес спорт түрі ретінде тек дене шынықтыру ғана емес, спорт алаңында ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де маңызды көптеген қасиеттер мен дағдыларды дамыту құралы екенін атап өткім келеді. Бұл спорт физикалық денсаулықты нығайтуға, тәртіп пен өзін-өзі бақылауды, еңбекқорлықты және ұжымдық рухты дамытуға көмектеседі.

Еркін күресті кеңінен насихаттау мен дамытуда оқу орындары мен спорт клубтарының рөлі зор екенін атап өтеміз. Атап айтқанда, әл-Фараби атындағы оқушылар сарайында жүргізіліп жатқан жұмыстардың Қазақстанның жас спортшыларын дайындау мен дамытуда алатын орны зор. Бұл оқу-жаттығу орталығы балалар мен жасөспірімдердің тәжірибелі жаттықтырушылар жетекшілігімен еркін күреспен айналысуына мүмкіндік беріп, олардың жаттығулары мен жарыстарына қажетті жағдай жасайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, еркін күрес адамның физикалық және психологиялық дамуының ең тиімді жолдарының бірі болып қала беретінін атап өткен жөн. Бұл спорт түрін дамыту және оны балалар мен жастар арасында кеңінен насихаттау салауатты өмір салтын қалыптастыруда және болашақ ұрпақты спортшылар мен қоғам көшбасшыларын тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Лесгафт П.Ф. Избранные труды. /Сост. И.Н. Решетень –
М.: Физкультура и спорт, 1987.

2. Дюкина Л.А., Игнатьев С.В., Физическая подготовленность студентов, занимающихся вольной борьбой. Проблемы современного педагогического образования, 2018.

3. Осипов А.Ю., Приходов Д.С., Лукин А.В. Тестовая оценка эффективности использования различных видов единоборств в процессе повышения уровня физической подготовленности студентов. Проблемы современного педагогического образования, 2018, 61(3).

**ТОЙЛЫБАЕВА УЛБОЛА ОРАЗАЛИЕВНА**
*Астана қаласы А.Байтұрсынов*
*атындағы Binom school мектеп-лицейі,*
*директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

## АТА-АНАЛАРМЕН СЕРІКТЕСТІК: НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕР МЕН ПРАКТИКАЛЫҚ НҰСҚАУЛАР

Бұл мақала білім беру ұйымдарының ата-аналар қауымдастығымен тиімді байланыс жасаудың маңыздылығын қамтиды. Баяндама ата-аналарды білім беру процесіне тарту, қолдау ортасын құру, байланыс және кері байланыс жасаудың негізгі аспектілерін қарастырады. Мектеп ұйымы мен отбасы арасындағы өзара әрекеттесуді жақсартуға, сондай-ақ осы серіктестікті қолдау үшін заманауи технологияларды пайдалануға бағытталған практикалық ұсыныстар берілген. Баяндама мұғалімдерге, ата-аналарға және балалардың дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құрудың тиімді жолдарын қарастырып жүргендерге құнды ақпарат береді.

Түйінді сөздер: серіктестік, негізгі аспектілер, практикалық ұсыныстар, кері байланыс, «parents guide» жоба.

Қазіргі білім беру процесінде отбасы мен білім беру мекемесінің өзара байланысы толыққанды білім беруді қалыптастыруда іргелі рөл атқарады. Табысты оқытудың ажырамас бөлігі, ол мектептегі ұстаздың біліктілігі мен әдістемесі ғана емес, баланың мектептегі өміріне ата-ананың араласуы болып табылады. Осы тұста мектепке ата - ананы қалай тартамыз? - деген сұрақ әр педагогтің алдынан шығады. Олай болса серіктестіктің негізгі аспектілерін қарастырайық және оны жақсарту үшін практикалық ұсыныстарды анықтайық.

Ең алдымен ата-ананы мектептің серіктесі етудің артықшылықтарын атап өтсек. Түсінікті болу үшін үйде отырған ананы, жұмысбасты әкені оқу процесіне тартудың қаншалықты маңызды екенін талқылайық. Ата-ананың оқу процесіне белсенді қатысуы балалардың оқуға деген қызығушылығын оятып қана қоймайды, сонымен қатар, білімді сәтті игеруге қолайлы жағдай жасайды.

Қолдау ортасын құру. Отбасында қолдау көрсететін білім беру ортасын құру. Ата - аналар балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыратын ынталандырушы атмосфераның бастамашысы бола алады.

Ата-аналармен серіктестіктің негізгі аспектілері ретінде тұрақты байланыс пен кері байланысты және ата-аналардың білім беру бастамаларына қатысуын алып қарастырайық.

Барлығымыздың көзіміз жеткен XXI-ғасырдың икемді құзыреттіліктерінің бірі басқа адамдармен байланыс орната алу. Ауызша да, жазбаша да тиімді қарым-қатынас жасау, соның ішінде заманауи коммуникациялық құралдарды қолдану арқылы байланыс пен кері байланыс құра алу. Осы тұста kundelik.kz платформасы ата-ана мен мектептегі әр педагогтің күнделікті байланыс құралы бола алады. Әр сабақ сайын оқушыға жазылған кері байланыс ата-ананың оқу мен оқытуға белсенді араласуына түрткі болады.

Kundelik.kz платформасы біздің қолда бар бір ғана инструмент емес. Цифрлық қоғамда табысты серіктестіктің ажырамас бөлігі - ашық

коммуникация құрудың басқа да құралдары жеткілікті, қолдану ғана жетпейді. Қорыта айтсақ педагогтер мен ата-аналар арасындағы тұрақты пікірталастар мен кері байланыс оқушылардың қажеттіліктерін түсінуге және мәселелерді тиімді шешуге ықпал етеді. Екінші аспекті, ата-аналардың білім беру бастамаларына қатысуы. Ата-аналар мен оқушыларға арналған бірлескен білім беру іс-шаралары оңтайлы оқу тәжірибесін қалыптастырады. Оқу жобаларында ата-аналардың қолдауы мектеп пен отбасы арасындағы өзара әрекеттесуді күшейтеді. Осы орайда мектебімізде тиімді жүзеге асып отырған «Parents guide» жобасы. Бұл жобаның негізгі идеясы, ата - ананы мектептегі кез келген тәрбиелік іс-шараға басшы, тәлімгер, бақылаушы, бастамашы ретінде тарту болып табылады. Біздің мектепте табысты жүзеге асып жатқан жобаны ата-аналарды мектептің өміріне толық араластырудың практикалық нақты инструменті ретінде ұсына аламын.

Бұл жоба үшін сынып жетекші немесе мектеп әкімшілігі ретінде ата-аналар қауымдастығымен проблеманы анықтап оның шешу жолын табуда өзара іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу маңызды. Ата-аналармен ынтымақтастық бағдарламасын құру табысты серіктестіктің ажырамас бөлігі болып табылады. Ата-ана бастамашы болатын бірлескен жоспарлау «Parents guide» сағаттарын әзірлеу мақсаттарды, жоспарларды және іс-шараларды анықтауды қамтиды. «Parents guide» жобасы 100 пайыз жүзеге асырған 5 және 6 сыныптар.







Мысал ретінде жоба аясында 5 «к» сыныбында сынып жетекші мен ата-аналар сыныптың қажеттілігі оқушыларды ұжымдастыруға бағытталған шара деп тауып, «Салауатты өмір - көтеріңкі көңіл» атты спорттық іс - шараны Жамал Манас (Ирманов Азиздың анасы) өткізді (2 сурет).



8 «з» сыныбында ата -аналарының қажет деп тапқан тақырыбы «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауапкершілігі» тақырыбын Маратов Дильмураттың әкесі адвокат Гаитов Ренат Маратұлы келіп өткізді. (3-сурет)

Мектеп пен отбасының бірлескен әрекеті үшін кітап оқуды қолдану. Осы оқу жылында қолға алынған «8 минуттық оқу» жобасын толыққанды ету үшін дайын инструмент ұсынғым келді. «Отбасы хрестоматиясының» «Отбасындағы 30 сабақ» кітабы мен дәптері осы оқуды толыққанды отбасы мен мектептің бірлескен жобасына айналдыратын құрал. Отбасында баланы смартфоннан айыруға, дастархан басында ата-ананың баламен айтатын әңгімесіне арқау болатын тақырып ретінде қолдануға практикалық нұсқау ретінде ұсынамын.

Қорыта келе, ата-аналармен серіктестік - бұл әр баланың табысты оқуы мен дамуын қамтамасыз етуге бағытталған өзара тиімді ынтымақтастық. Ұсынылған аспектілер мен ұсыныстар ата - аналармен байланысты нығайтуға және қолайлы білім беру ортасын құруға көмектеседі деп үміттенемін.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Гиппенрейтера Ю.Б. «Самая важная книга для родителей» ,АСТ:, 2013 г, 842 стр.

2. Нәби Ә., Нұрқабекұлы С., Аюбек Ә., Ғинаятұлы А., «Отбасындағы 30 сабақ», Алматы, 2002. -336 б.

---

**КАЛИМОЛДИНА ГУЛЬНАЗИРА КАППАСОВНА**

*Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы*
*Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің*
*«Қ.Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-лицейі» КММ*
*математика пәні мұғалімі педагог-зерттеуші*

## «ШЫН БІЛІМ – АҚИҚАТ, АНЫҚ БІЛІМ»

Қазіргі таңдағы адамзаттың тіршілігінің негізгі міндеттерінің бірі білім алу болып табылады. Білім берудегі мақсат жан - жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой - талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда

мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Оқу үрдісінің ең маңызды жақтарының бірі – оқу нәтижелерін бағалау болып табылады.

Педагогика мен әдістеме ғылымында «нені оқыту керек?», «қалай оқыту керек?», «қандай әдіс-тәсілдерге жүгіну керек?» деген мәселелер қашанда өзекті. Бұл сауалдарға әр кезеңде әр ғалым түрліше жауап беріп, әртүрлі қырынан қарастырғаны белгілі. Өйткені, қоғамдық өзгерістерге сай мұғалімге қойылатын талап та, оқытуға қойылатын міндет те өзгереді. Уақыт өткен сайын оқыту технологиясы да, ұстаз шеберлігі де шыңдалып отыруы шарт.

Ұстаз шеберлігі дегеніміз – тек мұғалімнің жан-жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол әр сөзді бойға сіңіруі. Ұстаздық әдеп жайын сөз еткенде біз шығыс ойшылдарының гумандық ой пікірлеріне назар аударамыз. Ғалым, ұлы ойшыл әл-Фарабидің еңбектеріндегі педагогикалық көзқарастар қанша ғасыр өтсе де өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің айтуы бойынша нағыз ұстаз ғана айтқанын екі еткізбейтін, ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі теңіздей, ақыл-ой парасаты да, ерік-жігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана шәкіртке үлгі-өнеге көрсетеді, ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап-тілегін орындай алады.

Сөз еткелі отырған әл-Фараби ілімі Шығыс халықтарының педагогикалық ой-пікірінің пайда болуына, дамуына және қалыптасуына үлес қосқан.

Қазіргі кезде педагогиканың негізгі ұғымдарына «тұлғаны қалыптастыру» ұғымы да жатқызылады. Себебі, бүгінде білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты, бірінші басымдық ретінде оқушыларда пәндік білім, білік, дағдыны емес, оның тұлғасын қалыптастыру қойылып, тұлғаға бағдарланған оқыту мен тәрбиелеуді іске асыру көзделуде. Жеке тұлғаны қалыптастыру ұғымын ғұлама әл-Фараби былай анықтайды: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл - күші бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады.

Әл-Фарабидің педагогикасында бақытқа жету формуласын іске асыратын адам – дана ұстаз. Ұлы ойшыл ұстаз бойында мына қасиеттердің болуын қалады: изеттілік, даналық, асқан пайымдылық, аңғарымпаздық, шыншылдық, ар - ождан тазалығы, қанағатшылдық, тапқырлық, білгірлік, жігерлендіре білушілік, ұстамдылық, ынталылық, шеберлік, табандылық, ниеттің түзу болуы, жан мен тәннің тазалығы, өзін - өзі тәрбиелеу. Бұған қоса ол пайымдағыштық, көрегендік, тапқырлық, парасаттылық сияқты қасиеттерді жоғары бағалады

Мұғалімнің басты міндеті оқыту барысында тәрбиеленушілердің ізденісін керек арнаға салу қажет деп санады. Басқа сөзбен айтқанда, ғұлама үшін таным үдерісі адамның өзін - өзі жетілдіру және бақытқа қол жеткізу

үдерісі. Ақылды адамды тәрбиелеу мұғалімнің күш жігері жұмылдыруына байланысты.

Әл-Фараби оқушының ақылына, парасатына, оның тұлға болуына мұғалім зор әсер етеді деп есептеді. Мұғалімнің оқушының ақыл - ой қабілеттерін дамытуына ерекше көңіл бөлді. Мұғалімнің педагогикалық таланты, интеллектісі, түрлі дарындылық сапалары болуы керек еді. Мұғалімдер мен оқушылар өзара сыйластықта болуын құптады, өйткені мұғалім өз ойлары арқылы оқушыларының жанын басқарады деп пайымдады.

Әл-Фараби мұғалімнің қызметтерін мемлекетті парасатты басқарушының қызметтерімен қатар қойды, себебі мұғалім келешекте қоғамның бақыты тәуелді болатын өскелең ұрпақтың тәрбиесі үшін жауапкершілікті арқалайтын еді.

Әл-Фараби мұғалімге баланы жазаламау керек, керісінше мадақтау қажет деді. Мұғалімге оқушыны тыңдау, түсіндіру әдістерін ұсынды. Демек, Әл-Фарабидің ұсынған оқыту жүйесі, оқыту әдістері оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік туғызады. Оқытуда қарапайымнан күрделіге жылжу, оқушылардың білім алудағы жеке ерекшеліктерін ескеру, жүйелілікті, бірізділікті сақтау, аса қатаң болмау сияқты идеялар бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған өміршең ойлар болды.

Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің деңгейімен байланысты.

*Аннотация:* Бұл мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің педагогикалық қызметтегі рөлі қарастырылады: тұжырымдама, тәрбие мақсаты, адамгершілік категориясы, бүгінгі күнге дейін жалпы педагогикада база болып табылатын оқыту принциптері, әдістері мен формалары.

*Түйінді сөздер*: екінші мұғалім, оқыту, тәрбиелеу, мадақтау, айыптау, сендіру, мәжбүрлеу, бақыт, білім, шеберлік, әдеттер.

*Аннотация:* В этой статье рассматривается роль Абу Наср аль-Фароби в педагогической деятельности: концепция, цель воспитания, категория нравственности, принципы, методы и формы обучения, которые и по сей день служат базой в общей педагогике.

*Ключевые слова:* Второй учитель, обучение, воспитание, похвала, порицание, убеждение, принуждение, счастье, знания, умения, привычки.

*Abstract:* This article examines the role of Abu Nasr Al-Farobi in pedagogical activity: the concept, the purpose of education, the category of morality, principles, methods and forms of education, which to this day serve as the basis in general pedagogy.

*Keywords:* The second teacher, training, education, praise, blame, persuasion, coercion, happiness, knowledge, skills, habits.

Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасын зерттеу өзекті, өйткені ол араб халифатында ерте орта ғасырларда, осы аймақтағы мәдениеттің өркендеуі мен өрлеу дәуірінде білім берудің прогрессивті тәжірибесінің деңгейі туралы ғылыми түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ойшылдың барлық шығармашылық мұрасы қоғамды гуманизациялау және демократияландыру идеяларымен, оны тәрбие мен білім беру арқылы жақсарту арқылы енеді. Сондықтан, осы ғалымның педагогикалық мұрасын зерттеу жас ұрпақты тәрбиелеудің заманауи талаптарына сәйкес келеді.

**Мақсаты:** Әл-Фараби ілімдерінің педагогикалық рөлін кеңінен насихаттау

Педагогика тарихындағы сабақтастықты зерттеу қазіргі әлемдік қоғамдастықты, Шығыс пен Батыс әлемінің өсіп келе жатқан тұтастығын түсінуге байланысты өте маңызды. Батыс және кеңестік педагогика тарихында Шығыс халықтарының үлесі, олардың батыс халықтарының мәдениетімен тығыз байланысы арнайы зерттеудің тақырыбы болған жоқ. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасын зерттеуге көптеген араб, кеңес және басқа да шетелдік авторлардың жұмыстары арналған. Ортағасырлық ғалым философ ретінде танымал, сондықтан кеңес авторларының еңбектерінің негізгі бөлігі оның философиялық мұрасын зерттеуге арналған. Бұл зерттеулерге кеңес ғалымдары С.Н.Григорьян, М.М.Хайруллаев, А.Ф.Қасышсановтың жарияланымдары кіруі керек. Алайда, осы авторлардың еңбектерінде әл-Фарабидің педагогикалық көзқарастары ішінара ғана қамтылған.

Бай педагогикалық мұраның жекелеген мәселелері XX асғасырдағы кеңестік автор Талашевтің жұмысында көрініс тапты. Әл-Фарабидің педагогикалық идеяларын жалпылауға алғашқы әрекетті А.Кубесов жасады. Автор әл-Фарабидің шығармашылығын талдауға арналған зерттеуінде ойшылдың философиялық, әлеуметтік көзқарастарын ұсынуға көп көңіл бөледі, философтың педагогикалық тұжырымдамасының дидактикалық ережелерін әзірлейді.

Жаңа мемлекеттің – Араб халифатының құрылуы тек территориялардың бірігуіне ғана емес, сонымен бірге әртүрлі мәдениеттердің бірігуіне әкеліп соқтырды, соның арқасында исламның мемлекеттік діннің дүниетанымымен біріктірілген мәдениеттің ерекше түрі пайда болды. IX ғасырлардағы саяси және философиялық ойдың дамуы. таптық және діни қайшылықтарды бейнелейтін әртүрлі ағымдар мен тұжырымдамалардың өткір идеологиялық күресінде болды: реакция мен прогресс күштері арасындағы, Араб халифатының мүдделерін білдіретін мұсылман дінбасылары мен еркін ойлауды, бағыныштты халықтардың егемендігін жақтаушылар арасындағы күрес. Осы кезеңде қолөнердің, сауданың, қалалардың дамуы ғылымның,

мәдениеттің, білімнің өркендеуіне ықпал етті. Үлкен білім беру қызметі өрістеуде, ғылыми мекемелер («даналық үйі») құрылуда, мешіттер жанынан кітапханалар жиналуда, шағын білім беру орталықтары («рубат») және емдеу - сауықтыру мекемелері («бимарстан») және т. б. құрылуда.

«Даналық үйі» - «Бейт Әл-Хикма» - негізін IX ғасырдың басында Аббасидтер әулетінің өкілі Гарун Әл-Рашидои қалаған. Бағдадтағы» даналық үйінен басқа, мұндай мекемелер бірқатар басқа ірі қалаларда (Каир, Басра) болған. «Даналық үйлері» әртүрлі білім салаларындағы ғылымдарды зерттеді: медицина, философия, математика, астрономия, логика, музыка, теология және т. б.

«Даналық үйлерінен» басқа «бимарстан» - «месташфа» емдеу мекемелері болды, олар емдеу және білім беру мекемелерінің бірлестігі болды. Оқушылар медицина негіздерін оқып, алған білімдерін ауруханада қолданды. «Месташфтың» ерекшелігі есту, көру қабілеті шектеулі, жүйке жүйесі бұзылған адамдармен сабақ бағдарламасы болды.

Араб халифатының шекараларында әскери білім беру мекемелері – «рубат» - «сакана аз кария» құрылды, онда жауынгерлер қорғаныс, шекара туралы білім алды, сонымен қатар діни және зайырлы білім алды. Жоғары және орта буын мектептерінен басқа бастауыш мектептер – «кататиб» болды. Олардың шәкірттері ұлдар да, қыздар да болуы мүмкін. Бұл оқу орындары жазу, санау, оқу туралы алғашқы білім берді. Олар негізінен теологиялық ғылымдарды зерттеді.

Мұсылмандық білім беру жүйесінің құрылуы араб тілінің таралуына ықпал етті, араб тілінің де, араб тілді халықтың да сауаттылығын арттырды. Мектептердің кең жүйесі мемлекеттік дін - исламның таралуына ықпал етті. Діни білімнен басқа, бұл жүйе ғылымның, мәдениеттің, өнердің әртүрлі салаларынан білім алуға мүмкіндік берді; ежелгі әлемнің, Византияның ең жақсы туындыларына қызығушылық тудырды, бұл аударма іс - әрекетінің дамуына әкелді.

Әлеуметтік өмірдегі өзгерістер, Аббасидтер әулетінің билеушілерінің билігін нығайту ғылымның, білім беру және білім беру жүйелерінің дамуына ықпал етті.

Әл-Фарабидің өмір жолы туралы (оның толық аты - жөні: Әбу Насыр Мұхаммед Бен Мұхаммед бен Узлуг Бен Тархан) өте аз мәлімет бар. Осы уақытқа дейін ғалымдар бірақ философтың туған жылын дәл анықтай алады. Ол 870 жылы Фараб жерінде, түркі тайпасының әскери қолбасшысының отбасында дүниеге келген деп саналады. Әл-Фараби алғашқы білімін отанында алған. Ол араб тілін білмегені белгілі және ересек кезінде ғылыми және мәдени ой шоғырланған халифаттың орталығына бет алды. Өзін - өзі тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу болашақ ғалымға көптеген ғылымдарды игеруге мүмкіндік берді. Ол философияға, математикаға, музыка теориясына,

логикаға, медицинаға қызығушылық танытты. Әл-Фараби араб, парсы, грек, Сирия және басқа тілдерді меңгерген.

Әл-Фараби бай шығармашылық мұра қалдырды: Философия, әлеуметтану, саясат, өнер мәселелеріне арналған «ғылымдардың жіктелуі», «парасатты қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «музыка туралы үлкен трактат», «бақытқа жету жолдары», «Бақыт туралы» және т.б. трактаттар. Әл-Фарабидің бұл еңбектерінде тәрбие мен білім беру мәселелері қозғалды.

Әл-Фарабидің осы трактаттарының негізінде оның адам туралы ілімі, оның қоршаған әлемге қатынасы жатыр. Бірқатар еңбектерде – «Азаматтық саясат», «бақытқа жету жолдарын көрсету», «Ізгі қала ұстаушыларының көзқарастары» - ғалымның идеалды қоғам туралы ойлары бейнеленген, онда оның кезінде қалыптасқан әлеуметтік жүйенің кемшіліктерін жеңуге тура келді. Ол мұндай жамандықтарды надандық, діни фанатизм, бұқараның қорланған жағдайы деп санады.

Оның ізгілікті қаласында ғылыми білімнің таралуы зорлық - зомбылықты жоюға, әділеттілікті қалпына келтіруге, содан кейін идеалды гуманистік және үйлесімді дамыған қоғам құруды жеделдетуге арналған.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әл-Фараби А. Көбесов «Қазақстан» баспасы Алматы 1971 43 - 54 бет, 147 - 161 бет

2. Көне түрік жазба мұралар тарихы. Нүсіпова О.Алматы 2004, 31-41 бет

3. А. Манашов «Әл-Фараби және Абай» Алматы 1994, 39 - 53 бет

4. Е. Жәнібеков «Әл-Фарабидің физикалық көзқарастары» Алматы 1993, 5-6-7 беттер

**ХАНАТОВА НАТАША МЕРГЕНҒАЛИҚЫЗЫ**

*Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,*
*Құрманғазы ауылы, Б.Бегалиев атындағы жалпы*
*орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

## ӘЛ – ФАРАБИДІҢ АФОРИЗМДЕРІ
## («Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» кітабы бойынша)

Өнер, білім, ғылымның шамын жаққан Отырар жері бізге көптеген ойшылдарды, ғалымдарды дүниеге келтірді. Отырар өлкесінен шыққан ғалымдар мен ойшылдар, ақындар мен қарасөз зергерлері еңбектерінің

халқымыздың әдеби, мәдени, рухани мұрасын байытып, ұрпақтар тәрбиелеуде, кешегі жүріп өткен жолымызды тануда рөлі ерекше.

Ұлы ойшыл, ғалым әл–Фараби ғылыми шығармаларын, өлең - жырларын өз дәуірінің ғылыми тілі саналған араб тілінде жазады. Осы тіл арқылы хикмет - философия ғылымын меңгеру жолына түседі. Әл–Фарабидің «Ақылдың мәні туралы трактат», «Данышпандықтың інжу - маржаны»,

«Ғылымдардың шығуы» әлеуметтік қоғамдық және этикалық көзқарастарын танытатын туындылары да аз емес. Әсіресе, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында» деген сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Әл-Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады. Әл-Фарабидің бұл еңбектері күні бүгінге дейін өз мән – маңызын жоғалтқан жоқ. Мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік этикалық көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды.

Әл–Фарабидің «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» атты кітабы тұнып тұрған тәрбиеге толы ойлармен толысып тұр. Бұлар – қалаларды қалай басқару керектігі, басқарғанда олардың көркеюіне, ондағы тұрғындардың тұрмысының жақсаруына көмектесу, сөйтіп оларды бақыт жолына бағыттап отыру керектігі жайында ерте заман (ойшылдары) айтқан көптеген негізгі қағидаларды қамтитын жеке - дара нақыл сөздер. Әр нақыл сөздің қозғайтын өзіндік ойы бар.

Екінші нақыл сөзі: «Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жасауға көмектесетін жан қасиеттері – ізгілікті қасиеттер, ал адамның пасық істер мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары сұрқиялық, кемшілік немесе опасыздық болып шығады». Адамдар мекендеп отырған қоғамның бақытқа жетуі үшін бір - біріне көмектесетін халық – ізгі халық. Дәл осылайша, бақытқа жету үшін тұтас халық бір - біріне көмектесер болса, күллі жер шары ізгіліктің мекеніне айналады деген ой түйеді.

Он төртінші нақыл сөзі: «Қайырымдылық адамдар жанынан берік орын алғанда, не адамдар ұстамды болғанда қалаларда теріс қылықтар жойылады. Қайсыбір адамнан таралатын жауыздықты оның жанынан берік орын алған қайырымдылықпен де, ұстамдылықпен де жоюға болмаған жағдайда, оны қалалардан аластайды». Әділетті басшы басқарған мінсіз қоғамның негізін қалыптастыру - әр заманның арман тілегі, екіншіден, қайырымды қоғам жалпы адамзаттық кеңістікке бейімделген. Ол кез келген дәуір, кез келген халық мүддесімен сабақтас. Қайырымды қаланың мүшелерін ортақтастыратын белгі біреу – қоғам мүшелерінің ортақ мақсаты жолында жетілуге ұмтылу. Бақытқа жету жолында «қайырымдылық» нормаларына сәйкес бір - бірін қолдап отыру - қайырымды қаланың өзіндік ұстанымы.

Жиырма жетінші нақыл сөзі: Шын әкім – қалаларды басқарғанда өзі қолданатын өнерде өзі үшін және қаланың басқа тұрғындары үшін басқару өнерінің шегі жеке мақсаты болып табылатын бақыт орнатуды өзінің талабының мақсаты және өмірлік ісі етіп алға қоюшы адам. Қайырымды қалалар үкімінің ең бақытты адам болуға тиістілігі логикалық қажеттілік болып табылады, өйткені қала тұрғындарының бақытқа жетуіне оның өзі себепші болады.

Қала тұрғындарының бақытты болуы үшін басшының өзі қайырымды , сауапқа толы істі жасағаны  абзал. Қайырымдылық дегеніміз не? Қандай адамды «қайырымды» деп айтуға болады? Бұл екі сұрақтың жауабын қазіргі қоғамға қажет қайырымды тұлға тәрбиелеу сонау ерте замандардан бастап келе жатқан зиялы қауымның, атап айтқанда әл–Фарабидің нақыл сөзінен табамыз. Қай заманда, қай дәуірде болмасын адам баласының бір–бірімен өзара қарым-қатынасында жақсылық жасауға бағытталған сапалық өлшемдер болады. Олай болса, мейірімділік, жанашырлық, рақымшылдық, ізеттілік, кішіпейілділік, қарапайымдылық және т.б. адамгершілік қасиеттер арқылы адамның өзіне, өзгелерге деген ықыласын, қамқорлығы мен көмегін білдіретін игілікті іс «қайырымдылық» дегенді білдіреді.

Ойшыл қаланы дене, тән және үймен салыстырса, онда билеушіні көбінесе дәрігермен, ұстазбен, «үйдің» мырзасымен, құрылысшылардың басшысымен салыстырады. «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздерінде» әл -Фараби осындай параллельдерге бірнеше рет оралады. Мәселен, ол дәрігер тәндерді, ал мемлекеттік қайраткер жандарды емдейді дейді. Бірақ, егер дәрігер тәндердің жағдайын тән және оның бөліктері арқылы жүзеге асырылатын жан әрекеттерін мінсіз ететін күйге келтіргені үшін қанағаттанса, онда мемлекеттік қайраткер мен билеуші жаман немесе жақсы істер, сұлулық немесе ұсқынсыздық тұрғысынан жан саулығы мен ауруы үшін жауап береді. «Мемлекеттік қайраткер мемлекеттік басқару өнері арқылы және билеуші басқару өнері арқылы осы өнерді қайда және кімге қолдану не қолданбауды және тәнге қандай денсаулық түрін қамтамасыз ету керектігін анықтайды»

Әл–Фараби өз салыстыруын әрі қарай былай дамытады. Тәнді емдеуші дәрігер, денені, оның бөліктерін, олардың байланысын, сондай–ақ аурулары мен себептерін және ең бастысы, оларды жою тәсілдерін зерттейді. Мемлекеттік қайраткерге де жанға қатысты осының бәрі керек: жанды, оның бөліктерін, оның кемшіліктері мен жағымсыз қылықтарын, сондай – ақ игі істерді жасауға ықпал ететін рухани жай–күйін білу. Дәрігер мен билеуші әрекеттерінің жақындығы медицина үшін де, адамгершілік үшін де маңызы зор ортаны ұстау мен шектен шықпау ұғымдарымен байланысты. Мысалы, дәрігер азық–түлік пен дәрілерде шекті біледі. Қала басшысы және билеушісі рухани қасиеттер мен іс–әрекеттерде «ортаны ұстап, шектен шықпайды». Бұл

ұстамды, шекті әрекеттер қала тұрғындарына бақытқа жету үшін пайдалы болу керек.

Әл-Фараби «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздерінде» басқару өнерін анықтауда кейбір билеушілер қоятын бұрыс мақсаттарды көрсете отырып, өзіне тән «қарама–қарсыдан» пайымдау тәсіліне жүгінеді. Егер құрметке ие керемет билеушілер қала тұрғындарына қайырымды болып, сый – құрмет пен ұлылыққа жетіп жатса, онда басқалар оларға көрсетіліп жатқан құрмет байлықтың арқасында деп ойлайды. Сондықтан бұндайлар сый–құрметке қол жеткізу үшін ең бай адам болуға тырысады. Кейбіреулер, философтың айтуынша, сый–құрмет адамның шыққан тегіне байланысты деп санайды. Тағы біреулер сый–құрметке тұрғындарды кемсіту мен қорқыту, зорлық–зомбылық арқылы жетеді. Әл–Фарабидің бақылауынша, байлықтың арқасында келген сый–құрметке қатысты кейбір билеушілерде қате ұстаным бар, өйткені олар «қала тұрғындары үшін шығарылатын заңдарды тұрғындардан байлықты алуға көмектесетін заңдарға айналдырады және егер олар бір игі істі қалап, сол бағытта бірдеңе істесе, оны тек байлыққа қол жеткізу үшін ғана істейді. Сый–құрметке жету үшін байлықты қалайтын адам мен байлыққа жету үшін сый–құрмет пен бағынушылықты қалайтын адам арасында үлкен айырмашылық бар екендігі белгілі. Соңғыларды қара ниетті билеушілер деп атайды». Философ басқарудың мақсаты рахат алу деп санайтын билеушілерді сөгеді. Өз мақсаттарында үш затты: құрмет, байлық, рахаттылықты біріктіре білетін билеушілер де бар, олар қала тұрғындарын рахат пен байлыққа жету жолында қару ретінде пайдаланады.

«Афоризмдерде» сонымен қатар философтың басқару өнеріне деген өзіндік көзқарасы бар: «... билеуші – бұл адамдарға билік ететіндігіне немесе етпейтіндігіне, сыйлы болуына не болмауына, бай немесе кедей болуына байланысты емес, өзінің кәсібі мен осы өнерді пайдалану қабілетінің арқасында билеуші болады».

Басшы мен билеушінің мәселесі, әл–Фарабидің пікірінше, даналықты, мінсіз байыптылықты, керемет иландыру қабілетін, керемет елестету қабілетін, қасиетті соғысты білек күшімен жүргізу қабілетін және денесінде қасиетті соғыспен байланысты істермен айналысуға кедергі келтіретін ештеңе болмау керек деп түсіндіреді.

Әл-Фарабидің нақыл сөздерін пайдалана отырып, басқарушы адамдар мен қарапайым адамдардың меңгеруі тиіс тұлғалық қасиеттерді бойымызға сіңіру арқылы біз «Қайырымды қала» құра аламыз. Әрбір қалада, қоғамда адамдар бірінші орында тұрады. Әл–Фарабидің адамдар тек ауызбіршілікте, бірлесе отырып, бақытқа қол жеткізе алады деген адамзатқа арналған үндеуі үнемі назарымызда болуы қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. Алматы,2005 жыл, № 11.
2. Фараби «Әлеуметтік – этикалық трактаттар» Алматы, 2019.

**КОРЖУМБАЕВА АСЕМ МУРАТОВНА**
*Астана қаласы, Әл -Фараби атындағы Оқушылар сарайының, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*
**КУЛЬМУХАМЕДОВА АЙЖАН БАЯНОВНА**
*Астана қаласы «Talant School» жеке меншік мектебі, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*

## ӘЛ – ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Бұл мақалада ежелгі Фараб қаласынан шыққан, күллі әлем ғылымына өлшеусіз өз үлесін қосқан Әл – Фарабидің өмірі мен әдеби мұрасы қарастырылған.

*Түйінді сөздер*: Әл – Фараби трактаттары, ғылым салалары, әлемнің екінші ұстазы, тіл білімі.

Шығыс даласы күллі Орта Азияға қаншама ғалым-ғұламаларды, атақты ақын - жазушыларды сыйлаған. Отырар қаласынан шыққан ғұламалардың ішінде Әбу Насыр әл-Фарабидің орны ерекше. Күллі әлем оны «әл–Фараби», яғни, «Фарабтық ғалым» деп танығанымен, өзінің де, оның әкесінің де аты – Мұхаммед. Ойшылдың да, әкесінің де аты діни тұрғыдан қойылғаны кімді де болсын ойға салмай қоймайды. Отырар қаласында сегізінші ғасырда ұлы Атлах шайқасы орын алып, түріктерге қосылған арабтар Таң империясы қытайларды жермен - жексен етіп жеңеді. Осылайша, қазақ даласына алғаш рет ислам діні тараған болатын. Ал, әл-Фарабидің де, әкесінің есімінің дінмен байланысты болуы осы себептен болса керек. Өзі де, ата-бабасы да түркі тегінен болғанын тарихшылар ерекше атап өтеді. Әл-Фараби туралы келтірілген деректерде оның 870 жылы Арыс өзенінің бойындағы қазіргі Отырар (Фараб) қаласында дүниеге келгені айтылады. Отырар қаласынан шыққан ғалымдардың самарқандтық ғалымдардан да көп болуы ежелгі қаланың мәдениет пен ғылымға, оқу мен білімге бір табан жақын болғандығынан хабар береді. Бір ғана Фарабтан шыққан отыз үш әл-Фарабидің бастауы саналатын, ұстаздардың ұстазы – Әбу Насыр әл–Фараби. Замандастары оның өте қарапайым мінезді, ауқымды жиындардан бойын аулақ ұстаған ол өзін толықтай ғылым - білімге арнағандығы туралы деректерді қалдырады. [3]

Мәуреннаһр даласында бес жасқа толған балалардың барлығы да оқу оқып, ғылым қууға дайындалатын болса, әл-Фараби да өз қатарластарынан қалыс қалмаған. Осылайша, әл-Фарабидің алғашқы хат тануы Отырар медреселерінің бірінде жүзеге асқан болатын. Әбу Насыр әл-Фараби өзінің білімін үнемі толықтырып отырған. Қазақ топырағында туған әл-Фараби Азияны басып өтіп, араб жерлеріне дейін жеткен. Ары қарай қазіргі Түркия еліне дейін жетіп, осындағы қалаларда білім алған. Шам өлкесінде аялдап, Мысырға бет алған ол Бағдат қаласында жиырма жылдай өмір сүрген [1].

Ұлы ойшылдың Бағдат қаласына алып келген жаңашыл идеялары пәлсапа арнасына ойысады. Түрлі саладағы пәлсапалық ойлары ғалымдардың ойын мүлдем жаңа арнаға бұра алды. әл–Фарабидің тек қана пәлсапада емес, медицина, математика, музыка, астрономия, логика салаларында ойып тұрып алар орны бар. Қай салаға қосқан үлесі болмасын адамзатқа тек сол кезде немесе қазір ғана емес, өмір бақи қызмет ететін өміршеңдігімен ерекшеленеді. Әл – Фарабидің Бағдад қаласына келгенде бұл шаһар тұрғындарының біразы ғылыммен әуестенетін болған. Осылайша, Әл - Фараби өзге ғалымдарға бар білетінімен бөлісіп, өзі де бірнеше жаңа ғылымды меңгеріп алады. Әл – Фараби бұл шаһарда пәлсапа ғылымын зерттеуге бар назарын аударған. Ол бұл ғылымды зерттеуде, әсіресе Аристотельдің жазба еңбектерін зерттеуге қызыққан. Аристотельдей әлемнің бірінші ұстазының еңбегін емін - еркін талқылау үшін оған бірнеше жүз рет оқуға тура келген. [4]

Фарабидің ғылымға қосқан үлесі тек жаңалық ашуында ғана емес, сонымен қатар, ашылған жаңалықтар мен түрлі теоремаларды бір арнаға тоғыстыра білуінде де аса құнды саналады. Әл – Фарабидің ғылым жаңалықтарын бір жүйеге салған мұндай еңбектері белгілі бір ғылымдағы ақпараттарды санамалап, бар - жоғын түгелдеуге, жоқ ақпаратты кемелдендіруге ықпалын тигізген. Екіншіден, бір жүйеге толықтырылған ғылым мәліметтерін Әл-Фарабидің замандастары жеңіл түрде және түсіндірмелердің көмегімен қолданып отырған. Осы тұрғыда әл – Фараби сол кезеңдегі ғылымды бірізділікке салудың негізін қалаушылардың бірі болды. Мұндай еңбекті атқарғандардың бірі Аристотель болған, ол грек ғалымдарының еңбектерін жинап, түрлі бағыттағы энциклопедияларды жазып қалдырған.

Әл-Фарабидің әдеби мұрасына тоқталғанда оның атағын әлемге танытқан «Ғылымдар энциклопедиясын айтпай кету мүмкін емес. Бұл трактат Шығыс ғылымында ғана емес, күллі әлемде жоғары бағаланған. Тіпті, Еуропада он екінші ғасырда бұл еңбек түрлі тілдерге аударылып, көптеген шетел ғалымдары одан өзіне керекті мәліметтерді қарастырып отырған. Шығыс пен батыс мемлекеттерінің өзінде түрлі аттармен баспа көріп, түпнұсқалық араб тілінен ағылшын, француз, түрік тілі мен испан, итальян тілдеріне аударылып, ғылыммен әуестенушілер арасында үлкен резонанс

тудырған. Тіпті, бұл еңбек көптеген Еуропа ғалымдарының жазған кітабының негізі болып табылады. «Ғылымдар энциклопедиясы» үлкен тараулардан тұрады: ол тіл білімі мен оның тарауларын, логика ілімі мен оның түрлерін, математика ғылымдары мен ондағы қарастырылатын пәндерді, физика ғылымдары мен ондағы қарастырылатын пәндерді, сонымен қатар, азаматтық құқықтар мен дін білімін зерттейді. Аталған пәндердің әрқайсысына жеке-жеке назар аударып қана қоймай, оның мазмұнындағы дүниелердің оқырманға түсінікті болуын қамтамасыз етеді. «Ғылымдар энциклопедиясын» оқыған адам әл – Фарабидің сонша пәндерден жетістікке жету құпиясын біліп қана қоймай, сол замандағы пәндердің игерілу деңгейін анықтауға болады [2].

Фараби тіл білімін зерттеуге арналған тарауында бұл ғылымды жеті тармаққа бөлген. Әр тармаққа жеке-жеке тоқтала өтіп, тіл ғылымының қарапайым заңдарын талқылайды. Сөздердің құрамын зерттеп, сөйлемдер туралы түсінік қалыптастырады. Дұрыс оқуды, жазуды үйрететін бұл еңбегінде шайырлық туралы да сөз қозғалады. Сөйлеу мәдениеті туралы ақпарат беріп, ақындық өнерді дәріптейді. Тіл білімі туралы ақпараттарды жүйелендіруден бөлек өзі жазған әдеби трактаттары да бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған емес. Ұлы ойшыл қай ғылыммен айналысса да, оларды жеке пән ретінде қарастыруға тырысқан. Тіл білімі жайлы жүргізген күрделі зерттеулері кесек еңбектерге ұласып, бүгінгі күнге дейін құндылығын жоймай келеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Көбесов А. Әбу Насыр әл – Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 176 б.
2. Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995. – 238 б.
3. Шәлекенов У. Құм басқан қала. – Алматы: Ғылым, 1992. – 114 б.
4. Хайруллаев М. Мировозрение Фараби и его значение в истории философии. – Ташкент: Фон, 1967. – 238 с.

**БОЛАТОВА ШЫНАР БОЛАТОВНА**
*Астана қаласы, Әл -Фараби атындағы*
*Оқушылар сарайының, қосымша білім беру педагогі*

## «БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ТӘРБИЕ»

Ұрпаққа тәрбие, кейінгіге, тәліміміз – терең адами құндылықтар: мейірім мен қайырым, адалдық пен әділдікті бойға сіңіре отырып жүргізілуге тиіс. Жас ұрпақ тәрбиесі туралы сөз бастарда шығыстың ұлы ойшылы,

ағартушы, әйгілі математик, философ, тарихшы – Әбу Насир әл- Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне зиян әкеледі.» - деген ұлағатты сөзі ойға оралады. Тәрбие – тал бесіктен басталады.Балалар біздің бауыр етіміз, қуанышымыз, үмітіміз. Баланы сәби шағынан бастап адалдық пен достыыққа көпшіл болуға, сыйластыққа, жинақылыққа, еңбекке баулып, шаруаға үйретіп өсірген дұрыс. Баланың адамдар арасындағы өзіннің орнын табуына көмектесу, өмір сүруге уйрету, олардың мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу, ата- ана тәрбиесінен бастау алып, олар мектеп табалдырығын аттағаннан кейін ұстаздармен бірлесе отырып жүргізіледі. Білім берудің басты мақсаты- жеке тұлғаны кемеліне жеткізу болса. Әл-Фарабидің, осындай мүлткісіз тұлға, эль-Фарабидің ойынша интллектуалды білімін қорытындылайтын теориялық изгілік пен рақымшылықты, адамгершілікке толы тәрбиенің кемеліне жеткен тәжірибелік изгілікті бойына сіңірген тұлға.

Білімнің кілті- тәрбие екндігіне мыны бір мысал арқылы көз жеткізңп көоейікші: Өте жақсы оқитын үздік оқушы бар. Бірақ қасындағы доына көмек бере алмайды,ата – анасын құрметтеуді білмейді, бойында кішпейілдік қарапайымдылық,адамгершілік, үлкенге құмет деген қасиеттер жоқ. Өз әлемі өзінде. Жан – жағына жанашырлығы жоқ осындай оқушы ертең ұлтқа,халыққа қандай қызмет етуі мүмкін ?.Жетістікке жету жолында да ақсап қалуы ғажап есес. Осындай қарапайым мысалдың артында «құндылық» деген ұғым тұр. Осы құндылықты жас ұрпақ бойына сіңіру үшін отбасына ата- ана , мектепте тәрбиеші – мұғалім, қоғамда достары мен ортасы бірге атсалысып,тәрбие мен білім беруді ұштастыра жүргізі керек.

Әл-Фарабидің тәрбие мен білім туралы, тәрбиенің мақсаттары, адамның мақсаты туралы ілімдерінің рухани негізі.Тек ақылды адам ғана жаңа білім ала алады. Ақыл туа біткен қасиет емес, бірақ адамға ақыл-ой қабілеті тән. «Ақылға қонымды адамды тәрбиелеу оқушыны тәрбиелеу процесінде мұғалімнің күш-жігерінің арқасында жүреді. Бұл ретте әл-Фарабидің ұсынысы бойынша білім тәрбиемен тығыз байланысты болуы тиіс. «Оқыту – бұл халықтарға теориялық қасиеттер беру.

Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы бойынша тәрбие мен тәлім, оқыту мен үйрету өзара тығыз байланыста, бірін-бірі толықтыра отырып жүргізілуі тиіс . Бақытқа жету жайында: бақытқа жеткізетін негізінен денсаулық, еңбек және білім деп түсіндірді. Әл-Фарабидің педагогикасында бақытқа жету формуласын іске асыратын адам – дана ұстаз. Ғұлама ұстаз бойында мына қасиеттердің болуын қалады: ізеттілік, даналық, асқан пайымдылық, аңғарымпаздық, шыншылдық, ар-ождан тазалығы, қанағатшылдық, тапқырлық, білгірлік, жігерлендіре білушілік, ұстамдылық, ынталылық, шеберлік, табандылық. Білім алудың басты мақсаты – жеке

тұлғаны кемеліне жеткізу болса, ал әлемде адамзаттың өмір сүруінің басты мақсаты – абсолюттік жақсылық – жоғары деңгей деп танылатын бақытқа жету. Мүлтіксіз тұлға, әл-Фарабидің ойынша, интеллектуалды білімін қорытындылайтын теориялық ізгілік пен рақымшылықты, адамгершілікке толы тәрбиенің кемеліне жеткен тәжірибелік ізгілікті бойына сіңірген адам. Бұл теориялық және тәжірибелік ізгілікті шынайы күшпен байланыстырған тұлға қоғамның басқа мүшелерінің алдында көшбасшы болады.

Қорытындылай келе әл-Фарабидің еңбектеріндегі тәрбиелік ғылыми тұжырымдарының қазіргі қоғам үшін де маңызды.Әрдайым солай болып қала бермек.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**


1. Әбу Насыр Әл-Фараби Ғылым туралы кітап Алматы – 2019
2. Сүлейменов П.М. Әл-Фарабидің білім және білімді меңгерудің маңыздылығы туралы ойлары.



**КУРГАНБАЕВА НУРГУЛЬ СУЛЕЙМЕНОВНА**
*Атырау облысы Жылыой ауданы*
*№2 жалпы орта білім беретін мектебі*
*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*


## ӘЛ - ФАРАБИ ЖӘНЕ АБАЙ ҮНДЕСТІГІ: ЕКІ ӨЛЕҢ ХАҚЫНДА


Түйінді сөздер: Әл-Фараби мен Абайдың терең ілімдері, даналықтарының түпкі негізі, ілімдерінің әлеуметтік маңызы, терең философиялық ой өрбіту, адам баласына қиындықты жеңуде мотивация, жігер, күш - қуат беру, ең арсыздың істері т.б.


XX ғасырдың II жартысында Әл-Фарабидің артына қалдырған бай мұрасын зерттеу басталғанын білеміз. Әл-Фарабидің ілімін зерттеумен айналысқан алғашқы фарабитанушы Ақжан Машановтың (Машани) есімін атауға болады. Ғалым еңбектерінде әл-Фараби мен Абайдың терең ілімдерін рухани тұрғыдан даналықтарының түпкі негізін, ілімдерінің әлеуметтік маңызын байланыстыра ашып көрсетеді. Мәселен, А.Машановтың «Әл-Фараби және Абай» еңбегінде: «Заманымыздың ойшылы М. Әуезов: «Абай нәр алған рухани үш қайнар көзі бар», - деген. Олар біріншісі - қазақ халқының көнеден келе жатқан мәдениеті мен өнері, екіншісі - орыс мәдениеті, сол арқылы келген Батыс мәдениеті, үшіншісі - Шығыс мәдениеті мен өнері. Осының біріншісі, әсіресе, үшіншісінің Абайға да, әл–Фарабиге де ортақ екендігі талас тудыра коймас» - дейді. [2]

Ұлы данышпан Абай әл-Фарабидің ілімдерімен сусындағаны ақиқат. Адамзаттың ұлы ойшылы Абай өлеңдерінің мәңгілікке тамыр тартуы, терең философиялық ой өрбітуі әлем ұстазынан тағылым алғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан екі ұлы ғұламаның екі өлеңінен рухани үндестігін ашуды жөн көрдім. Әл-Фарабидің  мектеп бағдарламасында оқытылатын «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңі мен Абайдың «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңдеріне зер сала үңіліп көрейікші. Әл-Фарабидің бұл өлеңі терең философияға құрылға:

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзіңді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,
Тіпті кейде болса да әзәзіл азғырған.
Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос, өз теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.[2]

Ғұлама аталмыш өлеңінде жағымсыз қасиеттер «алдаса да өзіңді», «әзәзіл азғырған», «достық атын малданып» жүргендерден сақ болуға шақырады. Әл-Фарабидің  адам баласына қиындықты жеңуде мотивация, жігер, күш-қуат береді. Мәселен, «тіршілікте құрыштай бол», «тағдырыңды жазғырма», «өрге жүз», «таңда адал дос», «қалма оған алданып» деп өсиет қалдыруы терең көрегенділік. Келешегін терең болжаған не еткен данышпандық.

Ал Абайдың аталмыш өлеңі - әр адамға өмірде сабақ болатын, адамгершілік ұстанымға айналған философиялық терең мәні бар туынды.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.
Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?
Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де түбін көзде,
Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме.[3]

Абай арсыз қасиеттен аулақ болуда: «Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып», «...ішіне қулық сақтап», «құмарпаз боп», «салпылдап сағым қуған» адамгершілікке жат қылықтарды мінейді. Осы жат қылықтарға қарсы «сенбе жұртқа», «өзіңе сен», «қарсы тұр, құлай берме, қызықпа, оңғаққа ерме» дейді.

Өзі алдану я біреуді алдау - адамшылықтан жұрдай, жүрегі таза емес адамның ісі. Бүгінгі өмірде осы жат қылықтардың барлығы келеңсіз көрініс тапқан.

Екі өлеңде де қолданылатын болымды-болымсыз етістіктердің, бұйрық райлы етістіктердің (бол, жазғырма, таңда, қалма, сенбе, сен, әуре етпе, қуып кетпе, қызықпа, ерме, сұңгі, көзде, тастай көрме) жекеше түрде ІІ жақта бұйыру мағынасында қолданылуы көркемдік үндестігін көрсетеді. Ұлы данышпандар болашағын осылай талап қою мен ақыл айта сақтандырады.

Екі ойшылдың философиялық ілімдерінде «алдану» сөзі қайталанады. Адам бойындағы бұл сатқындық мінез - бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Бірін – бірі сатып жіберу, қара бастың қамы үшін досын тұзаққа түсіру я өзі бірге қоса алдасу қоғамда белең алып жатқан - ең арсыздың істері.

А.Қыраубайқызы «Ежелгі дәуір әдебиеті» оқу құралында: «Түркістанның азаттығы үшін күрескен қазақ зиялысы Мұстафа Шоқай (1891 - 1941 жылы Германияда қайтыс болған) «Түркістан» атты мақаласында Әл - Фарабиді Европалық ғылыми ойдың дамуына зор үлес қосқан тұлға ретінде бағалаған» деп жазады [4].

Әл - Фараби мен Абай мұраларының үндестігін талдау, жүйелеу әлі де болса тереңірек зерттеуді қажет етеді. Ұлы ойшыл ғұламалардың жүрек тілінде үндесуі, киелі туған жерлері Отырар мен Шыңғыстауды танытып тұр емес пе?!

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Алма Қыраубайқызы. Ежелгі дәуір әдебиеті . Екінші басылым., Алматы; Мектеп,2002.53[4]

2. Әбунәсір әл-Фараби. Трактат және өлеңдер : монография / Әбунәсір әл-Фараби ; ауд. А. Нысаналин ; сый Қожакеевтен. – Алматы: Жазушы, 1974. – 40 б. [2]

3. Машанов Ақжан Әл-Фараби және Абай [Мәтін] : жинақ / А. Машанов ; [төраға, алғы сөзін жазған Ғ. М. Мұтанов ; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев]. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2020. – 6. [1].

4. https://bilim-all.kz/ [3].



**БЕГЕМАНОВА ИНДИРА ОРАЗГАЛИЕВНА**

*Қостанай қаласы*

*Қостанай индустриалды-педагогикалық колледжі,*

*қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі*


## ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҰРАЛАРЫ


Аннотация VIII ғасырдан бастап Қазақстан мұсылман әлемінің бір бөлігіне айналды. Мәдениеттердің өзара даму уақытында мұсылман әлемінде

ақын, ғалым, жазушы атанған тұтас бір топтың ішінде мол мұра жазып қалдырған ең атақты тұлға Әбу Насыр әл-Фараби болды.

Кілт сөздер: философия, логика, этика, интелектуал, математика, медицина

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Түрки – Шығыс ойшылының толық аты. Әл-Фараби түркілердің артықшылықты қабаттарынан шыққан, оның толық аты - жөніндегі «Тархан» сөзі дәлел. Көрнекті ғалым, философ, математик, музыка теоретигі Әбу Насыр Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жерінде орналасқан Фараб қаласында (қазіргі Қазақстанның Түркістан облысы, Отырар ауданы) дүниеге келген.

Әбу Насыр 20 жасына дейін өмір сүрген Фарабта ғылыми білім негіздерін алады, осы жерде сол кездегі ең бай және ең бай саналатын Отырар кітапханасының философиялық және ғылыми еңбектерімен танысуға мүмкіндік алды. кітаптар мен қолжазбалар саны жағынан әлемде әйгілі Александрия кітапханаларынан кейін екінші орында. Ересек, Бұхара, Самарқанд, Шаша (Ташкент) қалаларында болып, біраз уақыт білім алып, жұмыс істейді[1].

Әбу Насыр білімін жалғастыру үшін Араб халифатының мәдени және саяси орталығы болған Бағдадқа барады. Дәл осы жерде атақты аудармашылар мектебі жұмыс істеді. Олар Платон, Аристотель, Гален, Евклид шығармаларын аударып, оларға түсініктеме берді. Әбу Насырдың Бағдадтағы тәлімгерлері Юханна ибн Хайлан және араб тіліне көне мәтіндердің әйгілі аудармашысы Әбу Бишр Матта болды. Ғалым әл-Фараби түркі, араб, грек, парсы тілдерінің ондаған тілін, диалектілері мен диалектілерін жетік меңгергені оның еңбектерімен дәлелденген.

Әл-Фараби Аристотель, Платон және басқа да ежелгі грек философтарының еңбектерімен түпнұсқада танысуға мүмкіндік алды. 941 жылы осы уақытқа дейін атақты ғалым атанған әл-Фараби Дамаскіге қоныс аударып, өмірінің соңына дейін ғылыми жұмыстармен айналысады.

Әбу Насыр әл-Фараби – Аристотельдің (сондықтан ол «Екінші ұстаз» деген лақап атқа ие болған) және Платонның еңбектеріне түсініктемелердің авторы. Әл-Фараби Аристотельдің «Категория», «Герменевтика», «Софистика», «Риторика», «Логика» және «Поэтика» сияқты еңбектеріне, сондай-ақ Порфирий және басқа да ойшылдардың «Философияға кіріспе» шығармаларына түсініктемелер жазған. Фарабидің төл шығармаларының ішінде ең танымал трактаттары «Даналық інжу – маржандары», «Ізгілік қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Философиялық трактаттар» және «Музыканың үлкен кітабы»[2].

Еуропада қазірдің өзінде XII-XIII ғасырларда әл-Фараби шығармалары латын және иврит тілдеріне аударыла бастады. 1930-1932 жылдары Парижде

француз ғалымы барон Рудольф д' Эрланжер жүргізген «Музыканың үлкен кітабының» бірінші бөлімінің француз тіліне аудармасы жарық көрді.

Әл-Фарабидің пайымдауынша, ең үлкен жақсылық пен ең жоғары кемелдікке кемелдіктің төменгі деңгейінде тұрған қоғам емес, ең алдымен қала қол жеткізе алады. Соңғы әл-Фараби ауылды, ауданды, көшені, үйді қарастырады. Бұл жүйе әл-Фараби қатаң логикалық жүйелілікпен тұрғызған кемел қоғамды білдіреді және жалпы және жеке ұғымдарының арақатынасына негізделген ғалымның логикалық ойлауының нәтижесі болып табылады [4].

Демек, әл-Фараби қоғамының ең кемел формасы – қала. Ол қала терминін қазіргі мағынадағы қаланы, әкімшілік-аумақтық бөлініс бірлігі ретінде бейнелеу үшін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік және әлеуметтік топтарға қатысты да қолданады.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық ілімінде ізгі қала идеясы маңызды орын алады. Ізгілік, әл-Фараби бойынша, ең жақсы адамгершілік қасиеттер. Әл-Фарабидің ізгі қасиеттері этикалық және интеллектуалдық болып екіге бөлінеді. Ол байсалдылықты, батылдықты, жомарттық пен әділдікті этикалық қасиет, ал даналық, зерделілік пен тапқырлықты интеллектуалдық қасиет деп біледі. Олай болса, әл-Фараби этикасының ең маңызды тұстары: шынайы бақыт – осы қасиеттердің барлығына ие болу. Оның үстіне ізгі адамдарды жаратылысынан азат дейді [3].

Осы орайда әл-Фарабидің адамдарды пайымдау мен темпераментке қарай үш түрге бөлу туралы ой толғауы қызық. Бірінші түрі – табиғаты бойынша еркін адамдар. Олар ақылды және шешуші. Екінші түрі – осы екі қасиетке ие болмаған адамдарды әл-Фараби арсыз деп атайды. Үшінші түрі – табиғатынан құлдар, олар ақылды, бірақ шешімділігі жоқ. Табиғаттан азат адамдар нағыз бақытты, деп қорытады әл-Фараби. Әл-Фараби ізгілікті қаланы «адамдардың шынайы бақытқа қол жеткізген жағдайда өзара көмек көрсетуге бағытталған бірігуі қала» деп анықтама береді. Дәл осы ынтымақтастық ізгі қаланың шынайы бақытына жету үшін өзін барлық басқа адамдар қауымдастарынан ерекшелендіреді. Өзін-өзі оқшаулау және жалғыздық адамды бақытты ете алмайды. Әл-Фараби әділдікті ізгі қаланың басты ұстанымы деп санаған. Бұл мемлекеттің әрбір азаматы сот төрелігі арнайы сессия мен ерекше жағдайды арнайды. Әдепті қаладағы әділдік билігі мемлекеттің неғұрлым алуан түрлі және біркелкі бөліктерін тұтастай біріктіреді.

Әл-Фараби есімі әлемдік ғылым мен мәдениет тарихында берік орын алды. Оның еуропалық қайта өрлеу дәуіріне үлкен ықпал еткен шығармалары Батыс пен Шығыс мәдениеті мен философиясын жақындастыруға байланыстырушы көпір болды [4].

Қазақстанда Әл-Фараби мұрасын зерттеу мәселелері XX ғасырдың екінші жартысында қолға алынды. Сонымен, 1960 жылы 15 қазанда Ғалым

Ақжан Машанов (Машани) Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті, академик Қ.И. Сәтбаев Әл-Фараби мұрасын зерттеп, оның еңбектерін аударып жүрген ел ғалымдарының «Ұлы әл-Фараби – біздің жерлесіміз, бірақ ол туралы білетініміз аз...» деген ойларын қолдауды сұрады. Фарабитану ғылымына философ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент - мүшесі, ҚазҰУ жанындағы әл-Фараби ғылыми орталығының негізін қалаушы А.Х. Қасымжанов; араб тілін меңгерген атақты математик, математикадан докторлық диссертация қорғаған Әл-Фараби Ә.Көбесов; академик, философ М.Бурабаев; қазақтың белгілі жазушысы Ә.Әлімжанов. 1970 жылы Ақжан Машани мен Ағын Қасымжановтың 1100 жылдығына орай ЮНЕСКО және Қазақ КСР Үкіметінің қолдауымен Алматы, Мәскеу және Бағдад қалаларында бір мезгілде Әл-Фараби мұрасы бойынша өткен халықаралық конференция айтулы оқиға болды [5].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін әл-Фараби мұрасын зерделеу қарқыны арта түсті. 1991 жылдың 23 қазанынан бастап Қазақ ұлттық университеті әл-Фараби есімімен атала бастады. 2010 жылы Парижде ЮНЕСКО-ның қолдауымен «Әл-Фараби және европалық ренессанс» атты халықаралық дөңгелек үстел өтті, оған әлемнің 20 елінен фарабитанушы ғалымдар, оның ішінде қазақстандық ғалымдар да қатысты.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Сатыбекова С.К. Гуманизм Аль-Фараби. - Алма-Ата, 1975. - 136-138.
2. Аль-Фараби. Книга достижения счастья. - Хайдарабад, 1926. - 44-46.
3. Лолита Сафронова. Источник: http://shkolazhizni.ru/archive/0/n-26980/
4. Жолмухамедова Н. В поисках совершенного: Аль-Фараби и Ибн Сина. - Алматы, 2014 .-- 181.
5.Дербисалиев А. Эстетика Аль-Фараби. - Алматы, 1980.- 36.



**ЖУЗБАЕВА ГУЛДАНА ЖАНГАЛИЕВНА**
*Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы*
*балалар өнер мектебі*
*қосымша білім беру педагогі*


## ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ


Бұл мақалада әл-Фараби әлемге ашық және оның рухани құндылықтары әмбебап екендігі қарастырылған. Әл-Фараби әдеби мұрасының бірегейлігі оның философиялық жүйе құруында ғана емес, сонымен қатар оның әдеби мұрасында тұжырымдалғандығында екендігі көрсетілген.

*Түйінді сөздер:* Әл-Фараби, әдеби мұра, ғылым, философия.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-философиялық жүйесі Шығыстың рухани мәдениетінде ерекше орын алады, ал оның әдеби мұрасы ерекше үлкен және алуан түрлі. Оған мұсылман Шығысында ғана емес, бүкіл әлемде кеңінен танымал болған көптеген еңбектер дәлел бола алады. Әл-Фараби сол кездегі этика, саясат, жаратылыстану, психология, эстетика, логика сияқты белгілі білім салаларын зерттеп, салыстырды. Адамгершілік, гуманизм мәселелеріне ерекше мән берді, оны адамның бақытқа жетуінің негізі деп санады. Ғалым энциклопедистің әлеуметтік, этикалық, философиялық көзқарастарының қалыптасуына, ең алдымен, Орта Азия халықтарының, Орта және Таяу Шығыс елдерінің өзіндік және өзіндік мәдениеті, Ежелгі грек философиясы, атап айтқанда Аристотель мұрасы, сондай-ақ сол кезеңдегі идеологиялар үлкен әсер етті. Тәуелсіз және өзіндік философиялық ойлауы бар ғалым бүкіл энциклопедиялық жүйені құрды.

Әл-Фараби әдеби мұрасының бірегейлігі оның мұқият ойластырылған философиялық жүйе құруында ғана емес, сонымен қатар оның қоғамдық - саяси еңбектерінде саяси философияның негізгі ережелері мен қағидаларының нақты тұжырымдалғандығында. Ойшыл мұсылмандық саяси, құқықтық және экономикалық ой-пікірлердің негізін салушылардың бірі болып саналады. Әл-Фарабидің саяси философиясын зерттеу посткеңестік елдердің жүйелік трансформациясы жағдайында, демократиялық қайта құруларды жүзеге асыру, құқықтық мемлекеттің қалыптасуы, қоғамды үйлестіру мен тұрақтандыруға ұмтылу кезінде ерекше өзектілікке ие болады. Әл-Фарабидің саясат пен құқық, мемлекет пен билік, бостандық пен бақыт, адамдар арасындағы өзара көмек пен ынтымақтастықтың қажеттілігі туралы ілімі, ғылымды түсінуге және адам мен қоғамның интеллектуалдық және адамгершілік кемелденуіне шақыруы қазіргі таңда жаңаруда.

Әл-Фараби шығармашылығында жаратылыстану ғылымдары, әсіресе медицина маңызды орын алады. Ежелгі және ортағасырлық ойшылдар медицинаның әрі ғылым, әрі өнер, ал дәрігер қолөнерші емес, ғылыми - техникалық дайындықпен қатар еңбекке шығармашылық қатынасы бар ерекше кәсіптің өкілі деген мәңгілік өзекті идеяны білдірді. Олар білімнің, ізгілік пен сұлулықтың бірлігі ретінде тұжырымдаған дәрігерлік тәжірибе әлі күнге дейін өз маңызын сақтап келеді [2].

Айта кету керек, әл-Фараби әртүрлі мәдени дәстүрлерді жақындастырған ойшыл ғана емес, ғылым реформаторының талантымен ол өз заманының білімін жүйелеуге тырысты. Бұл оның Орта ғасырлардағы энциклопедияның бір түрі деп аталатын «Ғылымдардың жіктелуі туралы» трактатында көрініс тапты. Онда ойшыл өз дәуіріндегі барлық ғылымдарды қатаң тәртіпте тізіп, әрқайсысының зерттеу тақырыбын анықтады.

Әл-Фараби өзін педагогиканың реформаторы ретінде танытып, білімді қалың бұқараға жеткізуге, тәлім-тәрбиені адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді дамытумен ұштастыруға ұмтылды. Ол шығыс философиялық дәстүрін ұстанады, оған сәйкес ғылыми парасаттылық рухани ұстанымнан, адамгершіліктің қайнар бұлағынан ажырамауы керек. Оның рухани - адамгершілік құрамдас бөлікті оқу-тәрбие үрдісінде жүзеге асыруды көздейтін және жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін үйлесімді білім беру қажеттілігі туралы ойлары бүгінгі таңда өте өзекті.

Әл-Фарабидің гносеологиялық көзқарастарына тән рационализм оның этикасы мен әлеуметтік философиясында да көрінеді. Оның әлеуметтік және этикалық трактаттары үлкен қызығушылық тудырады. Бұл жерде әл-Фарабидің негізгі және ең жетілген шығармаларының бірі – «Ізгілік қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактаты» ерекше атап өту керек. Бұл трактат Шығыста ғана емес, Батыс Еуропада да кеңінен танымал болды. Бұл ойшылдың әлемге, қоғамға және адамға деген көзқарасының жүйелі түрде баяндалуы.

Антикалық ойшылдардың әлеуметтік-саяси және этикалық идеяларына сүйене отырып, Ежелгі Шығыстың әлеуметтік идеяларын пайдалана отырып, әл-Фараби идеалды қоғамдық құрылымның өзіндік тұжырымдамасын жасады. Ол ізгілік, парасаттылық, сұлулық және махаббат принциптеріне сәйкес келетін идеалды қоғамды армандайды. «Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» эссесінде ойшыл ақылға қонымды принциптерге (жалпы әл-ауқат қоғамы - қазіргі терминологияда) құрылған үйлесімді шоғырланған қоғамның идеалды үлгісін жасауға тырысты. Мұнда ол тамаша қаланың макетін және оның сәулеттік келбетін салық салу мен сот ісін жүргізу жүйесіне дейін дерлік барлығын зерттеді [1].

Әл-Фарабидің әдеби мұрасын талдау оның тағы бір қырын – ұлы ойшылдың музыкалық - эстетикалық көзқарастарын қозғамау мүмкін емес. Оның әдеби мұрасында көркем мәдениеттің сан алуан түрлері мен жанрларында бейнеленген дүниені эстетикалық тану, сұлулықтың табиғаты мен мәнін түсіну, көркем образдар арқылы көрініс табады. Ойшылдың эстетикалық көзқарастары онтологиямен, бүкіл философиялық жүйемен тығыз байланысты. Оларды дүние мен адамның жалпы жүйесінің перспективаларының бірі ретінде қарастыруға болады. Өйткені араб - мұсылман философиясының ортағасырлық кезеңі үшін эстетиканы дербес атауды қажет ететін жеке ғылым ретінде (математика, логика, метафизика және т.б. сияқты) ажырату әлі тән емес еді. Әл-Фарабидің эстетикалық көзқарастарында әдемілік пен асқақ туралы, ізгілік пен үйлесімділік туралы, кемелдік пен адамның рухани жолы туралы, адам бойындағы сұлулықты тәрбиелеу туралы т.б. идеялар дамыды [3].

Әл-Фараби данышпан ретінде ол әлемге ашық және оның рухани құндылықтары әмбебап және барлық адамдарға арналған. Әл-Фараби руханилығы саяси және этникалық шекарадан шығып, жалпыадамзаттық руханият деңгейіне дейін кеңейеді. Ол жалпыадамзаттық құндылық мазмұнын қамтығандықтан мәңгілік. Ол адамзатты біртұтас, бір үлкен отбасы ретінде қабылдайды. Сондықтан да ол дүниежүзілік тарихқа дарындылығы толық ашыла алмайтын бірегей, әмбебап және тұтас тұлға ретінде енді.

Әл-Фарабидің көптеген ойлары мен идеялары біздің заманымызбен үндесіп, өзектілігі мен құндылығын жойған жоқ, олар адамзаттың кемелдік биігіне деген жалпыадамзаттық ұмтылысын білдіреді, бізді жасампаздыққа, жақсылық жасауға, бақытқа ұмтылуға шақырады. Әл-Фарабидің философиялық және ғылыми трактаттарын зерделей отырып, әр кезде болмыс пен ондағы адамның орнын түсінуімізде жаңа нәрсе ашамыз. Оның философиялық мұрасы тереңірек зерттеп, түсінуді қажет ететіні сөзсіз. Әл-Фарабидің рухани және әдеби мұрасымен танысуымыз бізді кемелдікке, рухани жаңғыруға ұмтылуға шақырады. Әл-Фарабидің әдеби мұрасын мұқият сақтау, зерделеп, кеңінен насихаттау, жаңа тарихи жағдайларда дамыту – бүгінгі күннің маңызды міндеті.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. Алма-Ата. Наука, 1987, с. 496.

2. Жолмухамедова Н. В поисках совершенного: Аль-Фараби и Ибн Сина. - Алматы, 2014. -- 181.

3. Кныш А. Д. Борьба идей в средневековом исламе: теология и философия. Ишрак: ежегодник исламской философии. М., 2011, № 2, с. 460–501.

**БИСЕНОВА ЗУЛЬФАТ СЕРИКБАЕВНА**
*Атырау облысы*
*«Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектеп» КММ*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

## ТӘРБИЕ НЕГІЗІ-ҒЫЛЫМ, ДАНАЛЫҚ НЕГІЗІ-БІЛІМ

*«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне опат әкеледі.». Әбу Насыр әл-Фараби*

Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі-қазақ халқы. Халқымыздың сан ғасырдан бері атадан балаға өлмес мирас , өмірлік мұра болып келе жатқан

ұлттық дәстүр , тұрмыс – салт , баланы бағып қағу, оны өсіріп - өндіру, өнегелі азамат етіп шығару жөніндегі жинақталған тәжірибесі, өзіндік тәрбие мектебі бар. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, әр кезеңнің заман талабына сай өзгеріп, қорланып, бай тәжірибесімен жан-жақты дами отырып кемеліне келіп, толысып отырады.

Бүгінгі күннің талабына сай жеке тұлға қалыптастыруда, әр оқушының қабілетін танып, дамытып, шыңдауда ұлттық мәдениетті, ұлттық педагогиканы, халқымыздың асыл мұрасын пайдалану арқылы намысты, имандылық пен ізгілікті, рухани байлықты қастерлейтін азамат тәрбиелеудің маңызы зор болып табылады. Жан–жақты жетілген, ақыл парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр халықтың салт – дәстүрінен дамуындағы бағалы байлықтың нәрін біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Халықтың жазбаша жазылмаған, бірақ ұрпақ есінде мәңгілікке сақталып, бір ұрпақтан бір ұрпаққа ауызша жалғасып келген нақыл – өсиет, өнеге қағида болып таралып келген тәлім – тәрбие тағылымының бай мұрасы бар. Ол халықтық педагогика деп аталады. Халықтық педагогика отбасылық тәрбиеден басталып, ел–жұрт, ауыл–аймақ, тіпті бүкіл халықтық қарым-қатынастан берік орын алған тәлім–тәрбиенің түрі. Ендеше халық педагогикасы қоғам дамуының барлық сатыларынан өтіп, тәжірибеде жүйеленіп, ғылыми педагогикалық дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі, алтын діңгегі болып келгені даусыз.

Бүгінгі таңда мектептегі оқып жатқан жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелейтін тағылымды тәлім – ұлттық рухта тәрбиелеу мен оқыту. Білім алушыларды әдебиетіміздің көрнекті тұлғаларының көркем шығармаларын оқыта отырып тәрбиелей аламыз. Сонымен қатар , ежелгі дәуір әдебиетінің көрнекті өкілдерінің ғибратқа толы шығармалары да тәрбиенің қайнар көзі болып табылады.

Ежелгі дәуір әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқан, Аристотельден кейінгі дүниежүзілік мәдениет пен білімнің екінші ұстазы атанған данышпан, философ, энциклопедист-ғалым, әдебиетші, өз дәуірінің көрнекті ақыны, ислам дәуірі әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан ғұлама - Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармаларында ерекше атап өтуге болады.

Ол өзі өмір сүрген орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл - парасаттың толысуын, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап айтты. Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға, білім беру саласына жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол парасаттылық пен ағартушылықты, білімпаздық пен ізденімпаздықты жақтаған үлкен гуманист. Ол бірнеше ғылым салаларын қамтитын 150-ге тарта трактаттар жазған.Ұлы ғұлама әл-Фарабидің шығармалары мектеп бағдарламасында қамтылған. Мысалы, 6-

сыныпта қазақ әдебиеті пәні бойынша «Туған жерім - аялы алтын бесігім» бөлімінде Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қашықтасың туған жер» және «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» деген өлеңдері берілген.

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзіңді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма
Тіпті кейде болса да әзәзіл азғырған.
Өрге жүзген өнегелі ісімен
Таңда адал дос  өз теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.

Білім алушылар ақын шығармасымен таныса отырып, өлеңнің идеясын анықтайды. Берілген өлеңмен «Сұраққа жетіп ал» және «Сен білесің бе?» әдісі бойынша жұмыс жасатуға болады. Оқушыларға «Берілген өлеңде адамның қандай болу керектігі айтылған? Шығармадан дәлел келтіріңіз» деген сұрақ пен тапсырма беріледі. Білім алушылар сұраққа жауап бере отырып, шығармадан дәлел  келтіре отырып, өз пікірлерін айтады .«Сұраққа жетіп ал» әдісі - әдеби шығарманы талдаудағы ұтымды әдістердің бірі деп санаймын. Ал, осы әдістің тиімділігіне келетін болсам, оқушының өз бетінше жұмыс жасау дағдысы қалыптасып, сұрақ қою дағдылары дамиды. Білім алушы өз бетінше ойлап, ақпаратты меңгере алады. Шығармаға сұрақ қояды, тұжырымдайды. Сыныптастарының жауаптарын ықылас қойып тыңдайды және оларға сұрақтар қояды. Таным әрекеті үрдісінде қарым - қатынас шеберлігі дамиды. Шығарманы оқып талдаған соң, сабақ соңында «Аяқталмаған сөйлем» әдісін пайдалана отырып, «Өрге жүзген өнегелі ісімен», «Таңда адал дос, өз теңіңнің ішінен» деген әл-Фарабидің ойын өз ойларымен толықтырып жазу жұмысын тапсырдым.

А. есімді оқушымның жұмысы: «Ақын өлеңінде адал досты өз қатарластарыңның ішінен таңда делінген, шынымен де әр адам өзінің адал досымен ғана үлкен табыстарға жетеді. Сондықтан да дос таңдауда қателеспеген жөн деп білемін»

Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында әл-Фараби туралы аңыздардан «Әл-Фарабидің жауабы» деген мәтін беріледі.

Әл-Фарабидің жауабы: «Бір күні әлде кім Әбу Насыр әл-Фарабиге тамаша болып толыса піскен алманы көрсетіп, сауал қойыпты: «Осы алманың бітім - болмысындағы жақсы қасиет не? Түсі ме, шырыны ма, дәмі ме, әлде бітімі ме?» Сонда әл-Фараби: «Бәрінен де оның ұрығы тамаша. Өйткені, осы алманың өзі сол ұрықтан өсіп шыққан және одан бүкіл бақ пайда болды ғой!» – деп жауап берген екен».

Оқушыларға бұл тапсырманы орындатуда «Сыр сандық» әдісін қолдандым. Оқушылар мәтін бойынша есте қалған 10 сөзді және осы мәтін туралы өзіндік пікірлерін жазады. (Ж. есімді оқушымның жұмысы)

**Есімде қалған 10**

*Алма, сауал, бітімі, болмысы, қасиет, түсі, дәмі,шырын, ұрық, бақ.*

***Өзіндік пікірім***

*Мен Әл-Фарабидің пікірімен келісемін.Себебі, еккен жемісіңнің тұқымы сапалы болған дұрыс, сонда ғана біз мол өнім аламыз. Мен бұл пікірді тәрбиемен де байланыстырғым келеді. Отбасында жақсы тәрбие алған адам өзі де жақсы болады дегім келеді*

Сонымен қоса, оқушылар осы мәтінді оқи отырып, әл-Фарабидің жауабына қатысты өздерінің ойларын білдіріп, пікірталасқа түсті. Әл-Фарабидің үлгі – өнегеге толы шығармалары арқылы бала тәрбиесінде үлкен нәтижеге қол жеткізе аламыз. Әл-Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды яғни, ұстаздық ететін адамды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша, тәрбиеші адам, қазіргі мұғалім - «мәңгі нұрдың қызметшісі». Мәңгі нұрдың қызметшісіне айналған ұстаздар қауымы үшін, бала тәрбиесі ең жауапты міндет. Әрбір ұстаз үшін оның әр сабағы тәлім - тәрбиенің негізі болып табылады. Адамзат баласы қалай тәрбиеленсе, солай әрекет ететіні мәлім. Сондықтан да ғасырлар қойнауынан сараланып келген іс-тәжірибенің жиынтығы – халық даналығын және ұлы ғұлама әл-Фарабидің шығармаларын отбасы мен балабақшадан бастап, мектеп, яғни білім ордаларында жалғасатын оқу - тәрбие үрдісінде орынды пайдалансақ, нұр үстіне нұр болар еді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Айджанова З.Ж. «Этнопедагогика» оқу құралы.-Ақтау. 2010[3- бет]
2. С.Кенжеахметұлы. «Жеті қазына»1-кітап.-Алматы. 2007 [81- бет]
3. «Қазақстан мектебі» №7.2000 ж
4. Қазақ әдебиеті оқулығы. С.Ч.Тұрсынғалиева, Р.Зайкенова.-Астана. 2018[49 - бет].



**БОКУШЕВА ГУЛЬМИРА ЖУМАГАЛИЕВНА**
*Астана қаласы Тәттімбет атындағы*
*№1 Өнер мектебі, қосымша білім беру педагогі*


## АЛЬ-ФАРАБИ И ЕГО ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ

В данной статье рассматривается значимость литературного наследие Абу Насыр аль-Фараби, известного на протяжении всей страны, в какой бы области деятельности он не занимался. Тема образования, чтения и знания является одной из основных в трудах аль-Фараби. Он призывал к поиску знания, развитию умственных способностей и нравственности через образование и литературу. Также в статье отмечается, что национальные ценности играют важную роль в развитии духовной сферы нашей нации, полноценном формировании национальной идентичности.

*Ключевые слова*: достижение; литературное наследие; национальные ценности; развитие духовной сферы; национальность; идентичность; чтение и знание; образование;

Великий мыслитель Востока Абу Насир аль-Фараби родился в 870 году в городе Фараб. Великий ученый, всемирно известный мыслитель, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, музыкальный исследователь. Разработал теорию об универсальных ценностях, которые могут быть общими для различных культур и религий.

Внес значительный вклад в развитие музыкальной теории. Он считал музыку не только средством развлечения, но и мощным инструментом для формирования нравственности и гармонии общества. Был известен своей огромной эрудицией и глубоким пониманием различных учений. Его работы были переведены на множество языков и стали важными источниками для европейской философии в Средние века. В итоге, аль-Фараби заслуженно получил почетное звание «Второго учителя после Аристотеля» за свой вклад в различные области знания и особенно за соединение греческой философии с исламской культурой. Его идеи и труды продолжают оказывать влияние на современную мысль, и он остается одной из наиболее знаменитых и выдающихся фигур в истории философии.[1]

Работы аль - Фараби были важным вкладом в развитие литературы и поэзии. В них он исследует принципы поэтики и стихосложения, а также рассматривает различные жанры и стили в литературе. Он также обращается к вопросам риторики и дебатов в литературе, анализируя их влияние на художественное творчество.

В работе «Большая книга объяснений «риторике» Аристотеля» аль-Фараби проводит детальный анализ риторики и указывает на ее важность в создании красивой и эффективной речи. Он также обсуждает вопросы этики и морали в литературе, утверждая, что хорошая литература должна быть морально возвышенной.

В трудах о логике и происхождении наук аль-Фараби раскрывает свои идеи о том, как логика и рациональное мышление влияют на литературу и поэзию. Он утверждает, что литература должна быть основана на логических принципах и стремиться к истине и знанию. Кроме того, он предлагает

классификацию наук, включая и литературу, и объясняет их взаимосвязь и влияние друг на друга.

Одно из стихотворений аль-Фараби в жанре лирики называется «Қашықтасың туған жер», что можно перевести как «Далекая родина». Это стихотворение отражает сложный период, в котором жил Фараби. В это время тюркская степь с ее богатой историей, культурой и передовыми традициями сталкивалась с влиянием ислама, что привело к слиянию тюркской, арабской и персидской культур. В стихотворении автор, возможно, выражает свои мысли и чувства относительно этой ситуации, включая страх потерять свою идентичность или желание сохранить свои национальные ценности и унаследованную культуру.

Его жизненная позиция была сформирована под влиянием этих факторов. Он усвоил знания и опыт различных культур и научных традиций своего времени. Благодаря этому Фараби стал глубоким знатоком не только арабской и персидской науки, но и греческой, латинской и санскритской. Он умел соединять и совмещать разные подходы и идеи, что дало ему возможность развивать собственные теории и концепции. Он постигал глубины философии, литературы и искусства своего времени, особенно классической греческой философии, и старался усовершенствовать свои знания и навыки [1,1-10].

Эти факторы имели огромное влияние на его жизненную позицию и его стремление к поиску пути науки и образования. Он видел, что знания и образование - ключевые инструменты для понимания мира и самосовершенствования.

Таким образом, влияние факторов, таких как многоязычие, межкультурный обмен, культурная атмосфера, сформировали жизненную позицию Фараби, стимулирующую его к постоянному поиску знаний и развитию науки и образования.

Фараби, известный арабский философ и мыслитель, был известен своей способностью общаться и обмениваться идеями с другими учеными своего времени. Он проводил беседы со знаменитыми умами, такими как Авиценна и Аль-Фаразда, а также с владельцами искусства и знатоками слов.

Он осознавал, что сложные проблемы, которые не были решены в науке своей эпохи, могут быть разрешены только через взаимодействие и обмен идеями с другими учеными. Направил свои поиски в неизведанные области и стремился найти ответы на вопросы, которые еще не имели определенных решений.

Фараби также придавал большое значение литературной коммуникации и считал ее ключевым инструментом для Сближения культур разных народов. Он верил, что через обмен литературными произведениями и

идеями люди могут лучше понять друг друга и найти общие точки соприкосновения.

Этот обмен, по мнению Фараби, приводит к процветанию духовной культуры. Он считал, что культурное разнообразие - не преграда, а богатство, которое может быть использовано для расширения наших понимания и обогащения наших жизней. Призывал к активным литературным коммуникациям и обмену идеями с другими учеными и мыслителями, чтобы продвинуть науку и обогатить духовную культуру. Согласно ученому Н. И. Конраду, взаимодействие с литературой других народов является одним из факторов роста и развития национальной литературы. Любая литература состоит из двух компонентов - оригинальных произведений, родившихся в самой стране, и входных произведений из других стран. [2]

Роль литературной связи лежит в основе таких миров. Это можно понять, ознакомившись с оригиналами литературных произведений, насыщение их национальным языком и через их переводы, а также через восприятие писателем другой страны содержания и мотивов произведений народного писателя. Благодаря таким факторам литературный мир одной страны становится собственностью другой.

**Использованная литература:**


1. Аль-Фараби. Философские трактаты, Алматы, 1972
2. Конрад Н. И. Запад и Восток. — Москва: Наука, 1972. — 496 б.
3. Сатыбекова С.К. Гуманизм аль-Фараби. - Алма-Ата, 1975 .- 136-138.



**ШАДЖАБАЕВА ЭЛЬМИРА КАДЕРБАЕВНА**

*Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы*
*«Әл-Фараби атындағы орта мектеп» КММ,*
*қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*


## ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

*«Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту» Әл-Фараби*

Мақсаты: Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың ғылымға, білімге, адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттерге, мінез бен ақыл - парасаттылыққа байланысты айтылған нақыл сөздері өте көп. Бұл нақыл сөздердің жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы орасан зор екенін ұғындырып, патриоттық тәрбие беру. Фарабидің нақыл сөздеріне тоқталып өтсем.

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді. Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек -

мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіп құмарлыққа ұқсас әрекет ондай болмасқа керек. Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу. Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу. Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез - құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады. Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту. Өзгенің пікірін иемденіп кету – надандық һәм ниеті қара адамға лайық іс. Ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр - сырын ұғуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың ара жігін ашуына көмектесетін күш. Адамның тәндік жаратылысының дамуының негізгі көрсеткіш – денінің саулығы. Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымына қолы жетпейді. Аты - - жөні: Әбу Насыр Мұхаммед ибн Узлағ тархан әл-Фараби (870-950) Мансабы: Ойшыл, философ, әлеуметтанушы, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логик, музыка зерттеушісі түркі халықтарынан шыққан тұңғыш ірі энциклопедист ғалым. Дүниеге келген жері: қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы. Шәуілдір елді мекенінің маңында Отырар қаласы. Отырарды арабтар «Фараб» деп атаған. Үш тілге де жетік болған. Білім іздеп көп жерді аралаған. Хорасан, Шам, Аллепа, Мысыр елдерін аралап, білім алып, өз өмірінің көп уақытын сол кездегі Араб халифатының саяси әрі мәдени орталығы Бағдатта өткізеді. Грек, латын, санскрит тілдерін білген. Оның абырой–беделін көре алмаған кертартпа топтар, күндеп Бағдат қаласынан кетуге мәжбүр болды. Фараби Аристотельдің, Әл-Киндидің ізін қуып, философия мен ғылымның барлық салалары бойынша үлкен жетістіктерге жетеді. Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш.Штейщнейдер 117 еңбек десе, түркі ғалымы А.Атеш - 160, ал тәжік ғалымы Б.Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді. Еңбектері: «Ғылымдардың шығуы», Ғылымдар энциоклопедиясы немесе тізбегі», «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Музыканың үлкен кітабы», «Философияны аңсап үйрену үшін алдын ала не білу қажеттігі жайлы», «Ақылдың мәні туралы», «Әлеуметтік – этникалық трактаттар», «Философиялық трактаттар» т.б. Шәкірттері: Әбу Әли ибн Сина, Беруни, Бозжани, Омар Һаям. Әл-Фараби 950 жылы 80 жасында қайтыс болды. Бейіті - Сирия жеріндегі Баб Әс-Сағир зиратында. Дәл осылай өміріне талдайтын болсақ, меңгерген ілімі мол екеніне көз жеткізе аламыз. Әл-Фараби - психолог. Біріншіден, әл-Фараби антикалық заман мен исламды өзара жақындастыра синтез жасап, жаңа бір мәдениеттің өркендеуіне жол ашты. Екіншіден Әл-Фараби грек ойшылдарының асыл мұрасын жаңғыртты. Сөйтіп

шығыста үлкен қозғалыс жаңа бағыттар бастады. Әл-Фараби әдебиет теориясымен де жан - жақты шұғылданған ғалым. Әдебиет теориясы бойынша көптеген зерттеулер жазған. Әл-Фарабидің өлең құрылысын зерттеуге арналған «Өлең және ұйқас туралы сөз», «Өлең ырғағы туралы» т.б еңбектері бар. Әдебиет саласы бойынша Фарабидін бізге толық күйінде жеткен екі зерттеуі ерекше назар аударады. Олардың бірі – «Өлең өнері» деп аталады. Бұл еңбек негізінен араб поэзиясының теориялық мәселеріне арналған. Екіншісі- «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» деп аталатын еңбегі. Мұнда Фараби грек поэзиясының жанрларына, терминдеріне талдау жасаған. Әл-Фараби - философ. Әл–Фараби өлеңдерінің негізгі тақырыбы - өмірдің мән – мағынасы туралы толғау, оқу мен білімді мадақтау , адамгершілікке шақыру. Фарабидің «Ақылдың мәні» туралы трактат, «Данышпандықтың інжу маржаны», «Ғылымдардың шығуы», «Философияны оқу үшін ең алдымен нені білу керек», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» сияқты зерттеулері оның есімін әлемге философ ретінде танытты. Әл - Фарабидің лирика жанрында жазған өлеңдерінің бірі: «Қашықтасың туған жер» әл - Фарабидің әлеуметтік – қоғамдық, және этикалық көзқарастарын танытатын туындылары да аз емес. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, әсіресе «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жол сілтеу», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» деген сияқты еңбектерінің мәні ерекше зор.

Әл-Фараби - ірілі-ұсақты 150-ге жуық ғылыми еңбек қалдырған данышпан. Ол:

- музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді;
- математикада үлкен жаңалықтар ашты;
- астрономия жайлы үлкен еңбектер қалдырды, · физика ғылымын жаңа идеялармен байытты;
- медицина, химия, минерология, жаратылыстану ғылымдары бойынша еңбектер жазды.

Әл-Фараби – математик. Әбу Насыр әл-Фараби математиканы жеті тарауға бөледі (арифметика, геометрия, оптика, астрономия, музыка, статика, механика. Әл-Фарабидің математикалық идеяларын, мұраларын Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Әбу Райхан Бируни, Омар Һайям сияқты шығыс ғұламаларымен қатар Роджер Бэкон, Леонардо да Винчи тәрізді Еуропа ғалымдары да көп пайдаланған. Математиканы архитектура, жер өлшеу, астрономия және музыкаға шебер пайдаланудың үлгісін көрсеткен. Әл-Фараби және медицина. «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес», - деп адам ағзасы мүшелерінің қызметін де айқындап берген. Медицина саласында Бағдат дәрігерлері оны өздерінің басшысы деп санаса, кейін медицинаның атасы атанған Әбу Әли ибн Сина (Авиценна) өзін оның шәкіртімін деп есептеген. Әл - Фараби: «Медицинаның міндеті - тек адам

ауруларының себептерін анықтап қоймай, адамның денсаулығын сақтау жолдарын, ауруды жою жағын да зерттейді» - деп көрсеткен. Медицина бойынша жазған ең күрделі шығармасының бірі: «Медицина каноны» Әл-Фараби және музыка. Музыканың теориясы мен тарихы жөніндегі зерттеулерінде Әл-Фараби көптеген ойшылдардан асып түсті. Араб музыкасын, жалпы тарихын жазған белгілі ғалым Г.Фармер: «Барлық ғылымдар саласында Әл-Фараби- екінші ұстаз». Ал музыка саласын алатын болсақ, Әл-Фараби бас король болып табылады. Басқаша айтқанда, музыка саласында Әл-Фарабиге үлгі боларлық, бірінші ұстаз боларлық адам болмаған», - дейді. Әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітабы» - музыка өнері жайында толық білім беретін қайнар көз. «Музыканың ұлы кітабы» — Әл-Фарабиді әлемге танытқан, музыка теориясына арналған шығармаларының бірі. Оқырман бұл кітаптан музыкалық өнердің тәжірибесі және теориясы туралы пайдалы білімдерді табады. Ғұлама бұл еңбекте математикалық тәсілдер пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге әкелген. Қазір музыкада жеті нота болса, Әл-Фарабидің еңбегінде нота саны - 5. Сол бес нотаны әлі күнге дейін ешкім тапқан жоқ. Музыканың емдік қасиетін, жағымды әсерін жан – жақты дәлелдеді, сондай-ақ оның тәрбиелік мәні зор екенін баса айтты. Ол музыка теориясын жазып қана қойған жоқ, ол музыкалық аспаптарды да қолдан жасап, сол аспаптарда керемет ойнай да білген. Әл-Фарабидің ойлап тапқан аспаптарынын бірі - «канун» деп аталады. Цитраға ұқсас құрал да шығарған. Оған интервал бөлімдерін өлшеп, әуендердің кемел түрін анықтайтын кескіндері бар сызғыш қойған. Қорыта айтқанда, ғұлама- ғалым ретінде Әл-Фараби атсалыспаған, зерттеу жүргізбеген ғылым саласы жоқ деуге болады. Ол философия, логика, математика, астрономия, медицина, музыка, тіл білімі, әдебиет теориясы т.б. ғылым салалары бойынша қыруар көп ғылыми еңбектер жазды. Алайда оның көптеген шығармалары ел арасында қолжазба күйінде тарап, бірте-бірте жоғалып қала берген. Фараби еңбектерінің кейбір тізімдер ғана сақталған. Соның өзінде ұлы ғалым еңбектерінің саны жөнінде нақты деректер жоқ. Мәселен, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш.Штейшнейдр 117 еңбек десе, түрік ғалымы А.Атеш – 160, ал тәжік ғалымы Б.Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді. Ұлы ғалымның ұшан теңіз еңбектерінен біздің заманымызға дейін сақталып, бүгінгі ұрпақтың қолына тигені 40-қа жуық шығарма деуге болады. Осы 40 шақты еңбегінің өзі-ақ әл-Фарабидің энциклопедист ғалым екендігін дәлелдейді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Аль-Фараби. Философские трактаты, Алматы, 1972.
2. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии, Алматы, 1993.
3. А.Көбесов. Әбу Насыр әл-Фараби, Алматы, 2004.

4. Ә.Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары, Алматы, 1995.
5. Әл-Фараби. «Поэзия өнері туралы трактат», Алматы,1972.
6. Конрад Н. И. Запад и Восток-Москва: Наука, 1972. — 496 б.
7. М.Хайруллаев «Миро воззрение Фараби» монография
8. М.Бурабаев. Өшпес жұлдыздар. Ұлы ғалымдар өмірінен (ҮІІІ-ХІҮ ғғ), Алматы, 1989.
9. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті, Алматы 1991. 264 б.
10. Салқынбаев. М. «Әл-Фарабидің әдеби мұраларының зерттелуі» монография.

**МУХАМЕТЖАНОВА ЛЯЗЗАТ ТУРСУНБЕКОВНА**
*Школа – гимназия № 10 имени Ж.Ташенева г. Астана,*
*учитель русского языка и литературы*

## ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ФИЛОСОФИИ АЛЬ-ФАРАБИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ: ПОЗНАНИЕ ЧЕРЕЗ ЯЗЫК

Статья представляет анализ философии аль-Фараби, сфокусированный на его взглядах на познание через язык. Основное внимание уделяется интеграции этих философских концепций в уроки русского языка и литературы. Рассматриваются практические методы использования мыслей аль-Фараби для обогащения лексического запаса учащихся, активизации мыслительной деятельности и развития речи.

*Ключевые слова:* Аль-Фараби; познание через язык; уроки русского языка; философия образования; лексический запас; мыслительная деятельность; развитие речи; философские концепции.

Существуют два исходных начала, на которые опирается мыслящий человек при изучении вещи, о которой он размышляет: общеизвестные положения, принятые у всех людей или большинства людей, и положения и вещи, которые приходят благодаря опыту и наблюдению (Аль-Фараби).

«Язык, то есть речь, являющаяся средством выражения мысли. Народы подразделяются на большие и малые. Каждому жителю добродетельного города надлежит знать первые начала существующих вещей, их иерархические ступени, счастье, первое руководство добродетельным городом, ступени этого руководства, затем похвальные дела, которые ведут к достижению счастья. Нельзя ограничиваться только тем, чтобы знать эти дела, без применения действия, но необходимо и направлять жителей города к свершению их» - считает аль-Фараби. При этом очень важно, расширяя словарный запас школьников, не ограничиваться лексическим минимумом.

Обогащение словаря учащихся, активизация мыслительной деятельности – задача для учителя всегда актуальна.

Основная цель обучения русскому языку и литературе – это превращение его средство постоянного речевого обогащения, общения и самостоятельности мышления. Школьная программа предусматривает работу с текстом, речеведческие понятия предусмотрены. Пополнить речь учащихся, понимать содержание текста, определяя открытую и скрытую (подтекст) информацию, цель высказывания помогают философские мысли ученного – энциклопедиста аль-Фараби.

Аль-Фараби стремился постичь конструкцию мира систематически. Человек – это индивид, постигающий мир и действующий в нем. Конец — достижение подлинного счастья. Философию аль-Фараби, представленную в единстве логико - методологических, эстетических и других аспектов, можно определить, как целостную социальную философию, смысл и предназначение которой заключались в том, чтобы дать ответ на вопрос о возможности создания справедливого общества на Земле, во - первых, во - вторых, ответить на вопрос, может ли быть счастлив человек и в чём заключается его счастье?

Аль-Фараби полагает, что цель человеческой деятельности - счастье, которого можно достигнуть лишь при помощи разумного познания. «Всякая вещь является благом, только когда она полезна для достижения счастья» или «Человек не достигает счастья при обстоятельствах, которые имеют место повлечь за собой (либо) похвалу, либо порицание. Он достигает счастья при совокупности обстоятельств, которые влекут за собой и похвалу и порицание». Прочитав эти слова, следует обратить внимание учащихся на слова: благо, порицание, счастье. Таким образом, идеал общественного устройства для аль-Фараби – это совершенная государственная жизнь, жизнь в государство – высшая форма общения людей, возникающая как реализация стремления быть счастливым. Предметом социально – политического исследования аль-Фараби становится государство как всеобщий представитель человеческого общества.

Хочется привести в пример слова аль-Фараби: «Искусство, цель которого - достижение прекрасного, называется философией или, в абсолютном смысле, мудростью». В силу этого познание воспроизводит в качестве своего предмета государство, что мы отмечаем и в социально-философских взглядах Аль-Фараби. Таким образом, идеал общественного устройства для Аль-Фараби – это совершенная государственная жизнь, жизнь в государство – высшая форма общения людей, возникающая как реализация стремления быть счастливым.

Предметом социально – политического исследования Аль-Фараби становится государство как всеобщий представитель человеческого общества. Исследуя цитаты аль-Фараби раскрывает, что оно есть закономерный результат развития общественных отношений, основанным на дружбе и

любви, в то время как государство основывается и включает в систему своих общественных отношений не только семейные узы и связи, но и право как форму регуляции общественных отношений.

Устремлённость и направленность философской системы Абу Насыра – утверждение идеала общественной жизни, представленного в виде сообщества людей, существующего как гармоничное целое на основе сотрудничества и взаимопомощи. Современное образование необходимо рассматривать и под углом зрения размышлений аль-Фараби, концепция образования которого ориентирована на интеллектуальное и нравственное, достигаемое при помощи науки. Критическое изучение научного наследия аль-Фараби в области астрономии, математики, геодезии, физики, философии, истории, минералогии и выдвинутых им идей способствует обогащению философии образования и педагогики и развитию образования. А также, в произведениях Аль-Фараби, затрагивались многоаспектные вопросы воспитания и образования.

Приведу примеры цитат аль–Фараби, в связи с которыми можно организовать задания по развитию речи:

1. «Человек не может быть наделенным от природы добродетелью или пороком, так же как он не может быть прирожденным ткачом или писцом. Но он от природы может быть предрасположен к состояниям, побуждающим его скорее к одним действиям, чем к другим»;
2. «Путь человека постигает тот, кто сущность пса в себе убьет»;
3. «Человек стал человеком благодаря разуму»;
4. «Мудрость есть знание отдаленных причин, от которых зависит бытие остальных существующих вещей и ближайших причин вещей, имеющих причины»;
5. «Правдивость по отношению к самому себе возникает только тогда, когда человек приписывает самому себе благие качества, добрые поступки, которые у него имеются. Когда же человек приписывает себе благие качества, добрые поступки, которых у него нет, то в нём вырабатывается ложное самомнение. Когда человек приписывает себе что угодно, но не то, что ему присуще, то это вырабатывает в нём притворство»;
6. «Глупость – это, когда человек имеет здравое представление об общеизвестных вещах, накопленный опыт, здравое представление о целях, достижения которых он желает и жаждет, но обладает [неправильным] рассуждением, и из-за этого рассуждения то, что не ведёт к цели, ему кажется ведущим к ней, а то, что ведёт к цели, ему кажется не ведущим к ней. Его поступки и советы поэтому соответствуют тому, что внушает ему его порочное рассуждение. По этой причине глупец на первый взгляд имеет вид разумного человека с правильным устремлением, но часто его рассуждение приводит его к тому, чего он не намеревался совершить».

При изучении раздела: «Мир профессий». Тема: «Цитата» в 8 классе (с русским языком обучения) полезно использовать специально подобранные цитаты. Например,

1. «Лечащий тела – врач, а лечащий души – государственный деятель, называемый правителем».
2. «...врач является врачом по своей сущности и способности излечения больных, независимо от того, находит ли он больных или нет, находит ли он орудия, которые бы он мог использовать в своём деле или нет, богат ли он или беден».
3. «Человек не может быть наделенным с самого начала от природы добродетелью или пороком, так же как он не может быть прирожденным ткачем или писцом. Но он может от природы быть предрасположен к состояниям, (связанным) с добродетелью или пороком. Точно так же он может иметь природное предрасположение к действиям, (сопряженным) с писанием или другим каким - либо искусством, и эти действие ему выполнить легче, чем какие - либо другие».
4. «Риторика – это способность ведения беседы, при помощи которой приходит совершенство убеждения [собеседника] относительно отдельных возможных вещей, которые следует предпочитать или избегать. Однако добродетельный человек из тех, кто наделен этой способностью, пользуется ею для благих дел, рассудительные — для благих и для дурных, а хитрые — для дурных».

Основной идеей аль-Фараби о познании окружающего мира была решающая роль разума в познаваемости мира: «Только разумный человек способен получать новые знания» - считает аль-Фараби.

Анализ творческого наследия Аль-Фараби даёт основание считать его мыслителем, опережавшим своё время. На основе аналитического осмысления достижений античности и мыслителей своей эпохи аль-Фараби создал оригинальную систему учений о мире в целом и, в частности, об обществе, личности, государстве. Аль-Фараби – величина мирового уровня, он сблизил разрозненные знания о мире разных культур: арабской, персидской, греческой, индийской, тюркской. Он мыслил, как реформатор педагогической науки, призывая внести знание в бедную народную толпу, развивать в людях человечность.

**Использованная литература:**

1. Фараби и духовное наследие / Материалы Международной научнотеоретической конференции «Аль-Фараби в истории науки и культуры народов Востока». – Алматы, 1994.
2. Материалы с сайта livelib.ru: https://www.livelib.ru/author/30901/quotes-alfarabi
3. Источник: https://ru.citaty.net/avtory/al-farabi

**РСАЕВА АЛИЯ БЕЙБИТОВНА**
*Астана қаласы, №79 мектеп-лицейінің*
*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ СОМДАУДАҒЫ ТУЫНДЫГЕР ШЕБЕРЛІГІ

Әдебиетте адам бейнесін жасаудың амалы алуан түрлі. Ол сөздегі суретпен ғана бітпейді, көркем бейне жасауға қажет өмірлік материалды жинақтаудан әдеби тұлғаны даралауға дейін барады.

Шындықты көркем жинақтау жайлы әр тарап пікірлер бар. *Жинақтау* дегеннің өзі – *әдеби тип* жасау әрекеті [1,102-103 б.].

Суреткер өзі жасаған көркем бейненің құны мен қасиетін қатаң қағидаға қарап белгілемейді, оның өмірдегі жанды дерегіне қарап бағалайды. Жазушыға тип жасау әрекетінің үстінде керегі – типтілік туралы «қисын» емес, тірі мүсін – прототип. Әр жазушының творчестволық лабораториясын зерттеген адам оның өмір шындығын көркем жинақтау, яки әдеби бейнелерді типтендіру әрекеті, көбіне, әр типке прототип табудан басталғанын байқар еді [1,103 б.]. Мысалы: Дүкенбай Досжанның «Фараби» хикаятындағы Қорқыт – Қорқыттан, Қайыр – Қайырханнан, Әбунасыр, Ә.Әлімжановтың Әбу Насыры, М.Құл-Мұхаммедтің Мұхаммеді және М.Шахановтың «Арман» атты шығармасындағы Әбу Насыр әл-Фарабиден туған. Байқап отырсақ, прототип реалистік шығармалардағы көркем бейнелерді нанымды етудің, шындықты шынайылаудың құралы секілді.

Образдың түрлерін белгілеудің бірнеше (әдістік, тектік, тәсілдік) факторлары бар. Көркемдік әдіс тұрғысынан келгенде, образ екі түрлі романтикалық образ, реалистік образ. Әдеби тек тарапынан келгенде, образ үш түрлі: эпикалық образ, лирикалық образ, драмалық образ. Ал жалпы жасалу тәсілдеріне бақсақ, образ тағы бірнеше түрге бөлінеді: юморлық образ, сатиралық образ, фантастикалық образ, трагедиялық образ, геройлық образ, т.б. [1,126 б.]7

Образдың түрлеріне бөліп қарастырсақ, көркемдік әдіс тұрғысынан келгенде, Д.Досжанның «Фараби» хикаятындағы Әбу Насыр бейнесі, Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романындағы Әбу Насыр бейнесі, М.Құл-Мұхаммедтің «Әл-Фараби» повесіндегі Мұхаммед бейнесі және М.Шахановтың «Арман» балладасындағы бала Әбу бейнесі де – реалистік образ. З.Қабдоловтың классификациясы бойынша «реалистік образ – әдебиеттегі адам бейнесінің ең сымбатты, шынайы түрі. Мұның сымбаттылығы да, шынайылығы да шыншылдығында; бұл – кәдімгі өмірде болған, бар және бола беретін, бірақ қайталанбайтын, әрқашан бұрын - соңды белгісіз тың қырынан көрініп, ылғи жаңарып отыратын тип» [1,128 б.].

Көркемдік әдіс секілді, әдеби тек тарапынан келсек, «Фараби» хикаятындағы қария Әбу Насыр, романдағы кемеңгер философ Әбу Насыр, повестегі бала Мұхаммед – эпикалық образдар болса, бала Әбу бейнесі – лирикалық образ. «Эпикалық образ – кескін-кейпі, мінез-құлқы, іс-әрекетімен тұтас көрінген әрі толық жинақталған, әрі әбден дараланған тип. Мүсіндеу мен мінездеу, диалог пен монолог, түрліше сезімдер мен харекеттерді суреттеу секілді көркем бейне жасаудың көп-көп амал-тәсілдері әсіресе эпикалық образ үшін керек. Өйткені мұнда адамның түр-түсін де, ішін де, ісін де кең суреттеп, мол көрсетуге, терең әрі жан-жақты танытуға мүмкіндік бар. Оған эпикалық шығарманың өрісі де, құшағы да еркін жетіп жатыр» [1,129 б.].

Ал лирикалық образ – сыршыл, өлең-жырлардағы ақынның өз бейнесі; оның ішкі бітімі; ақынның мың ирім көңіл - күйінен – нәзік сыры мен сылқым сезімінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер [1,131 б.]. Мысалы, «*Мен өзіме риза емеспін, елімнің мақтанышы бола алмасам егерде...*» [2,263 б.], – деген жолдардан ақынның өз арман - тілегін айқын көруге болады.

Нақтырақ үш прозадағы әл-Фараби мінезі мен сөздеріне аз-кем назар аударып байқайықшы!

Мысалы, Д.Досжанның «Фараби» хикаятындағы Әбу Насырдың сөздері:

*− Алдияр, қолдай! Қараңғылық пен қан төгіс қыпшақтың маңдайына жазылып па?! Ақылға көш, асылық түсінбе! Көзсіз қайрат ескексіз қайықпен парапар* [4,97 б.].

*− Сен білемісің... Сарай күзетшілері құпия кілтті пайдаланады. Ол кілттің аты – ой жұмбағы. Әлгіде мен әуелі датқаны сұрадым, күзетші үндемеді, онысы жолығар кісіңіз жоқ дегені. Бәйбішесін сұрадым, онда да солай болды. Көлеңкеде күте тұралық дегенде барып жол берді...келіскені. Жартылай болса да жұмбақты шешкеніміз. Ал, өтірік сылтауымыз өрге баспай, айдалаға лағып кетсек, өлсек те жібермес еді. Бұл шығыс күзетшілерінің ежелгі салты, құпиясы. Көрерің көп, түсініп қой* [4,116 б.].

Әрине, бұл Әбу Насырдың сөзі. Әбу Насыр көл-көсір білім, ақыл-ой, кішіпейілдік, танымдық, адамгершілік қасиеттерімен, халқының қамын ойлайтын жанымен ерекшеленеді.

Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» атты романдағы Әбу Насырдың сөздері:

*«...Неткен сұлу едің, Бануым. Ажарың қандай ашық, сипатың қандай табиғи еді. Алайда сен күнге еркелеп өсіп, самал желдің аймалауын ғана көксеген пальмадай тәкәппарсың. Тек, пальма желдің құбылмалы екенін ұқпайды. Ал сен оны жақсы білесің... Ал мен болсам күнә атаулының бәріне бата беретін пенде ғанамын. Саған да, өзіме де әмірім жүрмейді. Алайда бүгінгі күні мен өз махаббатымды «Абзал бауырлардың» жолына құрбандыққа шалар жендетпін. Сен менің көңілімдегі жұпар гүлім, сырттай*

*тілектес аяулы досым ғана боп қалғайсың. Еркіндіктің досы бол. Сен еркін жүрген жансың, саған мен ешқандай кінә қоймақ емеспін! – ол әйел жүзіне қадала қарап, кенет оны құшып сүйді де, онан әрі қайтып қайырылмастан бұрылып жүріп кетті»* [3,23 б.]. Бұл мәтіннен Әбу Насырдың Бануды сүюі, махаббаттан, білімді жоғары бағалап, достарын үшін құрбан етуге даяр «жендет» екені және тапқыр, сабырлы, шешен екені де байқалады. Ал мына үзіндіден оның нақты кемеңгер философ екені, ұстазы Аристотельді құрметтейтіні, қарапайым екені анық көрінеді. Мысалы: «*Ұлы шебер, Шамның тыңшылары мен баскесерлері ныспымды білетіндей мен соншалық данышпан да, батыр да, қарақшы да, бүлікші де емеспін. Мен қарапайым ғана адаммын. Бір кездері жауынгер, әрі ғұлям болғаным рас, ал өзімнің кім екенімді әл-Киндидің кез келген жолымен, Платонның жазуындағы Сократтың нақылдарымен немесе Әбу Нуастың өлеңдерімен және от пен Космос туралы Гераклиттің сөздерімен дәлелдей аламын... Менің ұстазым Аристотель».* [3,47 б.]

М.Құл-Мұхаммедтің «Әл-Фараби» повесіндегі Мұхаммедтің сөздері:

«-*Әке! Сіз мен үшін барлық уақытта да батырлық пен айбындылықтың үлгісі болдыңыз! Қазір таңдау жасауым қажет екенін ойлап, жүрегім қарс айрылғалы тұр... Сіз мені нағыз жауынгер етіп тәрбиеледіңіз, соғыс өнеріне жасымнан баулыдыңыз. Мен әке ісін жалғастырушы, елін қорғар жүрек жұтқан сарбаз бола алар едім. Бірақ жүрегімде басқа нәрсе тамыр жайды...*

*Ол терең тыныс алып, негізі мәселені айтуға көшті.*

*-Әке! Мен сізді де, сіздің ісіңізді де шексіз сыйлаймын. Алайда кітаптар маған басқа жолды көрсетті... Сол жолға түсіп, білім әлемін меңгеріп, ғылымға өз үлесімді қоссам деп армандаймын. Ол да үлкен күш-жігерді қажет етеді. Менің таңдауым осы, енді сіздің шешіміңізді білгім келеді*» [4,59 б.]. Бұл жерде Мұхаммедтің әкесімен ашық сөйлескені, өзінің арманына қол жеткізгісі келетінін, жаугерлікті білсе де, жүрегінің оны қаламай, басқа жолды қалағанын айтып, әкесін ренжітпеуге, көңілін қалдырмауға тырысқанын көреміз.

Образдың жасалу тәсіліне байланысты түрлерін таратып, бас-басына сипаттама бермес бұрын, жалпы әдемілік туралы ілімде бірнеше (комедия және трагедия, геройка және фантастика дегендер тәрізді) эстетикалық категориялар болатынын білу шарт. Міне, осы тәсілдердің әрқайсысына лайық геройлық, трагедиялық, фантастикалық образдар болатыны сияқты, комедиялық тәсіл арқылы көркем образдың юморлық және сатиралық түрлері жасалады [1,134 б.].

Жасалу тәсіліне байланысты төрт шығармадағы кейіпкерлерді – геройлық образға жатқызамыз. Себебі, Д.Досжанның «Фараби» хикаятындағы Әбунасыр бейнесі, Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романындағы Әбу

Нәсір бейнесі, М.Құл-Мұхаммедтің «Әл-Фараби» повесіндегі Мұхаммед бейнесі және М.Шахановтың «Арман» балладасындағы бала Әбу бейнесі де – ұнамды, басты кейіпкерлер, тарихи категориялар. «Геройлық образ – ұнамды кейіпкер: адамға тән небір тамаша сипаттардың синтезі секілді сом тұлға, өз дәуірінің ең аяулы, асыл мұраттарынан туған тарихи тип» [1,146 б.], «Геройлық образ – еңбек пен күрес адамының көркем әдебиеттегі ең көрнекті типі, ұлағатты түрі, биік үлгісі. Сөз өнеріндегі геройлық дегеннің орасан зор тәрбиелік мәні де осында жатыр» [1,148 б.].

Хикаятта әл-Фараби бейнесі адамгершілігі мол, білімге құштар, оқуға терең көңіл бөлген, ойшыл жас жігіттен бастап, ғұлама қарт болған шағына дейінгі іс-әрекеті арқылы сомдалады. Образдың мінезіне тоқталатын болсақ, автор мінезін ашып айтпаған, бірақ Әбу Насырдың іс-әрекетіне қарап, мінездеме беруге болады. Ол өз дегенін орындайтын / *ягни медресе ашып, балаларды Отырардан, кейін Жауһардан өзі алып келіп білім берді* /, сөзінде нық тұратын / *Жауһармен кездесуі, Білімге жарамаған балаларды қолдайдың тапсырысы бойынша қайта Жауһарға апарып тастауы* /, өте сезімтал / *Жауһарға барған кезде, Саифты Мысыр елінің саудагерлері келіп, қолдайдың келісімімен алып кеткенде, осы тірлікті көріп отырған Әбунасыр қатты шошынып, қиналады* /, уайымшыл /*шәкірттерінің болашағын ойлауы*/, арманшыл /*«осы күнге дейін ашылмаған құпиялардың сырып тапсам» деп армандауы және сол арманына жетуі*, адамды тануы /*ягни әкелген үш баланы оқытпай тұрып, кімнің қандай екенін ажыратуы және қай баладан кім шығатынын болжауы*/ т.б. айтуға болады. Және де осыдан оның өмірге деген көзқарасын байқауға болады.

Шығармадан байқап отырсақ, ғұлама қарттың туған жерін есіне ала отырып, сүйікті Отырарды және онда болған, басынан кешкен оқиғаларды есіне түсіру арқылы шығарма желісі дамиды.

Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романындағы Әбу Насырдің іс-әрекетіне, сөйлеген сөздеріне қарап мінездеме беретін болсақ: Әбу Насыр – уайымшыл, *«Абзал бауырларды» көп ойлайды, Бәну екеуінің махаббаты және болашақты көп ойлап қайғырады/*; арманшыл/ *«Абзал бауырларды», Бәнуді тапсам деп армандайтын/;*махаббатқа қатыгез/*Бәнудің махаббатынан бас тартады, оның қанша құлай сүйгенін түсінсе де, өз дегенінен қайтпайды/;*діншіл /*намаз оқиды, теология туралы еңбек жазады*/; мейірімді, мінезі бір түрлі /*себебі, ол философиялық ойларда жүреді, көбіне үндемейді*/; өте қарапайым/*қасында еріп жүрген Хасан өзін не қызметші, не құл ретінде сезінген жоқ. Ұстаз тарапынан мұны әлі бір қорлау, яки кемсіту болған емес. Әбу Насыр бұған қожа да, мырза да боп көрінбеді/;* кітапшыл/*бұл шығармада оның еңбектері көптеп аталады және оларды жазу барысы көп суреттеледі*/; өте салмақты/*оған қанша қысымшылық көрсетсе де, оны көптеген сұрақтармен мазаласа да, сондай байыппен, салмақпен жауап беріп*

*отырған/*; жауынгер /*Әбу Насыр сонда әл-Баркауиді талқандаған Бағдад халифының жорығына қатысқан еді. Ол сонда өзінің ерлігімен және соғыс өнерін білетіндігімен көзге түскен... [3,91 б.]/*; тұйық/*Әбу Насыр өз сырларын Әбу Исхаққа да айта алмады және оған зауқы да болмады. Ол оңаша отырып, өзін-өзі қазбалауға үйренді. Оның үстіне туа біткен тәкаппарлығы, бәлкім секемшілдігі болар, өзінің ішкі сырларын сыртқа шашқысы келмеді* [3,145 б.]/*т.б.*

М.Құл-Мұхаммедтің «Әл-Фараби» повесіндегі Мұхаммедтің мінезі мен сөздеріне келер болсақ, Мұхаммед – өте пысық /*анасына ылғи да көмектесіп жүреді, жай отырмайды*/; сезімтал, уайымшыл /*суға батып бара жатқан күшікті сондай аяп, оны құтқарып, халін уайымдады*/; білімқұмар /*балалармен ойнап жүргенде, беймағлұм тіршілік иелеріне көзі шалып қалса, бар ынтасымен, ойымен соған ауып кететін және де содан туындаған сұрақтарға жауап іздейтін*/; қиялшыл /*сан алуан сауалға, ойға ерік береді*/; тыңғылықты/*анасының айтқанын бұлжытпай, тиянақты орындайды*/; өзімен-өзі болғанды ұнататын/*қолы қалт етсе, Арыстың жағасына келіп, көк шалғынға жайғасып, айналадағы заттар мен құбылыстардың ішкі сырына үңіліп, ой жүгірткенге құмар еді* [5,22 б.]/; шебер/*ұнатқан аспаптарын жасайды*/; талантты/*ол енді аспабы арқылы тек өзін қоршаған айналадағы түрлі құбылыстар мен дыбыстарды ғана емес, адамзатқа тән ішкі көңіл-күйді, түрлі сезімдерді, яғни қуану, шаттану, ренжу сияқты қасиеттерді бейнелеп бере білді* [5,34 б.]/; сүйікті оқушы / *дана қарт Ақ Баба: «құнды дүниелердің бағасын тек Мұхаммед қана түсінетінін, асыл мұраға тек ең сүйікті оқушысы ғана лайық»* [5,42 б.] *деп түйген*/; ұялшақ /*анасы Гүл жайын айтқанда, сасқалақтап, абыржиды/;*мақсатына жетеді /*білім іздеген Мұхаммед ғасырлар бойы өсіп-өркендеген, мәдениеті жоғары дамыған қалаларды көрді. Хорасан, Бағдад, Дамаск, Бұқара, Алеппо, Каир және басқа да көптеген шаһарларда тұрды. Онда кітаптар мен жазбаларды іздеп, өзін толғандырып жүрген көптеген сұрақтардың шешімін тапты* [5,83 б.]/; беделді адам /*Мұхаммед тек білімнің тереңдігімен және ойының ұшқырлығымен ғана емес, адами қасиеттерімен де ерекшеленді* [5,83 б.]/; т.б. адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан философ, осындай қасиеттерімен өз арманына жеткен!

Ал М.Шахановтың «Арман» атты өлеңінен бала Әбудің мінез-құлқына келер болсақ, ол ақылды/*досы секілді білімді болса да, өмірде дұрыс, адал жолды таңдады*/; арманшыл/*ғылым мен өнердің шамын жаққысы келеді, елін қуантқысы келеді, елінің сүйеніші болғысы келеді/;*ойлаған арманына жетеді/*әрі ғалым, әрі ақын, ұлы бабамыз Әбунасыр әл-Фараби болады/.*

Жазушы М.Шаханов «Арман» атты балладасында:

- ✓ *Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,*
- ✓ *Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,*

- ✓ *Үлкен болып қалу үшін ғаламда,*
- ✓ *Үлкен арман керек екен адамға,* - деп, ұлы бабамыздың адал жолмен жүріп, өз білімін дұрыс қолданып өз армандарына осылайша қол жеткізгенін байқаймыз!

Әдеби кейіпкердің төрт шығармадағы іс-әрекеті мен көңіл-күйі арқылы көрінетін мінезін көрсету барысында аңғарғанымыз Д.Досжанның шығармасында Әбунасыр бейнесін, Ә.Әлімжановтың Әбу Нәсыр бейнесін, М.Құл-Мұхаммедтің Мұхаммед бейнесін жасауда іс- әрекет, ішкі жан-дүние, көңіл-күйлері мен наным-сенімдері жан-жақты толық қамтылса,

М. Шахановтың балладасында бала Әбу бейнесін «*ұяң шәкірт жас Әбу*» [6,263 б.], – деп бір жақты ғана қарастырып, бір сөздің бойына жинақтаған. Түйіндей келе айтарымыз:

- Жазушылардың бірі кейіпкер бейнесін адамгершілігі мол, білімге құштар, оқуға терең көңіл бөлген, ойшыл жас бала бейнесін берсе, ал қалғандары ғашық жігіт, кемеңгер-философ, ғұлама қарттың өткен өмір жолын есіне түсіру арқылы сомдайды;
- Тарихи образды жан-жакты көрсету үшін кейіпкер іс-әрекетінің әр түрлі күйі арқылы көркем бейнені толыққанды сипаттауға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2003. – 528 бет.
2. Аманшаев Е.Ә. Әдеби бейне жасаудың рухани және көркем арналары. Автореферат.Астана, – 2005. – 25б.
3. Әлімжанов Ә. Ұстаздың оралуы: роман. Орысшадан аударған:
С. Мұратбеков пен Т. Жанұзақов. – Алматы: Жазушы, 1981. – 544 б.
4. Досжан Д. Таңдамалы шығармалар. Хикаяттар. – Алматы: Білім, 2002. – 392 бет.
5. Құл-Мұхаммед М. Әл-Фараби. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: Аруна, 2006. – 96 б.
6. Шаханов М. Ғасырларды безбендеу: Өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 304 бет.

**ШУЙНШАЛИЕВА ГУЛЖАЙНАР НИГМЕТОВНА**
*Атырау қаласы, Қ.Дүтбаева атындағы*
*Атырау гуманитарлық колледжі оқытушысы,*
*педагогика ғылымының магистрі, педагог-зерттеуші*

## «АБАЙ МЕН ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАМЫРЛАСТЫҚ»

Мақалада Абай мен әл-Фараби еңбектері, ойлары, көзқарастары арасындағы сарындастық, сабақтастық, тамырластық, ұқсастық жайттары қарастылылады.

*Түйін сөздер:* өлең, поэзия, ақын, ғұлама ойшыл, логикалық шымырлық, көркемдік өрнек.

Қазақ топырағынан шыққан ғұлама ойшылдар Шығыс пен Батыс мәдениетін тең меңгеріп, өз еңбектерін көпке ортақ тілде жазып, ұрпаққа қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі - бәрімізге танымал, Отырарлық ұлы жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби.

Берісі қазақ, арысы бүкіл түрік әлемінің мәдени, рухани тарихында ғажайып орны бар екі ұстын, екі ырыс - әл-Фараби мен Абай мұралары зерттеліп, сабақтастығы туралы салыстыра көрсетіледі.

Абай әл-Фараби бабасы сияқты поэтикалық өлең түзілісі туралы арнайы трактат жазбаған. Алайда оның көптеген өлең жолдары ұлы ойшыл ақынның шынайы поэзиясының логикалық негізінен, түр-тұрпатына мән бергенін куәлендіреді. Мысалы,

Қуатты оттай бұрқылдап,
Уәзінге өлшеп тізілген.
Жаңбырлы жайдай сырқырап,
Көк бұлттан үзілген
Тәуекел мен батыр ой
Өткір тілді найза етіп
Сайысып-ақ бақты ғой,
Неше түрлі айла етіп, – деп қуатты оттай батыр ой мен өткір тілдің сайма-сай болуын дәріптесе, енді бірде:

Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы? – деп бұл тұрғыдағы ойларын дамытып, нақтылай түседі.

Ал, Абайдың әйгілі «Сегіз аяғының» бастамасындағы:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл.
Өткірдің жүзі,

Кестенің бізі

Өрнегін сендей сала алмас.. – деген толғауында өлеңге қаншама қисындылық, логикалық психологиялық-эстетикалық жүк артып отыр.

Ғалымдар Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңін трактат деп қарауды ұсынады.

Абай өз шығармаларындағы өлеңнің логикалық шымырлығы мен көркемдік өрнегін қатаң сақтаудың, оларды шебер үйлестіре, ұштастыра білудің ерен үлгілерін жасайды. Оның өлеңдерінде логикалық, ойшылдық олқылық, эстетикалық кемшіліктер кездеспейді.

Абайдың өзі поэзия жаратылысы мен ойшылдыққа баулитын тәлімдік үлгі-мұратына терең үңілген.

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан–сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Ал әл-Фараби ғұламаға келсек, өзінің логикалық, поэтикалық шығармаларында ол шайырлық өнердің теориялық-әдіснамалық көкейтесті мәселелерін шешіп беруге ұмтылғаны байқалады. Мұнда ол поэтика ілімінің пәнін анықтап, оның адам парасатын кемелдендіру, эстетикалық талғамын шыңдау жолындағы қызметін терең ашып көрсетеді.

«Ғылымдар тізбегі» атты классикалық еңбегінде поэтиканы логиканың сегіз тарауының біреуіне телиді.

Фараби музыканттар секілді ақындарды, поэзия өнерін қуушыларды да талантына, арқалылығына, логикалық қисынды, тұжырымды үйлестікті сақтау-сақтамауына байланысты үш топқа бөледі.

Біріншісіне, табиғи дарыны өлеңді жазып, келісті оқуға қабілеті барлар жатады, олар поэзияның көптеген түрінде, не қайсыбір жеке түрінде бейнелілікке, тамаша теңеулер құруға керемет бейім тұрады. Бұл ақындар қандай болғанда да өлең өнерінің сын-сипатымен онша таныс емес, тек аса алғырлығы мен бейімділігі арқасында жырлары ұшқыр, жүрекке жылы тиіп жатады. Бұл ақындардың туындылары мүлде кемеліне келмегендіктен һәм өнерден берік қоныс теппегендіктен, шын мәніндегі екі ой қорытындысынан үшінші қорытынды туындататындар қатарына жатпайды.

Екінші топтағы ақындар – өлең өнерімен толық таныс; қай тәсілді таңдамасын олар қағиданың да, бейнелеу құралының да қайсысына болса да жетік келеді. Бұндайларды екі қорытындыдан үшінші қорытынды жасайтын ақындар санына толық жатқызуға болады.

Үшіншілердің қатарына алғашқы екі топтағының шығармаларына еліктейтіндер жатады. Олар әлгілердің бейнелеу мен теңеудегі ізденістерін дамытып отырса да, поэзияның қағидаларына онша қанық емес.

Фарабидің бұл қағидасы бойынша кемел өлең логикалық берік негізге, қисынға сүйеніп, «екі қорытындыдан үшінші қорытынды шығаруды мұқият басшылыққа алып, соған сай түр, яғни «бейнелеу» құралын іздеп табу қажет. Нағыз, шын ақындық осы шартты бұлжытпай орындаумен сипатталады.

Фараби өлеңінің логикалық арқауы мен көркемдік өрнегінің өзара сайма-сай келіп, қиюын тауып жатуы туралы қағидалары мың жыл өтіп барып, Абайдың поэзия туралы принциптерінен бой көрсетеді.

Ұлы ойшыл ақын аталған ақын-билерді, кейбіреулер дәлелдеп жүргендей, әлеуметтік-қоғамдық көзқарастары үшін емес, таза логикалық, поэтика-риторикалық ережелерді сақтамағаны үшін сынап отыр. Олардың тереңдеп оқымай қалғандығын, «білімсіз бишаралығын» аяп, өкініп отыр.

Фараби шын ақын талантын терең ашып, құлашын кең сермеу үшін оған лайықты жағдай, ең бастысы, еркіндік қажет деген тамаша қағиданы тұжырымдайды. «Сондай-ақ өнерді зерттеп, белгілі поэзия түрін меңгеріп, басқаларға немқұрайлы қарамайтын жанды ерекше себептерге байланысты өзі білмейтін түрде жазуға сыртқы не ішкі жағдай итермелейді. Дегенмен, ғажап поэзия еркіндікте тумақ». Абай да ақынның еркіндігін, өрлігін, пәктігін, мәрттігін дәріптеген.

«Қобыз бен домбыра алып, топта сарнап,
Мақтау өлен айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.
Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр, талап,
Бұларды, керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

Фараби де адам, пенде, оның да алыста ел-жұрты, ауыл аймағы бар, өмір өтпелі, қоршаған надандық, өзімшіл пенде:

Қашықтасың туған жер – қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршадым мен, қанатым талды менің
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.
Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.

Жоғарыдағы шумақтардың қай-қайсысынан болмасын Абай мақамымен сарындастықтар аңғарылып тұр. Мәселен, соңғы шумақ Абай айтып кеткен:

Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, немесе

Ойында жоқ бірінің Салтыков пен Толстой,

Я тілмаш, я адвокат болсам деген бәрінде ой, - деген сияқты парасатты жолдарды еске түсіреді.

Бірақ Фараби де Абай сияқты дүниеден біржола түңілмейді, ол табандылық адалдық, адамдық, өнеге-білім туын жоғары ұстайды.

Қорытындылай келе, Фараби де Абай еңбектерінің тамырластығын бала тәрбиесі айтқан ойларынан да көреміз.

Фараби жастарды тәрбиелеуде бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Ғалым тәрбиелеу әдістерін «Қатты әдіс» пен «Жұмсақ әдіс» деп екіге бөліп қарастырады. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтап кеткен. Қазіргі тәрбие үрдісі тұрғысынан қарағанда «қатты әдіс» деп отырғаны – «жазалау», ал «жұмсақ әдіс» деп отырғаны – «мадақтау».

Демек, Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін дәлелдеп кеткен ғалым десек, қателеспейміз. Әбу Насыр әл-Фараби тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын адам болмайтынын, тек үйретуден, баулудан жалықпау керектігін айтады. Ғалымның бұл ойын Абайша айтсақ, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға».

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Бейсенов А «Әл-Фарабидің тұжырымдары» Ақиқат, 2006 ж №6
2. Көбесов А. «Абай мен әл-Фараби еңбектеріндегі тамырластық» Қазақ тілі мен әдебиеті, 2004 ж №12
3. Көбесов А. «Абай мен әл-Фараби еңбектеріндегі тамырластық» Қазақ тілі мен әдебиеті, 2005 ж №1
4. Дәдебаев Ж «Әбу Насыр әл Фараби: ғұмырнама ғибраттары» Қазақ тілі мен әдебиеті, 2006 ж №9
5. Дәдебаев Ж «Әбу Насыр әл Фараби: ғұмырнама ғибраттары» Қазақ тілі мен әдебиеті, 2006 ж №10
6. Дәдебаев Ж «Әбу Насыр әл Фараби: ғұмырнама ғибраттары» Қазақ тілі мен әдебиеті, 2006 ж №11.



**ЕМБЕРГЕНОВА АЙНУР КАЛДЫБАЕВНА**
Туркестанская область Отырарский район,
школа-лицей имени Жамбыла,
учитель русского языка и литературы


## ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРАБИ: ВЛИЯНИЕ И АКТУАЛЬНОСТЬ В СОВРЕМЕННОМ ШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

В статье освещаются основные аспекты литературного наследия Аль-Фараби, включая его влияние на литературу, философию и культуру. Особое внимание уделяется анализу практической значимости изучения его творчества в школе и его роли в развитии аналитических и критических навыков учащихся. Статья предлагает аргументы в пользу включения темы о литературном наследии аль-Фараби в школьные образовательные программы.

*Ключевые слова:* Аль-Фараби, литературное наследие, школьное образование, аналитические навыки, критическое мышление.

В современном образовании школьникам предлагается обширная программа изучения литературных произведений различных эпох и культур. В этом контексте важно уделять внимание не только западным, но и восточным философским и литературным традициям. Одним из великих мыслителей, чье наследие имеет существенное значение для современного школьного образования, является аль-Фараби.

Аль-Фараби, известный также как «второй учитель» (после Аристотеля), был выдающимся арабским философом IX века. Его творчество охватывает различные области знаний, включая философию, логику, музыку и астрономию [1, с. 24]. Влияние его мыслей на культуру и образование простирается далеко за границы его времени и места. Одной из ключевых областей, где литературное наследие Аль-Фараби имеет значение для школьного образования, является литературная теория и анализ текстов. Его работы посвящены пониманию природы красоты, гармонии и эстетики, что является важным аспектом в изучении литературных произведений. Изучение его идей помогает школьникам лучше понимать структуру и символику текстов, развивать аналитические навыки и критическое мышление. Кроме того, творчество Аль-Фараби вносит вклад в область межкультурного образования. Изучение его работ позволяет школьникам погрузиться в культурный контекст арабского мира и понять взаимодействие различных культур и философских традиций [2, с. 89].

Важным аспектом является также развитие у школьников уважения к разнообразию культурного наследия человечества. Изучение творчества аль-Фараби способствует формированию у школьников толерантного отношения к различным культурным традициям и ценностям, может быть ценным как с точки зрения расширения знаний о мировой культуре, так и с точки зрения развития критического мышления и аналитических навыков учащихся. Изучение творчества аль-Фараби на уроках литературы имеет актуальность в контексте расширения кругозора учеников и понимания влияния восточной мысли на мировую культуру и литературу. Его работы не только представляют ценные философские и эстетические идеи, но и демонстрируют уникальный взгляд на мир и человеческую природу [3, с.87]. Изучение его творчества способствует развитию аналитического мышления и способности к

критическому анализу текстов, что является важным навыком для учеников в современном мире. Кроме того, это помогает расширить представление об истории литературы и культуре мусульманского Востока.

На уроках литературы изучение аль-Фараби может быть осуществлено через несколько подходов:

А). Изучение его теорий о литературе и эстетике: ученики могут изучать работы аль-Фараби, где он обсуждает понятия красоты, гармонии и эстетики в контексте литературы. Это может помочь студентам понять, какие элементы делают литературные произведения красивыми и влиятельными.

Б). Изучение музыкальных аспектов его работы: Аль-Фараби также изучал музыку и ее влияние на человеческие эмоции и психику. Ученики могут изучать, как музыкальные принципы, описанные аль-Фараби, могут быть применены к анализу литературных произведений, особенно в отношении ритма, звуковой текстуры и метафор.

В). Рассмотрение влияния его мыслей на литературные произведения: литературные произведения часто отражают философские идеи своих авторов. Ученики могут исследовать, какие аспекты философии аль-Фараби могут отразиться в литературе, особенно в работах писателей из арабского и исламского мира.

Г). Сравнительный анализ: ученики могут провести сравнительный анализ между идеями аль-Фараби и других философов или литературных течений, которые они изучают на уроках. Это поможет им лучше понять контекст и значение теорий аль-Фараби в истории литературы. Изучение мыслей аль-Фараби на уроках литературы может обогатить понимание учеников о связи между литературой, философией и культурой, а также помочь им развить критическое мышление и аналитические навыки.

Изучение творчества аль-Фараби на уроках литературы можно осуществлять с использованием различных методов и приемов:

1. Изучение текстов: чтение и обсуждение оригинальных текстов аль-Фараби, таких как его философские трактаты или комментарии к произведениям Аристотеля.

2.Сравнительный анализ: сопоставление и анализ идей аль-Фараби с работами других философов и мыслителей своей эпохи, таких как Аристотель или Платон.

3. Дискуссии и дебаты: организация классных дискуссий и дебатов на тему основных идей и концепций, выдвинутых аль-Фараби, для стимулирования критического мышления учеников.

4. Проектная деятельность: проведение проектов, например, исследовательских или творческих, связанных с аспектами творчества Аль-Фараби, например, создание презентаций или эссе на определенную тему.

5. Использование современных технологий: привлечение к обучению онлайн-ресурсов, аудио- и видеоматериалов, интерактивных заданий для более эффективного и интересного изучения материала.

Эти методы и приемы помогут ученикам не только понять ключевые аспекты творчества аль-Фараби, но и развить навыки анализа, критического мышления и творческого подхода к изучению литературы.

Изучение аль-Фараби в школе может также способствовать более глубокому пониманию межкультурных связей и важности сохранения и изучения наследия различных культур и цивилизаций и имеет несколько практических значимостей:

1. Расширение культурного кругозора: знакомство с творчеством аль-Фараби помогает ученикам понять разнообразие культурных традиций и мыслительских школ, а также увидеть связи между различными культурами.
2. Развитие аналитических навыков: изучение философских идей аль-Фараби способствует развитию у учеников критического мышления, умения
3. Понимание исторического контекста: анализ творчества аль-Фараби помогает ученикам понять исторические события и культурные особенности времени, в котором он жил, что в свою очередь способствует глубокому пониманию истории и культуры Востока.
4. Применение в современном контексте: некоторые идеи аль-Фараби, такие как его работы в области этики, музыки и политики, имеют применимость и в современном мире, что позволяет ученикам видеть актуальность его мыслей и концепций в современном обществе.
5. Стимулирование творческого мышления: изучение творчества аль-Фараби может вдохновить учеников на развитие собственных идей и мыслей, а также на создание собственных произведений, основанных на его концепциях и идеях.

Таким образом, литературное наследие аль-Фараби представляет собой важный ресурс для современного школьного образования. Изучение его творчества помогает расширить кругозор школьников, развить их аналитические и критические способности, а также способствует формированию уважения к многообразию культурного наследия человечества.

**Использованная литература:**

1. Иванов В.С. «Аль-Фараби: Жизнь и творчество». Москва: Издательство «Наука», 1987.

2. Мухаммед Аль-Фараби. «Аль-Фараби: Биография и работы». Москва: Издательство «Восточная литература», 1973.

3. Хайяль Заде А.К. «Аль-Фараби: Жизнь и философия". Москва: Издательство «Наука», 1983.

**МАҚСОТОВА ЛӘЙЛІ НАУАЙҚЫЗЫ**
*Атырау облысы «Сармат» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдар магистрі*

# «ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ»

Әр дәуірдің өзіндік үні бар. Адам баласы бүкіл көш бойы ілгері дамуда, десек те сан ғасырлар өтсе де, ұмтылмас ғалымдар мен өшпес еңбектер бар. Дүниежүзілік ғылым мен мәдениетте көрнекті із қалдырған ортағасырлық ойшыл, ғалым, дара тұлғалардың бірі - Әбу Насыр әл-Фараби.

Аты әлемге мәшһүр Әбу Насырдың еңбектерінен нәр алмаған, сусындамаған ғалым жоқ деп айтуға болады. Оның есімі дүниежүзі мәдениеті мен ғылымының тарихынан берік орын алады. Дүниежүзі ғалымдары әл-Фарабиді Шығыстың Аристотелі деп атағаны баршаға аян.

Әдеби байланыс түрлі халықтар мәдениетінің жақындасуына, рухани қарым-қатынасының өркендеуіне үлкен үлес қосады. Әл-Фараби де әдебиет саласына өлшеусіз үлес қосып, артында өшпес әдеби жазбаларын қалдырады. Ұлы ойшылдың қаламынан екі жүзге жуық трактаттар дүниеге келген.

Қазақ ғалымдарының ішінде алғашқы қазақ фарабитанушысы А.Машанов әл-Фараби мұраларын жинауға ат салысқан, оның философиялық трактаттарының жауапты редакторы болған Ш. Е. Есенов, кезінде Қазақ КСР Ғылым академиясы жанынан Фарабитану тобын құру жайында бастама көтергендердің бірі Ә.Марғұлан. Сондай-ақ. Ә.Әлімжанов, М.С.Бурабаев, А.Х.Қасымжанов, Н.Келімбетов, М.Мырзахметов және басқа дағалымдар әл-Фараби мұраларын зерттеуді өз ғылыми жұмыстарына арқау етсе, Қ.Жарықбаев әл-Фараби еңбектерінің библиографиясын жасады. Қазіргі таңда Фараби мұраларын араб тілінен орыс-қазақ тілдеріне аударуда арабтанушы ғалым К.Х.Тәжікова үлкен жұмыс атқаруда.Оның кейінгі аудармасы Әл-Фарабидің филологиялық трактаты «Китаб-уль-Хуруф» (Таңбалар кітабы). Ғалым С.Төлеубаева әл-Фараби мұраларын әдеби, лингвистикалық қырынан зерделеп, бірнеше ғылыми мақалаларын жариялады [1] .

Әл-Фараби мұралары тек зерттеуші ғалымдардың ғылыми жұмыстарына ғана арқау болып қойған жоқ, сонымен қатар, оның бейнесі қаламгер - жазушылардың да шығармаларының негізгі тақырыбы болды. Тарихи тақырыпты жүйелі түрде тереңдеп меңгерген жазушыларымыздың бірі – Әнуар Әлімжанов данышпан философ әл-Фараби жайын баяндайтын шығарма – «Ұстаздың оралуы» атты романын жазды. Онда ақылгөй-ғалымның өмірі әр түрлі қырынан беріледі. Осы романға іргелі талдау жасауға тырысып, Атырау облысы «Сармат» мамандандырылған мектеп-лицейінде семинар өткізген болатынбыз. Оқушылар романдағы әл-Фараби бейнесін толық

талдауға тырысты, оның ән де айтатын, күй де тартатын, каламмен қатар, қаруды да ұстай білетін, әділдік үшін басын қатерге тіге алатын тұтас тұлға ретінде ашты.

Үлкен әдебиетші ғалым Н.Келімбетовтің «Әбу Насыр әл-Фараби әдебиет теориясымен де жан-жақты шұғылданған ғалым. Әдебиет теориясы бойынша бірқатар келелі еңбектер жазғанын ғалым шығармаларының сақталып қалған тізімдерінен білеміз» [2, 117]. Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған ғалым өзінің әдебиетке қатысты негізгі теориялық ой-пікірлерін: «Риторика», «Поэзия өнерінің каноны туралы трактат», «Поэзия өнері туралы», «Ғылымдарды классификациялау туралы трактат», «Өлең және ұйқас туралы сөз” және т. б. еңбектерінде саралайды[3,119]. Әл-Фарабидің әдеби мұрасын зерттеушілер оның «Поэзия өнерінің каноны туралы трактатында» поэзия жанры туралы ой-пікірлерін өрбіте келіп, осы өнер саласында жүрген ақындар мен олардың дарындылықтарының ара жігін айыратынына көңіл аударады. Ұлы бабамыздың поэзия өнері жайында жазған теориялық ой-пікірлерін сол замандағы мықты ғалымдар жоғары бағалаған және «ақындар падишасы» деп ардақ тұтқан. Бұл турасында көрнекті ғалым А.Көбесов мынадай мәліметтерді келтіреді: «Сайф ад-Даула сарайында өмір сүрген арабтың сері, әрі жауынгер ақыны Әбу Фирас (932–968) Фарабиге мынадай баға береді: «Поэзия –дөңгеленген алтын түйе, оның басы – Әбу Насыр Мұхаммедке, өркеші – Әбу Нуасқа, иығы — Омар ибн Рабияға, кеудесі – Әбу Таммамға тиді, қалғаны–ішек-қарын — оны екеуміз (сарайдың жарамазаншы жыршысы екеуі) бөлісіп отырмыз». Осы келтірілген деректегі аты аталған адамдар өз замандастарынан озып туған, ақындық өнердің майталмандары, ал Әл-Фараби солардың бірегейі екенін көреміз. Фарабитанушы ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда Әбу Насыр үлкен ақын болған [4,123]. Белгілі фарабитанушы А.Көбесов мынадай дәйекті келтіреді: Совет ғалымы Е. Э. Бертельстің парсы-тәжік поэзиясы тарихына арналған еңбегінде, түрік зерттеушілері Ахмет Атеш, ХафизДанышпан еңбектерінде Фарабидің шайырлығы, әдеби мұрасы туралы көп жаңалықтар келтіреді. Бұлар және басқа оқымыстылар Фарабидің араб, парсы, түрік т. б. тілдерде әр түрлі жанрда жыр жазғандығын растайды, үзінділер келтіреді. Бұл зерттеушілердің қай-қайсысы болсын, 1979 жылы қазақ тілінде тұңғыш рет Аян Нысаналиннің «Трактат және өлеңдер» атты аударма жинағынан Әл-Фараби өлеңдерінің мәтінін алады. Олар ұлы ұстаздың өлеңдерін талдай отырып, Фараби өлеңдерінің негізгі тақырыбы — Жаратушыдан - біріншіден кешірім тілей отырып, осынау өмірдің мәні мен мағынасын зерделеу, ғылымға ұмтылуды насихаттау, адамгершілікті уағыздау болды деген ой түйіндейді. Енді бір өлеңінде туған жерден жырақта жүрген бабамыз кіндік қаны тамған жерге деген сағынышын өлең өрнегіне арқау етеді [4, 186].

Әл-Фараби ұғымында өлең еліктеу, яғни образ тудыра алса ғана — өлең, тудыра алмаса, өлең емес. Трактаттар контексіндегі «образ» ұғымының астарында кейіпкер бейнесі ғана емес, өлең өнеріне тән күллі көркемдік жатқаны айқын. Қазіргі әдебиет теориясы да образ ұғымына осы тектес анықтама береді. Сондай-ақ өлең өнерінің бітім-болмысы лиризмге, эмоцияға, экспрессияға бейім екендігін ескерсек («Поэзия – эмоция, проза – сюжет»), Фарабидің амфигенезиске берген бағасы – оның поэзия табиғатын тап басып тани білгендігінің айқын айғағы деуге болады [4, 39–41]. Фарабидің «теңеу» ұғымының аясында онымен табиғаты туыс бейнелеу құралдары — ауыстыру, шендестіру, сипаттама (эпитет), параллелизмдерге тән сипаттар қамтылғанын аңғару қиын емес. Әл-Фарабидің поэтика мәселелерін талдаған екінші бір еңбегі – «Поэзия өнері туралы трактат». Еңбектің кіріспесінде араб өлеңінің құрылысына тән ұйқас пен ырғақ, өлшемдер, образдылық, үйлесімділік мәселесі сөз болады [5]. Осы зерттеулерді негізге ала отырып, БП: «әл-Фараби әдебиет теориясының негізін қалаған» тақырыбында мектепшілік пікірталас (дебат) өткізген болатынбыз. Оқушылар тақырыпты жан-жақты талдап, «әл-Фараби және әдебиет» атты QWİZ өткізуді ұсынды.

Қорыта келе, әл-Фарабидің әдебиет саласындағы орны орасан зор екенін көреміз. Оның әдебиеттің өнер екенін танытып, әдебиетті теориялық тұрғыдан талдауы, поэтикалық бейне мен көркемдегіш ерекшелігі туралы ұғымдар қалыптастыруы, поэзияны жанрлық түрлерге бөліп, ғылыми анықтамасын алғаш жазу арқылы қазақ әдебиетінің дамуына өз әсерін тигізбей қоймады. Оның теңдессіз трактаттары әдеби мұрамызды байытты. Ойшылдың әлі де зерттелмеген өлеңдері мен поэмаларын қазақ тіліне аударып, көркемдік ерекшеліктерін анықтау келешектің үлесінде.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Турганалиева, А.К.Әл-Фараби - әдебиеттанушы хақында…/ Молодой ученый. - 2015. - С. 619-623

2. А.Көбесов. Әбу Насыр әл-Фараби, Алматы, 2004.

3. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті, Алматы 1991.

4. Әл-Фараби. «Поэзия өнері туралы трактат», Алматы,1972.

5. «Әл-Фараби трактаттарын талдау» мақаласы. Ф.ғ.к, доцент Д. Жанатаев.

**МАЖЕКОВА АЙНАГУЛ МЕРГЕНҚЫЗЫ**
*Атырау облысы Атырау қаласы*
*Мақаш Бекмұхамбетов атындағы*
*жалпы білім беретін мектеп директоры,*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, зерттеуші*

# ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

*Адамға ақыл -ес оның өз ең жоғарғы кемелділігіне жетуі үшін қызмет етсін деген мақсатта берілген. Әл-Фараби*

*Түйін сөздер:* бақытты тіршілік, рухани өсу, шынайы суреткер, тұжырымдама, қайырымды адам.

Әл-Фараби адамзат баласының өмір баспалдағына деген ұмтылысын зертттеушілердің бірі және бірегейі. Ұлы ойшылдың мұралары өз дәуірінің де, қазіргі заман, яғни XXI-ғасырда қайталанбас, ұлы еңбектеріне жататыны сөзсіз. Әлемнің барлық ғалымдары мен ұлы ойшылдары бүгінде қоғаммен бірге үндеседі. Олардың мыңдаған жылдар бұрынғы құнды дүниелері бүгінгі күннің жас ұрпақтың қажетіне жарап жатыр. Әл-Фараби «Ақыл–парасат күші адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш» деп көрсетеді. Осы ұлы ойшылдың кішкене пікірінде үлкен мінез құлық пен рухани сананың қалыптасуына септігін тигізетін дүниелер көп. Ұлылар қалдырған мұрасымен қазақ ақын жыраулар поэзиясы арасында сабақтастық байқалғандай Әл-Фараби ақыл мен парасатты, адамның рухани күші десе, Абай өлеңдерінде, Шәкәрім поэзиясында, тіпті қараңғы қазақты оқуға шақырған Ыбырай мен Ахмет салған сара жолдарда да үндесіп тұрғандай. Себебі, рухани құндылықтарды бойына жиып өскен ұрпақтың болашағы – бұлыңғыр болмайтынын Абай өз қарасөздерінде көрсетіп өткен. Жоғарыда аталған ғылыми деректерден Абай өз әлемінде әл-Фараби еңбектерімен жақын таныс болғандығы сөзсіз. Әл-Фараби шығармаларына қазақ зиялылары емес, әлемдегі ұлылардың өздері де қызығушылық танытқан. Әл-Фарабидің негізгі тұжырымдамалық қағидаларын қазіргі заманға жоспар тәрбиесіндегі көзқарастармен салыстыра зерттеуге болады. Соның ішінде, білім мен ізгі әдет-ғұрыптар, ғылым мен өнеге қатар жүруі тиіс деген ұғыммен толықтай келісемін. Адам бақытқа қол жеткізудің қайнар көзі – ізгілікке аса мән беретін қайырымды қоғам мен қайырымды адам туралы ілімдері де, қазіргі біздің қоғамның өзекті мәселесі. Әл-Фараби де «Бақытты тіршілік – ол өмірінің мақсат, үлкен игілік оған білім арқылы жетеміз» - делінген. [6.б.12]

Ұлы ойшылдың музыка туралы іліміне тоқталсақ, әсемдік пен әдеміліктің адам бойына жарасып тұруы үшін, ғажап дүниенің керек екенін дәлелдеген. Сұлулық пен әдемілікті сезінген адам жаны қашанда ізгі

қасиеттерге толы болатындығын сөзсіз меңгерген. Әдемі әуендер шығару, ол әуендерге құрылған ақындық шабытпен сөздер жазуды қалыптастырып, әр әннің ырғағымен сол әуеннің адам бойына әсерін жеткізе білген. Музыка адамның алдына қойған негізгі мақсатына жетуге яғни бақытқа апаратын жол деп есептеген.

Әл-Фараби – Шығыстың ұлы ойшылы, оның әлемдік елдердегі білім мен ғылымның атап айтқанда барлық сала, өркениеттің дамуына үлкен үлесін қосты. Барлық ілімді меңгеріп, оны дамытуға өзіндік қолтаңбасын қалдыра білген дана ғалым. Ол өзінің философиялық туындыларында әділдікті ту етіп, оны өзінің зерттеулерінің идеясына айналдырды. Оның мақсаты - жер бетінде дамыған қоғам мен жарасымды мемлекет құру болды. Адами қасиеттер мен рухани құндылықтарды ұлықтады. Сонымен әлемдік ғылым мен өркениеттің алтын қорына мәңгілік өзінің қолтаңбасын қалдырған ұлы ойшылдың педагогика, соның ішінде тәрбие мәселесіне де қосқан еңбегі ұшан-теңіз десек артық болмас. Ұлы ойшылдың тәрбие бағыттарына үндес «Бала тәрбиесі – өнер, жеке бір ғылым болуды тілейтін өнер» деген ұлы ақын Мағжан Жұмабаев. Осы сөздерде үлкен мағыналы терең ой жатыр десек те болады. Бала тәрбиесінде мектептің, отбасының, тіпті балабақшаның да алатын орны ерекше. Қызы анадан үйренбей сапар шекпес, - ұлы атадан үйренбей өнеге алмас» дейді ата-бабаларымыз. Дегенмен, дәл қазіргі қоғамда, отбасынан берілген тәрбиенің маңыздылығы ерекше. Ал, мектеп, тәрбиенің әртүрлі бағыттарын үйлестіріп, біріктіретін, қалыптастыратын орта десек те болады. «Тәрбиесіз алған білім адамзаттың қас жауы» деп ұлы ойшыл Әл-Фарабидің сөзінің өзі үлкен өмір мектебіне жол салмақ. Қазіргі тастанды бала, ата-анасын аңсаған жетімдер үйі, ұрпақ рахатына бөленбеген ата мен ана, сан ғасырлық ұлттық тәрбиеге таңба салды десек те болады. Кез келген нәрсені қоғамнан көруге дайын тұрамыз. Әрбір ата-ана тәрбиені отбасынан бастап берсек болашағымызға деген бағдарымыз дұрыс болары хақ.

«Әл-Фараби поэзия әлеміндегі ақындар тобын үш топқа бөлді. I-топ сөз тереңдігі тұрғысында ойшыл емес, жетілу болмағандықтан, мықты негіз қаланбағандар. II-топ поэзия өнерінің заңдарымен көркемдік ерекшеліктерімен жете таныс, ерекше қабілетке ие адамдар. III-топ ғалымның айтуынша оларда ешқандай тума дарын жоқ, олар өздерінің дәуірлері арқылы даму қабілетіне ие болатын жар, сондықтан бұл топтағыларда кемшіліктер мен қателіктер жиі болатынын атап көрсеткен. Қазақтың ақиық ақын қызы Фариза апамыздың поэзия әлемі туралы ой пікірі ұлы шығыстың ойшылы әл - Фарабидің ұсыныстарымен тұспа тұс келеді десек те болады. Поэзия – қоғамның дамуына, адамзаттың рухани өсуіне бөгет жасайтын көріністердің үлкен-кішісіз барлық түрімен күресудегі құрал, шын мәніндегі күрес құралы. Әдебиет тарихындағы ұлы ақындардың ұлылығы неде? Олар «мына таудың әсемдігі ғажайып, анау бұлақ сыңғырлап жатыр» деген бірыңғай шаттыққа

толы жолдары арқылы мәңгілік оқырманмен серіктескен жоқ. Олар өз ортасындағы көлеңкелі-күнгейлі өмір шындығын өз жүрегінің лүпілі – сезіміне орап, поэтикалық тілмен әдемі өрнектеп, жеткізді; өмірге ғана тән тіршілік проблемаларын суреткер көзқарасымен көрсете, көре білді. Шынайы суреткер мәңгілік оқырманмен осылай табысады. Терең білім – тәуелсіз елдің басты қажеттілігі. Дүниетанымымен ой өрісі кең адам қашанда бәсекеге төтеп бере алады. Өскелең жас ұрпақты ең алдымен білімге, ғылымға құштар болуға үндеудің, үйретудің сыры осында. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы-білім екенін кез келген жас ұрпақ терең түсінуі керек. Жастарымызға қашанда басымдық беретін межелердің қатарында білім мен ғылым әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтарға толы білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана кез келген уақытта табысқа жетеді». Баяндамада айтылған әрбір ойдың астарында терең мағына мен парасатты пікір жатыр. Президент ой-толғауында білімге айтарлықтай басымдық берді. Ал жақсы маман, жақсы адам тәрбиелеу – елге игі. Дәл қазір, біз әлемдегі ең үздік үлгілерді ескере отырып, мейлінше орта, жоғары деңгейде білім сапасын артыру керекпіз. Білім – табысты болудың басты факторы. Ол ел жастарына болашағына ғана емес, бүтіндей мемлекеттің дамуына әсер етеді. Сондықтан, оған әрдайым ерекше басымдық берілетіні – түсінікті де. Қазір экономика, өнеркәсіп, өндіріс салалары көз ілеспес жылдамдықпен алға жылжуда. Яғни, технологиялық революция. Енді бір он жылдан кейін қазіргі кәсіптердің кейбірі жойылып, жаңа түрлері пайда болуы мүмкін. Ал, оларды игеріп кете алатын жастар Қазақ Елінде де болуы керек. Бәсекеге қабілеттілік дегеніміздің бір парасы – осыда.

Қорыта айтқанда, әдебиет арқылы бақыт атаулы ұғымның ұлттың алдындағы жауапкершілігін сезіндіре білсек, сонда ғана әдеби туындылар арқылы тәрбиенің бір тамырын жібіттік десек артық болмас. Әл-Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы, әдебиеті мен мәдениетінің дамуына үлкен көпір болды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. «Фараби ғылым туралы кітап» Алматы 2009ж
2. «Фараби ой- сана туралы кітап» Алматы 2009 ж
3. Жақыпбек Алтаев «Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы» Алматы 2020 ж.
4. Жақыпбек Алтаев «Әл-Фараби – шығыстың ұлы ойшылы» Алматы 2020 ж.
5. «Фараби философиялық трактаттар» Алматы 2009ж.

**СТАРОВИК ГУЛЬМИРА ЕСКЕНДИРОВНА**
*преподаватель специальных дошкольных дисциплин,*
*Гуманитарного колледжжа г. Костанай*

# ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ДОШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

В данной статье говорится о важности применения интерактивности в образовательной деятельности, о внедрении в работу с обучающимися информационно-коммуникационных технологий. Приводится сравнение и значимость современного образования в развитии обучающихся.

*Ключевые слова:* интерактивная дидактическая игра, мультимедийный подход.

Аль-Фараби говорил, что разум и сознание является одним из важнейших достижений в философии. Уделял особое внимание образованию, науке и воспитанию в развитии человека. Об этом свидетельствуют выводы ученого: «Образование без воспитания - злейший враг человечества», «Чтобы стать мастером своего дела, нужно стремиться к совершенству».

В этой связи следует отметить, что важно связать дошкольное образование с работами Аль-Фараби, обогатить содержание образования, привить молодым студентам дошкольного образования чувство патриотизма, мобилизовать их на участие в научных исследованиях и строить свою деятельность с применением инновационных технологий.

Сегодня мы можем сказать, что проделана большая работа по изучению жизни, творчества и наследия Аль-Фараби. Педагогами специальных дошкольных дисциплин, Учреждения «Костанайский Гуманитарный колледж» проводится цикл занятий с использованием информационно-коммуникационных технологий в образовательной деятельности. Цикловая методическая комиссия дошкольных дисциплин, изучает и пропагандирует наследие этого великого ученого.

Информационно-коммуникационные технологии все больше входят в процесс обучения. Одной из составляющих информационных технологий являются мультимедиа-технологии, которые являются эффективными образовательными средствами, благодаря присущим им качествам интерактивности, гибкости и возможности интеграции различных типов информации, способствующим раскрытию индивидуальных способностей, творческого потенциала обучающихся и повышению их мотивации к учению.

Применение информационно-коммуникационных технологий в образовательном процессе — это одно из приоритетных и актуальных на сегодняшний день направлений модернизации образования, которое позволяет повысить качество обучения.

Владея различными приемами по использованию информационных и коммуникационных технологий, а также созданию электронных дидактических ресурсов, применение данных знаний в планировании и моделировании организованной деятельности, помогает педагогам решать конкретные образовательные задачи, повысить познавательную активность и мотивировать ребенка к совместной деятельности. Одним из таких методов является интерактивная дидактическая игра.

По сравнению с традиционными формами обучения дошкольников применение интерактивных технологий в образовательной деятельности обладает рядом преимуществ:

- представленная информация на экране понятна для ребенка;
- анимация, звуковые эффекты, мультипликация надолго привлекает внимание ребенка;
- проблемные задачи, поощрение ребенка при их правильном решении самим компьютером являются стимулом познавательной активности детей;
- в процессе своей деятельности за компьютером, около интерактивной доски дошкольник приобретает уверенность в себе, в том, что он многое может.

Современный педагог много делает для того, чтобы взаимодействие с воспитанниками было продуктивным, насыщенным и интересным. С одной стороны, педагоги сохраняют все лучшее и проверенное временем, а с другой - ищут и стремятся внедрять новые, эффективные формы взаимодействия с воспитанниками.

Поэтому, в ходе работы мы мотивировали будущих педагогов к инновационной форме образовательного процесса в рамках дистанционного обучения. Привитие интереса к современным технологиям в образовательном процессе начато с первых уроков обучающихся Учреждения «Костанайский Гуманитарный колледж». «Подхватив» это модное направление, мы активно внедряем его в процесс обучения.

Используя технологии обучения, руководствуемся целью дать знания обучающимся по обеспечению необходимой информацией, для дальнейшей работы с детьми дошкольного возраста - необходимыми знаниями, т. е. качественного усвоения Типовой учебной программы. Будущему воспитателю необходимо помогать каждому воспитаннику в образовательной деятельности, реализовать свой потенциал, достичь своих целей и развить личностные смыслы обучения.

Используя современные образовательные технологии, мы пришли к выводу, что их инвариантной частью являются закономерности развития познавательных процессов. Поэтому, применяя индивидуальный и дифференцированный подходы, моей рекомендацией для будущих воспитателей, было необходимостью просчитать эффективность методов и

форм обучения с учетом возрастных, индивидуальных, познавательных особенностей воспитанников.

Проявляя инициативу обучать воспитанников самостоятельности, развивая логику мышления и делать выводы, для этого необходимо разработать систему приемов, связанную с интернет – технологиями.

Обучение с помощью интерактивных игр сопровождается «присвоением знаний». Это значит, что педагог, например, не только рассказывают детям о результатах дискуссии в группе, но могут начать вести себя так, чтобы стать для детей чутким и конструктивно ограничивающим авторитетом, предоставляющим одновременно теплоту и возможность проявления самостоятельности.

Интерактивные игры не только могут создать мотивацию, но и пробуждают любопытство участников, доставляют им удовольствие, усиливают интерес к взаимодействию между людьми. Интерактивные игры могут создать продолжительную заинтересованность в саморазвитии и в раскрытии своего человеческого и родительского потенциала. Они облегчают введение новых коммуникативных и поведенческих норм.

Взаимодействуя с участниками образовательного процесса, будущий педагог убедится, что работать с интерактивным комплексом гораздо интереснее, чем просто с печатным материалом. При опросе обучающихся, были сделаны выводы, что мультимедийный подход помогает сосредоточиться и активизировать свою работу на более качественный результат.

Красочность и динамичность компьютерных программ, музыкальное оформление, игровая форма, общая атмосфера доброжелательности позволяет ребёнку играть увлечённо, испытывать радость познания, открывать новое.

Работы Аль-Фараби тесно связаны с обучением и воспитанием, но особенности каждого из них различны. Например, педагог отдает приоритет нравственному воспитанию, которое является гарантией истинного счастья. Поэтому для наших педагогов было важно большую часть своего времени посвящать обучающимся по созданию интерактивных игр, тем самым развивая их кругозор, активную жизненную позицию для реализации творческих идей .

Таким образом, использование информационно-коммуникационных технологий помогает педагогу и родителям мотивировать ребенка к совместной деятельности.

**Использованная литература:**

1. https://www.kaznpu.kz/kz/12181/press/
2. Козлова С. А., Куликова Т. А. Дошкольная педагогика. М., Академия, 2007г.-416 с.

3. Карелина И.О. Дошкольная педагогика: курс лекций: учебно-методическое пособие / И.О. Карелина - Рыбинск: филиал ЯГПУ, 2012. -71.

**ҚАЙЫРҒАЛИЕВА АСИМА СҰЛТАНҚЫЗЫ**
*Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,*
*Б.Бегалиев атындағы жалпы орта мектеп,*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

## ӘЛ-ФАРАБИ - ӨЛЕҢ ӨНЕРІНЕ ЗОР ҮЛЕС ҚОСҚАН ОЙШЫЛ

Қазақ даласында мәдениетті жасауда ақын-ғалым, ойшылдардың үлесі мол болды. X-XII ғасырларда Әбу Насыр әл-Фараби, Ғаббас әл-Жауһари, әл-Сығанақи сияқты тұлғалар шықты. Олардың ішінде адамзат білімінің молайып, ақыл-парасатының жетілуіне орасан зор еңбек сіңірген ғұламаларының бірі, қазақ топырағынан шыққан данышпан перзент-Әбунасыр әл-Фараби. Бүкіл өмірін араб жерінде өткізген әл-Фараби поэзияда өз еңбектерін жазып қалдырған. Фараби «Өлең өнерінің қағидалары» кітабында ақындарды үш топқа бөліп, поэзияның қыр-сыры туралы айтады. Табиғат берген қабілетті шығармашылық ізденіспен толықтырып отыру қажет деп таниды. Ол - өлең өнеріне өзінің жазған туындыларымен өнерге зор үлес қосқан ойшыл. Фараби «шын ақын талантын терең ашып, құлашын сермеу үшін оған лайықты жағдай, ең бастысы еркіндік керек» деген қағиданы тұжырымдайды: «Сондай-ақ өнерді зерттеп, белгілі поэзия түрін меңгеріп, басқаларға немқұрайлы қарамайтын жанды ерекше себептерге байланысты - өзі білмейтін түрде жазу сыртқы не ішкі жағдай итермелейді. Дегенмен, ғажап поэзия еркіндікте тумақ» [3].

Иә, ғұлама бабамыз айтқандай, поэзия – сөз өнері. Әдебиеттегі көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Поэзиялық туындыларда аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстар бейнеленіп көрсетіледі. Ол – айналамыздағы дүниені, өмірді танып-білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік, эстетикалық сезіміміздің үлкен өнімді саласы. Сондықтан поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып соған тікелей жалғас туады. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік дегеніміз – өмір құбылыстарын танып-білу, ұғып-түсіну. Қабілетімен, көркем ой-сезім қуаттылығымен терең тамырласып, қабысып жатады. Поэзия тілінің сипат–ерекшелігін сөз еткенде, оны поэзиялық туындылардың, өлең-жырлардың мазмұнынан бөлек алып қарауға болмайды. Өйткені поэзияның, өлеңнің тілі, оның негізгі өзгешеліктері көркем шығарманың идеялық мазмұнын ашу, жеткізу талабына сай қалыптасады. Фарабидің дербес поэтикалық еңбектері, өлеңдері болған. Ол өзінің еңбектерінде поэтика

мәселесіне де көп көңіл бөліп, оның мәнін, адам парасатын кемелдендіру, білімдарлыққа баулу жолындағы өлең қызметін терең ашып көрсетеді. Фарабиден қалған «Трактат және өлеңдер» атты кішкене жинағы 1979 жылы «Жазушы» баспасында жарық көрген. Бұл еңбекті талантты әдебиетші Аян Нысаналин қазақ тіліне аударған. Мұнда «Өлеңдер өнерінің қағидалары» деп аталатын қысқа трактаты берілген. Осы еңбегінен оның өлең өнеріне үлкен мән бергенін көруге болады. Фараби – ойшыл, ақын. Бұлай дейтініміз ғұламаның поэзиялық қырына мән беріп, шығармашылығының бір қырын зерттегендер бар. Бейрутта философия, әдебиет тарихшысы Махмуд Аббас «әл-Фараби» атты монографиясында поэзия өнері, ғұлама бабамыздың ақындық өнерінен зерттеп, дәлелдер келтірген, сондай-ақ ғалым Декхода (Иран) «Лұғатнаме» деген энциклопедиясында өз пікірін білдіріп, оның бірсыпыра өлеңдерін келтірген. Кеңес ғалымы Е.Э.Бертельстің парсы-тәжік поэзиясы туралы жазған еңбегінде Фараби поэзиясы жайында сөз болса, сонымен қатар түрік зерттеушілері Ахмет Әтеш, Хафиз Данышпан ғұлама бабамыздың әдеби мұрасы туралы көптеген жаңалықтарын ашқан. Бұл зерттеуші ғалымдар Фарабидің араб, парсы, түрік тілдерінде жыр жазғандығын ашып көрсетеді, растайды. Фараби өлеңдері бүгінде қазақ тіліне аударылып, көпке танымал болды. Әсіресе бірнеше өлеңдері философиялық рубаилар түрінде боп келеді. Мектеп оқушыларына берілген оқулықтарда «Ежелгі дәуір әдебиеті» тарауында Әбу Насыр әл-Фараби трактаты туралы, «Өлең өнерінің қағидалары» кітабынан үзінділер берілген. Поэзия жанрында қай ақынның еңбегін алсақ та, олардың еңбектерінде туған жерге деген сүйіспеншелігі, не болмаса жырақта жүрген ақынның сағынышы, туған жер туралы және өмір шындығы суреттеледі. Өлең тіліне қуат беретін ой, сезім тереңдігі, әсерлігі және өткірлігі болса, Фараби өлеңінде де байқалады. Мына өлеңінің ішкі мазмұнына терең бойлап көрелік.

Қашықтасың туған жер-қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршады мен, қанатым талды менің,
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.
Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсінші көп,

Жаным менің түршігіп, түңіледі,- деп аяқталатын бұл өлеңде бабамыз да пенде, оның да алыста елі, жұрты бар, ауыл-аймағы бар, өмір өтпелі екенін еске түсіре отырып, ақынның еліне деген сағынышын байқаймыз. Лирикалық сарында берілген сырлы да мұңлы жырдан адамның орны, өмірінің мәнісі туралы терең оймен жазылған туындыны көреміз. Сондай-ақ Фараби өлеңінің көркемдік айшықтаулар бар. Ақын қашықта жүргеніне мұңаяды, налиды, өлең арқылы жұртшылықпен тілдесіп, оған мұңын шағады, «зиялылар аз бір тұтам

тіршілікте» деп адамзатты білімге құштарлыққа баулиды, зиялы, білімділердің аздығына налиды. Сондай–ақ мына шумақтарға қарасақ:

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзіңді.
Тағдырыңды ешуақытта жазғырма,
Тіпті кейде болса әзәзіл азғырған, - дегенде, Фараби бабамыз дүниеден біржола түңілмей, керісінше ғылым, білім үйренетін жастың адамдық, адалдық, білім мен өнеге туын жоғары ұстауын қалайды.

Фараби бабамыздан қалған бұл өлеңдерден логикалық тұжырымға мән бергенін, үйлесімділіктің болуына және поэзияда орынды қолданылуына көп мән бергенін, өлең өнеріне терең логикалық астармен жазуда шеберлік танытқанын байқаймыз. Бұл туралы былай дейді: «Тұжырымды да басқаша, келесідегідей бөлген жөн. Ол да құптарлықтай немесе оған керісінше болуы мүмкін. Егер пайымдау діттеген жерден шығып жатса үйлесімді, не оған кері болады. Егер ол үйлесімді болса, онда болмыстағыдай қисынды болмақ. Егер қисында болса ол не қорытынды, не еліктеу. Еліктеу нағыз поэзия өнерінде қолданылады. Ендеше поэтикалық пайымдау дегеніміз еліктеудің өзі».[3] Қазақ әдебиетінде лирикалық өлеңдер көп. Ал Фараби бабамыздан қалған лирикасында шерлі, мұңлы өлеңі арқылы іштей ақтарыла тілдескен мына өлеңіне назар аударып көрейік:

Қайтейін мен көкжиек көңілімді,
Келер күнге үмітпен жол ашамын.
Қос шөлмекпен өткіздім өмірімді,
Соны медет етеді болашағым [2].

Ең бастысы ойшыл бабамыздың өлең өнеріндегі философиялық ой түйінінен сырын, мұңын байқаймыз. Фараби «Теңеу де көркемдік дәрежесімен ерекшеленеді. Бұл заттың тақырыптың өзінен туындайды, теңеуді дәл келтіру әлде жуықтату бір-бірімен тым алшақ екі затты қосымша кейіптеу арқылы суреткерге тән тәсілмен ұқсастыру –әрбір ақынның шеберлігіне байланысты» [3]деген тұжырым айтқан екен. Ендеше осы тұжырымға сай ақындық шеберлік ойшылдың өзінің туындыларынан-ақ байқалып тұр. Табиғаттағы құбылыстарды қимылға келтіріп, кейіптеулермен жанды бейнеге түсіреді. «Тылсым түн», «құшақ жайған дала» шындыққа негізделген. Сондай-ақ «тамылжып», «тылсым» сөздерімен «т» дыбысын қайталау арқылы тілді ажарлап, сөздің реңін келтіруге мән берген.

Бауырым, қанша сүйгенмен,
Өтеді өмір күйбеңмен.
Шындыққа бас тік алаулап,
Пенделіктен бол аулақ [5].

Халықтың келешегін ойлаған ойшыл - ақын адамзатты пенделіктен аулақ болуға, зая кетірмей, өмірдің қиын тұстарында қайыспай қарсы тұруға

шақырады. Фараби поэзия туралы мынадай ой қосқан. Яғни поэзияны музыка және бейнелеу өнерімен байланыстырады. Бейнелеу, сурет өнерімен туыстас деген пікір қалдырады. Ол былай дейді: «Енді осы өнер біліктілері мен суретші арасындағы кейбір сәйкестік бар екенін есе сала кетеміз. Олардың өнердегі құралы болғанымен, түр жағынан, қызметі жағынан әр түрлі ұқсамайды деу қиын. Өлең өнері-сөзбен, ал бейнелеу өнері бояумен құлпырады, олар осымен ғана бөлек: ал іс жүзінде екеуі де адам сезімі мен ойына еліктеу жолымен әсер етеді». Өлең өнеріне зор үлес қосқан ойшылдың бұл пікіріне қолдау берген, зерттеген замандастары жоғары баға берген, оны құрметтеген, «ақындар падишасы» деп марапаттаған.

Ғұлама айтқандай, нағыз өлең өнеріне ден қойған адам осы шарттарды бұлжытпай орындаумен сипатталады. Адамзаттың «екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің рухани мұрасын оқып, біліп, халыққа жеткізу-кейінгі ұрпақтың абыройлы міндеті.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1.Энциклопедия

2. Фараби Ой сана туралы кітап Алтыншы том Халықаралық Абай клубы Алматы -2019

3.Ауданбек Көбесов Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі Алматы «Санат» -2002

4.Жиырма бір ғасыр Дала жыры Р.Сейсебаев Халықаралық Абай клубы Жидебай -2016

5.Қазақ әдебиеті Алматы «Мектеп» 2004.



**АҚЕСЕНОВА ШАТТЫҚ ЕРКІНКЫЗЫ**

*Атырау қаласы №8 жалпы орта*
*білім беретін мектептің*
*қазақ тілі пәні мұғалімі, педагог-сарапшы*


## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТРАКТАТТАРЫ

Әбу Насыр әл-Фараби - бүкіл дүние жүзіне танымал, түркілік ғұлама. Әл-Фараби дегенде бірден есімізге түсері оның барлық ғылым саласында жазылған туындылары және Аристотель есімі. Себебі әл-Фараби Аристотельді ұстаз санап, грек ойшылының еңбектерін сүйсіне оқыған. Бұл туралы әл-Фарабидің өзі: «Егер мен Аристотель кезінде өмір сүрсем, мен оның шәкірттерінің арасында ең үздік шәкірт болар едім» –деген. Ғалымның бүкіл білім саласын қамтыған этика, психология, эстетика, саясат, логика, жаратылыстану жайлы трактаттар жазған. Әл-Фарабидің философиялық

трактаттарының орны ерекше. Әл-Фарабидің философиялық зерттеулері ортағасырлық ғылымның барлық салаларын қамтиды. Ол әртүрлі ғылымдардың теориялық философиялық мағынасына қызығушылық танытып, ғылыми пәнге нақты теоретик, философ ретінде қарады.

Әл-Фараби өзінің грек философиялық ой-өрісін насихаттау жөніндегі қызметін екі жолмен: біріншіден, ол ежелгі грек ойшылдары мен натуралистерінің ірі шығармаларына түсініктеме жазу арқылы қиын жерлерді түсіндіріп, оқырманға түсінікті түрде жеткізе білді; екіншіден, арнайы жұмыстарды грек тілінің жеке маңызды шығармаларының жалпы мазмұны мен бағытын талдауға және ашуға арнады.

Әл-Фараби Аристотельдің «Бірінші аналитика», «Екінші аналитика», «Герменевтика», «Топика», «Риторика», «Софистика», «Категориялар»

«Поэтика» еңбектеріне сонымен қатар, ол Птоломейдің «Алмагестіне», Александр Афродезияның «Жаны туралы», Евклидтің «Геометриясының» жеке тарауларына, Порфирияның «Изагогасына», т.б. түсіндірмелер жазды. Сол ерен еңбегінің нәтижесінде Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанды.

Ғалым топшылауында түсініктемелердің үш түрі белгілі болды:

а) үлкен түсініктеме - берілген шығарманың әр тараулары мен бөлімдеріне автордың дәйек сөздері бөлек келтіріліп, содан кейін оларға түсініктеме беріледі.

б) түсініктеме берілген эссенің әр абзацының мәтінінің алғашқы сөздері ғана келтірілген, ал қалғандары түсіндірілетін орташа түсініктеме.

в) шағын түсініктеме – комментатор өз атынан сөйлейтін түсініктеме берілген жұмыстың парафразасы немесе талдауы. Ол түсініктеме берген философтың ілімін кез келген нәрсені қосу немесе алып тастау, басқа трактаттар даносы ойды толықтыра алатын нәрсені келтіру, өз қалауы бойынша тәртіп орнату арқылы баяндайды.

Грек философтарының шығармаларына түсініктеме беру және олар туралы әртүрлі түсініктемелер жазу - бұл Фарабидің философиялық қызығушылықтары дамуының ғылыми қызметінің алғашқы кезеңі ғана. Олардың пайда болуы, біздің ойымызша, оның қызметінің екінші кезеңімен, ғылыми жетілу кезеңімен, шығармашылық Тәуелсіздік пен зерттеу қабілеттерінің өркендеуімен байланысты.

Әл-Фараби туындыларын мазмұнына қарай төмендегідей тақырыптарға жіктеуге болады:

- жалпы философиялық мәселелер бойынша трактаттар, яғни жалпы қасиеттерге, заңдарға және әртүрлі категорияларға арналған;

- адамның танымдық іс-әрекетінің философиялық аспектілеріне арналған трактаттар, яғни таным формалары, қадамдары мен тәсілдері туралы;

- философияның бастаулары, пәні, мазмұны мен тақырыбы туралы трактаттар және материяның сандық, кеңістіктік және көлемдік қатынастарын

зерттеуге арналған әртүрлі нақты трактаттар, яғни арифметика, геометрия, астрономия, музыка;

- материяның әртүрлі қасиеттерін және оның түрлерін, бейорганикалық табиғаттың, жануарлар мен адам ағзасының қасиеттерін қарастыратын трактаттар, яғни жаратылыстану ғылымдары: физика, химия, оптика, медицина, биология және т. б; лингвистика, поэтика, риторика, каллиграфия бойынша трактаттар;

- қоғамдық-саяси өмірге, әлеуметтік жүйенің ерекшеліктеріне, мемлекеттік басқару мәселелеріне, адамгершілік пен оның категорияларына, тәрбие мәселелеріне арналған трактаттар, яғни мемлекеттану, саясат, этика, педагогика және т. б. бойынша жұмыстар.

Әл-Фараби философиясы бойынша болмыс алты кезеңнен тұрады, олар бір уақытта бар нәрсенің негізі болып табылады және бір-бірімен себеп-салдар қатынастарымен байланысты. Бірінші кезең - негізгі себеп (ас-сабаб-әл-аввал), екінші кезең – екінші себеп (ас-сабаб-ас-сони), үшінші кезең үшінші себеп, белсенді ақыл (Альақләл-фаол), төртінші кезең – төртінші себеп, жан (ан нафс), бесінші кезең – форма (ас-сурат), алтыншы кезең – материя (ал-модда). Бұл әлемде бар және біз білетін барлық нәрсе осы алты негізден туындайды, олардың табиғаты, принциптері мен мүмкіндіктері бойынша барлық нәрселер, соның ішінде осы принциптер екі түрге бөлінеді. Біріншісіне олардың болмысы қажеттілікпен туындамайтын заттар жатады. Бұл түрдің заттары «мүмкін бар» деп аталады. Басқа түрге олардың болмысы әрқашан және қажет болатын заттар жатады. Бұл түрдің заттары «қажет» деп аталады, яғни өздері бар.

Негізгі себеп - Құдай. Тек оның бойдақтығы бар, ал қалған бес принцип — көптік. Біріншісінен пайда болатын екінші себеп - табиғаты бойынша жердегі денелерден ерекшеленетін аспан денелерінің болуы. Үшінші кезең немесе бастама - бұл абстрактілі ғарыштық ақыл, оның қызметі ақылды жануарға қамқорлық жасау және оны кемелдік дәрежесіне жеткізуге ұмтылу.

Төртінші, бесінші және алтыншы себептер нақты жердегі заттармен, материалдық заттармен тікелей байланысты. Фарабидің философиялық жүйесінде болмыстың осы үш соңғы сатысын қарастыруға баса назар аударады. Әл-Фараби Құдайдың билігін оны табиғатқа араласудан шеттету арқылы шектейді. Бұл ойшылға табиғаттың табиғи заңдылықтары бойынша өзгеруі мен дамуын қарастыруға, себеп-салдарлық қатынастардың табиғатындағы үстемдік туралы идеяларды бекітуге, ерік бостандығын және адамның жердегі өмірде бақытқа жету мүмкіндігін растауға кең мүмкіндік береді.

Әл-Фараби әлемнің, табиғаттың мәңгілігі және материяның жойылмайтындығы туралы материалистік қорытынды жасайды: «бар болу

керек» барлық заттардың болуының себебі бар, өйткені ол оларға мәңгілік өмір сыйлайды және оларды мүлдем болмауға жол бермейді.

Әл-Фараби форма мен материяның өзара байланысына көп көңіл бөледі. Пішін, оның көрінісінде, фигураның, құрылымның және басқа сандық анықтамалардың бірлігі, ал материя-заттар неден тұрады, яғни мәні, негізі. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары» туралы трактаттың «материя және форма туралы» бөлімінде философ кез келген нәрсе, зат екі принциптен тұрады – «хаюла» материясы және «сурат» формасы деп жазады. Пішін материяның арқасында болады, ал материя формалар үшін субстрат болып табылады. Пішіндер өздігінен болмайды. Олардың өмір сүруі үшін оларға субстрат қажет. Олардың субстраты - материя.

Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» және «Даналық негіздері» философиялық трактаттарында адамның психикасының психикалық күштерінің дамуы мен тән ерекшеліктері туралы қызықты ережелер ұсынады. Мысалы: «Адам туылған кезде оны тамақтандыратын қоректік күшке ие болады деп жазады. Осыдан кейін ол тактильді күшке ие болады, сол арқылы ол жылуды, суықты сезінеді, содан соң иіс сезетін күш пайда болады, кейінтүс, жарық және көрінетін нәрсені сезетін күш пайда болады. Сезімтал күштердің пайда болуымен бірге ол оны сезінетін нәрсеге жетелейтін немесе одан алыстататын күшке ие болады, соның арқасында ол сезілетін нәрселерге жанашырлық немесе антипатия дамытады. Осыдан кейін ол басқа күшке ие болады, ол арқылы ол сезілетін заттардың бейнелерін сақтайды, сол заттар сезім өрісінен шыққаннан кейін. Бұл қиял күші және ол қабылданған бейнелерді біріктіру функциясын орындайды. Бұл комбинациялардың бір бөлігі шын, бір бөлігі жалған. Бұл елестететін комбинациялар оны «адамды» елестететін нәрсеге тартады. Осыдан кейін адам ақылға қонымды күшке ие болады, ол арқылы ол ақылға қонымды және абстрактілі түрде ойлайды, сұлулықты ұсқынсыздан ажыратады, білім, өнер және ғылымға ие болады және оның айтқанына құмар болады» деп ғалым тұжырымдайды.

Әл-Фарабидің философиялық жүйесінің ең қызықты жақтарының бірі- оның таным туралы ілімі: «Философиялық сұрақтар мен оларға жауаптар», «Даналықтың мәні», «Түсініктемелер», «Формалар мен акциденттердің пайда болу бастаулары туралы» және т. б. еңбектерде адам білімінің пайда болу мәселелері, оның көзқарасы қамтылған шындыққа, объективті шындықты білу, әлемді тану дәрежесі, таным формалары мен түрлері қарастырылады. Таным мәселесін қарастырған кезде ғалым өз дәуірінің жаратылыстану-ғылыми жетістіктерінен бастау алады және медицина, физиология, математика, астрономия, филология және т.б. ғылымдар саласындағы білімін пайдаланады. Ол таным мәселесін адамның мәнін нақтылаудың жалпы міндетінің бөлігі ретінде қарастырады.

Әл-Фарабидің философиялық трактаттарын ұғыну үшін оларды жай оқып шығу аздық етеді. Алдымен ойшылдың ғылымдар топтауын қарастыру керек, содан кейін трактаттарының мазмұнына терең үңіліп, ойшылдық айтар ойына, дүниетанымына бойлау қажет..

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Аль-Фараби.Трактат о взглядах жителей добродеятельного города // Философиялық трактаттар. - Алма-Ата, 1970. -237 б.

2. Аль-Фараби. Указание пути к счастью // Социальды-этикалық трактаттар. - Алма-Ата, 1973. - 35.3 б.

**КУСЕНОВА АНАР АЛИБЕКОВНА**

*Атырау облысы жылыой ауданы,*
*№22 жалпы орта білім беретін мектептің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

## ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби ат-Түрки – Шығыс ойшылының толық аты. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққан, бұған дәлел оның толық аты жөнінде «Тархан» деген атаудың болуы.

IX-X ғасырларда Фараб (Отырар) қаласы – ірі саяси, мәдени және сауда орталығы, орта ғасырлық Еуропа мен Азияны байланыстырып, көптеген саяхатшылармен саудагерлерді қызықтыратын Ұлы жібек жолының керуен ол дамудың торабы болды. Әбу Насыр 20 жасына дейін өзі өмір сүрген Фараб қаласында ғылыми білімнің негізін алды. Мұнда оның Отырар кітапханасының философиялық және ғылыми еңбектерімен танысу мүмкіндігі болды. Отырар кітапханасы кейбір ғалымдардың пікірінше сол кездегі атақты Александрия кітапханасынан кейінгі ең бай және кітап пен қолжазбалар саны бойынша әлемде екінші кітапхана болып саналды. Өсе келе, ол Бухараға, Самарқандқа, Шашқа (Ташкент) барып, біраз уақыт оқыды, жұмыс істеді.

Білімін жалғастыру үшін Әбу Насыр Араб халифатының мәдени және саяси орталығы болған Бағдадқа барады. Дәл осы жерде әйгілі аудармашылар мектебі жұмыс істеді. Олар Платон, Аристотель, Гален, Евклидтің еңбектерін аударып, бұл еңбектерге ғылыми түсініктемелер жазатын. Бағдадта Әбу Насырдың тәлімгерлері Джуханна ибн Хайлан және араб тіліндегі ежелгі мәтіндердің атақты аудармашысы Абу Бишр Матта болды. Ғалым әл-Фараби ондаған тілдер мен диалектілерді меңгерді, ал түрік, араб, грек, парсы тілдерін жетік білген, оның дәлелі – жазған еңбектері.

Әбу Насыр әл-Фараби – Аристотельдің және Платонның шығармаларына жазылған түсініктемелердің авторы. Осыған байланысты әл-Фараби Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанды. Әл-Фараби Аристотельдің «Категория», «Герменевтика», «Софистика», «Риторика», «Логика» және «Поэтика» сияқты туындыларына, сонымен қатар Порфирийдің «Философияға кіріспе» сияқты туындысына және басқа да ойшылдардың туындыларына түсініктемелер жазды. Фарабидің төл шығармаларының ішіндегі ең белгілілері – «Даналық маржандары», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Философиялық трактаттар» және «Музыка туралы үлкен кітап».

Әл-Фараби есімі әлемдік ғылым мен мәдениет тарихында қомақты орын алады. Оның еңбектері еуропалық қайта өрлеу дәуіріне үлкен әсер етіп, Батыс пен Шығыстың мәдениеттері мен философияларын байланыстыратын көпір болды. Қазақстанда әл-Фараби мұрасын зерттеу мәселелері XX ғасырдың екінші жартысында көтерілді. Атап айтқанда, 1960 жылы 15 қазанда Ақжан Машанов (Машани) деген ғалым Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті академик К.И.Сәтбаевқа әл-Фараби мұрасын зерттеу және еңбектерін аудару туралы ғалымдардың идеясын қолдауды сұрап: «Ұлы әл-Фараби біздің жерлесіміз, бірақ біз ол туралы аз білеміз..»,–деп атап өткен болатын. Осы уақыттан бастап ғалымдарымыз әл-Фарабидің өмірі мен шығармаларын зерттей бастады.

Орталығының негізін қалаушы А.Х. Қасымжанов; араб тілін меңгерген және әл-Фараби математикасы бойынша докторлық диссертация қорғаған әйгілі математик А.Көбесов; академик, философ М.Бурабаев сияқты ғалымдарды; белгілі қазақ жазушысы Ә.Әлімжановты атауға болады. 1970 жылы маңызды іс-шара – Ақжан Машани мен Ағын Қасымжановтың ұйымдастыруымен әл-Фарабидің 1100 жылдығына орай Алматы, Мәскеу және Бағдатта ЮНЕСКО мен Қазақ КСР Үкіметінің қолдауымен бір уақытта өткізілген әл-Фараби мұрасы жөніндегі халықаралық конференция өтті. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін бұл саланың зерттеу қарқыны үдете түсті. 1991 жылдың 23 қазанында Қазақ ұлттық университетіне әл-Фараби есімі берілді.

Адамзат қоғамының бір бөлшегі ретінде жасап келе жатқан қазақ мәдениеті шығыстық өркениеттің құрамдас бір бөлігі десек, ата-бабаларымыз өзінің күрделі де сан қырлы тарихының қатпарлы беттерінде Үндістанмен, Қытаймен, Мысырмен, Иракпен, Сириямен, Византиямен, Иранмен әртүрлі деңгейде мәдени байланыста болғаны тарихтан белгілі. Рухани байланыстың осы елдермен толассыз жүргенінің кепілі — Әбу Насыр әл-Фараби, Исмаил әл-Жауһари әл-Фараби, Ахмет Иассауи, Махмұд Қашқари сынды данышпандардың еңбектері мен зерттеулері. Қазақ және араб әдеби байланыстарының түп төркіні орта ғасырда қазіргі қазақ топырағында туып-

өсіп, араб жерінде ғылым нәріне сусындаған, сөйтіп ислам мәдениетінің, араб әдебиетінің классикалық деңгейге жетуіне үлкен үлес қосқан данышпандардың ғылыми еңбектерінде жатыр деп айтуға болады [1, 1–10].

Әбу Насыр Әл-Фарабидің жас кезінен Бағдатқа баруының мынадай екі сыры бар. Біріншіден, сол кездегі Бағдат халифатын басқарған Аббас әулетінің сенімді уәзірлері негізінен түркістандық Фараб қаласынан болған. Екіншіден, Бағдат шаһары ғылым мен өнер жолына бет алған адамдарға қақпасын кең ашып, барынша жағдай жасаған. Бағдатта «Баитәл-хакма» атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған. Алғашқы кезде Әбу Насыр әл-Фараби өзін ақын, әнші, күйші ретінде танытып, одан соң ежелгі грек ғалымдарының қолжазбаларын оқу арқылы күрделі ғылыми зерттеулермен шұғылдануға кіріскен. Фарабидің алғашқы ұстаздары Иса пайғамбарды «құдайдың баласы» демей, «пайғамбар» деп таныған несториандық христиандар болған. Ежелгі грек ғылымы мен араб ғылымының арасын қосқан осылар еді. Әбу Насыр әл-Фараби өзінің философия көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол дүниенің мәңгілігін мойындады, танымның болмысқа тәуелділігін растады, ақыл- парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын құдіретті Алладан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен, ақыл-парасаттан, адамның жан-дүниесінен, түр мен материя арақатынасынан іздеді. Демек, Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық ілімін де өз кезеңінің діни түсініктері тұрғысынан қарастырған лазым. Ол, әсіресе, «Аспан астындағы дүние» ілімінен неғұрлым айқын көрінеді. Бұл Аристотельдің жасампаз ақыл жөніндегі көзқарасын әрі қарай дамыту еді. Жасампаз ақыл - тек «аспан астындағы дүниенің» қозғалыс себебі ғана емес, өз алдына логос. Осы дүниенің заңдылығы - жер бетіндегі дүниеге іштей тән ақыл. Жеке адамның ақылы әлемдік санамен ұштасса ғана дамиды. Соңғысы, яғни әлемдік сана - мәңгі. Адам болса дүние салады, өткінші. Осыдан барып жанның мәңгі екенін және басқа жаққа ұшып кетуін бекерге шығару туады, мұның өзі діни қағидалар мен философияның арасындағы күреске тиек болған тезис еді.

Аристотельдің «Никомахтың этикасында» (1-кітап, §1) келтірілген схемасын негізге ала отырып, әл-Фараби философияны теориялық және практикалық деп екіге бөледі. Теориялық философия өзгермейтін, өткінші

емес заттарды, практикалық философия өзгертуге немесе жасауға болатын заттарды зерттейді. Философия, Әбу Насыр әл-Фарабидің білуінше, адамда ғана болатын «ең ерекше» игілік — ақыл, парасат арқылы меңгеріледі. Әбу Насыр әл-Фарабидің атап көрсетуінше, адам өзінің бақытқа жету жолын логикадан бастаған жөн.

Қорыта келе әл-Фараби нысанын зерттеген ғалымдардың пікірінше:

*«Әл-Фараби – өз заманының және өз дәуірінің өкілі ретінде адамзаттың көптеген салаларында іргелі проблемалар туралы айтқан әмбебап ойшыл»,* - дейді. Ұлы ойшылдың кейбір идеялары келешек ұрпақтарға

арнап айтылғандай терең қасиетті мағынаға ие, қазіргі адамзаттың өмір шындығына сәйкес келеді. Бүгінгі күні әлемде орын алып жатқан жаһандық келіспеушіліктерге байланысты *«Тек кемел ақыл-ой ғана, адамдар арасындағы жанжалдың (соғыстың) мағынасыздығын көрсетеді және олар ең жоғарғы ізгілікке жету үшін бір келісімге келуі тиіс»,* - деген пайғамбарлық тұжырымдарды иеленеді. Әл-Фарабидің еңбектеріндегі көрегендігі қазіргі таңдағы терең тұжырымдамалық маңыздарды растайды. Сондықтан ол әлемдік өркениет пен мәдениеттің тарихында терең із қалдырған ойшылдардың арасында лайықты орын алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ә.Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары,Алматы,1995.[58,99]
2. Конрад Н.И.Западм Восток. — Москва: Наука, 1972.—496б.[17,56]
3. М.Бурабаев. Өшпес жұлдыздар.Ұлы ғалымдар өмірінен (ҮІІІ-ХІҮғғ), Алматы, 1989. [56,75]
4. М.Хайруллаев «Миро воззрение Фараби» монография [36,112]
5. Салқынбаев.М. «Әл-Фарабидің әдеби мұраларының зерттелуі» монография. [1,89].

**ГАЙСИНА БАТИХА ИТЕНОВНА**
*Атырау облысы, Атырау қаласы*
*Ғани Мұратбаев атындағы*
*орта мектептің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

## ӘБУНАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

Тарихқа көз жіберсек мұсылман мәдениеті VII – X ғасырда шарықтау шегіне жеткен. Қазақтың талай ғұламалары Бағдад, Дамаск, Куфа, Басра қалаларына барып оқыған. Осы кезде Сыр бойындағы Отырардан болашақта бүкіл шығыс ғалымдары Аплатон (Платон) мен Аристотельден кейінгі екінші ұстаз деп ат берген, бертінде әлемге Әбу Насыр әл-Фараби болып танылған, он алты жасар бала оқу іздеп, керуенге ілесіп, Бағдадқа аттанады. Әл-Фараби шыққан Сыр бойы ежелден көне мәдениеттің ошағы еді. Отырарда Александриядан кейінгі бай кітапхана болған.

Әл-Фараби Бағдадқа келген соң Александрия, Византия ғалымдарынан оқыған, грек, араб тілдерін үйренген. Кей аңыздарда оны жеті тіл, тіпті жетпіс тіл білген деп атайды. Әл- Фараби -адамгершілікті, құт-берекелі елді аңсап жазған мемлекет қайраткері. Оның шығармашылығы өзінен кейінгі шығыс-батыс ойшылдарына ой-түрткі болған. Оның іздері Фирдоусиден-Томас

Морға, одан біздің Сұлтанмахмұтқа дейін жалғасты. Тіпті, ұлы Абайдың көзқарасында әл-Фараби мен ұқсастықтар бар.

Ұлы ғұламаның нақыл сөздері - қайталанбас мұра, кейінгі ұрпаққа қалған мирас. Оның нақыл сөздерінің негізгі қағидалары сол кездегі қалаларды қалай басқару керек, оларды бақыт жолына бағыттап отыруға байланысты ерте заман ойшылдарының айтқанымен үндес нақылдар. Тән сияқты жанда да өзіне тиесілі денсаулығы және науқасы болады. Жанның саулығы сол, оның өзінің және оның бөлшектерінің жайы жақсы болуының әсерінен әрдайым ізгі қылықтар көрсетіледі, игілікті істер істеледі және тамаша әрекеттер жасалады деп атап көрсетеді нақыл сөздерінде. Адамның игі қылықтар мен жақсы әрекеттерін жүзеге асыруға көмектесетін жан қасиеттері – ізгілікті қасиеттер, ал адамның пасық істер мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары сұрқиялық, кемістік немесе опасыздық болып шығады деп тоқталады. Осылайша жанды басты бөлшектері мен күштерін нәрленетін, түсінетін, сезетін, ұғатын және ақыл- парасатты деп беске бөледі.

Сондай – ақ қайраткер «білім» сөзіне кеңірек тоқталады. Білім деген сөз көп заттарда қолданылады, бірақ теориялық жағынан белгілі бір ізгілік болатын ,ол білім – болмысы мен өмір сүруі адам шығармашылығына мүлдем тәуелсіз болатын заттардың болмысы жөнінде жанда болатын анық білім, бұл білім болмысы жөнінде жанда пайда болатын анық білім, ақыл – парасатқа мәлім бастапқы, ақиқат, қажетті және алғышарттардың құралған дәлелдемелер болып шығатын білім дейді. Оған екі түрлі талдамалар келтіреді.

Заттың бар екендігі, оның бар екендігінің себебі туралы және заттың өзі де, оның себебі де ешқандай жағдайда басқаша бола алмайтыны туралы анық білім заттың бар болуы туралы және оның бар болуының себебін білмейінше оның басқаша болуының мүмкін еместігі туралы анық білім дейді.

Шын білім кейде емес, әрдайым ақиқат, анық болатын білім, бұл белгілі бір уақытта болатын білім және кейіннен болмауы да мүмкін білім деген тоқтамға келеді. Ал, даналық дегеніміз - қалған басқа заттардың болмысын айқындап беретін шалғай себептерді және себептері бар заттардың тану себептерін білу. Бұған олардың болмысын анық білу, олар не және қандай екенін, бұл себептер қаншама көп болса да, белгілі тәртіппен бір болмысқа құятынын білу, бұл болмыс шын мәнінде бірінші екенін және оның барлығы басқа бір нәрсенің барлығына байланысты емес, өзінен-өзі бар екенін, басқа ешнәрседен алынбайтынын білу арқасында жетеміз. Оның болмысы дүниеде бар басқа заттардың болмысынан өзгеше, маңызы жағынан олардың бірде-біреуімен ұқсастығы жоқ, ал егер кейбір ұқсастығы болса, тек аталуы жағынан болады, бірақ сол ат білдіретін маңызы жағынан болмайды. Ол тек бір ғана бола алады, ол шынында да бір ғана. Қалған бір заттарға бірлік беретін де нақ сол, мұның арқасында біз қандай бар затты болса да, бір деп атай аламыз. Ол

– бірінші ақиқат. Ол басқа заттарға ақиқаттылық беретін нәрсе, оның ақиқаттылығы басқа бір нәрседен алынбайды, өзінен – өзі туады.

Оның жетілгендігінен ондай мінсіздіктің барлығы туралы айтпағанның өзінде жоғары жетілгендік болмыс бар деп, оның болмысынан әлдеқайда жетілген болмыс бар деп, оның ақиқаттығынан асқан ақиқаттылық бар деп, оның бірлігінен асқан бірлік бар деп ойлау мүмкін емес. Мұнымен бірге біз қалған бар заттардың болмысты, ақиқаттықты және бірлігі одан қалай алғанын, олардың әрқайсысының болмыстығы, ақиқаттығы және бірліктегі алатын үлесі қандай екенін, қалған заттар өздерінің заттығын одан қалай алғанын білеміз. Шын даналық осындай.

Ойлы адам өзі ойлған затты зерттегенде сүйенетін екі алғашқы бастама болады: Адамдардың барлығы немесе көпшілігі қабылдаған, жалпы жұртқа мәлім қағидалар және тәжірибе мен байқау арқылы алынатын қағидалар мен заттар.

Зеректік дегеніміз – бір нәрсені уақытта тамаша, жақсы аңғару қабілеті. Мемлекеттік қайраткер нақыл сөздерінде адамгершілікті дамытуға көп көңіл бөлді. Ол өзінің трактатында ізгілік пен ізгілікті өмір сүру түсінігіне, ізгіліктердің түрлері мен олардың жанмен және ақылмен байланысына, адамдар жанын тәрбиелеуге басты назар аударды.

Мінекей ұлы ойшыл дана ұстаздың нақыл сөздері күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Оның нақылдары қазіргі адамзаттың өмір шындығына сәйкес келеді. Еңбектері әлемдік өркениет пен мәдениеттің тарихында терең із қалдырған ойшылдардың арасында лайықты орын алады. Ұлы ойшыл былай деген екен:

«Егер адамдар бір-біріне бақыт үшін көмектессе, онда бүкіл әлем қайырымды болады», - деген екен. Бүгінгі күннің басты құндылығы бақыт және қайырымдылық емеспе? Кезінде осындай даналарымыз бүгінгі күннің құндылықтарын көрегендікпен жазып кеткен. Екінші ұстаздың нақыл сөзінің өзінде өскелең ұрпаққа берер құндылығы мол.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Әбу Насыр Әл-Фараби Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. Астана.2007.

2.Әбу Насыр әл-Фараби. Логика. Астана.2007.

3.А.Қыраубаева.Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы. 2001.

**НАВРУЗБАЕВА АНЕТА НУРЛАНОВНА**
*Астана қаласы*
*Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы,*
*қосымша білім беру педагогі*

## ШЫН БІЛІМ – АҚИҚАТ, АНЫҚ БІЛІМ

Үлкен ойшыл ғұлама ғалым Шәкәрім Құдайбердіұлы:
«Шыннан өзге Құдай жоқ,
Анық Құдай – Шын Құдай,
Ұқпай қалма алаң боп,
Шын болмаса, кім Құдай?», - деген екен. Ғұламаның бұл пайымын тәпсірлер болсақ, «құдай» деп отырғаны ақиқат. Соның ішінде шынайы білімнің ақиқаты. Қазіргі таңда қазақ қоғамындағы басты мәселе – білім пен ақпараттың орны ауысып кетті. Шәкәрім бабамыз айтқан «шын білім» көмескіленіп, ақпараттық дүниелер оның орын басуда. Бұл өте қатерлі құбылыс. Өйткені, шын білім, ақиқат, нағыз ілім салтанат құрмаған қоғамының болашағы күңгірт.

Қандай бір ұлт, мемлекет қалыпты жағдайда өркендеу үшін оның бұқарасы біліммен каруланугы керек. Білім болғанда – өмірге, тұрмысқа, қоғамға, мемлекетке, қажетті іліммен. Осы орайда, айтайын дегеніміз – батыс саясаты, біз сияқты шабан-шардақ, етек-жеңі қымталмаған, елді алдап жатыр. Қойдың терісін жамылған қасқырдың әрекетін қолдануда. Біз еріксіз алданудамыз.

Қалай алданудамыз, осы орайда, көпшілікке түсінікті болу үшін қоғамдағы білімнің орны хақында айтылған социологтардың пайымын келтірейік. Бұлар білімнің қоғамдық маңызына қарай бірнеше жікке бөліпті. Біріншісі, аса маңызды білім, одан кейін маңызды білім, одан кейін қажет білім, қажеттен одан соң керексіз білім, одан кейін қауіпті білім деп қарастырыпты. Қазір осылардың орыны ауысып кетті. Ақыл-есі дұрыс пенде аса маңызды білімге жабысады, аса қатерліден қашуы тиіс. Бірақ таңда адамдар аса маңыздыны қойып, керексіз білімге ұмтылуда. Яғни білім сатыларының орны ауысып кеткен.

Яғни адамдар ақиқатқа байлаған шынайы білімге ұмтылудан көрі, жарқ-жұрқ еткен алдамшы білімге, яғни, білім емес, білім сияқты көрінген ақпаратқа құмар болуда. Ақпарат ешқашан білім болмайды. Мысалы, Көктөбедегі антеннаның биіктігі 381 метр, Бонапарт Наполеон жарықтық 40-шы размерлі етік киген, адамның шашы жылына жарты метр өседі… осылар білім бе? Бұл жай ғана ақпарат. Ендеше білім мен ақпаратты ажырата алған абзал болмақ.

Сондай-ақ, жас ұрпақ яғни, оқып жатқан оқушы-студенттер күнделікті интернеттен алып жүрген ақпаратын білім деп шатасып қалуы әбден кәдік. Бүгінгі қоғам білім мен ақпараттың орнының алмасуы елді, қоғамды сауатсыздыққа қарай итермелеуде. Өйткені, білімнің құны оның шындығында. Ақпараттық білім ешқашан шындықты бере алмайды. Жас ұрпақ осыдан абай болғаны жөн.

Жалпы адам баласы анасынан туғанда бәрі бірдей болады, оны ғалым һәм білім иесі қылатын не? Ол – жастайынан берілетін, тәлім-тәрбие және табиғи бейімділігін жетілдіру арқылы берілетін білім. Ерте дәуірде қазіргі қазақ даласында өмір сүрген оқымысты Әл-Фараби өзінің даналық трактаттарында, «тәрбиесіз берілген білімнен пайда жоқ» дей отырып: «Адамда гүл сияқты жақсы күтіп, баптап тәрбиелемесе қурап қалады» депті.

Бұл жерде айтпағымыз: білімнің түрі көп. Бірақ әрбір нәрсенің негізгі тұғыры болатыны сияқты, білімнің негізгі өзегі –тарихи сана. Өйткені, өзінің өткенін білмеген ұрпақ, болашағына бағдар жасай алмайды. Тамырсыз ағаш сияқты, жапырақ жайып көктемейді. Санасы қортықтанып, өзін басқалардан кем санау, өзгенің мәдениеті мен тарихын үлгі тұтып, өзінікін қор тұту сияқты кембағал сана қалыптасады. Мұндай қортық білім алған адамның бойына тарихи сана қалыптаспайды.

Бұдан құтылатын жол бар ма? Бар әрине, ол үшін алдымен алғашқы және орта білім беру жүйесін жетілдіру керек керек. Бұрынғы отарлық пиғылдың астары сіңірілген орта мектеп оқулықтарын жойып, оның орнына ұлттық танымды терең сіңірген оқу құралдарын енгізу. Ол үшін алдымен осы салаға терең маманданған оқулық авторларын дайындаған жөн. Демек, оқулық авторларын дайындайтын арнайы институт қажет.

Келесі кезекте, білім алу өмірдегі басты мақсатқа айналмайынша нәтиже бермейді. Бір нәрсені біліп-үйренуге деген құштарлық, өзін-өзі тануға қарай басылған алғашқы қадам болып табылады. Осылайша білудің ғажайыптар әлеміне жетелейтіндігіне көзің жетеді. Атамыз қазақ «білімдінің беті жарық, білімсіздің күні ғаріп» деп бекер айтпаған. Сондай-ақ, «білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп, білім алған тұлғаның қоғамдағы орны мен беделін анықтаған.

Бұрынғы өткен ғұламалар «Надандықтан, оба ауруынан қашқандай қаш» деген екен. Өйткені, білім - шындықтың негізі. Адамшылық қасиеті шынайы білім, оқудан басталады. Сені шындыққа жетелейтін негіздерді табуға тырыс. Білім алғанда, маңызды нәрседен бастауды ұмытпаңыз. Ол үшін әр дайым «бұл ілім мен үшін қаншалықты маңызды?» деп ойлану қажет.

Яғни, адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Білімге ұмтылу – өміріңді жарық етеді. Шынайы білім иесі ешкім бас ұрмай, өз тағдырының дара билеушісіне айналады. Біз жас ұрпаққа осы мақсатта тәрбиелеуіміз қажет.

Өйткені, шынайы білім иесі ғылымның деректерін, түсініктерін және заңдарын мақсатты игерудің нәтижесі деп білді. Тек ақылды адам ғана терең білімдерді меңгере алатынын түсінді. Білімнің мәнін «Ақылдан қымбат байлық жоқ», «Ақылды сатып ала алмайсың», «Ақыл — тозбас киім, білім — сарқылмас бұлақ» деген халықтың даналық сөздерінен-ақ байқауға болады.

Шынайы білімге ұмтылған ел озатынын қарт тарих дәлелдеп отыр. Білім алудың артықшылығы және оның адам өміріндегі маңызы талас тудырмайтын мәселе. Білім кез келген адам мен қоғамның дамуына негіз болатын басты факторлардың бірі. Білім жоқ жерді қашанда надандық жайлайды. Надандықтың сипаттық синонимін қазақ «қараңғылық» деп те атаған. Себебі надандық, білім арқылы келетін адамдағы таным-түсінік сәулесін қараңғылық құрсауына батырып жібереді. Сондықтан ғалымдар «білім – адамды надандықтың қараңғы қақпасынан шығаратын нұр», - деген.

Еліміз Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы болып табылады.

Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті жас маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман, ел тағдырын шешуші азамат.

Қазір елімізде 100-ден астам жоғарғы оқу орны бар. Дамыған елдерде 1 миллион адамға 3 университеттен келеді екен, ал бізде бұл көрсеткіш 3 есе жоғары. Ендеше, неге біздің мамандарымыздың білім сапасы неге төмен? Неге, бізден бүкіл әлемге атағы шыққан ғалым шықпайды?

Бұған кінәлі – сыбайластық, тамыр-таныстық, сынақты емтиханға дайындалмай-ақ, ақшаның күшімен тапсырып, «ахахау-көкөкеулеп» көңіл көтеріп, рахаттанып өмір сүруге тырысқандықтың салдары. Осындай жағдайда социологтар былай деп кеңес береді: **«**Өздерің оқыңдар және балаларыңды оқытыңдар. Ғылым, білімді таратыңдар. Нақұрыстыққа жол бермей, балаларыңыздың білім сапасына назар аударыңыздар. Құдай үшін, бұл үшін тамыр-таныстықты, ақшаны пайдаланбаңыздар. Біз елде саны жағынан көп және күшті қоғамдастық болып саналамыз. Бізге өзіміздің қателіктеріміз бен әлсіздіктерімізді білгеніміз өте маңызды. Біздің білімділігіміз бен шығармашылығымыз жеңісіміздің кепілі**»** дейді.

Осы орайда, дана ойшыл Абай атамыз: *«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Олар: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық.* **Надандық** *– білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік ол хайуандық.* **Еріншектік** *– күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, ұятсыздық,*

*кедейлік – бәрі осыдан шығады.* **Залымдық** *– адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады»* десе, өткен ғасыр басындағы Алаш қайраткері, ағартушы – ұстаз Ахмет Байтұрсынов: «*Басқадан кем болмау үшін, біз білімді және бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек»* деген екен.

Сөзімізді түйіндеп айтар болсақ, ұлы ғалым-оқымысты Әл-Фараби бабамыздың, «білімге құштар адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт» дегеніндей білім оңайлықпен келе салатын дүние емес. Білім алу – жылдар бойғы қажырлы еңбекті талап етеді. Қазақтың «Білім инемен құдық қазғандай» деп айтуының астарында да осы мағына жатыр. Білім алу – табандылық пен сабырлықты қажет етеді. Сондықтан жас ұрпаққа білімнің артықшылығы мен маңызын үнемі ескертіп, оларды білім алуға әрдайым ынталандыру қажет. Білім сондай-ақ, тұнық нәрсе болғандықтан, рухани тазалықты да қажет етеді. Руханиятын күнәмен былғап, тәубесін ұмытқан адамға білім қонбайды. Демек, шынайы білім иесі болудың басты шарты – санасы мөлдір, ой таза, бір сөзбен айтқанда, білім іздеген адамның жан дүниесі не ексе соны оратын құнарлы топырақ сияқты болған ғана оның бойына, санасына шынайы білімнің нәрі қонбақ.

**ІЗІМОВА СӘУЛЕТАЙ ҚУАНЫШҚЫЗЫ**
*Атырау қаласы «APEC PetroTechnic жоғары колледжі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениетте көрнекті із қалдырған ортағасырлық ойшыл, энциклопедист-ғалым, Шығыс Ренессансының көшбасында тұрған дара тұлғалардың бірі Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы Фараб (Отырар) қаласында дүниеге келген.

Фараби өмір сүрген дәуір терең тарихы, төлтума мәдениеті, озық дәстүрі бар түркі, араб, парсы мәдениетінің тоғысуы басталған күрделі кезең еді. Саналы ғұмырын ғылым-білім жолындағы ізденіске арнаған Фарабидің өмірлік ұстанымының қалыптасуына аталмыш факторлардың әсері үлкен болғаны анық. Өз дәуірінің атақты ойшыл ғалымдарымен, өнер иелерімен, сөз зергерлерімен сұхбаттас болған Фараби сол кезең ғылымындағы күрмеуі шешілмеген күрделі мәселелерді тап басып танып, ізденісін осы арнаға бағыттайды. Философия, логика, психология, этика, математика, астрономия, тіл білімі, эстетика, социология, поэтика салаларына арналған 150-ге жуық трактат қалдырған. Фарабидің әдебиет әлеміне қатысты ғылыми еңбектері мен

жеке шығармашылығы көптеген белгілі ғалымдардың зерттеулеріне арқау болды. Ә.Дербісәлиев, А.Көбесов, Б.Ғафуров, Н.Келімбетов, Т.Медетбаев еңбектерінде Фараби мұраларының әдеби қырына назар аударылды. Әл-Фарабидің «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактаты» мен бірнеше өлеңі А.Нысаналиннің аударуымен 1974 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді.

Әл-Фарабидің «Ғылымдардың жіктелуі туралы трактатында» логика ғылымының сегізінші бөлімі ретінде поэтика аталады: «Логиканың бұл бөлімі поэзияны талдау қағидаларын, кең таралған поэтикалық пайымдаулар мен өнердің өзге де салаларында қолданылатын пайымдау түрлерін қамтиды. Сондай-ақ ол өлең өнерінің барлық заңдылықтарын бүге-шігесіне дейін сипаттайды, өлеңнің, поэтикалық пайымдаудың түрлерін, олардың ерекшеліктерін, жасалу жолдарын, көркемдікке, шеберлікке, биік сапаға қол жеткізу әдістерін ашып көрсетеді» деп тұжырымдайды ғалым [1]. Бұл жерде Фараби қолданған «поэтика» терминінің зерттеушілер айтып жүрген «Поэзия туралы ғылым» деген анықтамадан гөрі қазіргі әдебиет тануымызда қолданылатын көркем туындының болмыс-бітімін тұтастықта қарастыратын, жалпы алғанда «әдебиет теориясы» ұғымымен мазмұндас, жекелей алғанда әдебиеттану ғылымының бір саласы болып табылатын «поэтика» ұғымымен үйлесетінін аңғарамыз. Бұл тақырыптағы трактаттардың ең көлемді әрі кең танымалы – «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат». Еңбектің кіріспесінде Фараби Аристотельдің «Өлең өнерінде» айтқан ойларын талдап, тұжырымдарын бекітуді, оны талапкерлерге таныстыруды мақсат еткенін айта келіп: Таңғажайып талантты ұлы ойшылдың өзі аяқтамаған мәселелерді ақырына жеткіземін деп талпынғаннан гөрі өлең өнеріне қатысты тыңдаушыға пайдалы қазіргі қолданыстағы қағидаларды, пайымдаулар мен мысалдарды талдап, көрсетумен шектелгеніміз жөн болмақ» деп жазады [2].

Әл-Фарабидің трактаттағы «поэтикалық пайымдау» ұғымына сатылай көтерілу мәнері, ой қисыны оқырманын еріксіз елітіп әкетеді: «Сөздің мағынаны жеткізе алуы да, жеткізе алмауы да мүмкін. Мағыналы сөз жай немесе күрделі болады. Күрделі сөздерді «пайымдаулар» немесе «пайымдауға жатпайтындар» деп бөлуге болады. Пайымдаулардың кейі – айқын, кейі – бұлыңғыр. Айқын пайымдаулардың кейі – шынайы, кейі жалған болады. Жалған пайымдаулардың бір бөлігі қарастырылып отырған затты тыңдаушы санасында айқын бейнелесе, екінші бір бөлігі олардың ойында затқа еліктеу туғызады, осы соңғысы поэтикалық пайымдаулар болып табылады. Мұндай еліктеулердің кейбірі – кемел, кейі толыспаған болып келеді. Олардың толысу-толыспауының табиғатын зерттеп-зерделеу – ақындардың немесе түрлі тілдер мен диалектілердегі поэзияларды зерттеп, солар туралы еңбек жазып жүргендердің үлесіндегі дүние.

Осы үзіндідегі әл-Фараби тұжырымдарының түйіні болып табылатын «тыңдаушы санасында затқа еліктеу тудыру» құбылысы қазіргі

әдебиеттануымыздағы «образ» ұғымымен төркіндес екені күмән туғызбайды. Осы құбылысты жіті аңғарған зерттеуші Т.Медетбаев былай деп жазады: «Аристотель еліктеуді поэзия, мүсін, музыка, би сияқты өнер түрлерінің негізгі құралы ретінде қолданады. Әл-Фараби Аристотельдің өнер туралы ойларын дамыта келіп, еліктеуді образбен алмастырды. Ол образды екі мағынада қолданады: бірі көркем сөз, көркем тіл болса, екіншіден – ол адам, яғни кейіпкер деген ұғымды білдіреді.

Сөз болып отырған трактатта Фараби ақындар жайына арнайы тоқталып, оларды үш топқа бөлуге болатынын айтады. Бірінші топтағылар – табиғи дарыны бар, өлеңді жазуға және нақышына келтіріп оқуға, сөз ойнатуға бейім ақындар. Екінші топқа поэзия заңдылықтарымен жақсы таныс, көркемдік құралдарды шебер қолдана білетін, бейнелі сөздер ойлап табуға бейім ақындар жатады. Үшінші топ – еліктеушілер. Өздерінің сөз қолданыстарында алғашқы екі топқа еліктегенімен, олардың табиғи дарыны да, өлең қағидаларынан хабары да жоқ, сондықтан жиі қателік жіберіп алады. Фарабидің ақындарға берген анықтамалары сөз зергерлеріне қатысты қазіргі пайымдаулармен толық сәйкес келеді. Ол мұндай жіктеу үлгісінің өзінен бұрынғы ойшылдарда да кездесетінін айтады. Әдетте Фараби трактаттарының тілі күрделі болып келгенімен, ақындарды сипаттаған тұста ол жазылып, ширай түседі, жатық әрі шешен тілге айналады. Мұның себебі талданып отырған құбылыстың белгілі бір әдебиет өкілдеріне ғана емес, барша халықтар әдебиетіне ортақ екендігінде болса керек.

Фараби ақындар шығармаларының ішкі жан сезімдерінен туындайтын табиғи шабытпен ғана емес, сыртқы себептердің салдарынан еріксіз, мәжбүрлі түрде де жазылуы мүмкін екендігіне назар аударады. Мұндай пайымдауларға сарай ақындарының поэзиясы жеке шығармашылық түр ретінде қалыптасып, жоғары дамыған (оған сұраныс та жоғары болған) ортағасырлық араб әдебиетінің ықпалы көбірек болған секілді. Бұл орайда автор атап көрсететін жанр түрлерінің (сатира мен мадақ) араб әдебиетінде терең тарихы бар. «Табиғатынан мадақ жазуға бейім ақынды сатираға немесе мүлде басқа бір жанрға қалам тартуға мәжбүр ететін жағдайлар болуы мүмкін. Дегенмен ақынның табиғи дарынына сай ерікті түрде жазылған поэзия ғана нағыз поэзия бола алады» деп жазады ұлы ойшыл [4].

Фараби өлеңдерінің негізгі тақырыбы – өмірдің мән-мағынасы жайлы толғау, оқу мен білімді мадақтау, адамгершілікке шақыру. Өкінішке орай, Фарабидің поэзиялық мұрасы біздің дәуірімізге дейін толық сақталмады. Соның өзінде бізге жеткен мұрасынан оның зор шабытты, нәзік сезімді, кең тынысты, терең ойлы ақын екендігін байқаймыз. Мысалы, «Қашықтасың туған жер» өлеңін алатын болсақ, туған жерді аңсау, оған деген шексіз сағынышын білдіреді және жер бетін басып жүрген пенделердің бойындағы жағымсыз қасиеттерге, зиялы адамдардың аздығына күйінеді. «Бауырым, қанша

сүйгенмен» деп басталатын өлеңінде адам өмірінің мәні, оны күйбеңмен өткізбей, ұлы мақсаттар мен ізгі мұраттарға жету жолына арнаса, пенделікке бой ұрмай, мағыналы өмір кешетіндігін жеткізеді. «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңінде өмірдің қандай ызғары, қары, бораны болса да төзімді болуға, сынып кетпеуге шақырады.

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзіңді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,
Тіпті кейде болса әзәзіл азғырған.
Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.

Амал достыққа алданып қалмай, өмірде адал достың болуын тілейді. «Тамылжып бал тыныштық айналамнан» өлеңінде табиғат пен махаббат лирикасын сезінесіз.

Тамылжып бал тыныштық айналамнан,
Тылсым түнге құшағын жайған далам.
Мен жатырмын ұйқысыз жапа-жалғыз,
Жанымды ой жарығы аймалаған.
Аққан жұлдыз құласа кейде егер,
Сенің нұрлы бейнең боп кеудеме енер.
Әлдеқайда ғайыптан ынтызар ғып,
Өміріме бір ғажап сәуле берер

Табиғат аясында сыңарын тапқан адам жүрегіндегі жайлы тыныштықты елестетесіз.

Қорыта айтқанда, Әл-Фарабидің әдеби мұрасы бүгін де өзекті. Тіпті жаңа қырынан танылып, қайта түлей түсуде. Маңызын жоймаған «әдеби» туындылары жоғары, орта, арнаулы оқу орындарында әлі күнде қолданыста. Тағылымы мол, рухани жауһарларының мұраларының ашылмаған сырларын зерттеу – бүгінгі мен келер ұрпақ қолында.

**Пайдаланылған әдебиеттер**:

**1.** Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, – стр. 368.

2. Аль-Фараби. Трактаты о канонах искусства поэзии // Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, – стр. 344.3. Аль-Фараби. Трактаты о канонах искусства поэзии // Трактаты о музыке и поэзии. А., 1993, – стр. 344.

3**.** Әбу Насыр әл-Фараби Ғылымдардың жіктелуі туралы: монография/ауд. және түсініктеме берген Ж.Сандыбаев. Алматы, 2020. – 61-б.

4. Медетбаев Т. әл-Фарабидің әдеби мұралары // Наследие аль-Фараби и мировая культура. А., 2001, – стр. 104,106.

**САГИЕВА КАРЛЫГАШ СОВЕТОВНА**
*Дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші*

# ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ (Қ.О. БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Бұл мақалада Қ.О.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы негізінде Әл-Фараби шығармаларын оқытудың тиімділігі қарастырылған. Өскелең ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру көзделген.

*Түйінді сөздер:* әдебиетті оқыту, «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы, ұлттық құндылық

Әлем әдебиетінің ойшылы, Аристотельден кейінгі адамзат баласының ақыл-ойының ғажайып данасы Әл-Фараби мұрасын оқыту, ұрпақ санасына сіңіру – ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп отырған бүгінгі таңда аса маңызды мәселе.

«Ғылымның әр саласынан хабардар болып, жүзден артық ғажайып еңбек, философия, жаратылыстану, математика, музыка, поэзия саласында ірі зерттеулер қалдырған энциклопедиялық білім иесі, ұлы ғұлама - Әбунасыр әл-Фараби» [1, 30б].

«Әлемдік әдебиет пен мәдениет, ғылымның дамуына ерекше үлес қосқан Әл-Фарабиді толық танып болдық па? Қазіргі таңда ғұлама ойшылдың өз дәрежесінде жас ұрпаққа жеткізілу деңгейі қандай?» деген сауал әр ұстазды ойландырғаны жөн. Бүгінгі білім беру мазмұнында данышпан ғалымның еңбектерін насихаттау, мұрасының, әр сөзінің астарын түсініп, қабылдау, шығармашылығын оқыту, жас ұрпақтың санасына сіңіру, өміріне азық етерлік білім беру – ұстаздар қауымының міндеті. Бұл міндетті жүзеге асыру барысында ұстаздарға оқытудың жаңа технологиясы мен әдіс-тәсілдерінен іздену қажеттілігі туындайды.

Осы орайда, есімі қазақ педагогикасында аңыз болып тараған әйгілі ұстаз, құрметті академик, әдіскер- ғалым, инноватор Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы негізге алынады.

Қанипа Омарғалиқызы – қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың әдістемесін қалыптастырған әдіскер ұстаз. Ол ежелгі дәуір әдебиетінен бастап, қазіргі кезең әдебиетіне дейінгі әдебиетті тереңдетіп оқытудың мәселесін

қарастырып, әдістемесін, инновациялық технологиясын ұсынды. Әлемдік әдебиет пен мәдениеттің бір бөлшегі деп қазақ әдебиетін оқытудың тереңдетілген бағдарламасын жасады.

Қ.О.Бітібаеваның «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» еңбегінде Әл-Фарабидің адамзат баласына қалдырған асыл мұрасын оқытудың мынадай тиімді алты жолын ұсынады:

1. Фараби өмірі, қызметі жайында қосымша материалдарды ұсына

отырып, оқушылар қалауы бойынша баяндама жазғызып, хабарламалар жасату, әр жылдары шыққан газет-журнал материалдарын жинақтау. Ғұлама, данышпан туралы мүмкіндігінше кең түсінік беру.

2. «Фараби - қазақ ғалымы тақырыбында» пікірталас сабағын немесе брифинг сабақтар, конференция, семинар сабақтарын өткізу

3. Тарих пәні мұғалімінің көмегімен Отырарға сырттай саяхат өткізіп, ғалымның дүниеге келіп, өмір кешкен, ірі мәдениет орталығы Отырар туралы сөз қозғап, халқымыздың сәулетті бір заманы туралы сыр қозғау.

4. М. Шахановтың «Отырар сазы», Д.Досжановтың «Отырардың күйреуі», Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» шығармаларының негізінде кітап конференциясын өткізу тиімді болмақ.

5. Оқуға ұсынылатын трактат бойынша ең негізгі түйінді мәселелерді бөліп ала білу, поэзия туралы ұлы ғалым пікірін ұғындыру. Осы тақырыпта мұғалім сөздік жұмысын міндетті түрде жүргізуі керек. Мысалы: «трактат» деген немесе «трагедия», «диаграмма», «космогония», «риторика», т.с.с сөздерді түсіндіру (Аударма, баламасын беру.)

6. Өлеңдері бойынша берілген үлгіні басшылыққа ала отырып, әр шумақтағы ойды түсіну, әрі ғалымның гуманистік философиялық ойын жинақтату, соның айналасында пікірлесу, әңгімелесу. Өлең шумақтарын (қалауларына қарай) жаттатқызу [1, 33б].

Қ.О.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы- еліміздің әр аймағындағы ұстаздар қауымы үшін бағдаршам. Ұстаздың технологиясы оқушының алған білімін өз еркімен шығармашылық деңгейге жеткізуіне, көздеген тақырыпқа өзінің сыни көзқарасын танытып, зерттеушілік құзыреттілігін дамытуына, оқушылардың «өзін-өзі», «бірін-бірі» оқытуына жол ашады.

«Сабақта оқушыға ой салу, сабақтан ойланып қайту, келесі сабаққа ойланып келу...» сынды әрекеттерді ұйымдастыру – ұстаз технологиясының ұстанымы. «Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр...» [2,7б]. Бұл - әдіскер ұстаздың технологиясының түйіні, сабақтағы ой еркіндігінің көрінісі.

Қ.О.Бітібаеваның «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» еңбегінің екінші басылымында (2003) Әл-Фараби шығармашылығын оқытуды төмендегіше жіктейді:

- Ұлы ғұлама өмірі туралы мәлімет
- Оқуға ұсынатын еңбектері
- Өлеңдерін талдау мәселелері

Өлеңдерін талдауда мына мәселелерді қамтиды:

1. Өлеңдерінің бір тақырып, бір мазмұнға жазылмаған ескеру.
2. Әр шумақтың айтар ойы, идеясы бар екендігі. Лирикалық кейіпкер сезімі де соған байланысты өзгеріп отырғандығы.
3. Өлеңдерде ақыл-нақылдың молдығы, философиялық тұжырымдардың тұруы.
4. Ақын көңілінің кейде мұң, кейде болашаққа сенімділікпен көрінуі.
5. Ақын гуманизмі, адамгершілігінің берілуі.
6. Өлеңдерден ақын (Фараби) өмірі, мақсаты, мұратының айқын көрінуі, ішкі сырының ақтарылуы.
7. Өлең құрылысы көбінде төрт жолдан тұрып, екі буынды қара өлеңге құрылуы. 5-6 шумақты өлеңдердің де кезігуі. Егіз, шалыс ұйқастардың да орын алуы (Аударма осылай болған). [1, 32б].

Ұстаз технологиясында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ғұламаның өлеңдерін талдау барысындағы тиімді тәсілдің бірі – ізденділіру, зерттеу бағытындағы шығармашылық тапсырмалар беру көзделген. Бір сабақтың өзінде бірнеше тапсырма ұсынып, оқушылардың өз беттерімен орындауына мүмкіндік жасалады.

Әр мұғалім мүмкіндігінше баланың барлығын шығармашылыққа баулып, жетелеуі керек. Төмендегі Қ.О.Бітібаеваның технологиясы негізде ұсынылған тапсырмалар, көмек-нұсқаулар оқушылардың танымдық қабілетінің дамуына ықпал етіп, ізденіске жетелейді.

Мысалы, әдебиет сабағында әл-Фараби өлеңдерін оқығанда «Ұлылар үндестігі» әдісін пайдалану тиімді болады.

1-тапсырма. *«Ұлылар үндестігі». Нұсқаулық. Әл-Фараби және Абай шығармаларындағы үндестікті табу*

| Абай | Әл-Фараби | Үндестігі | Ерекшелігі |
|---|---|---|---|
| | | | |

2- тапсырма. *Әл-Фараби тілінің сөздігін жасау. Нұсқаулық. Үлгіні басшылыққа алып, екінші, үшінші бағаналарды толтыр.*

| Әл-Фараби тілі | Өлең шумақтары | Маңызы |
|---|---|---|
| -Халық тілі<br>-теңеулер | | |

| | | |
|---|---|---|
| -метафора<br>-эпитеттер<br>-шешендік оралымдар | | |

3-тапсырма. *Балама жазу. Нұсқаулық. Ғұламаның даналық сөздерін халық мақал-мәтелімен салыстырып, балама жазу*

| Әл-Фараби даналық сөздері | Мақал-мәтелмен салыстыру | Балама жазу |
|---|---|---|
| Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен<br>Шыншылдық- адалдыққа ағалас<br>Шын білім – ақиқат, анық білім<br>Мінез – жанның айнасы<br>Адамға жақсылық етсең, қарымта күтпе | | |

4-тапсырма.(*Шығарма атауы жазылады). Нұсқаулық. Трактаттардан алынған үзіндіні өмірмен байланыстырып, ой-толғау жазуға талаптан.*

Қорытындылай келгенде, қазіргі қоғамда рухани тазалықты сақтап қалу – басты мақсатымыз. Ал рухани құндылықтың көзі – асыл сөз өнері әдебиет пен тарих бетінде, ғұлама-ойшылдардың мұрасында жатыр.

Ең бастысы, өскелең ұрпағымызды рухани мұраларымызбен сусындату – қай пән мұғалімінің болмасын негізгі міндеті. Сондықтан да әл-Фараби мұрасын насихаттау, ұрпаққа жеткізу ортақ мақсат пен ұлттық мүдде болмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Мектеп, 2003. – 415 б.

2. Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 2009. – 200 б.

3.Әбу Насыр әл-Фарабидің ақыл-ой пікірлері мен нақыл сөздері: жинақ /Ғ.М.Мұтанов жалпы ред. басқ. Құраст:Ж.С.Сандыбаев, Ы.М.Палтөре/- Алматы: Қазақ ун-ті, 2020.-223б.

**БЕКЕТАЕВА ГУЛЬДАНА ЕСКЕНОВНА**
*«Әдістемелік орталығы» МКҚК,*
*Астана қаласы*
**ДЖУНУСОВА ДАМИРА ЕРНАРОВНА**
*«Әдістемелік орталығы» МКҚК,*
*Астана қаласы*

# ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

Әл-Фарабидің ғылыми-мәдени мұрасы жан-жақты, бірақ Музыка теориясында ерекше орын алады. Әл-Фарабидің «Kitab al-musiki al-kabir» немесе

«Музыка кітабы» шетелде үлкен қызығушылықпен зерттеледі. Х ғасырдың бірінші жартысында (943) аяқталған мың беттен асатын қолжазба музыкатанудың жаңа бағытын, атап айтқанда: мұсылман жазушыларының (парсылар, түріктер, арабтар және т.б.) орындаушылық мәдениеті мен музыкалық шығармаларының өзіндік ерекшелігін білдіреді.

Мәдени-тарихи панораманы мүмкіндігінше кеңінен қамту үшін Әл-Фараби өзінен бұрынғылардың Тәл-Кинди және т.б.) музыкалық шығармаларыншығармашылықпен қайта өңдеп қана қоймай, сонымен қатар өзініңбақылауларын талдады. Ол ежелгі грек (Рим) мәдениетінің бастауларын Аристотель, Платон, Птоломей жасаған еңбектер арқылы, сондай-ақ көшпелі халықтардың, Согоде, Хорасан халқының, ұлы далаға ықпалы бар құдіретті Сасанидтер, Кушан империяларының бірегей мәдениеті арқылы терең зерттеді. Фараби өзі музыкалық аспаптарда шебер ойнады. Оның үзінділері туралы Шығыс халықтары арасында аңыздар болған. Әл-Фарабидің музыка мен поэзияның табиғаты туралы эстетикалық көзқарастары әлі толық зерттелмеген. Ортағасырлық ислам философиясының танылған шебері Әбу Насыр Әл-Фарабидің өнертану еңбектерінің өзектілігі бүгінде Ұлы Даланың тарихы мен мәдениетін қалпына келтіру аясында артып келеді. Бұл Фарабидің айтуы бойынша, ежелгі уақытта азап шеккендер музыкамен емделген және кез-келген дәрі-дәрмек сияқты, музыка улануға да, емдеуге де айналуы мүмкін. Мұның бәрі музыканың сипатына байланысты және әл-Фараби шығармаларының ерекшелігі математикалық әдістерді қолдану екенін атап өткен жөн: ол музыкалық дыбыстарды сандық белгілерге ауыстырды. Әл-Фарабидің музыка теориясы шынымен ерекше: дыбыстардың сипаты мен құрылымын зерттей отырып, ол «Музыка ғылымының» канондарынағана емес, сонымен қатар музыканың эстетикалық және теориялық принциптерінің кешеніне де назар аударды. Әл-Фараби музыка әлемін поэзия әлемімен

үйлесімді қабылдағанына қарамастан. Ізгілікті қоғам идеясы аясында Фараби музыканы бақыттың немесе үйлесімді болмыстың ажырамас үлгісі ретінде қарастырады. Оның әлеуметтік-этикалық көзқарастарына сәйкес, өнер (музыкалық) - бұл аспап, ізгіліктің жетекшісі, кепілгер және сонымен бірге бақыт пен ізгіліктің белгісі. Әрине, музыка арқылы сезімдерді білдіруге Шығыс міндеттемесі әл-Фарабидің шығармашылығына да енеді. Қолданбалы аспект бойынша әл-Фараби дыбыстар әлемін адамдарға пайдалы болатын жанрларға жүйелеу керек деп белгіледі. «Kitab al-musiki al-kabir» авторы: «табиғи, туа біткен рухани қасиеттер адамға музыка жазуға, жасауға мүмкіндік береді» деп жазған кезде өте дұрыс. Дыбыстар әлемі бәріне бірдей бағынбайды. Адамның поэзияға бейімділігі, сезімі, сүйемелдеу музыканы жақсы жаттауға мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндікті тапқаннан кейін адамдар ежелден аспаптарды жетілдіре бастады, дейді Фараби, музыка емделуге қабілетті болған кезде қажетті әсерге қол жеткізді. Қарбаластан алшақтататын жеңіл музыка адам ағзасының сауықтыру арналарын ашады. Аурулардың алдын алу және емдеу әдістері бар (музыкалық терапия). Адам өміріндегі музыканың орны туралы ойды дамыта отырып, Фараби белгілі бір мағынада математикалық модельдеуге жүгінді. Ойшыл уақыт сезімі қозғалыс тудыратын шаршауды еске түсіреді деп сенді, ал қозғалыс өз кезегінде Уақытпен өлшенеді, сонымен қатар уақыт қозғалыспен өлшенеді. Рухани музыкасізді шаршауды ұмытып, қиялыңызды шабыттандырады және оятады. Халықтарәуендерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, ән айтуды, шығаруды және көбейтуді үйренді. Бұл мүмкіндікті Фараби әр түрлі этномәдени мазмұндағы артефактілердің, әндердің және аспаптардың сансыз санын өңдеп, оларды Жібек жолының бойында анықтап, керемет дыбыстық жүйені шығармас бұрын қолданған. Фарабиді «ильм әл-мусика» – музыка теориясының негізін қалаушылар қатарына жатқызады. Ол сондай-ақ ғылыми қолданысқа терминдерді енгізді, мысалы, «ритм мимикасы». Монументалды зерттеулерде Фараби музыканың емдік қасиеттері мен жағымды әсерлерін ғана емес, сонымен қатар оның тәрбиелік және тәрбиелік құндылығын да дәлелдеді. Бесік жыры азанға немесе керуеншінің әніне қарағанда нәзік естіледі. Әл-Фарабидің еңбектері дауларға толы теологиялық қоғамда құрылды: музыка тыңдау – тыйымсалынған (харам) немесе жоғарыдан сыйлық. Егер араб-ислам қоғамында музыкаойнау әдеттегі кәсіп және ойын-сауық түрі болса, онда басқа аймақтарда бұл жеккөрінішті болды. Пікірталастың қарқындылығы ибн Хурдадбехтің (Х ғ.), әл-Худжвиридің, әл-Газалидің (ХІІ ғ.) кейінгі еңбектерін көрсетеді. Фарабидің еңбегі шамамен ХV ғасырда латын тіліне аударылған және әлі күнге дейін еуропалық музыка теориясы мен өнеріне үлкен әсер етеді. Кітаптың әлем тілдеріне көптеген аудармалары жарық көрді: латын, неміс, испан, голланд, француз, ағылшын, фарси, орыс музыкалық сарапшы Г. Д. Эрланже (1930) «Музыканың үлкен кітабы» француз тіліне аударып,

Фарабидің осы саладағы кейінгі Араб жазушыларынан артықшылығын мойындады. Неміс ғалымдары Фарабидің музыкалық дарынын зерттеуге үлкен үлес қосты. Арнольд Шеринг (Шеринг, 1914) өзінің «Кестелердегі музыка тарихы» кітабына әл-Фараби есіміненгізді; Шерингтің айтуынша, әл-Фараби қартайған шағында «Kitab al-musiki al-kabir» құрды. Шығыстанушы, Түркістан білгірі В. Бартольд «Мұсылмандық мәдениеті» (1918) кітабында Фараби туралы айтады. Фарабидің 1100 жылдығына орай композитор Кенжебек Күмісбеков (1927-1987) «Фараби сазы» (1975) күй-өлеңін жазды, Сол жылы Өтеубай Тұрманжановтың балладасы жарық көрді. Бұған дейін 1972 жылы Ш.Құсайынов пен О. Бодыковтың «Әбу Насыр әл-Фараби» пьесасы құрылған болатын. Әл- Фарабидің музыка туралы еңбектері оның Отанында терең назар аударуға және зерттеуге лайық. Әл-Фарабидің музыка туралы еңбектері оның Отанында терең назар аударуға және зерттеуге лайық. Музыка, эстетика және тіпті шығыс халықтарының медицинасы туралы білімі ретінде эволюциясының маңызды сәттерінің керемет бейнесі болып табылады. Әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітап» (аударған Ж.Сандыбаев. Алматы: «Колор», 2008.-751 б) ғылыми редакторы академик Ә. Нысанбаев бастап шығарған кітабы – музыка өнері хақында толық білім беретін еңбек. Оқырман бұл кітаптың ішінен музыкалық өнердің практикалық және теориялық турасынан пайдалы білімдерді табады. Егер ол адам үшін пайдалы сөз тіркестерін қосу арқылы ән айту және музыка шығару практикасымен шұғылдануды, халық сөздерін аспаптарда еркін ойнаумен байланыстыруды қаласа, онда бұл болашақта біздің ғылымымыз үшінең дұрысы әрі қайырлысы демекпіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Қазақтың музыкалық аспаптары. Алматы: Өнер,1980
2. Жұмагелді Нәжімеденов, әл- Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітабындағы ойлар» монография, 2010
3. Жақыпбек Алтаев. Шәмші ұлттық мәдениет және ғылыми-танымдық журналы №4 (05) сәуір, 2009
4. Көбесов А. әл-Фараби. Алматы,1971
5. Көне мәдениет жазбалары. Алматы, 1991
6. Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. А, 1998

**ДОСАЛЫ ТОЛҒАНАЙ БЕКЗАТҚЫЗЫ**
*Астана қаласы, №71 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі*
**МЕЙРАМ ЖАНАР ШОҚАНҚЫЗЫ**
*Астана қаласы, №71 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі*

# ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – БОЛАШАҚ ТІРЕГІ

Әбу Насыр әл-Фараби – адамзат біліміндегі көптеген салада терең ізін қалдырған Ислам Ортағасыр ұлы ойшылдарының саңылақтар тобындағы көрнекті өкілдерінің бірі. Оның логика, метафизика, жаратылыстану, әлеуметтік философия, этика мен саясаттағы іргелі еңбектері, Шығыс ислам және ортағасырлық Батыс мәдиенеттерінің дамуына және сол арқылы Қайта өрлеу және Жаңа заманға үлкен әсерін тигізді. Әлемдік мәдениет тарихында ол Шығыс Аристотелі әрі ортағасыр әлеміне табиғатты, адами қоғам мен адам жанын зерттеудің құпия пердесін ашушы ұстаз ретінде танымал.

Әл-Фараби бүкіл саналы өмірін ғылымға арнады. Бүгінгі күні бізге ғалымның әр ғылым саласы бойынша жазған жүзден астам еңбегі жетті.

Отырарда туған қыпшақ баласы
Әл-Фараби – даналардың данасы.
Ол – философ, математик, музыкант,
Ол сөйлеткен ғылымның көп саласын.
«Екінші ұстаз» - тарих берген бағасы.

Ұлы ғалым Әбу Насыр әл-Фараби Отырар қаласында дүниеге келген. Әкесі әскери қолбасшы болған. Ол ұлының өз жолын жалғастырғанын қалады. Бірақ Әбу Насыр ғылымды таңдады. Ол алғаш отырар қаласында қыпшақ тілінде оқыды. Жас кезінен ғылымға деген қызығушылығы күннен-күнге арта береді. Әл-Фараби туған жерінен алыстап, Бағдат қаласына білім іздеп барды. Бұл қала мұсылман елінің Шығысындағы ең ірі ғылыми орталық болатын.

Ол араб, парсы, грек, және басқа тілдерді білген. Әл-Фараби ежелгі грек ғалымы Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанды.

Адам іздену, ғылым, білімге ұмтылып, жетістікке жетуі үшін шынында да оны зерттей терең пайымдай алуы қажет. Осы ізденіс жолында ол «олардың кейбірінің сенімді және мығым, ал кейбірінің әлсіз және маңызсыз екендігін көреді». Сол себепті де адам баласы білімге ұмтылыс кезінде мақсатын

айқындай алуының маңызы зор. Себебі «дам өзі үшін қажетті және өзі үшін міндетті етуі тиіс білім - нақты білім».

Тәрбиенің балалық шақтан бастап дұрыс бағыт–бағдар беріп дамытуы, өте күрделі үдеріс екендігін айқын аңғаруға болады. Өйткені жас ұрпақ ғасырлар бойында қалыптасып, жүйеленген тәлім–тәрбиені, баба дәстүрін санасына біртіндеп сіңіріп оны дағдыға айналдырып отырады. Әл–Фараби шығармашылығында көрнекті орын алатын мәселенің бірі – тәрбие. Тек біліммен ғана шектелмей, оқу білімнен де маңызды дүние тәрбие екендігін жадынан шығарған жоқ.

Ол өз жазбаларында қайта-қайта қайырымдылық пен өшпенділіктің ара-жігін толық ажырата білуге үгіттеді. Өшпенділік етек алған жерде береке де, бірлік те бола алмайды, қоғам ыдырайды. Ал, қайырым – жинақтаушы күш! Сол себепті де Әбу Насыр «Қайырымды қаланың тұрғындары» жайлы трактат жазуға аса ықыласты болғаны айдан анық.

Бұл еңбекте ең алдымен білімділік, қайырымдылық және әдемілік бірлігін сақтауға шақырды. Осы үш қасиет адамды биік етіп, шырқау шыңға көтеріп көрсетпек. Осындай бірлік қана қайырымды қалаға негіз қаламақшы. Сол себепті де Әбу Насыр жазды: «Егер адамдар бақытқа жету жолында бір-біріне қол созып, көмектесетін болса, жер бетінде қайырымдылық сезімі қанат жаяды!»

Бұл жолда ол кез-келген адамның білімі мен білігіне табан тіреп, соны барынша көтермелеп-бағалауға үндеді. Сосын да «барлық нәрсені адамның ақыл-ойы ғана шеше алатынын» баса айтудан жалықпаған. Қандай да бір іс болмасын, ол «адамның жаратылыс-болмысынан, тәлім-тәрбиесінен» бастау алып жататынын шегелей айтумен болды. Қысқасы, Әбу Насыр қайырымды да ізгі қалада өмір сүруге қол жеткізу – барлық адамдардың мінез-құлқы мен ақыл-парасатына келіп тірелетінін жан-жақты түсіндіріп беруге күш жұмсаған ұлы ғұлама!

«Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығының астарынан бір ғана мәселені, яғни, бала тәрбиесінің өте күрделі үдеріс екендігін айқын аңғаруға болады. Тәрбие мәселесі әрбір кезеңде озық ойлы ойшылдар мен тәлімгерлердің еңбектері мен пайымдық ой-пікірлерінен де көрініс тауып отырғаны бізге мәлім. Солардың ішінде, өз заманында «Әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фараби де тәрбиеге ерекше мән береді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген әл-Фарабидің идеясына сүйене отыра, мен өз сабақтарымда оқушылардың мектепте алған білімдерін қосымша дамытып, әл-Фараби туралы түсінік қалыптастыра отырып, өмірі мен шығармашылығы туралы тереңірек таныстыруға тырыстым. Сабақ барысында оқушылар Әл-Фарабидің – «Ізгілік туралы» аңызын тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап

беріп, сабақты қорытындылау кезінде Әл-Фараби мен А.Құнанбаевты салыстырып, сабаққа жоғары белсенділікпен, қызығушылықпен қатысты.

Қорытындылай келе, әлемдік ғылым мен мәдениеттің алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ойшылдың рухани мұрасы да ұшан–теңіз, мол дүние екеніне көз жеткіздік. Ұлы ғұлама өз еңбектерінің басым бөлігін білім үйрену, жас ұрпақты тәрбиелеу, қоғамның гүлденуін көздеп, тәлім–тәрбиелік мақсатқа орайластыра жазған. Әбу Насыр әл–Фараби айтқан адам бойындағы қасиеттерді бойымызға сіңіре білсек, білім мен тәрбиені ұштастыра алсақ, онда біз өзіміздің адамдық болмысымызда «Қайырымды қала тұрғындарын» тәрбиелеп, қоғамымыз ізгілене түспек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Бейсенов А. «Әл-Фарабидің тұжырымдары» // Ақиқат. – 2006. -№6, 70-73 б.
2. «Фараби ойлары. Әлеуметтік этикалық трактаттар» // Парасат. – 1994. №4. 2-3 б.

## МАЗМҰНЫ

**АЛҒЫ СӨЗ** ...........................................................................................3

**СЫЗДЫҚОВ САТАЙ МАҚСҰТҰЛЫ**
ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМІ ЖӘНЕ«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН – АДАЛ АЗАМАТ – ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ» БЕЙНЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ........................................4

**ДӘУЛЕТБАҚ МАЙРА ТҰРЛЫБЕКҚЫЗЫ**
«ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ» МУЗЫКА ТУРАЛЫ ҮЛКЕН КІТАБЫ - ҚҰНДЫЛЫҚ МҰРА» ..........................................................................9

**ТУЛЕУБЕКОВ АСЫЛ СЕРІКҰЛЫ**
СИСТЕМА ФИЛОСОФСКИХ ДИСЦИПЛИН В МЕТОДОЛОГИИ АЛЬ-ФАРАБИ ……………………………………………………………….....12

**ЖАНКИНА ЗАУРЕШ АЛТЫНБЕКОВНА**
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЕРТЕГІ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ........................................................................16

**КУСАЕВА ГУЛЬМИРА КАИРЖАНОВНА**
ТІЛ БАР ЖЕРДЕ – ҰЛТ БАР..........................................................................19

**КУШИБАЕВА РАУШАН ГАНИЕВНА**
ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ..........................................................22

**МАЛЬКЕЙ АЙДЫНБЕК**
ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РӨЛІ................................24

**СЕРКЕНОВА НАЗЫМ ДАУКЕНОВНА**
ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМІНДЕГІ ТӘРБИЕ..................................................................27

**АЗМУРАТОВА ГАУХАР АЙТБУЛАТОВНА**
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ ..........................................................................................30

**ИБРАГИМ ДАНА ТУРГУНОВНА**
**ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ САМАЛ**
ӘЛ – ФАРАБИДІҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ...................................................................................33

**ТИХОНИНА ЛЯЗАТ КАПЕЗОВНА**

ДРЕВНЕ-ТЮРСКИЕ МУЗЫКАЛЬНЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ –
КАК ТЕРАПИЯ………………………………………………………………...36

**МАРАНОВА НАТАЛЬЯ ВЛАДИМИРОВНА**
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА МУЗЫКИ АЛЬ-ФАРАБИ…………………………41

**ОРАЛБАЕВА КАРЛЫГАШ СМАГУЛОВНА**
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН СИПАТТАМАСЫ..........................................................................................44

**МЫРЗАБАЕВА СВЕТЛАНА КАРАШОВНА**
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ..........................................................................47

**КАСЕНОВА ЭЛЬНАРА ШАМШИДЕНОВНА**
«БОЛЬШАЯ КНИГА МУЗЫКИ» АБУ НАСЫР АЛЬ- ФАРАБИ...................50

**ЖАЙСАНБАЕВА АСЕЛЬ СЕРИКБАЕВНА**
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ӘРІПТЕР КІТАБЫ» БОЙЫНША ТІЛГЕҚАТЫСТЫ
ПАЙЫМДАУЛАРЫ..............................................................................................54

**АКБУЛАТОВА АЙНАГУЛЬ КЕНЕСОВНА**
МИРИСКУССТВА АЛЬ-ФАРАБИ......................................................................57

**УМИРБЕКОВА ГУЛЯИМ ЖУМАГАЛИЕВНА**
**КОПЕЕВА АКНУР МЫРЗАЛИЕВНА**
МУЗЫКАЛЬНОЕ НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРАБИ..............................................60

**ОМАРОВА ГУЛЬМИРА БАЛМАГАНБЕТОВНА**
«ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ»…………………………………………...64

**АЙМАНОВ БЕКБУЛАТ ИСКЕНДІРҰЛЫ**
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКАДАҒЫ ЕҢБЕГІКОНСОНАНС...........................68

**ӘЛІМХАНОВА АЛТЫНАЙ ЖАНҒАЛИҚЫЗЫ**
ӘЛ-ФАРАБИ-ӨНЕР ӘЛЕМІ ...............................................................................70

**СТАМҒАЗЫ АКНУР ЕРЛАНОВНА**
ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКА САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ
АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ..............................................................................................73

**АУБАКИРОВА АНАРА ДАУЛЕТБЕКОВНА**
ОБРАЗ АЛЬ-ФАРАБИ НА БАНКНОТАХ КАЗАХСКОГОТЕНГЕ 1993-2006 ГОДОВ И СОВРЕМЕННОМ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ.АНАЛИЗ ПОРТРЕТА АЛЬ-ФАРАБИ АВТОРА А.ДЮЗЕЛЬХАНОВА........................75

**НУРУМБЕТОВА ЖАННА ТАШКЕНБАЕВНА**
«ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ»...................................................................78

**ТУЛЕГЕНОВА БИБИГУЛЬ МУХАМЕДИЯРОВНА**
ФАРАБИДІҢ ҚОС БҰРАУ ДОМБЫРАСЫ..................................................80

**ДОСАЕВА АРАЙЛЫМ КАРАТАЙҚЫЗЫ**
ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ………………..83

**ТОЛЕУОВА ГУЛЬЖАЗИРА КАРЫШКЫЗЫ**
ӘЛ ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ....................................................................86

**КАМИЕВА СУЛУАЙ ГАФИЗОВНА**
ӘЛ-ФАРАБИ – ӨНЕР ӘЛЕМІ.......................................................................88

**БАЙБУСИНОВА НАЗГУЛЬ МАУТХАНОВНА**
БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ-ДАРАЛЫҚ ҚАСИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ.......................................................................93

**ЖУМАН МЕРГЕНБЕК**
ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРЫН ТҰЛҒА ДАМУЫНА ТИІМДІ  ПАЙДАЛАНУ .......96

**ҚОЙШЫҒҰЛОВА ҚАРЛЫҒАШ ЖЕТКІНШЕКҚЫЗЫ**
ОҚУШЫ БОЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТАРИХТЫҢ РӨЛІ.............................................99

**НУРМАГАМБЕТОВА САУЛЕ КУАНДЫКОВНА**
«РОЛЬ НАСЛЕДИЯ АЛЬ-ФАРАБИ В ПЕДАГОГИКЕ» …………………102

**ОРАЗБАЕВА САЛТАНАТ МУКАНБЕКОВНА**
**ТЕЛГАРАЕВА ЗАМИРА  ЖАНАБАЕВНА**
ФАРАБИ ТІЛІНДЕГІ ТІЛ-ЛОГИКА МЕН МӘДЕНИЕТ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС ...............................................................................................106

**НОВОТЕЕВА МАРИЯ ТЕМЕРТАНОВНА**
«РОЛЬ НАСЛЕДИЯ АЛЬ-ФАРАБИ В ПЕДАГОГИКЕ» …………………110

**МУСТАФИНА САУЛЕ МАСАЛИМОВНА**
«ШЫН БІЛІМ- АҚИҚАТ, АНЫҚ БІЛІМ» ...............................................112

**БАЙБУТАЕВА АЛИЯ ПОЛАТОВНА**
«БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ТӘРБИЕДЕ» ............................................................116

**АХАНОВА БАХЫТЖАН ОМАРГАЛИЕВНА**
ЗАМАНАУИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МЕКТЕПТЕР ..................................119

**ЕРЖАНОВА ДАНА ЕЛЕУСИЗОВНА**
ӘЛ-ФАРАБИ МЕН ӘЛ-МАШАНИДІ НЕ БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ? .........121

**ӘЛЖАПАРОВ НҰРЖАН ҚАЙРАТБЕКҰЛЫ**
«ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ РӨЛІ» ....................126

**АҚЕСЕНОВА ШАТТЫҚ ЕРКІНКЫЗЫ**
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТРАКТАТТАРЫ ...........................127

**ТӨЛЕГЕН ГҮЛАЙЫМ КАРИМҚЫЗЫ**
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ ................................................................131

**ХАЙРУЛЛИНА ГУЛНАЗ ЕЛЕМЕСОВНА**
ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ МӘҢГІЛІК
МОЛ ҚАЗЫНА .............................................................................................135

**ТУЛЕПОВА ЛАЗЗАТ ЖАЙШЫЛЫҚОВА**
ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ӘЛ-ФАРАБИ
МҰРАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ТАҒЫЛЫМДАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ
ТИІМДІЛІГІ ................................................................................................138

**НУРГАНОВА ХАДИША ЕДРЕСОВНА**
ӘБУНАСЫРАЛ-ФАРАБИ–ЖАН-ЖАҚТЫТҰЛҒА ……………………...142

**АҚЕСЕНОВА ШАТТЫҚ ЕРКІНКЫЗЫ**
ӘЛ-ФАРАБИДІҢФИЛОСОФИЯЛЫҚТРАКТАТТАРЫ …………………..146

**УРЫМБАЕВА АРДАК ДЖЕКЕНОВНА**

«ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА КӨРНЕКТІ ОРЫН АЛАТЫН МӘСЕЛЕНІҢБІРІ – ТӘРБИЕ» ......................................................................149

**КУСЕНОВА АНАР АЛИБЕКОВНА**
ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ ......................................153

**АЛЬКЕЕВА САУЛЕ МУХАМЕДЖАНОВНА**
**АЙЫМБЕКОВА КАРЛЫГАШ СЫДЫКОВНА**
**МОЛДАГАЛИЕВА РАУШАН ШАМЖАНОВНА**
**ТОГАЕВА АСЫЛ**
РОЛЬ НАСЛЕДИЯ ВЕЛИКИХ МЫСЛИТЕЛЕЙ: АЛЬ-ФАРАБИ И АБАЯ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ ……………………………………………..156

**ЖУСУПБЕКОВА САНДУГАШ ИНКАРБЕКОВНА**
«ҒҰЛАМА ОЙШЫЛДАР ҮНДЕСТІГІ» .....................................................161

**АЙТКУЖИНА МАНШУК МЕНДЕШОВНА**
ТӘРБИЕ – АДАМЗАТ АЙНАСЫ ...............................................................164

**ТИМОШИНА ЛЮДМИЛА ВЛАДИМИРОВНА**
НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРАБИ И ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ СТАНОВЛЕНИЕ ГРАЖДАНИНА СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА……………………………………………………………167

**ҚОРҒАНБАЕВА ЖАРҚЫН МАХАШЕВНА**
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДА ӘЛ-ФАРАБИ ТҮСІНІГІНДЕГІ РИТОРИКАЛЫҚ ӨНЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ..........................................................................170

**КӨШЕК АЛТЫНГҮЛ ЕРСАЙЫНҚЫЗЫ**
ЖЕКЕ АДАМНЫҢ БОЙЫНДАҒЫ КІСІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РӨЛІ ..........................................................................174

**ТУЛЕУОВА ЖЕНИСКУЛЬ РАХИМОВНА**
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФАКТОВ БИОГРАФИИ И ЦИТАТ АБУ НАСЫР АЛЬ-ФАРАБИ В ВОСПИТАНИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ……………..............................................177

**ЕРМАХАНОВА АЙДАНА ДЖАМБУЛОВНА**

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ» ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ.............................................................................................181

**МУКАНОВА НУРГУЛ ОРЫНГАЛИЕВНА**
«ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРЫ»..............................................................184

**ТОПОРКОВА ЛЮДМИЛА КОРНИЛИЕВНА**
ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНОГО ОБЛИКА УЧАЩИХСЯПО ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫМ ЗАВЕТАМ АЛЬ-ФАРАБИ И АБАЯ…………………....187

**БАЙГОЖИНА АЙГУЛЬ КАБДУЛХАНИЕВНА**
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ МЕН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ ...................191

**ТОЛЕГЕНОВА ГУЛЬДАНА КАЗЫМОВНА**
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ІТ ҚОЛДАНУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ООР ...............................194

**БАЙГУЖИНА ЗУЛЬФИНА МАКСИМОВНА**
ӘЛ-ФАРАБИ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ІЛІМІНІҢ МАҢЫЗЫ ............197

**КАРТАЕВА БАҒЛАН АХАНОВНА**
ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ– КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР ........................202

**АЙТМУХАМБЕТОВА РАУШАН КЕНТАЙОВНА**
«БІЛІМНІҢ КІЛТІ - ТӘРБИЕ» ....................................................................205

**КАБАР ГАРИФОЛЛА**
БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ТӘРБИЕ .........................................................................208

**ФАЙЗУЛИНА ЖАНАТ АЛИМОВНА**
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКАНТТАРҒАБІЛІМБЕРУДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ ………………………………………………..211

**ДЮСЕБАЕВА ЖАНАР НУРЛАНОВНА**
ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ .........................................................................................214

**БОСТАНОВА АККУЛЬ НУРАХОВНА**
«АУДИО ЕСЕПТЕР» АВТОРЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ .....................................216

**КАШКИМБЕКОВА МАКПАЛ КАРЫБЕКОВНА**
ӘЛ - ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗЕКТІЛІГІ ............................................................219

**АЛТЫНСАРИЕВА ГҮЛШАРА ЖАҚСЫБАЙҚЫЗЫ**
ӘЛ ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ ...................................................................222

**АХМЕТОВА АЛИЯ БАЗАРХАНОВНА**
ҚОБЫЗ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ..................226

**БАҚЫТЖОЛ БЕКЕНҰЛЫ**
БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ТӘРБИЕ .......................................................................228

**МАКАРОВА МАРИНА АНАТОЛЬЕВНА**
«БОЛЬШАЯ КНИГА О МУЗЫКЕ» АЛЬ-ФАРАБИ ..................................230

**СЕЙТЖАНОВА РОЗА КУАНДЫКОВНА**
МИР ИСКУССТВА АЛЬ-ФАРАБИ ............................................................232

**ГРИДНЕВА МАРИЯ СЕРГЕЕВНА**
КЛЮЧ К ОБРАЗОВАНИЮ – ВОСПИТАНИЕ ..........................................234

**СУЛЕЙМЕНОВ БАГДАТ МУРАТОВИЧ**
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨНЕР ӘЛЕМІ .................................................................237

**БАХТИЯРОВА АКМАРАЛ БОРАНБАЕВНА**
**АБДЫКАДЫРОВ МЕЙРАМБЕК АБДЫКАДЫРҰЛЫ**
ӘЛ-ФАРАБИ - ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ .........................243

**МАСАТОВА САМАЛ ТАБЫЛДИЕВНА**
ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ...............245

**СМАҒҰЛОВА ГҮЛЖАНАТ ЫДРЫСҚЫЗЫ**
ТӘРБИЕ – АДАМ ТАҒДЫРЫН ШЕШЕТІН ҰЛЫ ІС ...............................249

**КУЛБАЛИЕВА САЛИМА ЖИЕНКУЛОВНА**
ҰЛЫ ҰСТАЗДЫҢ ТӘРБИЕ ТҰЖЫРЫМЫ ...............................................253

**ҚАРЖАУ АЙДАНА БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**
ЕРКІН КҮРЕСТІҢ ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХИКАЛЫҚ

ПАЙДАСЫ..........................................................................................................256

**ТОЙЛЫБАЕВА УЛБОЛА ОРАЗАЛИЕВНА**
АТА-АНАЛАРМЕН СЕРЗКТЕСТІК: НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕР МЕН ПРАКТИКАЛЫҚ НҰСҚАУЛАР ..............................................................258

**КАЛИМОЛДИНА ГУЛЬНАЗИРА КАППАСОВНА**
«ШЫН БІЛІМ – АҚИҚАТ, АНЫҚ БІЛІМ» .................................................261

**ХАНАТОВА НАТАША МЕРГЕНҒАЛИҚЫЗЫ**
ӘЛ – ФАРАБИДІҢ АФОРИЗМДЕРІ («Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» кітабы бойынша) ..........................................................................266

**КОРЖУМБАЕВА АСЕМ МУРАТОВНА**
**КУЛЬМУХАМЕДОВА АЙЖАН БАЯНОВНА**
ӘЛ – ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ .....................................270

**БОЛАТОВА ШЫНАР БОЛАТОВНА**
«БІЛІМНІҢ КІЛТІ-ТӘРБИЕ» ........................................................................272

**КУРГАНБАЕВА НУРГУЛЬ СУЛЕЙМЕНОВНА**
ӘЛ - ФАРАБИ ЖӘНЕ АБАЙ ҮНДЕСТІГІ: ЕКІ ӨЛЕҢ ХАҚЫНДА ..........................................................................................274

**БЕГЕМАНОВА ИНДИРА ОРАЗГАЛИЕВНА**
ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҰРАЛАРЫ ................................................276

**ЖУЗБАЕВА ГУЛДАНА ЖАНГАЛИЕВНА**
ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ .....................................279

**БИСЕНОВА ЗУЛЬФАТ СЕРИКБАЕВНА**
ТӘРБИЕ НЕГІЗІ-ҒЫЛЫМ, ДАНАЛЫҚ НЕГІЗІ-БІЛІМ ...........................282

**БОКУШЕВА ГУЛЬМИРА ЖУМАГАЛИЕВНА**
АЛЬ-ФАРАБИ И ЕГО ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ...........................285

**ШАДЖАБАЕВА ЭЛЬМИРА КАДЕРБАЕВНА**
ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ .....................................288

**МУХАМЕТЖАНОВА ЛЯЗЗАТ ТУРСУНБЕКОВНА**
ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ФИЛОСОФИИ АЛЬ-ФАРАБИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ: ПОЗНАНИЕ ЧЕРЕЗ ЯЗЫК ....................292

**РСАЕВА АЛИЯ БЕЙБИТОВНА**
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ СОМДАУДАҒЫ ТУЫНДЫГЕР ШЕБЕРЛІГІ ....................296

**ШУЙНШАЛИЕВА ГУЛЖАЙНАР НИГМЕТОВНА**
«АБАЙ МЕН ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАМЫРЛАСТЫҚ» ....................301

**ЕМБЕРГЕНОВА АЙНУР КАЛДЫБАЕВНА**
ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРАБИ: ВЛИЯНИЕ И АКТУАЛЬНОСТЬ В СОВРЕМЕННОМ ШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ ....................305

**МАҚСОТОВА ЛӘЙЛІ НАУАЙҚЫЗЫ**
«ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ» ....................309

**МАЖЕКОВА АЙНАГУЛ МЕРГЕНҚЫЗЫ**
ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ ....................312

**СТАРОВИК ГУЛЬМИРА ЕСКЕНДИРОВНА**
ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ДОШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ ....................315

**ҚАЙЫРҒАЛИЕВА АСИМА СҰЛТАНҚЫЗЫ**
ӘЛ-ФАРАБИ - ӨЛЕҢ ӨНЕРІНЕ ЗОР ҮЛЕС ҚОСҚАН ОЙШЫЛ....................318

**АҚЕСЕНОВА ШАТТЫҚ ЕРКІНКЫЗЫ**
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТРАКТАТТАРЫ ....................321

**КУСЕНОВА АНАР АЛИБЕКОВНА**
ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ ....................325

**ГАЙСИНА БАТИХА ИТЕНОВНА**
ӘБУНАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ ....................328

**НАВРУЗБАЕВА АНЕТА НУРЛАНОВНА**
ШЫН БІЛІМ – АҚИҚАТ, АНЫҚ БІЛІМ ..............................................331

**ІЗІМОВА СӘУЛЕТАЙ ҚУАНЫШҚЫЗЫ**
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ .....................................................334

**САГИЕВА КАРЛЫГАШ СОВЕТОВНА**
ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ
(Қ.О. БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ).......................338

**БЕКЕТАЕВА ГУЛЬДАНА ЕСКЕНОВНА**
**ДЖУНУСОВА ДАМИРА ЕРНАРОВНА**
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ ............................................342

**ДОСАЛЫ ТОЛҒАНАЙ БЕКЗАТҚЫЗЫ**
**МЕЙРАМ ЖАНАР ШОҚАНҚЫЗЫ**
ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – БОЛАШАҚ ТІРЕГІ ............................................345

